




Республикалық оқу–әдістемелік журнал
Республиканский учебно–методический журнал

Редакцияның мекен жайы:
Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40
«7 континент» БО, 15 қабат

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
есебіне қойылған. 2009 жылғы 20 ақпандағы
№ 9909- Жеке есепке қою туралы куәлік.
Жазылу индексі-75289



Жасанды интеллект көмегімен жасалған



№ 8 шығарлым 2024 жыл

Қосымша білім және тәрбие

Тел.: 8 (7172) 64-75-88

E-mail: kosymsha20@bk.ru



8(7172) 64-75-88

E-mail: kosymsha20@bk.ru

«Анатомия және адам физиологиясы» элективті курс сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту» Айқұлова А.К.3	Сторителлинг на уроках русского языка и литературы Спаена З.С.78
Информатикадағы жобалық оқыту: нақты мәселелерді шешуге арналған STEAM тәсілдері Алжаппарова А.Е.5	Искусство батика в образовательной программе детской художественной школы акимата г. Астана Исенова Г.Ж.82
Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың бойына ұлттық тәрбие құндылықтарын қалыптастыру Махметова А.Н.10	М.Әуезов әңгімелерін оқыту әдістемесі Кабдулова А.Т.86
Конкурсная деятельность Детской художественной школы акимата г. Астана Бадриденова Р.М.12	Сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлі емес түрлерін меңгерудің маңызы Койтбаева З.А.91
Оқу мен оқытуды жақсартудағы тиімді инструмент «Тьюторлық тәсіл» Байқушикова Л.У.16	Развитие экологического воспитания младших школьников через проектно-исследовательскую деятельность на уроках естествознания Курмантаева А.С.95
Бастауыш сыныпта жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру жаттығулары Бекеева Т.К.19	Интеграция – путь к самореализации одаренного ребенка Кусаинова С.К.99
Өзін өзі оқу ортасын ұйымдастырудың білім беру саласындағы маңызы Бекежанова С.Т.23	Домбыра аспабының шығу тегі Қауғабай Ж.С.101
Педагогикалық әдістемені жетілдіруге бағытталған lesson study Бектемирова Г.А, Боранбаева Т.Т.26	Методическая разработка мастер-класса на методическое объединение педагогов художественного отделения ДШИ Калашникова Л.Н.103
Реализация проектно-исследовательской деятельности в организациях образования Белоусова С.Б, Милушкин А.И.30	Повышение мотивации как стимул для изучения русского языка и литературы Базарбекова М.К.107
Сабақ барысында ұлттық дүниетанымды қалыптастыру Абламбаева Б.У.34	Информатика сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру Маметжан З.М.110
Функциональная грамотность – Ключ к успеху в жизни Карбаева Б.А.36	Биология сабағында сараланған тапсырмалар түрлерін қолдану Миркина О.К, Толисбаева М.М.114
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың сауаттылығын қалыптастыруда оқыту үдерісінде қолданылатын тиімді инновациялық әдіс-тәсілдер Берекетова Г.К.40	Оқу және жазу арқылы оқушылардың ойлау,сөйлеу тілін дамыту жолдары Рахметова Т.О.119
«Қазақстанбалалар шексіз әлемде» атты кинофестивальдің қалалық кезеңі өз мәресіне жетті Избасарова Г.К.44	Мәшһүр - Жүсіп және қазақ фольклоры Сағындықова Д.Т.122
Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде оқытудағы заманауи білім беру трендтері Егембердиев К.А, Танжарова Б.Н.47	Практика введения lesson study в учебную деятельность Сарсембаева А.Ж, Мыкышева М.Е.125
«Сыныпты бақылау» іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесі Ережепова Г.Е, Сармантаева А.Е.53	С.Торайғырулының шығармаларындағы заман көрінісі Смагулова С.Ж.129
«СТЕМ зертханасы» элективті курс бағдарламасын қолдану арқылы мектеп оқушыларының ғылыми-техникалық бағытындағы шығармашылықтарын робототехника арқылы дамыту Ермағамбет Г.Ө.58	Қазақ тілі сабағында қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту Султанова А.С, Какимжанова С.А.132
Қаныш Сәтбаев – әйгілі геолог Әнәпия А.Б.63	Инновационные технологии обучения на уроках химии и биологии Т.Б Матковская, А.О. Тургунбаева, Е.А. Леонтьева. 137
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тапсырмаларының тиімділігі Жаксыбаев Д.М.64	Проверочная работа Туромшина М.И.140
Бастауыш сынып оқушыларының оқуын жетілдіруде тиімді әдіс-тәсілдердің маңыздылығы Жакупова К.Х.68	Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулу жолдары Утегенова Г.Ж.143
Қазақ тілі мен әдебиет сабағында ұлттық педагогика негізінде оқушыларды өмірге бейімдеу Жангалиева Л.М.71	Формирование компетенций «4К» на уроках изобразительного искусства Цыбуля С.Б.147
Музыканың бала тәрбиесіне ықпалы Жолашева С.М.73	Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер Жангазакова К.Е.151
Ш. Құдайбердіұлы шығармаларының оқу үдерісіндегі тәрбиелік маңызы Жунусов Д.К.75	Топтық жұмыс арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру Зуфарова Г.А.156
	Қосымша білім беру – шығармашылықтың негізі Касимова К.Г.158
	Использование несплошных текстов в начальной школе для формирования читательской грамотности Конопьянова Г.Г.160

Синтез аудиозаписей цифровой музыки и фортепианной музыки в обучении игре на фортепиано Куракбаева Б.А.	164
Шәкәрім шығармаларындағы білім құндылығы мәселесі Сембетова Г.С.	167
Дополнительное образование в современных условиях Моторин В.В.	170
Күнделікті жазбалардан жобалау әрекетіне Темиртаева Қ.М.	172
Мектептегі дене тәрбиесінің маңыздылығы Бодыков С.А.	174
Дебат - білім алушылардың оқуға құштарлығын арттыру жолындағы әмбебап тәсілдердің бірі Узбекова А.С.	177
Инклюзивное обучение в дополнительном музыкальном образовании Неверова О.В.	179
Сабақ барысында ұлттық дүниетанымды қалыптастыру Абламбаева Б.У.	184
Музыкальная эклектика XXI века Станевич Н.Н.	186
Заманауи география сабағындағы интерактивті оқыту әдістерінің маңызы Сембаева А.Б.	190
Бастауыш білім беру саласында математика сабағында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі Хабдай А.	192
«Қазақ тілі сабақтарында инновациялық тәсілдер» Камешева З.К.	194
«Табысты көшбасшы» жобасын іске асырудағы жетістіктер мен кедергілер Муслимбекова З.Т., Егеубаева Ж.Б.	197
«Применение современных информационных технологий на уроках истории» Исмаилова Г.Т.	199
«Қазанғап «Орынбай Ақжелең» Түлегенова Б.М.	202
Робототехника-үйірмесінің даму болашағы Өтепқали Н.З.	209
Ағылшын тілі сабағында геймификация әдістерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа белсенділіктерін арттыру Мухамедиева С.Б.	211

Меншік иесі – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Астана қаласы)

Редакциялық кеңес:

Шер Р.П., редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР ОАМ РҚББОО директоры

Гончаров А.С., «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.

Мажитов М.К., Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.

Ерубашева А.Ж., Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.

Оразова Т.Б., ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.

Сенгалиев О.Т., Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

Шығарумен жұмыс жасағандар:

Бас редактор –Атажанова Л.А.

Жауапты редактор – Айтпаева Ж.Ж.

Дизайн – Хұрмет К.Х.

Редакцияның мекен-жайы: Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.

Тел.: 8 (7172) 64-75-88, e-mail: kosymsha20@bk.ru

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.

Жазылу индексі – 75289.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.

ҚҰРМЕТТІ ӨРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады.

Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-75-88 телефоны немесе e-mail: kosymsha20@bk.ru арқылы біле аласыз



«АНАТОМИЯ ЖӘНЕ АДАМ ФИЗИОЛОГИЯСЫ» ЭЛЕКТИВТІ КУРС САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМУЫ

Айкулова Айгуль Кожакүловна педагог-зерттеуші
Астана қаласы І. Есенберлин атындағы «№67
гимназия» ШЖҚ МКК биология пәні мұғалімі

Кіріспе

Биология – барлық тіршілік иелерінің өмір сүру ортасын зерттейтін ғылым. Тірі организмдердің қызметі, олардың таралуы жолдары, шығу тегі барлығы биологияға байланысты. Мектеп оқушыларына да орта сыныптардан бастап биология ілімінің қыр-сырымен таныстыру ұстаздық міндетіміз. Сабақ «Анатомия және адам физиологиясы» оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» деп аталады. Яғни қазіргі таңда өткен әр тақырыбымызды адам ағзасы, өмір, айналадағы құбылыстармен байланыстыруымыз шарт.

Бағдарламаның да бір ерекшелігі осында. Әр тақырыпты, әр тапсырманы күнделікті өмірмен байланыстырып, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына мүмкіндік береді. Бағдарламадағы тапсырмаларды орындай отырып оқушы өзінің биология пәніне деген қызығушылығын арттырып, қабілеттерін шыңдайды.

Биология ұғымынан бастау алып, адам анатомиясымен жалғасатын тақырыптар оқушылардың таным –түсініктерін арттыруға бағытталған. Бағдарлама 8-9 сынып оқушыларына арналған.

Бағдарламаның мақсаты: оқушылардың анатомия пәні арқылы функционалдық сауаттылықтарын арттыру. Эстетикалық мәдениет қалыптастыра отырып адамгершілік, ізгілік тұрғысынан тәрбиелеу. Анатомия, биология, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру.

Бағдарламаның міндеттері: оқушы өз ортасын биологиялық тұрғыда танып, алған білімдерін өмірде қолдануға мүмкіндік алады. Мұғалім оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру үшін жан-жақты бағыт беріп отырады.

Бағдарламаның жаңашылдығы: бағдарлама жаңартылған білім беру аясында күнделікті өмірді биология туралы ілімді практикамен ұштастырады. Оқушының өз қоршаған ортасы, өзін тану жолында көмекші құрал бола алады. Оқушының алған білімін салыстыра отырып талдауына мүмкіндік береді.

Бағдарламаның өзектілігі: факультативтің курсты іске меңгеру кезеңінде оны нәтижеге бағыттап, түрлі әдістерді қолдана отырып өмірлік бағыттарын айқындайды.

Оқушылаға қойылатын талаптар: берілген тапсырмаларды орындау, мақсаттарын түсіну, оқытушы берген есептерді жүйелі түрде шығару мәселелердің жүйелі түрде шешілуіне өзіндік тиімді жолдарын ұсынады.

Күтілетін нәтиже: пәнге деген қызығушылығы артып, тапсырмаларды орындау барысында өзіндік еркін ойлау, шығармашылық бағытта жұмыс істеу бойынша тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

Қорытынды

Жалпы биологиялық ұғымдар, бұлшық ет қызметі, мидың құрылысымен қызметтері, иммунитет жүйесі талданады. Оқушылар орындайтын тапсырмалары арқылы өздерінің білімдерін шыңдайды. Курс 34 сағат бойы жүргізіліп, қорытынды конференция арқылы аяқталады.

Мидың құрылысы мен қызметтері

Оқу мақсаты: Мидың құрылысы мен қызметтерін сипаттау

Бағалау критерийлері:

сурет бойынша ми бөлімдерін анықтайды;


ми бөлімдерінің қызметін сипаттайды;

ми бөлімдерінің ерекшеліктерін ажыратады;

Оқу дағдылары: білу, түсіну, қолдану

ТАПСЫРМА

№1. Сурет бойынша ми бөлімдерін атаңыз [3]



№	Ми бөлімі
1	
2	
3	
4	
5	
6	

Дескриптор: суретте 1-6 сандарымен берілген ми бөлімдерін атайды
№2. Ми бөлімдерінің атқаратын қызметтерін сәйкестендіріңіз [2]

№	Ми бөлімінің атқаратын қызметі	Ми бөлімі
1	Жарық пен дыбыс тітіркендіргіштерін шамалау, бағдарлау рефлексдерін реттейді.	
2	Қимылды үйлестіріп, адамның тепе-теңдігін сақтауына жауапты.	
3	Түшкіру, жөтелу, құсу сияқты қорғаныш рефлексдерін реттейді.	
4	Зат алмасу, дене температурасын тұрақты сақтау қызметін басқарады.	

№3. Мидың құрылысындағы ерекшеліктері бойынша ми бөлімдерін ажыратыңыз [3]

№	Ми құрылысындағы ерекшеліктері	Ми бөлімі
1	Сырты ақ, ішкі жағы сұр. Жұлынмен байланысқан ми бөлімі.	
2	Құрылысы күрделі. Көру төмпешігі, солғын дене, төмпешікасты аймағы болады.	
3	Төрт төмпешіктен және ми аяғынан тұрады. Қызыл ядролар мен қара затта сезімтал және қозғалыс орталықтары орналасады.	
4	Ірі жүлгелермен бірнеше бөліктерге бөлінген.	
5	Ми діңіне кірмейді. Ми көлемі бойынша екінші орында. Мидың сыртында қыртыстары болады.	
6	Артқы ми мен ортаңғы миды бір-бірімен жалғастырады.	

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс қимыл жоспарын бекіту туралы
2. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы,
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ. ПШО, 2016. 14. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова. Педагогика. Оқу құралы. Алматы. Дарын. 2004. 448 бет.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Биология» пәндері бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «НЗМ» ДББҰ. ПШО, 2017.



ИНФОРМАТИКАДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ: НАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН STEAM ТӘСІЛДЕРІ

Алжаппарова Айнур Егеубаевна
Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин
атындағы №67 гимназия» шаруашылық жүргізу
құқығындағы МКК Информатика пән мұғалімі

Бұл мақалада нақты мәселелерді шешуге бағытталған STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер, математика) элементтерін қолдана отырып, информатиканы жобалық оқыту қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты-өмірлік жағдайларда теориялық білімді қолдануға ықпал ететін информатиканы терең игеру құралы ретінде жобалық оқытудың тиімділігін талдау. Мақалада жобалық оқыту шеңберінде қолданылатын әртүрлі әдіс- тәсілдер қамтылған, олардың оқу тәжірибесінде сәтті қолданылуының мысалдары келтірілген және оның тиімділігін бағалай отырып, осы тәсілдің нәтижелерін талдайды. Сондай-ақ, жұмыста мұғалімдердің осы әдістерді енгізу кезінде кездесетін негізгі проблемалары анықталды және жобалық оқытуды оңтайландыру бойынша ұсыныстар ұсынылды. Зерттеудің соңғы бөлігі білім беру процесінің сапасын арттыра отырып, оқушылардың кәсіби және практикалық құзыреттіліктерін дамыту үшін жобалық тәсілдің маңыздылығын көрсетеді.

Түйінді сөздер: жобалық оқыту, информатика, STEAM, пәнаралық тәсіл, білім беру практикасы, әдістемелік тәсілдер

Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігінде жобалық оқыту теориялық аспектілерді терең түсінуді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды дамытуды қамтамасыз ете отырып, барған сайын маңызды бола түсуде. Бұл әсіресе информатика саласында маңызды, мұнда жылдам технологиялық өзгерістер білім алушылардан білімді ғана емес, оларды нақты өмірде қолдана білуді де талап етеді. STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) тәсілдерін информатиканы жобалық оқытуға интеграциялау сыни ойлау мен шығармашылықты қалыптастыруға ықпал ететін кешенді шешімдерді әзірлеу үшін бірегей мүмкіндіктер береді[1].

Бұл мақаланың мақсатты информатика контекстінде STEAM әдіснамасын пайдалана отырып, жобалық оқытудың тиімділігін талдауды, сондай-ақ оқу бағдарламаларына осы тәсілдерді енгізу үшін оңтайлы тәжірибелерді анықтауды қамтиды. Негізгі міндет- жобалық оқыту нақты мәселелерді шешу арқылы ақпараттық технологияларды тереңірек түсінуге қалай ықпал ететінін зерттеу[2].

Әдебиеттерге шолу аясында Қазақстанда және одан тыс жерлерде жүргізілген түрлі зерттеулер информатикадағы білім беру процесін байыту үшін STEAM маңыздылығын растайды. Қазақстандық ғалымдар мен педагогтар жобалық оқыту топтық жұмыс,

проблемаларды шешу және аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Бұл жұмыстар информатика курсына жобалық тәсілді енгізу оқушылардың мотивациясын арттырып қана қоймай, күрделі тұжырымдамаларды тереңірек және тиімді игеруге ықпал ететіндігін көрсетеді. Осылайша, шолу зерттеудің қазіргі жағдайын бағалауға және болашақ зерттеудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді[3].

Әдістеме

Қазақстанда STEAM элементтерін интеграциялай отырып, информатикада жобалық оқыту технологияларды пайдалана отырып, нақты міндеттерді шешу арқылы оқушылардың құзыреттілігін дамытуға бағытталған бірқатар дәйекті кезеңдерді қамтитын жүйелі тәсілге негізделеді. Бұл әдіс оқушылардың білім беру процесіне белсенді қатысуын ынталандыруға және олардың инновациялар мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған[4].

Негізгі принциптер:

1. Пәндерді интеграциялау: әдістemenің негізгі принциптерінің бірі-оқушыларға пәнаралық байланыстарды көруге және оларды практикалық мәселелерді шешуге қолдануға мүмкіндік беретін әртүрлі салалардан (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) білім мен дағдыларды синтездеу.

2. Нақты мәселелерді шешу: әдіс мотивацияны арттыруға және оқуға практикалық маңыздылық беретін нақты жағдайларды және өмірдегі мәселелерді қолдануға баса назар аударады.

3. Бірлескен оқыту: маңызды аспект-бұл оқушылардың қарым-қатынас дағдылары мен топта жұмыс істеу қабілетін дамытатын, оқушылар арасында білім мен идеялар алмасуға ықпал ететін командалық жұмыс.

4. Технологияларды қолдану: жобалар шеңберінде заманауи технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді кеңінен қолдану оқушылардың техникалық дағдыларын жақсартады және оларды болашақ кәсіби қызметке дайындайды.

Кесте 1. Әдістemenің негізгі кезеңдері[5]

Атауы	Сипаттама
Дайындық кезеңі	бұл кезеңде оқушылар жоба аясында қолданатын негізгі ұғымдар мен құралдармен танысады. Оқытушылар қажетті ресурстар мен оқу материалдарын ұсынады, сонымен қатар оқушылардың мүдделері мен күшті жақтарына негізделген командалар құрады.

Жобаны жоспарлау	оқушылардың топтары жоба жоспарын жасайды, мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ оларға жету стратегияларын анықтайды. Бұл процесс мәселені шешу үшін қолданылатын технологиялар мен әдістерді таңдауды қамтиды.
Іске асыру	осы кезеңде оқушылар алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдана отырып, жобада белсенді жұмыс істейді. Оқытушылар қолдау мен бағыт-бағдар бере отырып, тәлімгерлер ролін атқарады, бірақ басты назар оқушылардың өзіндік жұмысына аударылады.
Бағалау және рефлексия	жоба аяқталғаннан кейін оны талдау және бағалау жүргізіледі. Оқушылар өз нәтижелерін ұсынады, не сәтті жасалғанын және нені жақсартуға болатынын талқылайды. Бұл кезең сонымен қатар әр қатысушының жеке үлесі және жалпы топтық жұмыс туралы рефлексияны қамтиды.
Нәтижелерді таныстыру	соңғы кезең оқушыларға білімді нығайтуға көмектесіп қана қоймай, көпшілік алдында сөйлеу және таныстыру дағдыларын дамытуға ықпал ететін жобаның нәтижелерін кең аудиторияға көрсетуді қамтиды.

Практикалық қолдану

Информатикада STEAM интеграциясымен жобалық оқыту Қазақстанның әртүрлі мектеп контексттерінде енгізілді, бұл оқушыларға алған білімдерін практикада белсенді қолдануға және тереңдетуге мүмкіндік берді. Төмендегі мысалдар бұл тәсілдің нақты білім беру жағдайында қалай жүзеге асырылғанын көрсетеді.

1-мысал: Мобильді қосымшаны әзірлеу

• Информатика курсы аясында орта мектеп оқушыларына математика дағдыларын жетілдіру үшін мобильді қосымша әзірлеу тапсырылды. Жоба барлық STEAM пәндерінің элементтерін қамтыды:

• Ғылым (Science): математикалық есептерді шешу үшін қолданылатын алгоритмдердің теориялық негіздерін зерттеу.

• Технология (Technology): Java немесе Swift сияқты бағдарламалау тілдерін қолдана

отырып бағдарламаны бағдарламалау.

- Инженерия (Engineering): қолданушы интерфейсi мен қолданбалы архитектураны дамыту.

- Өнер (Arts): интерфейс дизайны және пайдаланушы тәжірибесі, графикалық элементтерді құру.

- Математика (Mathematics): Математикалық есептер мен оларды шешу әдістерін қолданбалы функционалдылыққа біріктіру.

Нәтижесінде оқушыларға математикалық операцияларды визуализациялауға және қолдануға, олардың пәнді түсінуін жақсартуға және технологиялық құралдар арқылы математиканы оқуға деген қызығушылықты арттыруға көмектесетін қосымша пайда болды.

2-мысал: Экологиялық бақылау

Мектептердің бірінің оқушылары жергілікті экожүйені бақылауға бағытталған жобаға қатысты. Жоба жергілікті флора мен фауна туралы мәліметтер жинауды және бағдарламалық құралдарды қолдана отырып кейінгі талдауды қамтыды:

- Ғылым: экологиялық процестерді және олардың қоршаған ортаға әсерін зерттеу.


- Технология: деректерді жинау және өңдеу үшін GPS және Мобильді қосымшаларды пайдалану.

- Инженерия: экологиялық деректерді автоматты түрде жинауға арналған құрылғылар жасау.

- Өнер: деректерді визуализациялау және көпшілікке түсінікті презентациялар жасау.

- Математика: статистикалық әдістер арқылы жиналған деректерді талдау.

Зерттеу аясында Қазақстан мектептерінде іске асырылған информатикадағы STEAM элементтері бар жобалық оқыту әдістемесінің тиімділігі бағаланды. Талдаудың негізгі бағыты екі нақты жобаның нәтижелері болды: математикалық дағдыларды жақсарту үшін мобильді қосымшаны әзірлеу және жергілікті флора мен фаунаны экологиялық бақылау. Ұсынылған диаграммада көрсетілген деректер екі жобаны да қатысуы жоғары студенттер қабылдағанын және оқу нәтижелерінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді.



Сурет 1 .Информатика бойынша жобалық оқытудың тиімділігін бағалау

Ұсыныстар

Информатикада STEAM элементтерімен жобалық оқытуды сәтті енгізу үшін мұғалімдер оқу процесін жақсартуға және оның тиімділігін арттыруға көмектесетін бірқатар маңызды аспектілерді ескеруі керек.

Ең алдымен, әртүрлі пәндерді — ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы — оқу бағдарламаларына біріктіруді қамтамасыз ету қажет. Пәнаралық жобаларды құру пәндік материалды терең түсінуге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылығын ынталандырады. Заманауи технологиялар мен ресурстарға қол жеткізу өте маңызды. Бұл мамандандырылған бағдарламалық жасақтамадан бастап аппараттық құралдар мен онлайн платформаларға дейін барлығын қамтуы мүмкін. Бұл құралдар жобаларды жүзеге асыру үшін өте маңызды және студенттерге өз дағдыларын нақты өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазақстандағы информатикада steam элементтерін интеграциялаумен жобалық оқытуды зерттеу оқу процесінде осы тәсілдің Елеулі артықшылықтарын көрсетті. Пәнаралық интеграцияға сүйене отырып, жобалық оқыту студенттердің оқу материалын терең түсінуге ықпал етіп қана қоймай, олардың пәнге деген ынтасы мен қызығушылығын едәуір арттырды. Мобильді қосымшаны әзірлеу және экологиялық мониторинг сияқты жобалардың нәтижелері Әдістеменің академиялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды, сыни ойлауды және топтық жұмысты қалыптастырудағы тиімділігін атап өтті.

Бұл зерттеудің педагогикалық практика мен білім беру үдерісі үшін маңыздылығын асыра бағалау қиын. Ол steam элементтері бар жобалық оқыту мұғалімдердің қолында оқушыларды жылдам дамып келе жатқан технологиялық әлемде табысты кәсіби және жеке өмірге дайындауға мүмкіндік беретін күшті құрал бола алатынын растайды. Оқу процесіне нақты жобаларды енгізу студенттерге күрделі ұғымдарды үйренуге ғана емес, сонымен қатар оларды іс жүзінде қолдануға үйренуге көмектеседі, бұл олардың болашақ табысының кілті болып табылады.

Осылайша, осы зерттеудің нәтижелері заманауи білім беру стратегияларын дамытуға маңызды үлес болып табылады және оқушылардың пәнаралық көзқарасы мен технологиялық дайындығын біріктіруге бағытталған білім беру бағдарламаларын одан әрі дамыту мен жетілдіру үшін негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Буринская, М.А., Черняева, И.В. Проектное обучение в информатике: Интеграция STEAM-подходов. – Москва: Высшая школа, 2020. – 192 с.
2. Киреева, Н.А., Лобанова, А.А. Методика проектного обучения в информатике на основе STEAM-подхода. Вестник педагогических инноваций, 2021. - № 2. - С. 30-45. <https://doi.org/10.31249/education/2021.02.03>
3. Михайлов, В.М., Родионов, М.А. Применение STEAM в обучении информатике: Примеры и практики. – Санкт-Петербург: БХВ-Петербург, 2019. – 276 с.
4. Тарасова, С.В., Васильева, С.А. Эффективность проектного обучения в информатике: Анализ исследований. Научный журнал образовательных стратегий, 2022. - № 5. - С. 112-128.
5. Федотова, О.В., Козлова, С.П. Кейс-методы в проектном обучении информатике: Подходы и результаты. – Новосибирск: Наука, 2023. – 234с.



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Новоишим
селосы. Махметова Асель Нурлановна,
№ 2 Новоишим орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аннотация

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы рухы биік, парасатты тұлға қалыптастыруда жүргізіп жүрген жұмыстарым, әдіс-тәсілдерімді қалай жүзеге асыратыным туралы мәлімет беріп отырмын. Баяндамада өтілетін тақырыптар бойынша жұмыс түрлері айтылады. В статье рассказываю о работе, которую веду на уроках казахского языка и литературы, о том, как реализую свои методы и приемы в формировании у учащихся высоко нравственной, порядочной личности через привитие национальных ценностей. в статье обсуждаются виды работ по обсуждаемым темам.

Шын мәнінде, егер біз педагог ретінде барлық күш-жігерімізді білімге жұмылдырсақ және бала тәрбиесіне немқұрайлы қарасақ, бұл біздің ұрпақ үшін үлкен қателік болады. Мұғалімнің міндеті-баланың дұрыс тәрбиесіне, сананың қалыптасуына ықпал ету. Балаларды тәрбиелеудегі басты қағида-тәрбиенің ұлттық тәсілдерін талдау және анықтау мүмкіндігі. Яғни, баланы ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілік жолмен тәрбиелеу. Шынында да, болашақта ұлттық тәрбиенің мақсаты-өз елінің дәстүрлерін, тарихы мен мәдениетін білетін және сүйетін жоғары ұлттық санасы бар патриоттық тұлғаны тәрбиелеу. Ұлттық сананы ояту, өз халқының ана тілін, дінін және мәдени мұрасын меңгеру. Балада жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, мақтаныш сияқты ұлттық кейіпкерлерді қалыптастыру.

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев қазақ ұрпағын тәрбиелеудің көптеген тамаша тәсілдерін анықтап, оны жүзеге асыру жолдарын анықтады. «Әр халықтың бала тәрбиесінің өзіндік ерекше тәсілі бар. Ата - ана тәрбиесі ұзақ уақыт бойы сыналған және оны көптеген ұрпақтар қолданады, сондықтан мұғалім баланы ұлттық рухта бағыттауы керек», - деді ол.

Мұғалімнің басты міндеті-өскелең ұрпақтың жүрегі мен санасында қазақ жеріне қатыстылық сезімін ояту. Өткенді негізге ала отырып, бүгінді құру өте маңызды. Бала ұлттық тәрбиені аз көре алады. Мектеп балалар мен олардың отбасыларына ата-бабаларының әдет-ғұрыптарын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін толтыруға қамқорлық жасауы керек.

Егер отбасында ұлттық құндылықтар құрметтелмесе, мәдениетке деген сүйіспеншілік пен құрмет болмаса, онда мектеп баланың үйге ақпарат алып кететін ортаға айналуы мүмкін, бұл отбасының қалған мүшелерінің ұлттық дәстүрлеріне қызығушылық тудырады.

Менің мақсатым, ең алдымен, әрбір оқушыны қазақ халқының азаматы етіп тәрбиелеу, қазақ жерінде туылғанымды мақтан тұту, баланың өз мәдениетін мақтан тұту. Осы мақсаттарға жету үшін Мен өз сабақтарымда халықтық педагогика мен ұлттық тәрбиені біріктіремін.

Мектептерде ұлттық дәстүрді зерттеу үшін түрлі іс-шаралар өткізіледі. Негізінен мұғалім мұндай іс-шараларды сынып сағаттарында өткізеді. Мен оқу іс-әрекеті кезінде, яғни сабақтарда ұлттық дәстүрді зерттеуді ұсынамын. Мұндай сәттерді сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады.

Мысал ретінде Наурыз айын алайық. 1-наурыз — алғыс айту күні.

Ризашылық күні, адамдар бір-біріне жылы сөздер, жақсы тілектер айту арқылы қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі. Бір-біріне алғыс айтады. Ризашылық күні — балалар мен ересектердің жадында маңызды, жылы, жарасымды,

ерекше күн ретінде есте қалатын мереке. Яғни, бұл нағыз «Жан рақымының мерекесі». Бұл дәстүрді сабақтың ұйымдастырушылық кезеңінде жүргізуге болады. Балалар бір-біріне алғыс сөздерін айтады, оң энергиямен зарядталады және сабақ жақсы нотада басталады. Келесі «Шашу» рәсімі, ақ күй – жер-Анадан, ошақтың қорғаушысынан, бүкіл отбасының берекесі мен берекесін сұрап, көшеттерді сүтпен «шашу» рәсімі. Таңертең ерте таң атқанда, көктемгі күн мен түннің теңелуі ағаш отырғызуға, өзендер мен бұлақтардың көздерін тазартуға арналған құралдарды, ал әйелдер өз кезегінде тостағандарды сүт өнімдерімен. Мен сыныпты кіші топтарға бөлу кезінде «Шашу» рәсімін сабақта қолданамын. («Шашу» рәсімі өткізіледі. Балалар кәмпиттер жинайды және орамалардың түстері бойынша топтарға бөлінеді. Балалардың көңіл-күйі көтеріледі, олар қуана-қуана жұмысын жалғастырады.

Көбінесе тәрбиенің жетістігі, пәнге деген қызығушылық, Мамандық таңдау пән бойынша сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырудан туындайды (Наурыз мерекесі, Қазақстан халықтарының Тілдері күні, ҚР Тәуелсіздік күні және т.б.). Сыныптан тыс іс-шаралардың маңызды міндеті-оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыру: өзара көмек, Достық, ұжымда жұмыс істей білу. Оларға дайындалып, қатыса отырып, балалар мектеп өміріне қатыстылығын түсінеді, оның салт-дәстүрлерін құрметтеуге үйренеді, шығармашылық қабілеттерін көрсетеді, өз халқының, басқа халықтардың салт-дәстүрлерін құрметтеуге үйренеді.

Сонымен, Қазақ тілі сабақтарындағы оқу процесі білім алушының тұлға, азамат ретінде мақсатты дамуы болып табылады, олардың адамгершілік құндылықтары мен адамгершілік көзқарастарын, сондай-ақ қоғамның моральдық нормаларын игеруіне ықпал етеді.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі басты мақсат-ұлттық игіліктер мен адами құндылықтардың сабақтастығын сақтау. Біз бұған өскелең ұрпақтың бойында жанашырлық, сенімділік, амбиция сияқты ұлттық кейіпкерлерді қалыптастыру сияқты міндеттерді орындау кезінде ғана қол жеткіземіз. Менің ойымша, мұндай жұмыс әр сабақта өз елінің дәстүрін, тарихы мен мәдениетін білетін және сүйетін ұлттық санасы жоғары тұлғаны тәрбиелеу үшін жүргізілуі керек.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізінде балаларға қолжетімді, нақты құрылымы бар, заманауи дидактикалық талаптарға жауап беретін материалды іріктеуді көздейтін кең мәдени базада құрылған бірыңғай білім беру жүйесі жатыр деп айтқым келеді. Әдебиет сабақтары оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға белсенді әсер ете отырып, олардың рухани және адамгершілік қалыптасуына ықпал етеді, қоғамдағы рухани дағдарысты еңсеруге байланысты мәселелерді шешуге және қоғамдық моральдың нормалары, ережелері мен талаптары өз көзқарастары, сенімдері, терең мағыналы және таныс формалары ретінде әрекет ететін адамды тәрбиелеуге белгілі бір үлес қосады жақсылыққа ішкі тарту арқылы алынған мінез-құлық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жарықбаев Қ. «Психология негіздері» Алматы 2005 ж.
2. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика 2000 ж.
3. Өтешова.Б. «Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту»-2007 ж. /42-43 бет. 118-бет/. Алматы-/168 бет.С/
4. Оразбекова.К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында»-Алматы.2000. 543 /б.Б.31-38,58-70,90-94,218-220;С./
5. С.Ғаббасов. «Халық педагогикасының негіздері»-Алматы.1995 ж. /1.3.7.бет, 26бет/



КОНКУРСНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ДЕТСКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ШКОЛЫ АКИМАТА Г. АСТАНА

Бадриденова Р.М. –
заместитель директора по воспитательной работе
Детской художественной школы акимата г. Астана

Аңдатпа: Осы мақалада Астана қаласы әкімдігінің Балалар көркемсурет мектебінің конкурстық қызметінің тәжірибесі жинақталды. Мектепшілік, қалалық, республикалық және халықаралық балалар шығармашылығы конкурстарын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстар талданды.

Аннотация: В настоящей статье обобщен опыт конкурсной деятельности Детской художественной школы акимата г. Астана. Проанализирована работа по организации и проведению внутришкольных, городских, республиканских и международных конкурсов детского творчества.

Түйінді сөздер: конкурстық қызмет, балалардың шығармашылық байқауды ұйымдастыру.

Ключевые слова: конкурсная деятельность, организация детских творческих конкурсов.

Введение

Одним из главных ресурсов развития и повышения качества работы организаций дополнительного образования является конкурсная деятельность. Детской художественной школой акимата Астана накоплен значительный опыт организации и участия в творческих конкурсах внутришкольного, городского, республиканского и международного уровня. Особо ценно то, что данная деятельность носит не ситуативный, а системный характер.

Целью данной статьи является обобщение и анализ опыта конкурсной деятельности школы, в связи с чем представляется важным решение следующих задач:

1. Дать определение и оценку роли конкурсной деятельности в образовательной и воспитательной работе организаций дополнительного образования;
2. Описать опыт системной работы по организации, проведению и участию в конкурсной деятельности.
3. Проанализировать основные результаты и достижения, дать общую оценку работы школы в конкурсной деятельности.

Методика

Одним из наиболее распространенных определений конкурсной деятельности является, – процесс взаимодействия людей, проходящий в состоянии конкуренции, соревнования, имеющий социально или личностно значимый результат [I-III].

В рамках конкурса достигаются сразу несколько целей образовательного и воспитательного характера:

участник получает возможность в свободной форме проявить накопленные навыки и знания, при этом учится планировать свою работу в соответствии с заданными критериями конкурса;

участие в конкурсах развивает самостоятельность, целеустремленность и ответственность учащихся;

у участников конкурсов появляются навыки самопрезентации, накапливается полезный опыт социализации вне рамок школьной среды, что способствует развитию стрессоустойчивости и развитию эмоционального интеллекта;

в целом, участие в конкурсной деятельности повышает мотивацию к развитию и дальнейшей реализации творческого потенциала.

Детская художественная школа акимата г. Астана является инициатором целого ряда конкурсов республиканского и международного значения для учеников и педагогов

школ искусств. Но не менее значимой является внутришкольная конкурсная деятельность. В частности, на постоянной основе проводятся конкурсы открыток к праздникам: Дню Независимости, Новому году, Международному женскому дню, Наурыз, Дню защиты детей и др. В торжественной обстановке проходят церемонии награждения победителей. Именно с участия во внутришкольных конкурсах дети с малых лет начинают проявлять себя как самостоятельные творческие единицы. Это дает хороший старт для последующего участия в более сложных конкурсах.

Практический опыт

Главным проектом нашей школы является конкурс детского творчества «Туған жерім», которому в этом году исполнилось 20 лет. Инициатором данного проекта выступил благотворительный фонд поддержки творческих начинаний и культурного наследия Казахстана «Байта». Ежегодно определяется центральная тема конкурса, проводится большая организационная работа по привлечению к проекту как можно большего числа участников. Отдельного внимания заслуживает работа по налаживанию партнерских взаимоотношений, поиску экспозиционных площадок.

По результатам конкурса ежегодно проходит торжественная церемония открытия выставки на лучших музейных площадках столицы. Для детей из разных регионов Казахстана безусловно очень важно, когда их произведения представлены на масштабной выставке в Астане. К примеру, только в 2023 году в конкурсе приняли участие более 1200 работ детей от 10 до 18 лет.

За 20 лет реализации проект «Туған жерім» постоянно развивался и в 2014 году обрел международный статус. С тех пор проект дает возможность через детское творчество ознакомиться с традициями и обычаями народа Казахстана и других стран, узнать историю и посмотреть в будущее, понять мир современного подрастающего поколения, его нравственные и эстетические идеалы, роль представителей старшего поколения в жизни детей и подростков, преемственность духовных ценностей. Таким образом, проект объединяет детское творчество юных художников разных стран. В настоящее время продолжается совместная работа с партнерами из таких стран, как Азербайджан, Кыргызстан, Узбекистан, Польша, Индонезия, Республика Корея, Россия.

Важной темой конкурсной деятельности является экология Казахстана. Республиканский конкурс детского творчества «Красная книга глазами детей» проводится уже четвертый год. Эта актуальная тема находит живой отклик у детей. Ежегодно в конкурсе принимают участие более 800 человек из всех уголков Казахстана. Детская художественная школа акимата г. Астана ввела в постоянную практику проведение различного рода городских конкурсов:

Городской конкурс по компьютерной графике «Гравитация» стартовал в 2021 году. Ежегодно конкурс объединяет больше 300 участников разного возраста, воспитанников организаций дополнительного образования, а также общеобразовательных школ, гимназий и лицеев столицы.

Городской конкурс детского рисунка «Футбольный клуб «Жеңіс» - команда города» впервые был проведен в 2023 году. Юные болельщики получили возможность выразить свою зрительскую любовь через творчество.

В конкурсе приняли участие 200 детей. Церемония награждения прошла на футбольном поле во время матча.

Во всех конкурсах для определения лучших работ формируется независимое жюри из числа педагогов ВУЗов художественного направления, заслуженных деятелей искусств и членов Союза художников Казахстана.

Детская художественная школа дает хорошую подготовку для дальнейшего профессионального пути учащихся. Выпускники нашей школы продолжают обучение в ведущих ВУЗах мира. Многие выпускники в настоящее время уже являются признанными художниками и скульпторами, успешно выставляются. К примеру, в этом году ученик Руслан Шегай, продолжив свое обучение в Италии в Академии Изящных искусств, занял первое место в международном конкурсе. Принял участие в выставке «Young & Forever Young». Безусловно, это результат его личного таланта и трудолюбия. Но в его конкурентоспособности есть заслуга и педагогов, и конкурсной деятельности школы.

Во всех городских, республиканских и международных конкурсах на равных с другими участниками условиях, принимают участие дети нашей школы. Представляемые работы раскрывают всю палитру современного детского художественного творчества, показывают уровень профессионального мастерства педагогов – руководителей конкурсных работ. Однако в сфере дополнительного образования мало возможностей для творческого проявления самих педагогов. Вот почему возникла идея о проведении в 2023 году городского конкурса-выставки педагогов-художников «Ұлы даланың бояулары». На выставке по результатам конкурса были представлены более 120 работ разного направления более 40 авторов. Мероприятие получило большой положительный резонанс не только в профессиональной среде, но и в целом среди публики. Было принято решение о проведении в 2024 году этого конкурса уже на международном уровне.

Рекомендации

Проанализировав опыт организации конкурсной деятельности, необходимо отметить важность проактивной, последовательной и системной организационной работы. Это касается как подготовки конкурсантов, так и непосредственно самих конкурсов любого уровня. Безусловно, каждое учреждение образования имеет свой опыт подобной работы, выработанный авторский подход к процессу подготовки детских творческих конкурсов. Однако есть универсальные ключевые принципы, соблюдение которых позволит эффективно реализовывать даже самые смелые и масштабные идеи. Среди них: заблаговременная подготовительная работа, налаживание партнерских связей (активного профессионального сообщества), креативный подход на каждом этапе реализации проекта, грамотное планирование и контроль.

Заключение

Таким образом, обобщая опыт конкурсной деятельности нашей школы необходимо отметить:

1. Конкурсная деятельность мотивирует учеников к творчеству, самопрезентации, способствует их профессиональному росту;
2. Педагоги, курирующие конкурсные работы своих учеников, получают возможность продемонстрировать свои профессиональные успехи;
3. Детской художественной школой акимата г. Астана накоплен обширный опыт по организации и проведению конкурсов по разным направлениям. При этом всегда применяется креативный подход по реализации всех проектов;
4. Конкурсная деятельность способствует налаживанию и развитию партнерских отношений в республиканском и международном масштабах, что позволяет позиционировать школу как серьезный методический центр по созданию активного профессионального сообщества педагогов дополнительного образования;
5. Вышеописанные конкурсы вошли в список для аттестации педагогов-художников и учителей художественного труда, что является фактом признания высокого уровня подготовки и организации конкурсной деятельности.
6. Благодаря конкурсной деятельности школа активно представлена в творческом пространстве столицы, является активным посредником между профессиональным творческим сообществом и детьми.

Список использованных источников:

1. Гилядов С.Р. Конкурс и конкурсная (соревновательная) деятельность школьников// Национальная ассоциация ученых (НАУ) № 11 (7), 2015/Педагогические науки.
2. Кузнецова О.В., Мелекесова Р.М. К вопросу о конкурсной деятельности учащихся.// Институт государственного управления права и инновационных технологий (ИГУПИТ). Интернет-журнал «Науковедение», №4, 2012.
3. Ксенофонтова А.Н. Педагогические условия самоопределения старшеклассников и конкурсной деятельности/А.Н. Ксенофонтова, Е.П. Табакова // Вестник ОГУ, 2006. - №10. Часть 1. – 88-94.





ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫ ЖАҚСARTУДАҒЫ ТИІМДІ ИНСТРУМЕНТ «ТЮТОРЛЫҚ ТӘСІЛ» (10 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ 7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТӘЛІМГЕРЛІК ЕТУ)

Астана қаласы І.Есенберлин атындағы
№67 гимназия Байкушикова Лаура Урустемовна-
тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші, тарих
ғылымдарының магистрі

Мақсаты: мұғаліммен оқушының бірлескен жұмысы арқылы оқушының білім, білік дағдыларын және өзіндік жұмыс жасау құзыреттілігін дамыту.

Бүгінде мұғалімнің шығармашылығындағы ерекшелік оның сабақты түрлендіріп, әрбір тұлғаның жүрегіне жол таба білуінде. Мұғалімге қойылатын талаптың өзі білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Сондықтан, әрбір мұғалімде оқушыны қалай оқуға қызықтырамын және оқытуды қалай жақсартамын деген заңды сұрақ бар. Бізде осы сұрақ төңірегінде оқушыны оқуын жақсартып, сабаққа деген ынтасын ояту мақсатында, «Әлемдік табысты мектеп идеясы» мақаласын оқып, бірлесе талқыладық. Сөйтіп, 2021-2022 оқу жылының наурыз және сәуір айларында 10 сыныпты-7 сыныпқа тәлімгер етіп тағайындап (тьютор) бірлесіп жұмыс жасадық.

Тәлімгерлік етудің жұмыс жоспары

1-кезең Сабақ кезіндегі

Тәлім алушы мен тьюторды білім сапасына қарай таңдау. Оқушыларды топқа бөлу (2 оқушыдан)

Тьютор оқушылармен сынып оқушыларын таныстыру.

Тәлімгерлерге пән бойынша тақырып, тапсырмалар беру (Қазақстан тарихы)

Тәлімгерлерді сабаққа дайындау (1-ші сабаққа қатыстыру).

Сабақ соңынан рефлексия жазуды үйрету.

Тәлім алушылардың жұмысын SWOT талдаумен қорытындылау.

2-кезең Сабақтан тыс

Ғылыми жоба жазуға қолдау көрсету

Олимпиада дайындығына бірлесе дайындалу

Пәндік сайыстар бойынша жұмысына қолдау көрсету

Тәлімгерлерге пән бойынша тақырып, тапсырмалар беру (Қазақстан тарихы)

Тәлімгерлерді сайыстарға дайындау (жоспар бойынша).

2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Тәлім алушының қамтылуы 15 %	Тәлім алушының қамтылуы 40 %	Тәлім алушының қамтылуы 95%
Тьютордың қамтылуы 8 %	Тьютордың қамтылуы 25 %	Тьютордың қамтылуы 90 %

Биылғы оқу жылында тьюторлық жоба үш бағытта жүргізілді:

Сабақ кезінде- оқушы мен оқушы арасында

Сабақтан тыс- оқушы мен оқушы арасында

Тәжірибеде - мұғалім мен мұғалім арасында

Оқыту үдерісінде тьюторлық әдіс терең білімді, сенім, ізденімпаздық пен іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанып, заманауи дағдаларды меңгеруге мол мүмкіндік. Бұл әдістен қорытынды нәтиже шығара келе тьюторлықтың оқушылардың

бірін- бірін қызықтыратын және құрдастар бір- біріне жақсы тәлімгер бола алатынын дәлелдеп, осы оқу жылына көптеген жоспарды тәжірибеде қолдандық.

Өзектілігі мен жаңашылдығы: оқушыларда өзіндік білім алу, сыни ойлау, шешімдерді қабылдау, коммуникативті, ақпараттық және т.б. дағдыларды қалыптастыруға негізделген әдіс-тәсілдерді жетілдіруге ерекше назар аударылуда. Әлемдік білім берудің озық тәжірибелерінің бірі оқу пирамидасын негізінде білімнің 90%-өзгелерді оқыту арқылы қаланатынын ескере отырып сыныптаралық тәлімгерлік жұмысы таңдалды. 10 сынып оқушылары 7 сынып оқушыларын оқыта отырып өз білімдерін де дамытады. Сонымен қатар, демократиялық құрылымдарда белгілі бір рөл атқару арқылы 10 және 7 сынып оқушылары өз қажеттіліктері мен құрбыларының қажеттіліктерін анықтап, шешім қабылдау кезінде мәселені терең қарастырып, түрлі қырларын ескеруге машықтанады. Бірлескен оқу ортасы қалыптасып, командалық жұмыс дамиды, меткеп түлектері жаһандық бәсекелесте табысты тұлғаға айналады.



Бұл оқушылармен тереңірек және толыққанды өзара әрекеттесіп, оқытуда шығармашылық танытуға мүмкіндік береді. Сынып аралық тәлімгерлік жобасы арқылы оқушының бойында ХХІ ғасырда кеңінен сұранысқа ие болып отырған көшбасшылық қасиеттерді қалыптастырып, рухани құндылығын арттыруда мол мүмкіндік туғызады. Білімдерін тексеру және бағалау жүйесі бойынша сұрақ-жауап, әрбір сабақтан соң шығармашылық жұмыс жасайды. Тақырыптық бақылау, тексеру: теориялық білімін, өз көзқарасын бақылау жұмыстары, тексеру, ой-толғау, зерттеу шығармашылық жұмыстары жақсарады. Практикалық жұмыстар сынақ түрінде «тапсырылды» деп бағаланады.

Тәжірибе қолдану аясында түрлі шаралар: семинар, конференция, тарихи танымдық шаралар, зияткерлік сайыстар, конкурстар, сынып тыс тәрбие жұмыстары өткізілді. Оқушылардың өзіндік жұмыстары, бірлескен жобалар бағдарлама аясында жүзеге асырылып отырды.

Қазақстан тарихынан сынып оқушыларының осы әдіс бойынша алған білімдерін қысқа мерзім ішінде жинақтап және жүйелеу арқылы жоғары нәтижеге жету-басты мақсат болып табылады. Тақырыптар үлкен хронологиялық кезеңді қамтиды және күрделілігімен ерекшеленеді. Тірек сұрақтармен жұмыс істеу оқушылардан терең ойлау мен аналитикалық қабілетті талап етеді. Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері жаңа ақпарат құралдарының көмегіне сүйеніп, қысқа мерзімде күрделі талаптарды орындап, жақсы нәтижеге қол жеткізуді мүмкін ете алады.

Тәлімгер оқушы өзінің тәлім алушысымен әр бөлім бойынша теориялық білімді еске түсіріп, жаңа білім алып, оны бекітумен айналысамыз. Бұл кезең оқушылардың дайындық деңгейіне, тақырыптың күрделілігіне және т.б факторлерге байланысты. Бөлім бойынша теориялық білімді еске түсіріп, бекіткеннен кейін, дайындықтың келесі сатысына көшеміз.

Тәлім алушы мен тәлімгердің өзіндік жұмысымен сипатталады. Ол үшін тәлімгерлер өз тәлім алушыларына әр бөлімге арнап құрастырылған тірек сұрақтар беріледі. Сол сұрақтарға сүйене отырып тәлім алушы оқулық мәтінімен жұмыс жүргізеді. Сұрақтарға жауапты оқулықтан тауып жазуды тәлім алушы міндеттеу қажет. Бірлескен дайындық кезінде тьюторда Ұлттық Бірыңғай тестілеудің тәжірибесі көрсеткендей, Қазақстан тарихынан тест сұрақтары тікелей оқулықтың мәтінінен алынатыны белгілі. Сондықтан тьютор өзгені оқыта отырып өзіде ҰБТ ға дайындалады. Ал, әр жылғы оқулықтарда әртүрлі мәліметтер кездесіп отыруына байланысты, тәлімгер 7 сыныппен 10 сыныптың оқулық мәтінімен таныс болып өткенді қайталауына мол мүмкіндік. Бұл жұмыстың тағы бір тиімді жағы, тәлім алушы мен тәлімгер бірлесе дайындалу арқылы тест жауаптарын механикалық жаттаудан, саналы түрде түсініп оқуға қол жеткізеді.

Дайындық жұмысы толық біткеннен кейін білім тексеру жұмысы жүргізіледі.

Интенсивті дайындық жағдайында білім тексерудің ең тиімді жолы тьютор мен тәлім алушының өз жетекшілері болып табылады.

Нәтижесінде тьюторлықтың бірін-біріне қызықтыратын және құрдастар бір-біріне жақсы тәлімгер бола алатынын дәлелдеп, оқушылардың оқуын жақсартуға мүмкіндік туғызды. Тұлғааралық және қарым-қатынас дағдыларын жақсарып, оқушылардың арасындағы кедергілерді жоюға, оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өзара түсіністік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді. Тәлімгер оқушылардың өз күшіне сенім мен уәжді арттырады. Идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып шығармашылыққа ынталандырады.

Оқушыларға пән мазмұнын зерделей отырып, сарапшы ретінде ойлануға жетелейді. Оқушылардың барынша тәуелсіз болуына жағдай жасалады. Оның нәтижесін төмендегі сызбадан көруге болады.

10 сыныптар үшін	7 сыныптар үшін
Тәлімгерлік ете отырып: өткенді қайталау.	Білім сапасы артады.
Білім сапаның көтерілуі	Үздіксіз өзін-өзі бағалауға үйренеді.
Қорытынды аттестатауға дайындық.	Әлеуметтік жауапкершілік, мәдениетаралық өзара түсіністік қалыптасады.
Ұлттық Бірыңғай тестілеуге дайындық.	Бауырмалдық және эмоциялық ашықтыққа үйренеді.
Іс-әрекет белсенділігіне түседі.	Бірлескен оқу ортасы қалыптасады.
Тәлімгер мен тәліптер арасында сауаттылық қабілеттерінің өсуі.	Тәлімгер мен тәліптер арасында сауаттылық қабілеттерінің өсуі.
Оқушылар ынтымақтаса отырып, жұмыс істейді.	
Қарым-қатынас дағдыларының артуы.	
Білімдегі сабақтастық орнайды.	
Меткеп оқушылары жаһандық бәсекеде табысты тұлғаға айналады.	

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. А., 1996, 1998, 2010
- Букенко А.В.,Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика; Учеб.-метод. Пособие- 2002.
- Хуторской А.В. «Развитие одаренности школьников» методика продуктивного обучения. Пособие для учителя-М.Гуманист. изд. Центр ВЛАДОС,2000
- Мұғалімге арналған нұсқаулық (бірінші (ілгері) , екінші, үшінші)



БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖЫЛДАМ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

Бекеева Туйме Қожакуловна
Астана қаласы әкімдігінің «І.Есенберлин
атындағы № 67 гимназия» шаруашылық жүргізу
құқығындағы МКК бастауыш сынып мұғалімі

Андатпа. Жылдам оқу дегеніміз не? Адам орта есеппен минутына қанша сөз оқи алады? Оқушылардың жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру үшін қандай жаттығуларды қолданған тиімді? Осы сұрақтар әрбір мұғалімді толғандырса керек.

Қазіргі 21 ғасырда білімді қабылдап, оны өмірде пайдалану үшін ең керек машық – ол Жылдамдық.

Оқушылардың оқу жылдамдығы неге төмен?

Баланың оқу жылдамдығының төмен болуына кедергі келтіретін 4 фактор бар:

- Назарын бір жерде ұстай алмауы;
- Есте сақтау қабілетінің нашарлығы;
- Артикуляциясының дұрыс болмауы;
- Сөздік қорының аздығы.

Жылдам оқу дағдысы бастауыш мектепте қалыптасуы керек.

Жылдам оқытудың мақсаты:

Бастауыш сынып оқушыларының оқу шапшаңдық дағдыларын қалыптастыра отырып, байланыстырып сөйлеуге үйрету, оқырмандық қызығушылығы мен сауаттылығын дамытып, оқырмандық мәдениетке баулу.

Міндеттері:

1. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру және олардың қызығушылығын артыру үшін оқыту тәсілінің тиімді тәсілдерін қолдану;

Оқыту әдістері мен дағдылары:

- Ауызша, әңгіме, түсіндіру, жаттығу, оқу, ынталандыру;
- Көрнекі демонстрация;
- Аналитикалық бақылау, салыстыру;

Енді осы тәсілдерге жеке тоқталып өтейік.

Баланың назары неге бір жерде болмайды. Өйткені зейіні тұрақты емес. Кітап оқыған кезде бала өз назарын бір жерде ұстай алмайды, түрлі нәрселерге көңілі бөліне береді. Сондықтан балаларға күнделікті, тұрақты түрде зейінді дамыту жаттығуларын жасату керек.

Зейінді дамыту жаттығулары

Екі суретті салыстырып, айырмашылығын тап.



«Сөздерді тап»

Әр қолденең қатардан
құстардың атын тап



ы	п	қ	а	р	л	ы	ғ	а	ш	е	у	к	и
т	н	а	ы	а	р	р	о	т	к	ө	к	ө	к
ү	й	к	ө	г	ер	ші	н	д	а	р	у		
е	н	қ	а	р	ғ	а	д	ж	л	ұ	м	д	и
р	ң	ө	с	а	қ	а	р	т	о	р	ғ	а	й
а	ш	ы	м	ш	ы	қ	ұ	р	и	д	ы	е	т
о	н	б	ө	т	е	с	и	р	т	е	р	ү	к
с	а	у	ы	с	қ	а	н	ғ	ұ	р	д	і	к
р	ғ	а	ш	т	ы	р	н	а	ү	й	у	і	л
ә	т	о	қ	ы	л	д	а	қ	т	е	о	н	ы
й	ы	е	к	ү	к	ұ	о	ш	а	қ	а	з	ү
о	б	а	ү	й	р	е	к	б	н	ғ	ш	ө	а

Әр қолденең қатардан
ағаштардың атын тап



ы	п	қ	а	й	ы	ң	к	и	п	е	у	к	и
т	н	а	ы	а	р	р	о	т	а	л	й	у	д
ү	й	е	ң	к	і	е	р	о	л	д	а	р	ә
е	н	п	л	н	а	у	д	ж	л	е	м	е	н
р	ө	м	с	а	қ	а	р	а	ғ	а	й	ы	к
а	ш	ы	р	ш	а	ғ	ы	р	и	д	ы	е	ә
о	н	б	ө	т	е	с	и	р	т	е	р	е	к
а	р	ж	ө	к	е	р	м	и	м	ұ	д	ө	к
р	о	а	ш	у	а	с	е	к	с	е	у	і	л
ж	ы	ң	ғ	ы	л	н	қ	а	т	е	о	н	ы
й	ы	е	к	ү	к	ұ	о	ш	а	й	ы	р	а
о	б	а	о	б	а	б	д	б	ң	ғ	ш	ө	а

Әр қолденең қатардан
цүлдердің атын тап



ы	п	қ	а	р	л	ы	р	а	у	ш	а	н	д
р	ө	з	а	р	а	н	о	т	к	ө	к	ө	к
ү	й	к	ә	т	ұ	ң	ғ	ы	қ	а	р	ж	
е	б	а	қ	б	а	қ	д	ә	л	ұ	м	д	и
р	ң	ө	с	а	қ	а	л	а	м	п	ы	р	у
а	ш	ы	м	б	ә	й	ш	е	ш	е	к	е	т
о	н	б	ө	к	ы	з	ғ	а	л	д	а	қ	ө
к	о	ң	ы	р	а	у	ғ	ұ	л	р	д	і	к
қ	а	ш	қ	а	р	ғ	ұ	л	д	й	у	і	л
ә	қ	ы	р	м	ы	з	ы	м	ү	с	ө	н	ы
й	ы	е	к	ү	к	б	ө	р	т	е	ғ	ұ	л
ө	м	е	ң	д	у	а	н	а	ң	ғ	ш	ө	а

Қарамен жазылған әріптерді ғана оқып, шыққан сөзді айт.

**ЫБВАЖЛФА ЧДВАПНЖАТ УСНАТРФЫ
ЫЖЭАКЗЕ ХАРЙЦНЫАВ ЗКХЕДСЖЕ
ЭШЧАЪНСАЙ ЫЛДАҢҚВ**

2. Неге балалардың есте сақтау қабілеті нашар?

Себебі, қазір кезде барлық бала дерлік телефонға байланып қалған. Ал телефоннан шығатын ультракүлгін сәулелер балалардың миындағы нейрондық байланыстарға кері әсерін тигізеді. Сондықтан да балалармен күнделікті есте сақтау қабілетін жақсартатын жаттығуларды сабақта көбірек қолданған жөн.

Есте сақтау қабілетін жақсартатын жаттығулар

Оғаш зообақ – ойыны

Ойын шарты: Берілген суретке 1 минут қарап тұрып, танысып шығу. Уақыт өткен соң суретті алып тастаймыз. Сосын суреттегі жануарларды алфавит ретімен жазып шығамыз.

Суреттің түсін жаттап, келесі бөлігін бояу

Оқушы боялған суретке 1 минут бойы қарап, есте сақтайды. 1 минут өткен соң, боялған суреттің үстін жауып қоямыз. Екінші дайын суреттің үстін есте сақтап қалған түстері бойынша бояп шығады.



Артикуляцияның дұрыс болмауы.

Балалар сөздерді, сөйлемдерді оқығанда дұрыс тыныс алмайды, сондықтан сөздер мен сөйлемдерді дұрыс оқи алмайды. Артикуляциялық жаттығулар дегеніміз не?

Артикуляциялық жаттығу – бұл бұлшық ет пен сөйлеу аппаратын нығайтуға, сөйлеуге қатысатын ағзалардың күш, қимыл-қозғалыс және іс-әрекеттің дифференциациясын нығайтуға арналған жаттығулар жиыны.

Артикуляциялық жаттығу дыбысты қою мен машықтандырудың дайындық кезеңі болып табылады.

Артикуляциялық жаттығудың мақсаты дыбысты дұрыс айту үшін сөйлеу аппаратын дұрыс қозғалысқа келтіру және тілді белгілі бір қалыпта ұстау, қарапайым қимылды күрделі қимылдарға айналдыру.



Артикуляциялық жаттығуларды дұрыс қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар қолданылады. Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарын, қалпын дағдыландыруға бағытталады. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әржаттығу әртүрлі атпен аталады.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. «Өткеншек» – жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға созып, біресе иекке созу жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек.

«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу.

«Пілдің тұмсығы» - еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады



«Тізімізді тазалаймыз» - Бала, ерінің күлген секілді жасап, тілімен төменгі тістерінің ішкі жағынан, сосын үстіңгі тістерін тазалағандай қимылдар жасату.




«Терезе». Балаға аузын кең ашып «Ыстық» деп айтуын сұраңыз, ал сосын еріндерін барынша жауып «суық» деп айтқызыңыз.



«Кесе» - ауыз кең ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.



«Жаңғақ» - ауызды жауып, оңға - солға тілдің ұшымен беттің бұлашық етін итеру



Жалпы, жылдам оқу – бұл ең соңғы процесс. Балаларға жылдам оқуға дейін түрлі дамыту жаттығуларын жасату керек. Сонда ғана баланы оқуға деген қызығушылығы артып, жылдам оқу қабілеттері дамиды.

Әдебиеттер:

1. Жаңа формация педагогы – шығармашыл тұлға. Капуова Б.С.
2. Память не изменяет. Задачи и головоломки для развития интеллекта и памяти. Анхельс Наварро. \ ООО «Манн, Иванов и Фербер», 2015
3. Айнұр Жүсіп. «Жылдам оқыту жаттығулары», 2020
4. Картотека «Артикуляциялық жаттығулар жинтығы»



ӨЗІН ӨЗІ ОҚУ ОРТАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Бекежанова Салтанат Тасболатовна
Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия

Абстракт

Өзін-өзі ұйымдастырылған оқу орталары (SOLE) - бұл тәрбиешінің нұсқауымен немесе нұсқауынсыз сұрақты зерттеу үшін интернетті пайдалана отырып, студенттер шағын топтарда жұмыс істейтін оқыту үлгісі. Бұл мақалада сыныптағы қосымшалар мен мұғалімдердің зерттеулерінен мысалдар келтіре отырып, Өзін-өзі ұйымдастыратын оқу ортасының қалай пайдаланылатыны көрсетілген.

Түйінді сөздер: Өзін-өзі ұйымдастыратын оқу ортасы, онлайн оқыту; бірлескен оқыту; педагогика; оқушының мотивациясы, үлкен сұрақ.

Кіріспе:

Бұл мақаланың мақсаты- өзін-өзі ұйымдастыратын оқу ортасын (SOLE) пайдаланудың мәні мен артықшылықтарын ұсыну және түсіндіру. SOLE студенттерге қол жетімді интернетті қолдана отырып, өз білімдерін басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар SOLE көмегімен не оқып жатқанын және оны қалай үйренгісі келетінін басқара алады. Бұл тақырыптың өзектілігі Президенттің Жолдауында да көрініс тапқан. Мемлекет басшысы әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде технологиялық және цифрлық өзгерістерге тап болғанын атап өтті[1]. Бұл қораптан тыс ойлауды, проблемалардың шешімін табуды, ынтымақтастықты қажет етеді. Сандық көздермен шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін SOLE көмегімен сатып алуға болады. Шығармашылық, көшбасшылық, ынтымақтастық, өнімді, сыни ойлау, медиа сауаттылық - бұл SOLE арқылы дамитын 21 ғасырдағы маңызды дағдылары.

Негізгі бөлім

Стивен Кумбс SOLE өзін - өзі оқытатын әлемді бейнелеу арқылы оқыту екенін айтады. Ол SOLE-ді қолдану оқушының интернетте бірлесіп жұмыс істеуге және мұғалімнің тікелей көмегінсіз оқуға мүмкіндік беретінін байқады.

Сонымен қатар, Маргит Хофер оқушыларға сабақтарын немесе жобаларын бақылауға мүмкіндік беруді ұсынды. Ғалым әртүрлі міндеттермен жұмыс істеу үшін мақсаттарға жету қажеттілігін атап өтті. Ол цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, әртүрлі тапсырмаларды жоспарлауға және орындауға назар аударды. Зерттеуші өзін-өзі реттейтін студенттер қолайлы мақсаттарды таңдай алатынын атап өтті. Сонымен қатар, SOLE оқытудағы қиындықтарға деген қажеттілікті көрсетеді. Кейбір дарынды оқушылар өздерінің қабілеттерін арттыратын мақсаттар қоя алады, бұл сәтсіздікке де табысқа да жетуге мүмкіндік береді деп түсіндірді. SOLE оқушылары қолда бар ресурстарды қалай пайдалану керектігін, жоспарлауды, көмек сұрауды және жұмысын қайта қарауды және түзетуді біледі. SOLE пайдаланудың негізгі идеясы мен кілті мән деректерін жасауды, талқылауды, бөлісуді біледі[3].

Кристиан Дальсгаард пен Хелле Матиасен ақпараттық технологияның SOLE-де маңызды рөл атқаратынын анықтады. Бұл деректерді немесе ақпаратты сақтау және алу үшін компьютерлерді пайдалану. Олар оқушылардың өзіндік жұмысына баса назар аударатын SOLE тұжырымдамасын түсіндірді. Авторлар SOLE жүйесін әртүрлі мақсаттарда пайдалануға болатынын атап өтті:

- жеке кездесулерге дайындық,
- ақпарат алмасу
- талқылау
- жоба есебімен бірлесіп жұмыс істеу[4].

SOLE талаптарының бірі-үлкен сұрақ қою. Дэвид Литаның айтуынша, үлкен сұрақтар

оқушыларды шабыттандыруы керек, бірақ оларға жауап болмауы мүмкін. Үлкен сұрақтар оқушыларды барлық мүмкіндіктерді зерттеуге шабыттандырады. Ол «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге болмайтын және кеңейтілген жауаптарды, ойлануды және талқылауды қажет ететін сұрақтарды атап өтті. Сондықтан, жеке сабақтарды қолдана отырып, оқушылар мұғалімнің оқу бағдарламасынан гөрі көбірек түсінеді. Ол жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қолдану ұзақ мерзімді өзара әрекеттесуге ықпал ететінін және топтар мен құрдастар арасындағы терең қарым-қатынасқа ықпал ететінін түсіндірді. SOLE оқушыларының жетістіктері мұғалімнің қабылдауымен немесе оқу бағдарламасының күтілетін деңгейімен шектелмейді, олар өз бетінше, тек мұғалімнің басшылығымен жетістікке жетеді. Дэвид өз мақаласында бұдан әрі бұл туралы былай айтты:

- Оқушылар жаңа білім мен ұғымдарды түсінуді дербес қалыптастырады. Кейде бар қате білімге қарсы тұруға тура келеді.

- Ынтымақтастықты оқыту түсіндірме әңгімеге ықпал етеді.

- Таңдау мотивацияны айтарлықтай арттырады [5].

Сонымен қатар, Сугата Митра мен Эмма Кроули SOLE студенттерге күрделі оқу бағдарламасын қажет етпестен өздеріне ыңғайлы қарқынмен ақпарат алуға мүмкіндік беретінін анықтады. Қазіргі уақытта Үндістан, Оңтүстік Африка және Италия студенттердің бұл әдіске қаншалықты жақсы жауап беретінін көру үшін білім беру жүйелерінде SOLE әдісін эксперимент ретінде қолданды. Мектеп жасындағы оқушылар өз мүдделерін көздеп, оларды қызықты деп санайтындай зерттей алады. Бұл әлі де білім берудің жаңа тәсілі. Әрине, бұл білім берудегі әртүрлілікті арттыруға қабілетті қызықты тұжырымдама [6].

Интернет технологиясының дамуымен SOLE жүйесін пайдалану барған сайын танымал бола бастады. Басқа зерттеушілер SOLE-ді қолданудың көптеген артықшылықтарын анықтады, мысалы, икемділік, оқытудың жаңа тәсілдері және т. б. Цифрлық білім дәуірінде адамдар үнемі өзгеріп отыратын ортаға бейімделуі керек. Бұл өмір бойы оқыту тұжырымдамасы: ақпаратты уақтылы қабылдау, алу, біріктіру және үздіксіз оқу[7].

Зерттеу бөлімі

Зерттеу барысында анықталды:

- Оқушылардың дайын білімді күтіп отыратыны анықталды;
- 95% оқушыларда өз бетімен іздену қиынға соғады;
- 14 күн бой оқушылар өз бетімен іздену кезінде жұмыс істегісі келмей қиналды, дегенмен зерттеу соңында осы методика тиімді екеніне көзі жетті.

- Сауалнама нәтижесінде 80% оқушылардың өз бетімен ізденудің өз біліміне орасаң зор нәтиже беретіндігіне көз жеткізді.



Қорытынды

Қорытындылай келе, SOLE білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады, оны әртүрлі пәндерде, әсіресе шет тілдерін оқытуда қолдануға болады.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, SOLE-ді қолданудың пайдасы - олар өз зерттеулерінде таңғажайып жаңалықтар табады. Сондықтан кейбір ғалымдар өзіндік зерттеу жұмыстарына назар аударды. Ол сондай-ақ SOLE уақытты басқаруды үйренуге мүмкіндік беретін білім бере алатынын анықтады. Бірқатар зерттеушілердің бақылауларын талдай отырып, оқушылар өз идеяларымен еркін бөлісетінін, SOLE көмегімен пікірлерді оңай растайтынын анықтадық. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдай отырып, біз sole студенттері кез-келген мәселені өз бетінше шеше алады, цифрлық көздерді тиімді қолдана алады және барлық жерде жаңа ашылулар жасай алады деген қорытындыға келдік. Біз ғалымдардың сыни пікірлерімен келісеміз және оқырмандарға SOLE-ді Білім берудегі маңызды әдіс ретінде пайдалануды ұсынамыз.

Сілтемелер

1. A.Zhumadilov. President Nazarbaev's annual address seeks to digitize Kazakhstan, strengthen social protection, p 1
2. Coombs.S. The Application of Self-Organised Learning for Educators and Students in a Knowledge-Based Economy: A Reflective Experience// EdMedia 2001 Conference, Tampere, Finland 25-30 June, 2001
3. Hofer. M. Paper on Self Directed Learning in eLearning Environments// September,2005/ <https://www.bvekenis.nl/Bibliotheek/05-1022-self-directed-learning.com>
4. Dalsgaard.C. and Mathiasen.H. Self-Organized Learning Environments and University Students' Use of Social Software: A Systems Theoretical Perspective//Denmark February, 2008/ <http://www.itdl.org/journal/feb08/article01.htm>
5. Leat. D. and Crawley.E. The Self Organized Learning Environment SOLE School Support Pack, 2010/ <http://www.researchgate.net/publication/277257883>
6. Sugata Mitra & Emma Crawley 'Effectiveness of Self-Organised Learning by Children: Gateshead Experiments» Journal of Education and Human Development, September_2014 http://jehdnet.com/journals/jehd/Vol3_No316.com
7. Huang. Y. and Liu.H. Self Directed Learning and the Effectiveness of e-Learning// in Enterprises International Journal of e-Education, e-Business,e-management and e-learning, Vol4,No 3 June, 2014



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕНІ ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН LESSON STUDY



Бектемирова Гульнар Аскарровна педагог-зерттеуші
Боранбаева Толкын Туяковна педагог-сарапшы
Астана қаласы І.Есенберлин атындағы «№67 гимназия» ШЖҚ МКК
Директордың оқу ісі орынбасарлары

Кіріспе: Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Ол XIX ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл бұрын қолданыла бастаған.

Қазір уақытта Шығыс Азияда Lesson Study Жапониямен қоса, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада қолданылуда.

Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады. Lesson Study өткізу барысында топта (немесе жұппен) жұмыс істейтін мұғалімдер.

Бастауыш сынып бірлестігінде Lesson Study зерттеу топтарының жұмысын жүзеге асыру жүйелі жүргізіліп келеді. Lesson Study зерттеу әдісін, оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде әріптестермен ынтымақтасқан рефлексивті орта құру мақсатында ұйымдастырылып, жұмыс жүргізіліп келеді.

Мақсаты: Оқушылардың оқуын жетілдіру және мұғалімдердің зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып пәндік әдістемені жақсарту.

Өзектілігі: Lesson Study педагогикалық әдістемені жетілдіруге бағытталған сабақты зерттеу әдісі арқылы мұғалімдер арасында командалық жұмысты ұйымдастыру, бір –біріне қолдау көрсету, мұғалім әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту әдістемесі туралы ойлануға мүмкіндік алады;

Міндеті:

-Мұғалімдер Lesson Study үдерісін оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде мектептерде Lesson Studyді пайдалану үшін әріптестермен ынтымақтастық орнатады;

-Lesson Study кезінде әріптестерге қалай қолдау көрсетуге болатынын түсінеді үйренеді, мұғалім әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту тәжірибесі туралы ойлануға мүмкіндік алады;

-Lesson Study зерттеу сабақтары оқушылар қажеттілігіне сәйкес келуі мақсатында мұғалімдердің жаңа әдіс-тәсілдерін жетілдіруге, оқу сапасын арттыруға мүмкіндік алады.

Әдістеме: Оқушылардың оқуын жетілдіру және мұғалімдердің зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып пәндік әдістемені жетілдіру.

Тірек сөздер: Әдістеме (Методика) – 1) әдістер жиынтығы; 2) оқыту немесе ғылымды зерттеу әдістері туралы ілім; 3) педагогиканың жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін саласы.

Lesson study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған,

сабақтағы іс-әрекеттері зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Зерттеу бөлімі: Lesson Study әдісі арқылы мұғалімдердің тәжірибесіндегі зерттеу дағдыларын және оқушылардың оқуын қалай жақсартамын деген өзекті сұрақтарға жауап алу мақсатында алып отыр. Lesson Study педагогикалық әдістемені жетілдіруге бағытталған сабақты зерттеу әдісі арқылы мұғалімдер арасында командалық жұмысты ұйымдастыру, бір-біріне қолдау көрсету, мұғалім әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту әдістемесі туралы ойлануға мүмкіндік алады.

Зерттеу топтары топтасып, сыныптарды таңдау кезеңінде әр сыныптың әр пән бойынша деректері ортаға ұсынылды. Осы отырыста зерттеу сұрағы және нысандары анықталып, осы оқу жылына жұмыс алгоритмі құрылды.

1. Ұйымдастыру, топтастыру.

2. Зерттеу топтарының отырысы.

3. Сынып деректерін жинақтау.

4. Зерттеу сабақтарын жоспарлау, өткізу, бақылау, сабақ алды, сабақтан кейінгі талдауларды жүргізу, құжаттау жұмыстары жүргізілді.

1. Ұйымдастыру кезеңі : Бастауыш сыныптар бойынша шағын топтарды топтастыру, зерттеу сабақтарының жүргізілетін айларды нақтылау.

2. Зерттеу топтарының отырысы.

1-апта	Сынып деректеріне байланысты.
2-апта	Сынып деректерін сараптау және жоспарға өзгеріс енгізу.
3-апта	Зерттеу сабағының жоспарын сыртқы сарапшыға ұсыну, кері байланыс
4-апта	Зерттеу сабағын өткізу, сабақтан кейінгі талқылау, талдауды жүргізу.

3. Сынып деректерін жинақтау.

Сынып деректерін 1-2 аптада жинақтайды, бірлесе жоспарлау барысында деректерді қолданады.

Деректерді сауалнама, суретті сұрақтар, сұрақ-жауаптар, сұхбат т.б. үлгіде алынады.

Сандық, сапалық деректермен жұмыс жүргізеді.

4. Зерттеу сабақтарын жоспарлау.

Пәндік әдістемені жетілдіруге бағытталған Тошия Чичибудың әдістемесі негізінде жоспарлауды жүзеге асырдық.

1-апта	Мұғалімнің сабақты жоспарлауы; топтағы зерттеуші мұғалімдердің сыныппен танысу, деректер жинақтау;
2-апта	Сабақ жоспарын зерттеу тобындағы мұғалімдерге ұсыну;
3-апта	Сабақ жоспарын сыртқы сарапшыға ұсыну;
4-апта	Жоспарланған зерттеу сабағын жүргізу;

5. Зерттеу сабақтарын бақылау.

- Бақылау нысаны анықтап алынды.

- Бақылау парақтарын алдын – ала зерттеу сабағының сабақ жоспарына сәйкес даярлайды.

6. Сабақтан кейінгі талқылау.

1. Сабақтан кейінгі шағын топ ішіндегі талқылауды топ фасилитаторы басқарады. Зерттеу тобындағы бақылаушы мұғалімдер сол сабақтың барысы бойынша ұсыныстарды бере отырып, сабақты талдайды. Фасилитатор үлкен топта талдау қорытындысын айтады, сыртқы сарапшының пікірін тыңдайды.

7. Тәжірибе тарату

Қалалық серіктес мектептермен тығыз жұмыс жүргізілді. Астана қаласының №68, №33, №56 мектептерімен отырыстар болды, сыртқы эксперт ретінде зерттеу сабағына құрылған жоспарды қарастырды, серіктес мектепке барып семинар өткіздік, зерттеу сабақтарына қатысып, бірлесіп талдау жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды: Зерттеу сабақтарын жүргізу барысында зерттеу сұрақтарына бағытталған ұсыныстар беріліп, келесі сабақтарды жоспарлауда ескеріліп отырды. Зерттеу сабақтарының барысында көптеген әдіс-тәсілдер қолданылды. Тізбектелген сабақтар нәтижесінде оқушының оқуына тиімді әсер еткен әдістерді тереңірек зерттеп, әдістемелік құралдар мен бағдарламалар жазу қолға алынды.

- «Жаттығулар парағы»

- «Кілтті сөздер арқылы есеп шығару»

- «Ертегі құрастыру»

- «Мәтіндік жаттығулар»

- Lesson Study «Лэббук» шығармашылық жұмыстар және т.б

Lesson Study зерттеу топтарындағы ұстаздар әдістемесіндегі өзгерісі.

- Бірлескен іс-әрекет;

- Оқушының оқуындағы кедергісіне көңіл бөлу;

- Өз әдістемесін жақсартуға ұмтылыс;

-Зерттеу сұрағына сай әдістерді іздеу, әдебиеттермен жұмыс.

Фокус топтардағы оқушы өзгерісі:

- Өз оқуына жауаптылық;

- Түсінбеген тақырыпты сұрау, сұрақтар қою;

Зерттеу топтарындағы мұғалімдердің сапалық құрамы анықталып, алдағы уақыттарға жүйелі жоспармен жұмыс жүргізу бағыты құрылды.

Сабақты зерттеудің тиімділігі:

Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық,

адами құндылықтар қалыптасады;

Іс-тәжірибе алмасу жақсы жүреді;

Әдіс тәсілдерді таңдау, қолдану;

Ұжыммен жұмыс жасау дағдысы

қалыптасады, «мен» азайып, «бізге» ауысады;

Әдіс тәсілдерді қолдану арқылы мәселені анықтап, шешуге әрекет жасалады;



Мұғалімнің назары оқушы «қажеттілігін» өтеуге жұмыс жасалады;

Мұғалімнің ұйымдастырушылық қабілеті артады;

Оқудың сапасы артады;

Lesson Study мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Қазіргі уақытта әр бір педагог үшін өз білімдерін шыңдау, дамыту басты мақсат болып табылады. Осы орайда, NIS Педагогикалық шеберлік орталығының (Орталық) ұйымдастыруымен жыл сайынғы «Сабақты зерттеу (Lesson Study): Қазақстан мектептерінің тәжірибесі ғылыми-практикалық конференцияға зерттеу тақырыптары бойынша ұстаздар постерлік қорғалым, шебер сыныптар, секциялық жұмыстарда өз тәжірибелерімен бөлісіп, нәтижелерге жетіп отыр.







РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ



Белоусова С.Б. директор, учитель физики КГУ «Физико-математический лицей отдела образования города Костаная» УОАКО

Милушкин А.И., зам. директора по НМР, учитель истории КГУ «Физико-математический лицей отдела образования города Костаная» УОАКО

Организация работы по подготовке школьников к участию в конкурсах различного уровня остаётся наиболее актуальной и значимой, так как именно они являются одним из показателей результативности творческой работы учителя и учащихся. Сегодня, в современной школе, учителю необходимо правильно организовывать подготовку к конкурсам.

Поэтому, при организации данной работы со школьниками возникает необходимость создания образовательного маршрута.

Этот маршрут должен в себя включать:

базовую школьную подготовку по предмету;

самоподготовку (чтение научной и научно-популярной литературы, самостоятельное решение задач, поиск информации в Интернете и т.д.);

подготовку, полученную в рамках системы дополнительного образования (кружки, факультативы, курсы по выбору);

В КГУ «Физико-математический лицей отдела образования города Костаная» УОАКО реализуется проектно-исследовательская деятельность, которая позволяет учащимся развивать свое творчество, умения, навыки и расширять кругозор знаний.

Слово «проект» с латинского языка переводиться «бросающийся в глаза» или «выброшенный вперед». В современности чаще всего этот термин используется в менеджменте. Однако проектная технология очень востребована в системе образования. Здесь проект - замысел какого-либо нового объекта, который будет содержать в себе элементы новизны, актуальности, решения проблем.

В таком представлении проекта можно выделить несколько основных критериев, отличающих данное понятие от других видов деятельности:

1. комплексность мероприятий,

1. получение уникального результата,

2. ограниченность ресурсов и времени реализации.

Данное понятие описывает основные черты любого реализуемого проекта, однако определений «проекта» существует множество, по большей части они не противоречат, а дополняют друг друга.

Учебный проект для обучающегося - это возможность максимального раскрытия своего творческого потенциала. Современный закон об образовании не содержит определения понятий «проектная деятельность» и «проектное обучение», что существенно усложняет работу с ними. Ею возможно вывести через признаки проектной деятельности. По

мнению исследователей, проектная деятельность представляет собой способ организации учебного процесса, ориентированный на развитие коммуникативных компетенций учащегося, творческую самореализацию его личности, развитие интеллектуальных возможностей, волевых качеств и творческих способностей в процессе выполнения творческих проектов. которые являются средством интеграции, дифференциации и германизации образования.

Важной чертой проектной технологии является развитие личности учащихся. Формирование данного проектного мышления - одна из основных целей включения проектов в современный образовательный процесс. Образовательный проект можно является совокупностью действий, документов, текстов и т.п., которые создают творческий продукт. Благодаря которой приобретается новый опыт. Это всегда творческая деятельность, связанная с получением нового опыта.

Стоит обратить внимание на принципы реализации проектно-исследовательской деятельности (принцип саморазвития, культурной аналогии, обратной связи, пошаговости, прогностичности), благодаря которым у педагога и обучающихся формируется высокий уровень навыков и умений.

При выполнении исследовательского проекта обучающийся:

- организует работу в логике исследования;
- вносит в работу аргументы
- выявляет объект и предмет исследования;
- обозначает методы, цели и задачи работы;
- определяет гипотезу проекта;
- определяет методы исследования;
- применяет опыт и эксперимент;
- составляет выводы;

Проектная технология завершается практическим результатом. Под проектной технологией понимается способ достижения цели через детальную разработку проблемы, которая должна завершиться практическим результатом, оформленным тем или иным образом. Однако стоит обратить внимание, что для каждого уровня образования (начальное, основное среднее, общее среднее образование) характерны свои особенности. Проекты учащихся начальной школы в большей степени направлены на знакомство с проектной деятельностью, выработку таких компетенций как работа в команде, принятие ответственности за решение проблемы, навык работы с поисковыми системами, умение систематизировать и анализировать информацию, опыт оформления и презентации результатов деятельности. В процессе проектной деятельности в начальной школе дети развивают не только познавательные и творческие навыки, но и совершенствуют коммуникативные качества, учатся работать в коллективе, договариваться и уступать друг другу.

Таким образом, проектная деятельность в начальной школе является первой ступенькой для более серьезной исследовательской работы в основной школе. Рассмотрим, какими по продолжительности могут быть проекты в начальной школе. Мини - проекты реализуются на уроке. Краткосрочный проект можно реализовать на 5 уроках выделения 4-6 уроков. По количественному составу участников проекта в начальной школе могут быть индивидуальные, парные и групповые проекты.

Хотим поделиться опытом внедрения основ инженерного творчества в рамках системы образования среди школьников младших классов. Одним из наиболее интересных и перспективных направлений такой проектной деятельности является робототехника. Наиболее распространённым на данный момент является семейство конструкторов Lego, позволяющих охватить практически все возрастные группы учащихся, начиная от младших школьников и заканчивая учащимися старших классов. Данное обстоятельство является крайне важным, так как позволяет сохранить преемственность и поэтапность образовательного процесса.

В 5-7 классах проекты могут быть индивидуальными, групповыми и общеклассными. Проекты должны носить только практическую направленность.

К важным положительным факторам проектной деятельности относятся:

Мотивация

Формирование творческого взгляда

Ответственность

Взаимосотрудничество

Старшеклассники ориентированы на результат своего обучения, они наиболее высоко мотивированы на освоение определенных предметов. Потому проектная деятельность должна присутствовать и в их работе. Совместно реализуемые учебные проекты на уровне школа-вуз позволяют определиться с будущей профессией, убедиться в правильности выбранной выпускниками профессии, познакомиться с возможностями высших учебных заведений, их лабораториями.

Для реализации проектно-исследовательской деятельности, стоит придерживаться, следующих этапов:

Подготовка (Формирование групп, выдача заданий, описание текущего состояния, ситуации. Выбор темы и целей проекта; определение количества)

Планирование (Распределение обязанностей, определение времени индивидуальной работы)

Исследование (Аккумуляция всей информации, необходимая для получения продукта)

Создание проектного продукта (Создается готовый продукт, непосредственно оказывается услуга, выполняется работа)

Обобщение результатов (Создается итоговый документ, презентация, обобщаются результаты, выводы)

Презентация (Публичное выступление, защита проекта в рамках урока или перед жюри)

Оценка достижений (Мониторинг и анализ достижений)

В КГУ «Физико-математический лицей отдела образования города Костаная» УОАКО проводятся дополнительные занятия для создания проектно-исследовательской работы на основе учебной программы, которая включает в себя календарно-тематическое планирование (Приложение 1).

Для полноценной реализации проектно-исследовательской деятельности в КГУ «Физико-математический лицей отдела образования города Костаная» УОАКО ежегодно проводится Региональная научно-практическая конференция школьников «Интеллектуальный потенциал подрастающего поколения - залог успешного индустриально-инновационного развития Казахстана» имени Даулетбаева Тобыла Еслямгалиевича, в которой участвуют школы Костанайской области.

Стоит отметить, что учащиеся «Физико-математического лицея...» в ходе исследовательской деятельности обязательно акцентируют внимание на межпредметную связь, так, например,: Научная работа учащихся 11 кл. «История санитарно-эпидемиологической службы Казахстана», «Государственная поддержка малого и среднего бизнеса» и др...

Таким образом, у школьников еще больше проявляется желание к научной деятельности, так как исследование становится более масштабным.

В целом, совместная проектно – исследовательская деятельность способствует повышению конкурентоспособности выпускников и их успешной социализации в современном обществе.

Именно такой подход к организации подготовки учащихся к олимпиадам и научно-исследовательским конференциям позволяет учащимся развивать свои умения и навыки, участвовать и побеждать не только в конкурсах городского уровня, но и областного, республиканского.

Приложение 1. Образец календарно-тематического планирования для реализации проектно-исследовательской деятельности

№	Тема	Кол-во часов
1.	Введение в проектно-исследовательскую деятельность	1
2.	Проект. Классификация проектов	1
3.	Этапы реализации проекта	1
4.	Определение темы проекта.	1
5.	Определение проблемы проекта.	1
6.	Актуальность и новизна проекта.	1
7.	Определение объекта и предмета исследования.	1
8.	Гипотеза, прогнозирование.	1
9.	Формулирование цели и задач проекта.	1
10.	Составление плана работы над проектом	1
11.	Использование методов исследования. Наблюдения, эксперимент, опыт.	1
12.	Поиск информации. Источники информации.	1
13.	Работа с книгой, со справочной литературой, с электронным изданием.	1
14.	Мыслительные операции.	1
15.	Сбор материала для исследования.	1
16.	Работа в библиотеке с печатными материалами.	1
17.	Поиск информации в сети интернет	1
18.	Анализ и синтез полученной информации	1
19.	Суждения, умозаключения, выводы.	1
20.	Обучение анкетированию, социальному опросу, интервьюированию.	1
21.	Понятия опыт и эксперимент.	1
22.	Правила проведения опытов и экспериментов	1
23.	Обобщение полученных данных.	1
24.	Оформление приложений.	1
25.	Отбор и составление списка литературы по теме исследования.	1
26.	Требования к оформлению компьютерной презентации.	1
27.	Оформление презентации.	1
28.	Оформление работ, рецензирование. Содержание рецензии.	1
29.	Внесение коррективов в проект	1
30.	Содержание критериев оценки защиты проекта.	1
31.	Подготовка тезисов к предзащите проекта.	1
32.	Психологическая подготовка к предзащите	1
33.	Предзащита проектной работы	1
34.	Самоанализ. Рефлексия предзащиты проекта	1

Список использованной литературы

1. Метод проектов и его использование в образовательном процессе. Методические рекомендации. Желтова Ю.В. Ростов-на-Дону: 2015.
2. Метод проектов в отечественной и зарубежной педагогической теории и практике// Пеньковских Е.А. Вопросы образования-2010, №4.
3. Проектная и исследовательская деятельность: сравнительный анализ /Т. В. Уткина, И. С. Бегашева. - Челябинск : 2018. -60 с.
4. Проектное обучение. Практики внедрения в университетах / под ред. Е.Л. Евстратовой. Москва: Открытый университет Сколково, 2018.
5. Реализация сетевого проекта «Инженерия»: обучение школьников робототехнике. Щемелева Ю.Б., Омсласв С.Д. Наука и образование: новое время. Научно-методический журнал. 2018. №4(11). С. 116-119.
6. Яцын А. Руководство для наставников проектных команд. М-КПК, 2017.

САБАҚ БАРЫСЫНДА ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абламбаева Бибигуль Умутпековна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Астана қ.

Қазіргі таңда тіліміздің, төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, салт-дәстүр, әдет-ғұрып сияқты ұлттық құндылықтарымыздың болашағы, тағдыры жас ұрпақтың тәрбиесіне байланысты. Жас ұрпаққа ұлттық дүниетанымды сіңіру, патриот тұлға қалыптастыруда отбасына бөлек, мектептегі ұстаздар мен оқушының ортасы, қоғам жауапты десек те болады. Оқушыларды саналы азамат етіп тәрбиелеуде балабақша мен мектепалды даярлық кезеңінен бастап-ақ ұлттың өткені мен салт-санасын пән ретінде немесе ұлттық дүниетанымды қалыптастыратын қосымша ретінде енгізудің маңызы зор. Ал, мектеп қабырғасында бұл үдеріс әр педагогтың кәсіби шеберлігіне қарай сабақ барысында жүріп жатады. Кез-келген пәнде, кез-келген тақырыпты түсіндіру барысында ұстаздар қауымының оқушыға ұлттық дүниетанымды сіңіруге, ұлттың құндылықтарын дәріптеуге күш салары анық. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушыға теориялық білімді ұлттық ұғымдармен қатар түсіндіріп байланыстыруға тырысамыз. Мұндағы мақсат: сабақ барысында оқушыға үш жақты әсер ету. Біріншіден – әрине, білім беру, екіншіден – ұлттық болмысты қалыптастыра отырып тәрбиелеу болса, үшіншіден – ұлттық дүниетанымды қалыптастыру, қайта жаңғырту, таным көкжиегін кеңейту, ой-өрісін жетілдіру.

Сабақ барысында ұлттық дүниетанымды қалыптастыру үшін, алдымен ұғымды жан-жақты талдап, мән-мағынасын ұғып алуымыз қажет. К.Биекенова мен М.Садыров құрастырған «Әлеуметтанудың түсіндірмелі сөздігінде» жалпы дүниетанымға: «Дүниетанымда тұтас адамзат әлемінің үлгісі сияқты мәдениет категориялардың жүйесі көрініс тапқан» деген анықтама берген. Демек, ұлттық дүниетанымға жалпы этнос пен ұлттың табиғаты, құндылықтарын жатқызамыз.

Сабақтың жоспарына сай таңдалған тақырыптар ұлттық дүниетанымды қалыптастыратын құзыреттіліктермен өзара байланысып, қабысып кету керек. Пәнді оқытуда оқушының өмірге деген көзқарасын қалыптастырып, адамгершілікке тәрбиелеп, эстетикалық талғамдарын өсіру ұстаздың ең алдыңғы мақсаттарының бірі десек, артық айтпаймыз. Ал, ұлтқа тән түрлі салт-дәстүрлер, ырымдар мен тыйымдар сол мақсаттың негізі, мектеп қабырғасындағы тәрбиенің басы.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты халқымыздың тарихи тегі, үлкендерді құрметтеп, кішілерге ізет көрсетуге, әдепті болуға, туыстық, ұлтқа тән жүз туралы, жеті атаны біліп, тануына, елдікке, бірлікке тәрбиелеу маңызды қажеттіліктің біріне айналды. Әрине, оқушының бойына танымдық қабілеттерін қалыптастыру жан-жақты жүретін процесс. Десе де бұл мәселеде ұстаздар жан-жақты ізденіп, түрлі әдістерді қолдануда. Мәселен, қазақ тілі сабақтарында кез-келген тақырыпты түсіндіруде, мысалдар келтіруде ұлттық бояуы бар мәтіндерді пайдаланамыз. Жоғарыда атап өткеніміздей, тек білім беріп қана қоймай, балаға үш жақты әсер етуге тырысамыз. Оқушы мәтінді оқып талдау арқылы ұлттық дүниетаным, құндылықтарымен танысса, мәтінді талдау, саралау арқылы танымдық ақпарат алады. Оқушыны жалықтырмау үшін бір сарынды мәтіндер ғана емес, түрлі тақырыптағы ақпараттық мәтіндерді де пайдаланамыз. Себебі, оқу барысында оқушыны жалықтырып алмай, зейінін бір бағытқа шоғырландыру маңызды.

Оқушының бойына ұлт, ұлттық ұғымдарын қалыптастыруда әдебиет пәнінің орны ерекше. Оқушы әр қаламгермен танысып, әр шығарманы оқыған сайын халқымыздың тарихымен, салт-санасымен танысып, құнды ақпараттармен толыға берері сөзсіз. Әр кезеңнің әдебиетін, белгілі кезеңге тән шығармаларды оқып талдағанда сөзсіз таным көкжиегі кеңиді, жалпы ұлт туралы ұғым жетіледі. Халық ауыз әдебиеті үлгілері, ертегі, аңыз-әпсаналар оқушының бойына ұлттық дүниетанымның негізін қалыптастырса, жыраулардың поэзиясы, зар-заман ақындарының шығармалары арқылы бекиді, әр жылдағы әдебиет өкілдерінің шығармашылығы арқылы шегеленері сөзсіз.

Әр кезеңнің, әр қаламгердің, әр көркем шығарманың ұлттық құндылықтарды танытуда еңбегі зор, берері мол. Оқушы бұл білімді алу, танымын дамыту арқылы бір емес, бірнеше тұрғыда қалыптасады. Сабақ барысында жоғарыда атап көрсеткен халық ауыз әдебиетінің үлгілерін оқыту, түсіндіру оқушының бойына ұлттық танымның баспалдағын қалыптастырумен тең. Мысалы, ертегілерді немесе аңыздарды балалармен бірге оқып, астарлы ойды бірге тауып талдау арқылы жақсы мен жаманды айыруға баулимыз. Оқушылардың бойына сәби кезінен бастап-ақ дүниетанымның ең маңызды адамдық сапалары саналатын – адамгершілік, әдептілік, мейірбандылық, шыншылдық және басқа асыл қасиеттерді қалыптастыра аламыз.

Оқушының жас ерекшелігіне сай жеңіл мәтіндерді игергеннен кейін күрделірек тыйым сөздер сынды үлгілермен жалғастырамыз. Халықтың ежелгі танымында туған жер, қасиетті топырақ, атамекен, табиғат ана, жан-жануарлар туралы түсініктері, ырымдар мен тыйым сөздерден ерекше көрініс береді. Күнделікті тұрмыста туындап, ғасырлар бойы сақталып, атадан балаға жалғасып келген тыйым сөздер мен ырым-сенімдер де ауыз әдебиетінің үлгісі оқу барысында оңтайлы пайдаланылуы керек.

Жас ұрпақтың бойына ұлтқа тән мінез бен дүниетанымды қалыптастыруда мақалдар мен мәтелдер, тыйым сөздер халқымыздың айнала қоршаған ортамен, табиғатпен, өзара қарым – қатынасы туралы түйген ойларынан оқушыларға жер мен судың, қадірін біліп, табиғат анаға қамқорлық танынып, әр тіршілік иесіне рахымшылдық етуге, обал, сауап дегенді сезінуге тәрбиелеу қажет. Оқу үдерісінде әдет-ғұрыптардан мысал келтіру, оқушыларды ұлттық салт-дәстүрлердің тарихи даму ерекшеліктерімен таныстыру, олардың сана-сезімін, дүниетанымдық шеңберін өрістетуді жүзеге асыруда үлкен көмегін тигізеді.

Сонымен қатар, ауыз әдебиет үлгілерін немесе көркем шығарманы оқу, талдау арқылы ұлтының әр тарихи кезеңдегі сипатын білу адамның өзін өзі тануына алып келеді. Ұлтты тану дегеніміз алдымен адам өзін тану, шыққан тегін, салт-санасын, тарихын білу, ұлтының өткені мен болашағын таразылау. Ал, өзін таныған, ұлтын таныған, тарихын, тегін білген оқушының саналы азамат болып қалыптасары сөзсіз.

Көркем шығармадағы әр қаламгердің жеткізер ойынан оқушы өзін танып, тұлғалық жағынан қалыптаса береді. Отанды сүюді, ел мен жердің қадіріне жетуді түсінеді. Атан-ананы құрметтеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, таным мен білімді, өнерді қатар ұштастырып сіңіруге дағдыланады. Әр кейіпкердің, әр тұлғаның болмысынан өзін танып, өзінің жақсы қабілеттерін дамыта түседі. Әсіресе, мектеп оқулықтарына енген шығармалардан балаларда патриоттық сезім мен өзіне деген сенім қалыптасады деп сенемін. Себебі, әдебиет білім мен өнердің, тәрбиенің ұштасып, байланыстырған орта. Бұл ортада оқушыларға жол сілтеп, ізгілікке бағыттау мұғалімнің міндеті.

Демек, мектеп қабырғасында ұлттық дүниетанымды ауыз әдебиетінің үлгілері арқылы сабақ барысында пайдаланудың: жас ұрпақты тәрбиелеуде, оқушының бойына әдептілікті сіңіруде, төрт түлік малды тану, ұмыт болған қазақы ұзындық өлшемдері білу сынды таным көкжиегін кеңейтуде маңызы зор. Ал, көркем шығармаларды оқу, талдау, идеяны табу ұлттық құндылықтарды, ел мен жерге деген махаббатты қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Сондықтан ұлттық дүниетанымымызда, тарихымызда атадан балаға жалғасып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан салт-дәстүр, халықтың санамызды кеңінен дәріптеп, оқу барысында пайдаланып, тәрбие ісіне енгізудің маңызы зор.

Бүгінгі таңда заман талабына сай, оқушыға өзін-өзі танып, өзіне баға беруіне, өзінің мүмкіндіктерін ашып көрсетуіне мүмкіндіктер көп. Ұстаздар да мейілінше сол мүмкіндіктерді өз уақытында байқап, оқушының жас ерекшелігіне қарай түсіндіріп, ары қарай жетілуіне бағыттап жатады. Мұғалім сабақ барысында әр оқушымен тікелей байланыс жасағандықтан, бұл жұмыс үздіксіз жалғасып отырады.

Келешек ұрпақтың тәрбиесінде ежелден келе қалыптасқан әдістердің бірі балаға ақыл-өсиет айту. Мұндай құнды өсиеттерді жылы сөз арқылы баланың ізгілікке сендіре отырып, азаматтығын арттыру. Ақыл-өсиет, ырым мен тыйым сөздер баланың санасына кіріп, ой қалауына қажетті жағдай туғызады. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында бұл әдіс әсіресе қажет. Компьютерлік технология қанша қарыштап дамыса да адам баласынан рухани азық бола алмайды. Әр халықтың рухани азығының бұлағы, көзі

халық педагогикасында, ұлттық дүниетанымы мен салт-дәстүрлерінде жатыр.

Адам баласының «алтын бесігі», екінші ұясы – мектеп есігін ашқан оқушы жаңа ортада адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын үйренеді. Әдеп, иман, қонақжайлылық құндылықтармен танысады. Отбасынан бастау алып, мектепте қалыптасқан халқымызға тән төл қасиеттерді бойына сіңіреді. Әр пәннен алған білім, әр мұғалімнің берген тәрбиесінен жас ұрпақтың ақыл-парасатының қалыптасуындағы алғашқы баспалдақ басталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ – КЛЮЧ К УСПЕХУ В ЖИЗНИ



Карбаева Ботагөз Абылкасымовна
Заместитель директора по учебной работе
ГКП на ПХВ «Школа-гимназия №91» акимата
города Астаны, учитель начальных классов,
педагог-мастер

Функциональная грамотность является ключевым аспектом образования, обеспечивающим обучающимся навыками для участия в общественной жизни и решения проблем. В этом исследовании рассматривается функциональная грамотность учащихся начальных классов с казахским языком обучения в течение трех лет с особым акцентом на предмет литературы.

Виноградова Н.Ф. писала: «Функциональная грамотность сегодня – это базовое образование личности, ...Ребенок ...должен обладать: готовностью успешно взаимодействовать с изменяющимся окружающим миром...; возможностью решать различные (в том числе нестандартные) учебные и жизненные задачи...; способностью строить социальные отношения...; совокупностью рефлексивных умений, обеспечивающих оценку своей грамотности, стремление к дальнейшему образованию...» [1] Функциональная грамотность, охватывающая не только способность читать и писать, но и применять знания для решения реальных проблем, является жизненно важным навыком в современном обществе. Это основа, на которой строится успешная и полноценная жизнь.

По уже исследованным данным известно, что функционально грамотный человек способен:

- понимать и интерпретировать тексты различных видов;
- анализировать, синтезировать и оценивать информацию;
- эффективно общаться в письменной и устной форме;
- применять знания и навыки для решения проблем;
- адаптироваться к новым ситуациям и непрерывно учиться.

Функциональная грамотность позволяет нам:

- участвовать в общественной жизни и принимать обоснованные решения;
- успешно справляться с требованиями рынка труда;
- понимать и ценить окружающий мир;
- быть пожизненными учащимися и постоянно расширять свой кругозор.

В постоянно меняющемся мире функциональная грамотность - это не роскошь, а необходимость. Она является ключом к успеху в учебе, работе, личной жизни и

общественной деятельности. Инвестиции в развитие функциональной грамотности - это инвестиции в будущее наших детей и общества в целом. Для успешного формирования функциональной грамотности учащихся школы-гимназии №91 на уроках было проведено исследование.

Методология

Исследование проводилось в течение трех лет в классе с казахским языком обучения, в нынешнем 3 «А» классе. В первый год класс выступал в качестве экспериментальной группы, во второй год - контрольной группой, а в текущем учебном году - результативной группой. В экспериментальной группе применялись экспериментальные методы работы с первого класса, направленные на развитие функциональной грамотности.

Методы работы

Формирование функциональной грамотности у ребенка начальных классов на уроке литературы происходит через различные виды деятельности и методические приемы.

В экспериментальной группе были проведены следующие методы работы:

- интеграция навыков чтения, письма и устной речи в уроки литературы;
- использование аутентичных текстов и ролевых игр для развития коммуникативных и интерпретационных навыков;
- развитие стратегий критического мышления посредством обсуждений и анализа текстов;
- применение проектных заданий, связывающих содержание уроков с реальной жизнью.

Исследовательская часть



1. Чтение и понимание текстов:

Для исследования восприятия и развития способности интерпретировать учащимися каждую неделю учащимся давались различные тексты:

1) в виде связного текста [2]

2) комиксов

3) несплошного текста



В I-ую неделю детям предлагались прочесть художественные тексты, во II-ую неделю - научно-популярные, III-ью неделю – информационные, в IV-ую неделю – учебные. На каждом уроке обучаемые работали над пониманием их содержания, основной идеи и деталей.

Для закрепления учитель использует вопросы, обсуждения и творческие задания, чтобы проверить понимание и побудить учащихся к более глубокому анализу.

2. Развитие словарного запаса:

- Учитель вводит новые слова и понятия, объясняет их значение и показывает их использование в контексте.
- Учащиеся составляют словари, проводят словарные игры и упражнения на обогащение словарного запаса.

3. Развитие навыков говорения и письма:

- Учащиеся участвуют в устных обсуждениях, пересказывают тексты, составляют диалоги и монологи.
- Учитель дает задания на письменное изложение своих мыслей, написание

сочинений, эссе и других творческих работ.

4. Развитие критического мышления:

- Учитель задает открытые вопросы, поощряет учащихся высказывать свое мнение и обосновывать его.

- Учащиеся анализируют персонажей, события и конфликты в литературных произведениях, учатся делать выводы и формировать собственные суждения.

5. Развитие навыков решения проблем:

- Учитель использует проблемные ситуации и задания, связанные с изучаемыми текстами.

- Учащиеся учатся применять свои знания и навыки для решения проблем, принятия решений и выработки творческих идей.

6. Связь с реальной жизнью:

- Учитель связывает содержание уроков с жизненным опытом учащихся, показывая практическую значимость функциональной грамотности.

- Учащиеся проводят исследования, участвуют в проектах и презентациях, которые требуют применения навыков чтения, письма и критического мышления.

Регулярная и целенаправленная работа над этими аспектами на уроках литературы способствует формированию у учащихся функциональной грамотности, которая является основой для их дальнейшего обучения и успешной жизни в современном обществе.

Результаты исследования

Результаты исследования показали значительный прогресс в уровне функциональной грамотности учащихся экспериментальной группы по сравнению с контрольной группой.

В частности, улучшение наблюдалось в следующих областях:

- улучшение навыков понимания прочитанного и интерпретации текстов;
- повышение способности анализировать, синтезировать и оценивать информацию;
- укрепление коммуникативных навыков, как письменных, так и устных;
- Развитие стратегий обучения и саморегуляции;
- Повышение качества знания по литературе:

Учебный год	Качество знаний по литературе	Грамотность чтения	Функциональная грамотность
2021-2022	82%	Умеют пересказывать	Умеют работать в команде, делиться информацией, заботиться друг о друге.
2022-2023	98%	Умеют интерпретировать по-своему	Умеют находить и отбирать необходимую информацию из книг, справочников, энциклопедий и др. печатных текстов, отвечать на вопросы.

2023-2024 (3 четверть)	96,39%	Пишут эссе по изученному материалу	Умеют создавать тексты, располагать к себе людей, приспосабливаться к новым условиям, креативно мыслить.
---------------------------	--------	------------------------------------	--

Значимость результатов

Результаты этого исследования подтверждают важность интеграции подходов, ориентированных на развитие функциональной грамотности, в преподавание казахской литературы в начальных классах. Экспериментальные методы работы способствовали формированию у учащихся необходимых навыков для успешного обучения, работы и личной жизни.

Выводы

Это исследование демонстрирует, что систематическое применение методов, направленных на развитие функциональной грамотности, может значительно повысить качество знаний и подготовить учащихся к решению жизненных задач. Алексей Алексеевич Леонтьев лингвист, психолог, доктор психологических и филологических наук пришел к следующему выводу по функциональной грамотности: «Функциональная грамотность - это способность человек использовать приобретаемые в течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений» [3]. Поэтому включение функциональной грамотности в программы начальных классов должно быть приоритетом системы образования Казахстана, чтобы подготовить молодое поколение к участию в изменяющемся мире.

Перечень использованных источников:

1. Н.Ф.Виноградова, Е.Э. Кочурова. «Функциональная грамотность младшего школьника»/2022г., 227, стр.277.
2. М.Қ Солтангазина., Ф.С Лекерова «Қазақ тілі», Алматыкітап 2014 год.
3. А.А.Леонтьев «Педагогика здравого смысла»/ Москва, 2016г.



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОҰЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Г.К.Берекетова
І.Есенберлин атындағы №67 гимназия,
Астана қаласы

Аннотация

Мақалада оқушылардың сауаттылығын қалыптастыруда қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде қолданылатын тиімді инновациялық әдістер қарастырылады. Интерактивті сабақтар оқушыларға оқуға белсенді қатысуға, сұрақтар қоюға, материалдарды талқылауға және өзіндік көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді. АКТ оқушыларға алған білімдерін практикада қолдануға, шығармашылық ойлауын дамытуға және топта жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Олай болса, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде тиімді инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың сауаттылығын қалыптастыруға, тілдік қана емес, шығармашылық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді. Мақаланы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстаздарына көмекші әдістемелік құрал ретінде қолдануға болады.

Аннотация

В статье рассмотрены эффективные инновационные методы, используемые в процессе обучения казахскому языку и литературе при формировании грамотности учащихся. Интерактивные уроки позволяют учащимся активно участвовать в обучении, задавать вопросы, обсуждать материал и развивать свои собственные точки зрения. ИКТ позволяют студентам применять полученные знания на практике, развивать творческое мышление и работать в группе. Если да, то использование эффективных инновационных методов в процессе обучения казахскому языку и литературе способствует формированию грамотности учащихся, развитию не только языковых, но и творческих и коммуникативных компетенций. Статья может быть использована как методическое пособие для учителей казахского языка и литературы.

Ключевые слова: ИКТ, инновация, технология, ученики, интернет, интерактивная доска

Кілт сөздер: АКТ, инновация, технология, оқушылар, интернет, интерактивті тақта

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні халықтың тіл мен әдеби шығармашылықта көрініс тапқан рухани мәдениетін зерттейтін біртұтас жүйе ретінде оқушыларға жалпы филологиялық білім берудің негізін қалайды. Оқытудың мақсаты – тілдік сипаттамалық функционалдық жүйесін, тіл жүйесінің құралдарын пайдалану нормаларын, сөздік қорын, синтаксистік құрылымын байыту негізінде тілдік, сөйлеу, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы шығармашылық белсенді тілдік тұлғаны тәрбиелеу, сөйлеу, біртұтас сөйлем құру заңдылықтарын меңгеру, жалпы қарым-қатынас мәдениеті, сөйлеу және тілді шығармашылықпен қолдану механизмдерін жетілдіру. Бұл мақсат қоғамның өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігі үшін функционалдық сауаттылығын арттыру қажеттілігімен айқындалады.

Қазіргі білім берудің мақсаты – Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дайындау. Қазіргі білім берудің міндеттері – қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, адам құқықтары мен бостандықтарын

құрметтеу, табысты және нәтижелі іс-әрекетке дайын құзыретті, белсенді, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Оқытудың белсенді әдістері мен формалары» термині педагогикалық тәжірибеде бұрыннан қолданылып келеді. Ол оқушылардың оқу іс-әрекетінде белсенділіктің жоғары деңгейіне жететін педагогикалық технологиялар тобын біріктіреді.

Қазіргі білім беру ғылымы оқу-тәрбие процесінде ең маңыздысы – әрбір оқушының жеке тұлғасын және оның белсенділігін дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық технологияларды жасау қажеттілігі туындады. Оқушы өз жұмысының жаңа нәтижелерін алуға және кейін оларды практикалық іс-әрекетте сәтті қолдануға ұмтылатындай оқу жағдайларын жасау керек.

Бүгін біз оқушыларымызды не күтіп тұрғаны туралы ойланбасқа болмайды. Болашақ олардан тек таңдаған мамандығы бойынша ғана емес, заманауи технологиялар саласында да мол білім беруді талап ететіні белгілі. Бүгінгі таңда ұсыныстардың көпшілігі компьютерлік білімнің минималды болуын талап етеді, сондықтан мамандарды дайындау кезінде заманауи ақпараттық технологиялар біздің өмірімізге барған сайын тереңдеп еніп жатқанын ескеру өте маңызды. [1.1366]

Қазақ тілі объективті түрде қиын пәндердің бірі болып табылады және көптеген оқушыларға қиындық тудырады. Сонымен қатар, әр топта осы пән бойынша қабілеттері белгілі оқушылар саны бар. Мұғалімнің алдында оқытуды ұйымдастырудың икемді формаларын табу міндеті тұр.

Жұмысымда ойын технологиялары, топтық технологиялар, сын тұрғысынан ойлау технологиялары, компьютерлік технологиялар, оқушыға бағытталған технологиялар сияқты педагогикалық технологияларды жиі қолданамын.

Компьютер – оқу үрдісіндегі маңызды және жаңа құралдардың бірі. Оны пайдалану жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуына ықпал етті. Компьютерлік технологиялар қазақ тілін оқытудың негізгі әдістерін: көрсету, түсіндіру, түзету, білімді бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабағында компьютерді пайдалану:

- 1) оқытылатын тіл құбылыстарын визуалды түрде меңгертуте
- 2) оқытылатын тілде сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі
- 3) білімді бақылау, дағдының қалыптасуының белгілі бір дәрежесі.

Интерактивті тақтаны пайдаланып оқыту дәстүрлі оқыту әдістерінен айтарлықтай ерекшеленеді, дегенмен сәтті сабақтың негіздері бірдей. Ең алдымен кез келген сабақтың, соның ішінде интерактивті технологияларды пайдаланатын сабақтардың нақты жоспары мен құрылымы болуы және белгілі бір мақсат пен нәтижеге жетуі қажет. Мұның бәрі оқушыларға материалды жақсы түсінуге және оны бұрыннан білетінімен байланыстыруға көмектеседі.

Мұғалім мен оқушының интерактивті шығармашылығы шексіз. Мысалы, «Менің сүйікті жазушым» тақырыбына сабақ дайындау барысында оқушылар тақырып бойынша материалды тыңғылықты жинап, мәтіндерді таңдап, саралап, презентация жасайды. Мұндай қойылымдар кезінде дикцияға, қазақ дыбыстарын дұрыс айтуға, шығармашылыққа, сынып алдында сөйлей білуге жаттығады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ-ны қолдану әр түрлі көрнекі-ақпараттық материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар интернеттен материалды өздері тауып, презентация жасайды, осылайша АКТ оқушылардың дербестігін, сабаққа қажетті материалды табу, таңдау және реттеу қабілеттерін дамытады. Қазақ тілін заманауи оқыту – оқытуда заманауи, интерактивті әдістер мен технологияларды белсенді қолдану. Әрине, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін талқылауда ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігі, оның оқыту әдістемесі мен қолданатын педагогикалық технологиялары, түптеп келгенде оқушылардың оқуға, пәнге, тақырыпқа деген ынтасын арттырады.

Ана тілінде сауатты сөйлеуді өнімді меңгеру деңгейін арттырудың бір жолы – қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны пайдалану. Мультимедиялық құралдар оқушылардың коммуникативті дағдылары мен тілдік дағдыларын қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Олар оқу әрекетінің репродуктивті

формаларынан өз бетінше шығармашылық жұмыс түрлеріне көшуге мүмкіндік береді, оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыруға және ақпараттың әртүрлі түрлерімен және оның көздерімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға баса назар аударады. Жаңа технологиялар ауызша сөйлеуді қабылдауды тез және тиімді меңгеруге, дұрыс дыбыстауды және еркін сөйлеуге үйретуге көмектеседі. Интерактивті бағдарламалар мен ойындар нақты қарым-қатынас жағдайларын жасауға, психологиялық кедергілерді жоюға және пәнге деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі.

Мұғалімдердің қазақ тілі сабағында қолданатын ақпараттық компьютерлік технологиялары:

Интернет ресурстары. Интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері орасан зор. Ғаламдық интернет желілері оқушылар мен мұғалімдерге әлемнің кез келген нүктесінде орналасқан кез келген ақпаратты алуға жағдай жасайды

PowerPoint арқылы әзірленген компьютерлік лекция – экранда немесе мониторда көрсетілген ақпараттық объектілердің тақырыптық және логикалық байланысқан тізбегі. Дәріс барысында әртүрлі ақпараттық объектілер қолданылады: суреттер (слайдтар), дыбыс және бейне фрагменттері. Слайдтармен, суреттермен және басқа демонстрациялық материалдармен жұмыс істеудің тиімділігі, егер оларды диаграммалар мен кестелермен толықтырса, әлдеқайда жоғары болады. Мұндай сабақтардан кейін оқытылатын материал оқушылардың жадында жарқын бейне ретінде сақталады және мұғалімге оқушының танымдық белсенділігін ынталандыруға көмектеседі. Көбінесе сабақтар үй тапсырмасын сұрау да, жаңа материалды түсіндіру де болатын аралас типті болады

Электрондық оқулықтар. Электрондық оқулықтардың артықшылықтары: біріншіден, олардың ұтымдылығы, екіншіден, компьютерлік желілердің дамуымен байланыстың қолжетімділігі, үшіншіден, қазіргі ғылыми білімнің даму деңгейіне сәйкестігі. Екінші жағынан, электронды оқулықтарды жасау ақпараттық материалды үнемі жаңартып отыру сияқты мәселені шешуге де көмектеседі. Олар сонымен қатар көптеген жаттығулар мен мысалдарды қамтуы және динамикадағы ақпараттың әртүрлі түрлерін егжей-тегжейлі көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, электронды оқулықтардың көмегімен білімді бақылау – компьютерлік тестілеу жүргізіледі. Қазақ тілі оқу пәні ретінде оқушылардың мәдени және тұлғалық дамуына жағдай жасауда зор мүмкіндіктерге ие. Қазақ тілін оқыту саласындағы қоғамның әлеуметтік тапсырысы оқушының жеке тұлғасын дамыту, білім берудің гуманистік мазмұнын күшейту, пәннің тұлғалық ерекшелігіне байланысты тәрбиелік, тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін неғұрлым толық іске асыру міндеттерін алға қояды.

Демек, қазіргі білім беру даму кезеңінде қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – оқытылатын тілдегі мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысуға және шет тілінде сөйлеу әрекетін өз бетінше жетілдіруге қабілетті және дайын оқушы тұлғасы болуы кездейсоқ емес. [2.2106]

Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативті дағдылары қалыптасады, оны кейін практикалық қызметте қолдана алады. Оқушылардың сөйлеу әрекетін дамыту жаңа технологияларды қолдануды қажет етеді. Сондықтан мемлекеттік тілді инновациялық технологиялар негізінде оқытудың тиімді жолдарын іздестіру қажет. Жаңа технология – бұл оқушылардың білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға арналған әдістемелік жүйе.

Оқушылардың даралығын дамытатын және олардың өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі көрсетуіне барлық қажетті жағдайларды жасайтын компоненттер маңызды болады. Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ең маңызды дидактикалық принцип – көрнекілік принципін жүзеге асырады. АКТ арқылы ұсынылатын объектілер анағұрлым ақпаратты, түрлі-түсті және процестерді көп қырлы түрде қарауға мүмкіндік береді, ал білімнің шынайы өмірге жақындығы бұл білімді неғұрлым түсінікті етеді.

Оқу үрдісінде АКТ-ның жиі қолданылатын элементтері:

компьютер мен мультимедиялық проекторды қолдану арқылы көрсетілген электронды оқулықтар мен оқу құралдары;

интерактивті тақта;

электронды энциклопедиялар мен анықтамалықтар;

тестілеу бағдарламалары;

Интернеттегі білім беру ресурстары;
картиналары мен иллюстрациялары бар DVD және CD дискілері;
бейне және аудио жабдықтар;
интерактивті карталар;
интерактивті конференциялар мен конкурстар;
қашықтықтан оқытуға арналған материалдар; ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобалары;

қашықтан оқу.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ-ны қолдану әртүрлі иллюстрациялық және ақпараттық материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді. [3.796]

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың сауаттылығын қалыптастыруда оқыту үдерісінде қолданылатын тиімді инновациялық әдіс-тәсілдер – ол ақпараттық коммуникативтік технологиялар екенін айтқым келеді. Сол себептен әрбір ұстаз компьютерлік қолдауды өнімді, өзекті және қызықты етіп пайдалануды үйрену қажет.

Қазақ тілі сабағында АКТ-ны қолдануда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта қолданатын мұғалімдерге бірқатар ұсыныстарды анықтадым:

Мұғалім сабақтың осы кезеңінде АКТ-ның қандай формаларын қолдану керектігін нақты түсінуі керек;

Белгілі бір критерийлерді басшылыққа ала отырып, АКТ-ны пайдаланып, сабаққа материалды алдын ала таңдап алу, таңдалған сандық материалды оқу мақсаттары мен оқу шарттарына сәйкес бейімдеу қажет;

Мұғалім АКТ-ны пайдалана отырып, пән бойынша оқушылардың өзіндік жұмысын жоспарлап, ұйымдастыруы керек;

Мұғалім сабақты АКТ құралдарымен шамадан тыс жүктеу жұмыс уақытының ұтымсыз бөлінуіне, оқушының белсенділігінің төмендеуіне және жалпы оқу тиімділігінің төмендеуіне әкелетінін есте ұстауы керек.

Әрбір ұстаз кәзіргі таңда заманауи, білімді көшбасшы бола білуі қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Технологиялық тәсіл негізінде педагогикалық жүйені жаңғыртудың өзекті мәселелері. Алматы: Жазушы, 2005. 136 б. 1

2. Құнанбаева С.С. Қазіргі шет тілін оқыту: әдістемесі мен теориясы. Алматы, 2005. 210 б. 2.

3. Нурманова А.М АКТ-ны сабақта қолдану қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында білім сапасын арттырудың маңызды факторы // Қазіргі педагогиканың өзекті мәселелері: VIII халықаралық материалдары. ғылыми конф. (Самара, наурыз 2016 ж.). — 79 б. 3.

«ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАР ШЕКСІЗ ӘЛЕМДЕ» АТТЫ КИНОФЕСТИВАЛЬДІҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Алматы қаласы Білім басқармасының «№7 Оқушылар үйі» МКҚК
директоры Г.К.Избасарова

Алматы қаласы Білім басқармасының «№7 Оқушылар үйі» МКҚК ұйымдастыруымен, мемлекеттік тапсырыс бойынша Алматы қаласы 13-17 жасар мектеп оқушылары және қосымша білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері арасында «Қазақстан балалар шексіз әлемде» атты VIII республикалық балалар кинофестивалінің қалалық кезеңі өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын іс-шара Т. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының ғимаратында екі жақты меморандум аясындағы ұйымдастырылады. Байқаудың мақсаты: үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру. Байқауда «Ойынды кино», «STOP-MOTION-видео», «Үздік әлеуметтік жарнама», «Үздік бейнеклип», «Телевизиялық сюжет», «Балаларға арналған ең жақсы телебағдарлама», «Үздік ғылыми-көркем» номинациялары бойынша 64 кино өнім көрсетілді.

Қалалық кинофестивальге қонақ ретінде телевизия актерлері Мырза Махамбет Айқынұлы, Мақажан Мерей Тимурқызы шақырылды. Іс-шараның салтанатты ашылуында Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы – Бакеева Мадина Кайратжанқызы құттықтау сөз сөйледі.

1. Қалалық кинофестивалінің әділқазылар алқасының тұрақты төрағасы «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының оқытушысы, өнертану магистрі - Исаев Олжас Мархабаевич;

Мүшелері:

2. «Дыбыс режиссурасы және операторлық өнер» кафедрасының оқытушысы, өнертану магистрі - Байтанаев Алибек Серикович;

3. «Дыбыс режиссурасы және операторлық өнер» кафедрасының оқытушысы - Әміржанов Қазбек Жакыпович;

4. «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы – Бакеева Мадина Кайратжановна;

5. «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі – Ахметжанова Айнура Муратовна.

Байқаудың нәтижесі:

«Ойынды кино» номинациясының I дәрежелі дипломымен- Step Clap Леонид Конченко «Настоящий нуар» атты туындысы;

«Ойынды кино» номинациясының II дәрежелі дипломымен - №105 гимназия Шукирбекова Медина Асқарқызы «Дерзай» атты туындысы;

«Ойынды кино» номинациясының III дәрежелі дипломымен - ИП «Art skill» Нурмухамедова Шехризат «Робот» кино туындысы;

«STOP-MOTION» номинациясының I дәрежелі дипломымен– «Step Clap» өнер мектебі Сергей Дубовик «Лебедь» кино туындысы;

«STOP-MOTION» номинациясының II дәрежелі дипломымен – №50 жбб мектеп Коваленко Кира «Нобелевская премия» кино туындысы;

«STOP-MOTION» номинациясының III дәрежелі дипломымен – Step Clap Дамиля Сарсенбекова «Любовь, жеребенок и Локи» кино туындысы;

«Үздік әлеуметтік жарнама» номинациясының I дәрежелі дипломымен– №20 мектептен Рахимбаев Алишер «Выбор за тобой» кино туындысы;

«Үздік әлеуметтік жарнама» номинациясының II дәрежелі дипломымен - №110 мектептен Ғазиз Альфия Әділбекқызы «Біз экостиліндегі өмірді қалаймыз» кино

туындысы;

«Үздік әлеуметтік жарнама» номинациясының III дәрежелі дипломымен - №69 мектептен Қуан Арнұр Есетұлы «Табиғатты аялайық» кино туындысы;

«Үздік бейнеклип» номинациясының I дәрежелі дипломымен-№50 мектептен Булатович Лилиана «Кукловод» кино туындысы;

«Үздік бейнеклип» номинациясының II дәрежелі дипломымен – №198 мектептен Бекболат Амина Алмасқызы «Қазақстан» кино туындысы;

«Үздік бейнеклип» номинациясының III дәрежелі дипломымен - №60 мектептен Бакбергенов Алишер Даниярович кино туындысы;

«Телевизиялық сюжет» номинациясының I дәрежелі дипломымен - № 50 мектептен Пак Константин «Турксибского района» кино туындысы;

«Телевизиялық сюжет» номинациясының II дәрежелі дипломымен -Step Clap Тимофей Евдокименко «Инклюзия» кино туындысы;

«Телевизиялық сюжет» номинациясының II дәрежелі дипломымен – №85 мектептен Коивко Виктория «Тур по Турксибском у району» кино туындысы;

«Үздік ғылыми-көркем фильм» номинациясының I дәрежелі дипломымен - №38 гимназиядан Пятай Юлия «Образование глазами» кино туындысы;

«Үздік ғылыми-көркем фильм» номинациясының II дәрежелі дипломымен - №165 лицейден Визиров Данил «Роль фундаментальных наук в устойчивом развитии г.Алматы» кино туындысы;

«Үздік ғылыми-көркем фильм» номинациясының III дәрежелі дипломымен – №50 мектептен Дудкин Тимур Анатольевич «Вторая личность» кино туындысы;

«Балаларға арналған ең жақсы телебағдарлама» номинациясының I дәрежелі дипломымен – №199 гимназиядан Вдовенко Валерия «Палочка выручалочка при землятресении» кино туындысы;

«Балаларға арналған ең жақсы телебағдарлама» номинациясының II дәрежелі дипломымен – №110 гимназиядан Ержанқызы Аяулым «Ғажайып естеліктер» кино туындысы;

«Балаларға арналған ең жақсы телебағдарлама» номинациясының II дәрежелі дипломымен – №50 мектептен Зенг Дарья «ТВ-ФУ» кино туындысы;

Барлық қатысушылар Алматы қаласы Білім басқармасының мақтау қағаздарымен марапатталды. Қалалық кинофестивальдің республикалық кезеңіне әр номинация бойынша жолдама алған 8 жеңімпаз фильмдер арнайы дипломдармен және «Камера» бағалы сыйлығымен марапатталды.







БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТРЕНДТЕРІ



**Түркістан облысы Шардара ауданы «Ұзын ата» жалпы білім беретін мектеп КММ-нің құқық пәні мұғалімі
Егембердиев Куаныш Архарбекович**

**Түркістан облысы Шардара ауданы «Ұзын ата» жалпы білім беретін мектеп КММ-нің биология пәні мұғалімі
Танжарова Баияш Нурадullaевна**

Білім берудегі заманауи тенденцияларға оқытудың интерактивті әдістері, мультимедиялық технологияларды біріктіру, сыни ойлауды дамыту, оқытуды даралау және мәдени әртүрлілікті есепке алу кіреді. Бұл тәсілдер білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, аналитикалық ойлауын және тілдік білімді практикада қолдану қабілетін дамыта отырып, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Түйінді сөздер: интерактивті әдістер, мультимедиа, сыни ойлау, даралау, мәдени әртүрлілік, функционалдық сауаттылық.

Современные тенденции в образовании включают интерактивные методы обучения, интеграцию мультимедийных технологий, развитие критического мышления, индивидуализацию обучения и учет культурного разнообразия. Эти подходы способствуют формированию функциональной грамотности у обучающихся, развивая их коммуникативные навыки, аналитическое мышление и способность применять языковые знания на практике.

Ключевые слова: Интерактивные методы, мультимедиа, критическое мышление, индивидуализация, культурное разнообразие, функциональная грамотность.

Current trends in education include interactive teaching methods, the integration of multimedia technologies, the development of critical thinking, individualization of learning and consideration of cultural diversity. These approaches contribute to the formation of functional literacy among students, developing their communication skills, analytical thinking and the ability to apply language knowledge in practice.

Keywords: Interactive methods, multimedia, critical thinking, individualization, cultural diversity, functional literacy.

Кіріспе

«Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде оқытудағы заманауи білім беру трендтері» тақырыбының өзектілігі білім беру жүйесінен жаңа жағдайларға тиімді бейімделуді талап ететін технологиялар мен әлеуметтік-мәдени өзгерістердің жылдам дамуына байланысты. Қазіргі әлемде функционалдық сауаттылық, тілдік білімді практикада қолдану қабілеті тұлғаның табысты әлеуметтік және кәсіби бейімделуінде шешуші рөл атқарады. Осылайша, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру контекстіндегі қазіргі білім беру үрдістерін зерттеу

оқытушылар мен білім беру бағдарламаларын әзірлеушілердің практикалық жұмысы үшін өзекті және маңызды болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты - оқытудың қазіргі тенденцияларын талдау, олардың білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға әсерін зерттеу. Міндеттерге отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу, негізгі әдістер мен тәсілдерді талдау және оқытушыларға арналған практикалық ұсыныстарды анықтау кіреді.

Әдебиеттерге шолу ТМД елдерінің, соның ішінде Қазақстан мен Ресейдің көрнекті ғалымдарының тақырыпты зерттеудің әртүрлі тәсілдерін ұсынатын еңбектерін қамтиды: Шабанова Н.А. (Ресей) - өз зерттеулерінде білім берудегі қазіргі тенденциялар негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Ж. С. Жұмашова (Қазақстан) - қазіргі білім беру жағдайында студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастырудағы оқытудың интерактивті әдістерінің рөлін зерттейді. Алиева Г. А. (Әзірбайжан) - мультимедиялық технологиялардың интеграциясының оқу процесіне және оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға әсерін талдайды. Қуанышев Б. А. (Қазақстан) - өз зерттеулерін білім беру процесін дараландыру және оның студенттердің тілдік дағдыларын дамытуға әсері мәселелеріне арнайды. Иванова Е. Н. (Ресей) - оқытудың мәдени аспектілерін және олардың білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға әсерін зерттейді.

Бұл авторлар әдебиетке шолуды байытатын және оқытудағы заманауи тенденциялар мен олардың оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы рөлі туралы толық түсінік беретін тақырыпты зерттеудің әртүрлі көзқарастары мен тәсілдерін ұсынады. Осылайша, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын ойдағыдай қалыптастыру үшін білім берудегі қазіргі тенденциялардың маңыздылығына қатысты әдебиетте кең консенсус бар.

Әдістеме

Оқытудағы заманауи білім беру трендтерінің әдістемесі негізінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін білім берудегі заманауи үрдістерді тиімді пайдалану мақсатында әзірленген. Оқытудың интерактивті әдістеріне, мультимедиялық технологияларды интеграциялауға, сыни ойлауды дамытуға, оқытуды дараландыруға және мәдени әртүрлілікті есепке алуға баса назар аударылады.

Негізгі кезеңдер мен принциптерге тоқталатын болсақ, біріншіден оқушылардың қажеттіліктері мен дайындық деңгейін талдау кезеңі тұр. Бұл кезеңде оқушылардың тақырып бойынша негізгі қажеттіліктері мен білім деңгейі, сондай-ақ олардың жеке ерекшеліктері анықталады.

Екіншіден, әдістер мен тәсілдерді таңдау: әдебиетті және өз тәжірибеңізді талдау негізінде білім берудегі қазіргі тенденцияларды ескере отырып, оқытудың ең қолайлы әдістері мен тәсілдері таңдалады.

Үшіншіден, оқу процесін жоспарлау: сабақтың немесе курстың егжей-тегжейлі жоспары жасалады, мақсаттары, міндеттері, мазмұны, оқыту әдістері мен бақылау формалары анықталады.

Төртіншіден, әдістемені іске асыру: оқушылармен сабақтар өткізіледі, олардың барысында оқытудың таңдалған әдістері белсенді пайдаланылады, интерактивті жаттығулар, талқылаулар, презентациялар, мультимедиялық ресурстармен жұмыс және т. б. жүргізіледі.

Бесіншіден, нәтижелерді бағалау: қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді, сондай-ақ оқушылардың материалды игеру деңгейін бағалау негізінде әдістеменің тиімділігіне талдау жүргізіледі.

Аталған негізгі кезеңдер келесі әдіс-тәсілдерге негізделіледі.

- Оқытудың интерактивті әдістері: топтық талқылаулар, ойын жаттығулары, рөлдік ойындар, кейс-стади, пікірталас және т.б. бұл әдістер оқушылардың белсенді қатысуын ынталандырады және олардың қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

- Мультимедиялық технологияларды интеграциялау: материалды визуализациялау және қызықты оқу жағдайларын жасау үшін интерактивті тақталарды, компьютерлік бағдарламаларды, бейне сабақтарды, онлайн ресурстарды және басқа мультимедиялық

құралдарды пайдалану.

- Сыни ойлауды дамыту: мәтіндерге талдау жүргізу, қарама-қарсы мәселелерді талқылау, проблемалық мәселелерді шешу және ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау қабілетін дамыту.

- Оқытуды даралау: сабақтарды жоспарлау және өткізу кезінде әр оқушының жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеру, сонымен қатар жеке жоспар бойынша жұмыс істеу үшін қосымша материалдар мен тапсырмалар беру.

- Мәдени әртүрлілікті есепке алу: оқу процесіне әртүрлі мәдени контексттер мен перспективаларды көрсететін материалдарды қосу, мәдениетаралық талқылаулар жүргізу және әртүрлі мәдени топтардың оқушыларымен белсенді өзара әрекеттесу.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде оқытудағы заманауи білім беру трендтері оқушылардың функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы заманауи сын-қатерлері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқытуға кешенді көзқарасты қамтамасыз етеді. Бұл қазіргі әлемде табысты әлеуметтік және кәсіби бейімделу үшін қажетті негізгі дағдылар мен құзыреттерді дамытуға ықпал етеді.

Әдістеменің негізгі принциптері оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеру, оларды оқу процесіне белсенді тарту, заманауи технологиялар мен мультимедиялық ресурстарды пайдалану, сондай-ақ сыни ойлау мен коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады.

Оқытудағы заманауи білім беру трендтері білім берудегі заманауи үрдістерге негізделген оқытуға кешенді және жүйелі тәсілді білдіреді. Бұл тарауда оқушылардың қажеттіліктерін талдауды, әдістер мен тәсілдерді таңдауды, оқу процесін жоспарлауды, әдістемені іске асыруды және нәтижелерді бағалауды қоса алғанда, әдістемені әзірлеудің негізгі кезеңдері ұсынылды.

Нәтижелерді бағалау әдістемені қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейінің айтарлықтай жақсаруына әкелетінін көрсетеді. Олар тілді үйренуге жоғары мотивация көрсетеді, өз ойларын іс жүзінде сенімді түрде білдіреді, ақпаратты жақсы түсінеді және талдайды, сонымен қатар өз білімдерін өмір мен қызметтің әртүрлі салаларында сәтті қолданады.

Осылайша, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде оқытудағы заманауи білім беру трендтері қазіргі білім беру контекстінде оқушылардың тілдік дағдылары мен құзыреттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Оны қолдану қазіргі әлемде оқушылардың табысты әлеуметтік және кәсіби бейімделуіне ықпал етеді, сонымен қатар жалпы білім беру сапасын арттырады.

Практикада қолдану

Тарих сабағында практикалық қолдану: «Тарихи оқиғаларды зерттеу үшін интерактивті әдістерді қолдану» аясында бірінші кезекте оқушылардың қажеттіліктерін талдау жұмысы өткізілді. Атап айтқанда, оқушылар арасында олардың білім деңгейін және тарихты зерттеуге деген қызығушылығын, сондай-ақ оқыту әдістерінің қалауын анықтау үшін сауалнама жүргізу.

Келесі кезекте, әдістер мен тәсілдерді таңдау: рөлдік ойындар, топтық талқылау, презентациялар құру және т.б. сияқты интерактивті әдістер тарихты оқытуға ең қолайлы болып таңдалады.

Оқу процесін жоспарлау кезеңінде таңдалған әдістерді қолдана отырып сабақ әзірлеу, мақсаттарды, міндеттерді, сабақ мазмұнын және бағалау әдістерін анықтау болды.

Әдістемені іске асыру: сабақта келесі әрекеттер жүргізіледі:

Оқушылар тарихи тұлғалар мен оқиғалардың рөлдерін ойнайтын рөлдік ойын өткізілді. Соңында, олардың әрекеттері мен салдарын талқылайды. Интерактивті тақталарды немесе мультимедиялық презентацияларды қолдана отырып, тақырыпты топтық талқылау іске асырылды. Белгілі бір тарихи оқиғалар немесе кезеңдер туралы презентациялар жасау және оларды кейіннен сыныпқа ұсыну жұмысымен жалғасты.

Нәтижелерді бағалау: сабақтан кейін оқушылардың материалды меңгеру деңгейіне, олардың белсенділігі мен сабаққа қатысуына, сондай-ақ тарихты зерттеуге қызығушылығына негізделген әдістеменің тиімділігіне талдау жасалады.

Бұл әдісті тарих сабағында қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Интерактивті іс-шараларға белсенді қатысу арқылы оқушылардың тарихты зерттеуге деген қызығушылығын арттыру.
- Тарихи оқиғалар мен олардың себеп-салдарлық байланыстарын талқылау арқылы оқушылардың сыни ойлауы мен аналитикалық дағдыларын дамыту.
- Топтардағы бірлескен жұмыс қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және ұжымда жұмыс істеу қабілетіне ықпал етті.

Биология сабағында мультимедиялық ресурстар әдістемесін қолдануды «Орман экожүйесін зерттеу» тақырыбы аясында қарастырайық.

Әдістеме орман экожүйесі туралы фотосуреттермен, бейнелермен және аудио материалдармен интерактивті презентацияны қолдануды қамтиды. Оқушылар 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Сабақ барысында әр топ мультимедиялық ресурстар арқылы орман экожүйесінің белгілі бір аспектісін зерттейді және нәтижелердің тұсаукесерін өткізеді.

Дайындық: мұғалім орман өсімдіктерінің, жануарлардың және микроорганизмдердің фотосуреттерімен, ормандағы өмір туралы бейнелермен және құс әндерінің аудиожазбаларымен интерактивті презентация жасады. Барлығы 10 фотосурет, 3 бейне және 2 аудио жазба пайдаланылды.

Сабақты өткізу: оқушылардың әр тобы интерактивті презентациямен компьютерге қол жеткізе алады. Олар берілген материалдарды зерттейді және өздерінің бақылаулары мен нәтижелерін арнайы жасалған кестеге жазады.

Нәтижелерді таныстыру: зерттеу аяқталғаннан кейін әр топ орман экожүйесінің өз аспектісі туралы презентация жасайды. Презентация мұғалімнің презентациясынан мультимедиялық ресурстарды пайдалануды және оқушылардың ауызша әңгімесін қамтиды.

Талқылау: әр презентациядан кейін алынған нәтижелер мен топтар арасындағы өзара әрекеттесу талқыланады.

Мультимедиялық ресурстар әдістемесін қолданудың тиімділігі келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Мультимедиялық материалдарды қолдану арқылы білім алушылардың тақырыпты зерттеуге қызығушылығы мен қатысуын арттыру.
- Зерттеу жұмысының дағдыларын және оқушылардың өзіндік ойлауын дамыту.
- Көрнекі және дыбыстық ақпарат арқылы материалды түсіну мен есте сақтауды жақсарту.

• Әдістеменің тиімділігі тестілеу нәтижелерін талдаумен расталады, бұл оқушылардың 80% - дан астамы сабақ өткізілгеннен кейін орман экожүйесі туралы сұрақтарға дұрыс жауап бере алғанын көрсетті.

Тест сұрақтары:

Орман экожүйесі дегеніміз не?

- a) Қалалық ортада өмір сүретін өсімдіктер мен жануарлар қауымдастығы.
- b) Ормандағы тіршілік иелерінің өзара әрекеттесуі мен оларды қоршаған жансыз орта арасындағы жүйе.

c) Су айдынының жанында орналасқан ағаштар тобы.

Орман экожүйесіндегі түрлер алуантүрлілігінің маңызы қандай?

- a) Маңызы жоқ, тек ағаштардың саны маңызды.
- b) Экожүйенің тұрақтылығын арттырады және бұзылғаннан кейін қалпына келу қабілетін жақсартады.

c) Экожүйенің өнімділігін азайтады.

Орман экожүйелеріне қандай факторлар теріс әсер етуі мүмкін?


- a) Өрттер, ластану және ормандарды кесу.
- b) Қыс мезгіліндегі жоғары температуралар.
- c) Жауын-шашын мөлшерінің артуы.

Орман экожүйесіндегі тағам тізбегі дегеніміз не?

- a) Әрбірі бір-бірінен азықтанатын және келесісі үшін азық болып табылатын организмдердің реттілігі.

- b) Тек өсімдіктерден қоректенетін жануарлар тобы.
c) Тек жыртқыштар мен олардың жемтіктерінің өзара әрекеттесуі.
Глобалдық жылыну орман экожүйесіне қандай салдарын тигізеді?
a) Түрлердің ареалдарының өзгеруі және орман өрттерінің жиілігінің артуы.
b) Барлық жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің санының артуы.
c) Барлық орман экожүйелерінде жауын-шашын мөлшерінің азаюы.
Дұрыс жауаптар: 1-b, 2-b, 3-a, 4-a, 5-a.

Орман экожүйесі туралы сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы



Бұл көрсеткіштер оқыту барысының тиімділігін айқын көрсетеді, мұнда барлық сұрақтар бойынша оқушылардың 80%-дан астамы дұрыс жауап берген.

Жоғарыдағы диаграммада сабақтан кейін орман экожүйесі туралы сұрақтардың әрқайсысына дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы көрсетілген. Көріп отырғаныңыздай, оқушылардың 80% - дан астамы барлық сұрақтарға дұрыс жауап бере алды, бұл өткізілген сабақтардың тиімділігін көрсетеді.

Әдістемені қолданудың артықшылықтары мен перспективалары мыналар жатады:

- Оқушылардың биологияны оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттыру.
- Мультимедиялық ресурстармен жұмыс істеуді және коммуникативтік дағдыларды қоса алғанда, жан-жақты дағдыларды дамыту.

- Шынайы өмірге мүмкіндігінше жақын оқу ортасын құру.

Перспективалық тұрғыдан келесі аспектілер жатады:

• Биологиядағы басқа тақырыптарды зерттеу үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалануды кеңейту.

• Тақырыпты тереңірек және интерактивті зерттеу үшін виртуалды шындық сияқты жаңа технологияларды біріктіру.

• Оның тиімділігін арттыру үшін оқушылар мен мұғалімдердің кері байланысы негізінде әдістемені жетілдіру.

Жалпы, биология мен тарих сабағында мультимедиялық ресурстарды пайдалану әдістемесі оқушылардың ынтасы мен қызығушылығын арттыру, зерттеу дағдыларын

дамыту және материалды түсінуді жақсарту сияқты бірқатар маңызды артықшылықтарға ие болғанымен, оның кемшіліктері де бар.

Олардың кейбіреулері мыналарды қамтиды:

Техникалық мәселелер: компьютерлер, проекторлар немесе интернет байланысы сияқты техникалық құралдардың сенімді және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету әрдайым мүмкін емес, бұл сабақ барысында кідірістерге немесе мәселелерге әкелуі мүмкін. Ресурстарды тиімсіз пайдалану: егер мультимедиялық ресурстар оқу процесіне дұрыс біріктірілмесе немесе сабақтың негізгі мақсаттары мен міндеттерін қолдамаса, оларды пайдалану тиімсіз болуы мүмкін және тіпті уақытты жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Технологияға тәуелділік: мультимедиялық ресурстарды пайдалану кезінде сабақ толығымен олардың жұмысына байланысты, бұл олардың ақаулары немесе қол жетімсіздігі жағдайында қиындықтар тудыруы мүмкін.

Өзара әрекеттесудің жеткіліксіздігі: интерактивті мультимедиялық ресурстар кейде пікірталастарға белсенді қатысудың орнына оқушылар ақпараттың пассивті тұтынушылары болатын жағдайға әкелуі мүмкін.

Оқытудың гетерогенділігі: кейбір оқушылар басқаларға қарағанда технологиялық сауаттылықтың жоғары деңгейіне ие болуы мүмкін, бұл сабақта мультимедиялық ресурстарды түсіну мен пайдалануда айырмашылықтар тудыруы мүмкін.

Осы кемшіліктерді ескере отырып, биология және тарих сабақтарында мультимедиялық ресурстарды пайдаланудың артықшылықтары мен шектеулерін ескеретін теңдестірілген әдісті әзірлеу маңызды.

Ұсыныстар

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде оқытудағы заманауи білім беру трендтерін табысты енгізу үшін педагогтарға әдістердің принциптері мен қолдану тәсілін меңгеру, сондай-ақ оқытудың заманауи технологиялары мен интерактивті әдістерін пайдалануда оқытудан өту ұсынылады. Белгілі бір оқу тобы мен контекст үшін қолайлы әдістер мен ресурстарды таңдай отырып, әдістеменің мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, сабақтарды мұқият жоспарлау маңызды. Оқушылардың әдістеменің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу деңгейін тиімді бағалау үшін тестілеуді, өзін-өзі бағалауды, портфолионы немесе сауалнаманы қоса алғанда, нәтижелерді бағалау жүйесін әзірлеу. Әдістемені енгізу кезінде оқушылардың жеке қажеттіліктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын, сондай-ақ оқу контекстінің ерекшеліктерін ескеру. Кешенді және тиімді білім беру жүйесін құру үшін әдістемені оқытудың басқа инновациялық тәсілдерімен үйлестіру. Әріптестермен ынтымақтасу, тәжірибеңізді байыту және оқу нәтижелерін жақсарту үшін тәжірибе алмасу және ең жақсы тәжірибелер. Әдістемені оның тиімділігі мен өзектілігін қамтамасыз ету үшін оқушылардың кері байланысы мен зерттеу нәтижелеріне сәйкес үнемі бағалау және бейімдеу.

Қорытынды

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде оқытудағы заманауи білім беру трендтері бойынша мақаланың қорытындысында осы тақырыптың қазіргі білім беру үдерісі үшін түйінді маңыздылығы атап көрсетілген. Қарастырылып отырған әдістер қазіргі ақпараттық қоғамда сәтті бейімделуге дайындығына ықпал ете отырып, оқушылардың дамуының маңызды құралы болып табылады. Бұл тәсілдерді практикалық қолдану мұғалімдерге оқу процесін жандандырып, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыра отырып, білім беру мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы саладағы қосымша зерттеулер мен әзірлемелер білім беру тәжірибесін одан әрі жақсарту және оқу нәтижелерін оңтайландыру мүмкіндігіне ие. Зерттеу нәтижесінде интерактивті әдістерге, технологияларды интеграциялауға және оқытуды дараландыруға негізделген білім берудегі заманауи тенденцияларды енгізу білім беру сапасын жақсарту және оқушылардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру үшін айтарлықтай әлеуетке ие екендігі айқын болды. Сонымен қатар, бұл әдістер сыни ойлауды, шығармашылық қабілеттерді және әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді, бұл түлектердің тез өзгертін әлемге сәтті бейімделуі үшін қажет. Алайда, осы әдістердің әлеуетін толық іске асыру үшін білім беру мекемелері, кәсіби қоғамдастық


және мемлекеттік құрылымдар тарапынан одан әрі қолдау қажет. Тек бірлескен күш-жігермен ғана біз қазіргі заманның сын-тегеуріндері мен болашақтың қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ете аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы: 2012 жылдың 25 маусымы, №832 бекітілген // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832> (02.08.2022.)
2. Әбдиев Қ.С., Байғожанова Д.С. Жоғары және орта оқу орындарының білім берудегі жетістіктерін сырттай бағалаудың тиімді жүйелерін құру мәселелері//Интеллектуалдық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар - «Қазақстан – 2050» стратегиясы аясында үшінші индустриалды революцияны жүзеге асырудың құралы: 3-ші халық. ғыл.-практ. конф. баяндам. жин. – Астана, 2016. – Б. 17-21.
3. 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары: әдістем. құр. / Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Астана, 2013. – 41 б.
4. К.О.Өмірбаева «Оқыту процесіндегі Инновациялық ізденістер» Ақтөбе 2002.
5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
6. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі 2011 № 4.
7. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.



«СЫНЫПТЫ БАҚЫЛАУ» ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ



**Ережепова Гульям Егеубаевна педагог-зерттеуші
Сармантаева Айнур Еркиновна педагог-сарапшы
Астана қаласы Ілияс Есенберлин атындағы «№67гимназия» ШЖҚ
МКК директордың оқу ісі орынбасарлары**

Кіріспе сөз

Іс-әрекеттегі зерттеу – жүйелі түрде зерттеу, оқыту мен оқуды жетілдіру, бақылау жасау үдерісі.

«Сыныпты бақылау» іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесінің негізгі маңыздылығы шектеу шаралары кезінде оқушының жыл бойында меңгеруге қиындық тудырған тақырыптарын меңгертіп, біліміндегі олқылықтарды жою, сабаққа үлгере алмаған білім алушылардың мектеп бағдарламасын толық игеруіне жағдай жасайды. Өзектілігі: Білімдегі олқылықтарды жою, білім алушыларды дифференциациясын ескере отырып, белсенді

түрде білім алушылардың білімін тереңдету, бірлескен зерттеу арқылы ата-аналармен серіктестікті нығайту барысында білім алушының оқуға деген ынтасын және сабаққа белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру. Сабақты зерттеу тәсілі - сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Осы жоба гимназияда бірнеше жылдар бойына іске асырылуда. Биылғы оқу жылында осы тәжірибені тарату және бөлісу негізінде оқу – тәрбие үрдісінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және «Ата – аналарға педагогикалық қолдау» жобасын жүзеге асыру барысында оқу-тәрбие үдерісінің гимназия мен ата – аналардың ізгілікті қарым-қатынасын нығайту мақсатында практикалық қалалық семинарда тәжірибе алмасты. Аталмыш қалалық практикалық семинарда директордың оқу ісінің орынбасарлары «Сыныпты бақылау» іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесі тақырыбында сабақтан кейінгі талдау жұмыстарымен бөлісті.

Ата – аналарды сыныпты бақылау тәжірибесіне қатыстыру арқылы білім алушыны білім алуындағы уәжін ескеру арқылы өзара қарым-қатынасты дамытудың жолдарын ашу мақсатында және ата – ана тарапынан оқушының бойында оқуға деген жауапкершілікті арттыру мен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарын жақсарту. Ата-аналар тарапынан оқушыға деген қадағалауды күшейту міндеттері жүзеге асырылды.

Тірек сөздер: сыныпты бақылау, іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесі, білімдегі олқылықтар, ата-аналар, білім алушылар, мұғалімдер, оқу-тәрбие үдерісі, тиімді әдіс-тәсілдер.

Әдістеме: Бірлескен бақылау, зерттеу жұмыстары арқылы серіктестікке тарту, ата-аналардың сабақтарға қатысуын қалыптастыру.

Зерттеу бөлімі:

Ата-ананы сыныпты бақылау тәжірибесіне тартудан не күтеміз?

- Ата-ананың бойында бақылау дағдылары қалыптасады.
- Сапалы тұлғаны қалыптастыруда отбасы мен мектеп жауапкершілігін бөліседі.
- Деректерді жинау дағдыларын қалыптастырады.

Ата-ана «Сыныпты бақылау» іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесін бақылау барысында:

- Баласының қоршаған ортасын таниды.
- Өз баласын жан-жақты зерттейді.
- Мұғалімнің мәртебесін мойындайды.
- Мұғалімнің жұмысын шынайы бағалайды.
- Мектептің жұмысына сеніммен қарайды.
- Өзгеріске қарсы тұру фактілерін азайтады.

Зерттеу жұмыстарына қатыстыра отырып, «Ата-ана – оқушы – мектеп» үштік одақтың арасында өзара ынтымақтасқан серіктестік жүйесі жетіліп, трансформациялық өзгеріс енгізуге ата-аналарды кәсіби қоғамдастыққа тарту арқылы бірлескен тиімді зерттеу тәжірибесі жүзеге асады.

Ата-аналармен конструктивті өзара әрекетте болуға педагогтардың ата-аналармен қарым-қатынасында келесі ережелер негізге алынуы тиіс:

- Ата-аналарға түсінікті тілде сөйлеу – арнайы терминологияны қолданбау арқылы;
- Нақты болу, қойылған сұрақтарға толыққанды жауап беру;
- Белсенді болу, ата-ананың бастауынсыз – ақ, онымен диалогты өзі бастау: ата-аналар педагогтан интервью алмауы тиіс;
- Үйретуден, ақыл айтушылықтан, өр көкіректіктен бас тартып, серіктестік тұрғысында сөйлесу.

Күтілетін нәтиже:

Оқушының іс-әрекетін бақылау арқылы оқу белсенділігіне әсер ететін факторлар анықталады;

Оқушылардың қызығушылық танытатын пәндері анықталады;

Бақылау барысында сыныптағы оқушылардың сабақ үстіндегі қарым-қатынасының жағымды, жағымсыз жақтары анықталады;

ЖББМ-ғы оқушыларға қажет дағдыларды қалыптастырудағы кедергілер анықталады;

ЖББМ-ғы бағалаудағы қиындықтар анықталады;

Мұғалім тәжірибесіндегі оқыту тәсілдерінің тиімділігі анықталады;
Оқу мен оқытудағы кедергілерді жою жолдары ұсынылады.

Практикалық қолдану: Іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесі нәтижесінде білім алушылар, жалпы сыныптар басшылық бақылауға алынып, сынып жетекшілері мен ата-аналар тығыз байланыста тиімді жұмыстар атқарды.



(Ата-аналарды қарсы алу. Фигуралар арқылы топтарға бөлінеді)



Кофе терапиясы тренингі: (Ұйымдастыру кезеңі, ата-аналарға кофе беріледі, кофемен суреттер салады, ата-аналардың көңіл күйі суреттеледі) Бұл тренингте ата-аналарды іс-әрекеттерге түсіре отырып, зерттеу нышандарының алғашқы қадамдарын өздері сезініп, ойлау қабілеттерінің іс-әрекет үрдісімен астасуы арқылы жұмыстанды.

Жыл бойына атқарылып жатқан жұмыстар мен пәндік-зерттеу сабақтарынан тәжірибені бөлісе отырып, бірнеше жылдар бойына қордаланған мәселелерді талқылап, «Ашық есік» күндерінде қатысқан ақпараттармен бөлістік.

«Сыныптағы бақылау» іс-тәжірибесі бойынша ата-аналар қатысқан сабақтар саны пәндер бойынша сабаққа қатысудың пайыздық көрсеткіші:



[illegible]

3-топ – «Сабаққа қатысып, өз балаңыздың сабағын бақылағаннан кейінгі әрекет»



- Сыныпты бақылау іс-тәжірибесі жалғасын таба берсін;
- Үйде балама көбейту таблицасын жаттату керек, үйде бақылаймын;
- Баламды тақтаға жиі шығарса;
- Баламды үйде қадағалау керек екенін түсіндім;

- Қарлығаш апайымызға рахмет! Балаларымыздың зейіні ашылсын;
- Көбірек талап қою, әр сабақ сайын үй тапсырмасын сұрай берсеңіз;
- Ашық есік апталығы керемет екен, баламның сабаққа қатысымын бақыладым, рахмет!

- Математика пәнінен қызыма қосымша есептер берілсе;
- Ата-аналардың сабаққа қатысқаны жақсы екен;
- Мұғалімнің сабағы өте жақсы өтті, Дамира апайға көп рахмет;
- Балам сабаққа белсенділікпен қатысты, керемет;
- Мұғалімнің сабақты түсіндіру әдісі ұнады;
- Ұстазға мың алғыс! Балалар сабаққа жақсы қатысты;

Ұсыныстар: «Сыныпты бақылау» іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесін жүргізу барысындағы жинақталған материалдарды ата-аналармен бөлісе отырып, әріптестерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында ұсынылып, тәжірибе алмасу үдерісі жалғастырылуда. Қорытынды: «Сыныпты бақылау» іс-әрекеттегі зерттеу жобасы оқу тәрбие үдерісінде үздіксіз тәжірибеге енгізіліп, ата-ана, оқушы, мектеп үштігінің нәтижелі жұмысына бағдарланды. Ата-аналармен серіктестікті нығайту барысында оқушының оқуға деген ынтасы артты; Білім беру жүйесін дамытуда оқушылардың өзіндік ізденісі мен сабаққа белсенділігі, жауапкершілік дағдысы дамыды. Өзара ынтымақтастық пен серіктестік жүйесін жетілдіріп, мектепке трансформациялық өзгеріс енгізуге ата-аналарды мектепшілік кәсіби қоғамдастыққа тартылды. Сондай-ақ, сыныпты бақылау тәжірибесін жүргізу нәтижесінде ата-аналармен серіктес ретінде бірлескен жұмыстар жүргізу арқылы ата-ана – мектеп - оқушы арасында ынтымақтастық мәдениеті қалыптастырды. Үш жақты әрекеттестікке түсуде сындарлы кері байланыстың маңыздылығы артты. Оны - ата-ана да, мұғалімде, оқушыда шынайы сезінді. Ата-аналардың көпшілігі оқушылардың сабақта оқу туралы өте мол ақпарат өндіретінін, оны бақылап, байқау үшін, деректер жинаудың маңыздылығын ұғынуда белгілі бір дағдылардың қажет екендігіне көздері жетті.

Сондықтан да, зерттеу жұмысының барысында ата-аналар тарапынан «Мен мектепке, оқу мен оқытуға қатысты қандай қолдау көрсете аламын?» деген сауал жиі айтыла басталды. Ата-аналардың көпшілігі өз баласының оқу мен оқытудағы, тәрбиедегі жетістіктері үшін жауапкершілігін мектеппен теңдей бөліскенде ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болатындығын түсінді. Ол үшін бұғанға дейінгі мектепке тұтынушы немесе тапсырыс беруші ретінде емес, серіктестік позицияда болудың тиімділігін айқын ұғынды. Әрине, ата-аналардың барлығының бірдей мектепке деген көзқарастары өзгеріп кеткен жоқ. Алда әліде көптеген мақсат-міндеттер тұр.

Пайдаланылған көздер тізімі:

1. «Іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу жолдары» Элейн Уилсон;
2. «Мектепте оқудың кәсіби қоғамдастығын қалай дамыту керек» Чичибу Тошия;
3. «Басшылыққа арналған нұсқаулық» II басылым;
4. «Сабақты зерттеу – бірлескен оқу тәсілі» ПШО 2021ж;
5. «Сабақты зерттеу – мұғалімнің оқыту тәжірибесін жетілдіру тәсілі» НЗМ 2022ж;
6. Ковалев С.В. Психология современной семьи. -М., 1999 г.
7. Жәнібекова К., Ахметұлы Қ., Ата-ана мен бала және ұстаз ынтымақтастығы – Алматы, 2008 ж.
8. «Социальный институт семьи: Проблемы и направления развития» Дармодехин С.В.// Семья в России., 2008,
9. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» С.Әбенбаев, Дарын Алматы, 2004жыл

«СТЕМ ЗЕРТХАНАСЫ» ЭЛЕКТИВТІ КУРС БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫН РОБОТОТЕХНИКА АРҚЫЛЫ ДАМУ

Ермағамбет Гүлназ Өмірғалиқызы
Астана қаласының Quantum STEM School мектебінің информатика
пәнінің мұғалімі

Аңдатпа

Бұл элективті курс бағдарламасы 7,8 сынып оқушыларына арналған. Бағдарлама оқушыларды қазіргі заман талабына сай робототехника және информатика пәндері арасындағы сабақтастықты меңгерте отырып осы пәндерге деген қызығушылықтарын арттыруға, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар практикалық тапсырмаларды жасау арқылы шығармашылық потенциалдарын кеңейтеді. Бағдарламада оқытудың жаңа ақпараттық жүйесі ұсынылып, заманауи, қоғамдағы жаһандық өзгерістерге бейімделе алатын, білімді, білікті, өз білімін қажетті жағдайда қолдана алатын жеке тұлғаны білімге бағыттау жолы практикалық жұмыстар, робототехникалық жобалауды информатика пәнімен байланыстыра отырып бағдарламалау, Arduino жинақтарын пайдаланып жұмыс жасап, жобалар құрастыруға үйретуге негізделген бағдарламасы жасалған.

Түйінді сөздер: Arduino, STEM, робототехника

Аннотация

Данная программа элективного курса предназначена для учащихся 7 и 8 классов. Программа позволяет повысить интерес учащихся к данным предметам, развить способности к логическому мышлению, а также расширить их творческий потенциал путем создания практических заданий, при этом осваивая преемственность между предметами робототехники и информатики в соответствии с современными требованиями. В программе предлагается новая информационная система образования, и путь к образованию человека, способного адаптироваться к современным, глобальным изменениям в обществе, обладающего знаниями, квалификацией и умеющего использовать свои знания в необходимой ситуации. практическая работа, программирование путем соединения проектирования робототехники с предметом информатики. Создана программа, основанная на обучении работе и сборке проектов с использованием комплектов Arduino.

Ключевые слова: Arduino, STEM, робототехника

Annotation

This elective course program is intended for students in grades 7 and 8. The program allows you to increase students' interest in these subjects, develop logical thinking abilities, and also expand their creative potential by creating practical tasks, while mastering the continuity between the subjects of robotics and computer science in accordance with modern requirements. The program proposes a new information education system, and a path to the education of a person who is able to adapt to modern, global changes in society, who has knowledge, qualifications and is able to use his knowledge in the necessary situation. practical work, programming by combining robotics design with the subject of computer science. A program has been created based on training in working and assembling projects using Arduino kits.

Keywords: Arduino, STEM, robotics

КІРІСПЕ

Жұмыстың өзектілігі: Бүгінгі таңда техника мен технологиялар дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті оқушы даярлау мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы техника мен технологиялардың қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа жүйені және өмірде қолдана алатын, бәсекеге қабілетті жаңа идеялар ұсына алатын жеке тұлға

қалыптастыруды талап етеді. Осы өзекті мәселені шешуде «СТЕМ зертханасы» элективті курс бағдарламасымен жұмыс жасауға дағдылану маңызды.

Курстың мақсаты:

- Робототехника және информатика пәнін сабақтастырып оқушылардың эксперименттік жұмыс дағдысын, шығармашылық қабілетін дамытуды қалыптастыру;
- Робототехника және информатика пәнін оқыту үрдісінде оқушылардың алгоритм бойынша роботтарды құрастыру және өз үлгілерін жобалау дағдыларын дамыту, роботты бағдарламалау тілдерін үйрену, оларды талдауға, олардың заңдылықтарын түсініп, практикада қолдана білуге үйрету;
- Информатика сабақтарында эксперименттік, тәжірибелік жұмыстарды жасап, есептеулер жүргізіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- Информатиканы оқыту үрдісі нәтижелі болу үшін оқушылардың логикалық санасы мен шығармашылық ойлауын дамыту;
- Оқу үрдісінде Arduino мен робототехниканы қолдану арқылы оқушылардың танымдық-зерттеу және конструктивті іс-әрекетін, техникалық шығармашылығын дамыту.

Курстың міндеттері:

- Arduino жинақтарымен эксперименттер жасап, негізгі құрал түрлерінде жұмыс жасай білу;
- Arduino жинақтарымен жобалық жұмыс жасау және бағдарламалау арқылы зерттеу нәтижесінде тәжірибеде қолдана білу;
- СТЕМ зертханасында жұмыстарды жасап, ғылыми жаңалықтарды іздеу;
- Модельдеу мен жобалауға қызығушылықты дамыту, ғылыми-техникалық шығармашылықты ынталандыру;
- Логикалық ойлауды, объектіні талдай білуді, оның өзіне тән белгілерін, негізгі бөліктерін бөліп көрсету, олардың мақсаты мен құрылымы арасында байланыс орнатуды қалыптастыру.
- Құрылымдарды жобалау және құрастыру кезінде алған білімдерін қолдана білу дағдыларын дамыту.
- Танымдық белсенділігін, шығармашылық бастамасын қалыптастыру.

Жұмыста оқушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру жұпта, ұжымда, міндеттерді бөлу.

- Оқу іс-әрекетінің алғышарттарын қалыптастыру: жұмыс істеу қабілеті мен ынтасы, берілген тапсырма мен мақсатқа сәйкес тапсырмаларды орындау, басталған істі аяғына дейін жеткізу, алдағы жұмысты жоспарлау.

Курстан күтілетін нәтиже:

Мектептің «СТЕМ зертханасы» курсын оқытудағы ең маңызды әдістердің бірі – тәжірибе және жобалау техникасын пайдалану. Оқу процесінде Arduino мен робототехниканы қолдану арқылы оқушылардың танымдық-зерттеу және конструктивті іс-әрекетін, техникалық шығармашылығын дамыту үшін инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану. Ғылыми – техникалық шығармашылығын дамытуды жүзеге асыру «ақпараттық қоғам, инновациялық экономика талаптарына жауап беретін тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу мен дамытуды» көздейтін жүйелік-белсенділік тәсіліне негізделген.

РОБОТЕХНИКА НЕГІЗІНЕ ОҚЫТУ

Курс бөлімдерден тұрады, олардың әрқайсысы өз кезегінде теориялық және практикалық бөліктерге бөлінеді. Теориялық бөлімде Arduino-ның негізгі тақырыптары қарастырылған және бағдарламалау негіздері туралы мәліметтер берілген. Практикалық бөлімде схемалар мен бағдарламаларды жасау процесінің сипаттамасы берілген.

Курсты жүзеге асыру кезінде біз Arduino жинағымен жұмыс істейміз. Arduino робототехникасының білім беру платформасы оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға арналған. Arduino - бұл дайын электрондық блок пен бағдарламалық құралдан тұратын жинақ. Электрондық блок - микроконтроллері және жұмыс істеуге қажетті элементтері бар баспа схемасы.

Arduino-ға арналған бағдарламалар C++ тілінде жазылған, енгізу/шығуды басқаруға арналған қарапайым және түсінікті функциялармен толықтырылған. Arduino-мен жұмыс істеу ыңғайлылығы үшін Windows, Mac OS және Linux жүйелерінде жұмыс істейтін «Arduino IDE» тегін ресми бағдарламалау ортасы бар. Білім беру робототехникасын

оқу үшін Arduino микроконтроллерін қамтитын Amperka оқу жинағын пайдалануға болады[2].

Курс барысында оқушылар жобалық іс-әрекет орындайды. Әрбір жоба үш кезеңнен тұрады:

- зерттеу (ұсынылған тақырып бойынша бейнероликтерді көру);
- жобаны құру (толық құрастыру нұсқаулары ұсынылған);
- жұмыс бойынша қорытындылау, тәжірибе алмасу, қорытынды жасау.

Жинақтың бұл нұсқасы ашық шешіммен жобаларды іске қосуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда балалар жобалау кітапханасының үлгілерін шабыт көзі ретінде пайдаланады және осы жоба аясында өз шешімін жасайды.

Arduino жинақтарымен жобаларды жүзеге асыру барысында оқушылар ғылыми әдістерді, техникалық қосымшаларды, математикалық модельдеуді, инженерлік дизайнды пайдаланады. Жобалық әдіс – педагогикалық технология, оның өзегі – балалардың өз бетінше әрекеті: зерттеушілік, танымдық, өнімді, оның барысында оқушылар жаңа білімді нақты өнімге айналдырады[3]. Бұл әдіс өте өзекті және тиімді, ол студенттерге ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде қажетті жаңа құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік береді: олар алған білімдерін синтездеуге және талдауға үйренеді, шығармашылық қабілеттер мен коммуникативті дағдыларды дамытады.

Бұл жұмыс есептерді шешуде шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Жоба әдісін сабақта қолдану топтық, жұптық жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әр сабақ теориядан және осы тақырыпты бекітетін шағын жобадан тұрады. Кейбір жобалар одан әрі дамуда. Жобалық іс-әрекет оқушылардың өз күштеріне, өз мүмкіндіктеріне деген сенімін нығайтуға, өзін-өзі дамыту қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жобалармен жұмыс барысында оқушылар әртүрлі көздерден ақпаратты тиімді іздеуді, топта өз бетінше жұмыс істеуді үйренеді, әртүрлі деңгейдегі конкурстарда жобаны қорғау тәжірибесін алады. Осылайша, оқу мақсаттарын өз бетінше қоюға, оларды жүзеге асыру жолдарын жобалауға, олардың жетістіктерін бақылауға және бағалауға қабілетті тұлға қалыптасады.

Өзірленген оқыту курсының негізгі екі бөлімнен тұрады:

1. Arduino жүйесінде негізгі құралдар
2. Arduino жүйесінде сенсорларды пайдалану


№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
Arduino жүйесінде негізгі құралдар				
1	Кіріспе	1		
2-3	Arduino жүйесінде жыпылықтайтын жарық диоды	2		
4-5	Arduino жүйесінде батырма қосу	2		
6-7	Arduino жүйесінде Потенциометрді қосу	2		
8-9	Arduino жүйесіндегі үш түсті жарық диоды	2		
10-11	Arduino-дағы Джойстик	2		
12-13	Arduino жүйесінде Сервопривод арқылы басқару	2		
14-15	Arduino-дағы фоторезистор	2		
16-18	Жобалық жұмыс	3		
Arduino жүйесінде сенсорларды пайдалану				
19-20	Arduino-ға инфрақызыл қабылдағышты қосу	2		
21-22	Arduino жүйесіндегі қозғалыс сенсоры (PIR).	2		
23-24	Температура және ылғалдылық сенсорын қосу	2		
25-26	Ардуиноға ультрадыбыстық	2		

	сенсорды қосу			
27-28	Arduino-ға LCD 16×02 i2c дисплейді қосу	2		
29-34	Жобалық жұмыс	6		
35	Жобалар көрмесі	1		
36	STEM фестивалі	1		
	Барлығы	36		

Arduino жүйесінде негізгі құралдар бөлімінде Arduino-дағы негізгі құралдармен жұмыс жасайды. Бұл бөлімде оқушылар жарық диодты батырма, джойстик, патонциометр, сервожетек арқылы басқаруды үйренеді. Сонымен қатар C+ бағдарламасы негізінде, if шартты операторы, for циклы операторын бойынша Arduino IDE ортасында бағдарлама жазады. Бөлім соңында «Бағдаршам», «Пультпен басқаратын шам», «Жарықты деңгейін бақылайтын шам» тақырыптары бойынша жобалық жұмыстар орындайды[4].

Arduino жүйесінде сенсорларды пайдалану бөлімінде оқушылар Arduino-ға инфрақызыл қабылдағышты қозғалыс сенсоры (PIR), температура және ылғалдылық сенсорын, ультрадыбыстық сенсорды, LCD 16×02 i2c дисплейді қосуды үйренеді және тақырыптарды меңгергеннен кейін оқушылардың шығармашылық потенциалдарын дамытуда шағын жобалық тәжірибе орындайды[5]. Жобалар тақырыптары: «Бөлме термометрі», «Метеостанция», «Пантограф», «Автоматты өсімдік суарғыш»

«STEM зертханасы» сабағында оқушылардың Arduino жинақтарымен шағын жоба жұмыс жасау барысы



Қорытынды.

«STEM зертханасы» курсын оқу нәтижесінде оқушылар күрделілік дәрежесі әртүрлі роботтарды жобалау және бағдарламалау, құрылғыны басқаруға арналған жазылған программалық кодты түсіну, құрылымға әсер етпейтін шағын өзгерістер енгізу мүмкіндігіне ие болады. Жобалау, бағдарламалау, зерттеу сабақтары, сондай-ақ Arduino жинағымен жұмыс істеу процесінде қарым-қатынас жасау оқушылардың интеллектуалды дамуына ықпал етті, білім беру стандарттарының тапсырмаларын орындауға мүмкіндік берді. Мектептен кейінгі «STEM зертханасы курсында әртүрлі мектеп пәндерін біріктіру жаңа білім беру тұжырымдамаларын жүзеге асыру, жаңа дағдыларды меңгеру және қызығушылықтар ауқымын кеңейту мүмкіндігін ашты.

Оқушылар сандық құралдармен және технологиялық схемалармен жұмыс істеу білімі мен қабілетін көрсету мақсатында модельдер құруды және бағдарламалауды үйренді; Arduino жинағымен техникалық жобаларын құруды және ұсынуды үйренді.

Оқушылар Arduino жинақтарымен жұмыс жасады. Arduino жинағында тақырыпқа сай барлық құрал-жабдықтармен қамтылған. Осы жанақтарды қолдану арқы оқушылар түрлі шағын жобалар жасауды және оған компьютер арқылы бағдарлама жазуды үйренуде.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Уроки программирования Ардуино для начинающих - <https://xn--18-6kcdusowgibt1a4b.xnp1ai/%D1%80%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D1%82%D0%BE%D1%82%D0%B5%D1%85%D0%BD%D0%B8%D0%BA%D0%B0-D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%83%D0%B8%D0%BD%D0%BE/>
2. Дж. Бокселл Изучаем Arduino. 65 проектов своими руками- ООО «Питер Пресс»- 2019г, 109-243 с.
3. Exploring Arduino®: Tools and Techniques for Engineering Wizardry- Copyright © 2020 by John Wiley & Sons, Inc., Indianapolis, Indiana
4. Джереми Блум – Изучаем Arduino. Инструменты и методы технического волшебства-2015 г, 83-127 с.
5. Саймон Монк – Програмируем Arduino. Профессиональная работа со скетчами-2014 г, 25-38 с.





ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ӘЙГІЛІ ГЕОЛОГ

**Әнәпия Ақшолпан Битұрсынқызы
Астана қаласы. Ілияс Есенберлин
атындағы №67 гимназияның география
пәні мұғалімі**

Қазақтың біртуар азаматы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылым жолында сіңірген еңбегі орасан зор. Қаныш туралы қанша кітаптар жазылып, деректі фильмдер түсіріліп жатқанымен, әлі де болса ғалымның есімін жас ұрпаққа насихаттау көптік етпейді!

Олай дейтініміз, ғалымның жасаған еңбегі орасан зор. Кеңінен насихаттасақ ғылымға зейіні ашылатын жас буынның қарасы көбейіп қалады ма деген бір ой болады. Қаныш Сәтбаев геология – минералогия ғылымдарының докторы. Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті. Ленин орденімен марапатталған.

Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың көп қырлы талантының жарқын көрінісі - ғылыми жұмыстардың ұлы ұйымдастырушысы болды. Оның халқына мұраға қалдырған қазынасы - іргесін өзі қалаған, ғылым ордасы Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясы болды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арналған іс – шаралар жылда түрлі ауқымда (аудандық, қалалық, облыстық, республикалық т.б) ұйымдастырылып келеді. Мұндай мазмұнды іс – шараға менде оқушымызды қосып жиі қатысуға тырысамын. Мақсатым – жас ұрпаққа ғалымның еңбегін насихаттау. Осындай іс шараның бірі 2022 жылы Астана қаласы №61 Қаныш Сәтбаев атындағы мектепте І қалалық «Қаныш Сәтбаев және Қазақстан ғылымы» ғылыми жобалар сайысы ұйымдастырылды. Оқушым Ұзақ Айсұлумен бірге сол ғылыми жобаға бірге қатысып, оқушым жүлделі ІІІ орын иегері атанған болатын. Біз Қаныштай тұлғамызды насихаттаудан, еңбегін үнемі айтудан еш жалықпауымыз қажет. Жас буынға үлгі ретінде жеткізуіміз маңызды. Қ. И. Сәтбаевтың 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыстар мен мерекелер өтті. Сәтбаевтың еңбектері жарық көрді, альбомдар, естелік кітаптары шығарылды. XX ғасырдың аяғында Қазақстан Республикасының құрметті «Ғасыр Адамы» деген атаққа ие болған он үздік азаматтарымыздың қатарында Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың да аты аталды.

Қорытындылай келе, сөзімнің соңын белгілі қоғам қайраткері І.Омаровтың «Қаныш қазақ топырағында туып, халқының сүтін ішіп, ер жетті де, сол халқының даңқын бүкіл әлемге көтерді. Өзі де сол шеңберде қалып қойған жоқ, дүние жүзіне белгілі болды.» Осындай сөзімен аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

1. М. Сәрсекеев. «Сәтбаев», 1985ж.
2. Ш. Қ. Сәтбаева. «Қаныш аға». Алматы, 1989ж.
3. Қаныш Сәтпаев – Ұлы Геолог, Алматы, 1994 ж.
4. Қазақстанның тау-кен тарихы. Алматы, 1996 ж.
5. Т. М. Әлжанов, М. Қ. Сәтбаева. «Қаныш Сәтбаев – қазақ елінің тұлғасы», 2002 ж.





ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОҰЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Д.М.Жаксыбаев

І.Есенберлин атындағы №67 гимназия, Астана қаласы

Аннотация

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы функционалдық сауаттылықты арттыру бойынша тапсырмалардың тиімділігі айтылады. Функционалдық сауаттылық бұл оқушыларға тіл мен әдебиеттің әртүрлі аспектілерін өмірде іс жүзінде қолдануға баса назар аудара отырып оқытудың кешенді тәсілі. Қазақ тілінде сөйлеу, оқу, түсіну, жазу дағдыларын дамыту, әдеби шығармаларды талдап, шығармашылықпен түсінуге басты назар аударылады. Бұл әдіс оқушыларға тілдік дағдыларды дұрыс жазу мен грамматика тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы функционалдық мүмкіндіктері тұрғысынан да меңгеруге көмектеседі. Осы әдісті қолдана отырып оқыту нәтижесінде оқушылар тіл мен әдебиет туралы білімдерді ғана емес, оларды өмірде әртүрлі жағдайларда қолдана білуге дағдыланады.

Аннотация

В статье описана эффективность заданий по повышению функциональной грамотности на уроках казахского языка и литературы. Функциональная грамотность — это комплексный подход к обучению учащихся различным аспектам языка и литературы с упором на практическое применение в реальной жизни. Основное внимание уделяется развитию навыков говорения, чтения, понимания и письма на казахском языке, анализу и творческому осмыслению литературных произведений. Этот метод помогает учащимся приобрести языковые навыки не только с точки зрения правильного правописания и грамматики, но и с точки зрения функциональных возможностей в различных сферах общения. В результате обучения по этому методу ученики усваивают не только знания о языке и литературе, но и учатся использовать их в разных жизненных ситуациях.

Ключевые слова: функциональная грамотность, методы, задания, читательская грамотность

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, әдістер, тапсырмалар, оқу сауаттылығы

Функционалдық сауаттылық – әлеуметтік әл-ауқаттың көрсеткіші. Елімізде болашақта функционалдық сауаттылық өркениеттің, мемлекеттің, ұлттың, әлеуметтік топтың, жеке тұлғаның дамуының көрсеткішіне айналады. Қазақстан үшін оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін зерттеу ерекше өзекті болып табылады, өйткені бұл функционалдық дағдылардың барлығы мектепте қалыптасады. Ал бүгінгі таңда мектептегі білім берудің басты міндеттерінің бірі – оқушыларды қазіргі заманға бейімделуге дайындау. Функционалдық сауаттылықтың негізгі дағдысы оқу сауаттылығы болып табылады. Қазіргі қоғамда ақпаратпен жұмыс істей білу табысқа жетудің міндетті шартына айналуға. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, функционалдық сауаттылық – адамның және қоғамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу қабілеті және өзгермелі жағдайларға тез бейімделу қабілеті. Функционалдық сауаттылықтың негізгі формалары: Түрлі технологияларды таңдап, қолдана білу. Мәселелерді көру және оларды шешу жолдарын іздеу қабілеті. Өмір бойы білім алу қабілеті.

Мемлекет тарапынан функционалдық сауаттылықты дамытудың маңыздылығы мен маңызын ескере отырып, білім беру мазмұнын жаңарту бойынша байыпты іс-шаралар қолға алынды. Тарихта алғаш рет қосымша білім беру ұйымдарын қолдау жобалары әзірленеді. Мемлекет басшысы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуды басты міндет ретінде белгіледі.

Әрбір білім беру траекториясы қамтамасыз етіледі, оның ішінде интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологияларын, цифрлық инфрақұрылымды қолдану көптеген мәселелерді шешу педагогикалық ұжымның кәсібилігіне байланысты.

Қазақстандық мектептің қуатты әлеуеті оның педагогикалық корпусы болуы керек. Мұғалім оқытуда, шәкірттерін тәрбиелеуде, дамытуда компьютерлендіру құралдары мен ақпараттық технологияларды пайдалануға дайын болуы керек. Оқушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру үшін мұғалімнің өзінде осындай мәдениет болуы керек. Әрбір мұғалім тұлғаны дамытудағы өзінің рөлін түсінуі керек. Мұғалімнің жеке ынтасы білім беру реформаларын жүзеге асыруда табысқа жетелейді.

Мектептегі білім беру жүйесіндегі жетекші гуманитарлық пәндердің бірі – қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл мұғалімдерінің мақсаты – оқушыларды төл сөздер әлемімен таныстыру, оқушыларға қазақ тілінің ғажайып тереңдігін таныту. Мұғалімнің міндеті – оқушыларға білім беру емес, білімді өз бетінше меңгеруіне жағдай жасау.

Функционалдық сауаттылық – нақты коммуникативті мақсаттарға жету үшін тілді дұрыс қолдана білу. Ол әсіресе қазақ тілі мен әдебиетін оқитын оқушыларға тілдік білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады. Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар қазақ тілінде коммуникативті дағдыларды қалыптастыруда және қазақ әдебиетін түсінуде маңызды рөл атқарады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалардың тиімділігі олардың қиындығымен ғана емес, тіл мен әдебиетке деген қызығушылықты ояту, сонымен қатар оқушылардың өз бетінше ойлау қабілетін дамытумен анықталады және шығармашылық ойлау қабілеттері әр-түрлі тапсырмалар мен әдістер арқылы дамиды. Мысалы, мәтіндерді талдау, олардың мазмұнын талқылау, берілген тақырыптар бойынша эссе немесе монолог жазуды қамтитын тапсырмалар оқушылардың білімін жетілдіріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың талдау және сыни қабілеттерін дамытады.

Сонымен қатар, функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалардың тиімділігі қолданылатын әдістеме мен білім беру технологияларына да байланысты. Оқушылардың білім деңгейіне және жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тапсырмаларды құру, сонымен қатар заманауи білім беру ресурстарын, мысалы, интерактивті оқулықтар, онлайн курстар және т.б. пайдалану маңызды. Мұндай әдістер оқуды қызықты әрі тиімді етеді.

Сонымен, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалардың тиімділігі олардың оқу мақсаттарына, әдістемесіне және оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкестігіне байланысты. Оқушылардың білімін жетілдіріп қана қоймай, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін тапсырмаларды құру маңызды. [1, 226]

Қазіргі оқушыларға прагматикалық ойлар, еркіндік пен тәуелсіздік бар және бұл өзгерістер практикалық дағдыларды қалыптастыруға пайдалы әсер етеді. Енді сабақтар әлеуметтік тұрғыда құрылған педагогикалық жағдаяттарға негізделуі керек, онда іс-әрекеті қажетті тұлғалық қасиеттерді тәрбиелейді. Мысалы, жауапкершілікті өз мойнына оқушылардың білім алу, шешім қабылдау, топта ізбасар және көшбасшы ретінде әрекет ету және жұмыс істеу, гипотеза алға қою, сын айту, басқаларға көмектесу, үйрену қабілеті және т.б.

Әдістемелер мен стратегиялардың алуан түрі оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ең ұнайтын стратегиялары: «PRIMA», «Алты қалпақ», «Блумның түймедақтары», «РАФТ», «Кубизм», Мозаика «Джигсо», «Синквейн».

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тапсырмаларының тиімділігін дамыту мақсатында мен әр-түрлі әдістер мен тәсілдерді қолданамын.

Сабақта жиі қолданылатын әдіс-тәсілдерім: әртүрлі кесте түрлері (Т-кесте, концептуалды және т.б.), инсерт, түйінді сөздер, кластер, болжау ағашы, дәріс-визуализация, материалды болжаудың әртүрлі әдістері, шатасқан логикалық тізбектер, ассоциациялар. Кейбір оқушылар ақпаратты шығармашылық, жаңа тәсілдермен ұсынуды ұнатады. Сондықтан сараланған тәсіл мен дараландыруды жүзеге асыру қажет. Сабақ барысында «материалдың бөліктерін» мөлшерлеу керек, өйткені барлық оқушылар

бірдей қарқынмен жұмыс істей алмайды және барлығында бірдей қабылдау техникасы бола бермейді.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылыққа жетудің түрлі жолдары бар. Мұғалім сол немесе басқа тапсырманың қандай мақсатпен орындалып жатқанын анық түсініп, түпкі мақсатқа – оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуге үйретуге қандай тәсілдер мен әдістер көмектесетінін түсінуі керек. Ол үшін мұғалім жағдаяттық хабардарлық, ұжымдық әрекеттестік, сөздік және ақыл-ой әрекетіне араласу және тұлғалық-бағдарлы өзіндік жұмыстарды қамтитын коммуникативті-бағдарлы оқыту әдісін қолдануы қажет. Тірек сызбалар, рөлдік ойындар, лексика-семантикалық кестелер белсенді қолданылады. Оң нәтиже - оқушылардың кестелерді құрастыруға қызығушылықпен қатысуы, оқушылардың сөздік қорын сөйлеуде белсенді түрде қолдану, синонимдер көмегімен сөйлеуді әртараптандыру және байыту.

Сөздік қорды молайту, тіл байлығын кеңейту, сөздің ашықтығын, байлығын арттыру үшін сабақта мақал-мәтелдерді, фразеологиялық бірліктерді, дене жаттығуларын үнемі қолданып отырамын.

Коммуникативтік сауаттылықты қалыптастыру топта, ұжымда жұмыс істей білуді қамтиды; басқа адамдарды жеңу қабілеті; жаңа, әдеттен тыс талаптар мен жағдайларға бейімделу; топ жұмысын ұйымдастыру, белсенді диалогта қазақ тіліндегі сөздерді пайдалана отырып, қарым-қатынас орнату, әңгіме жүргізу. Сондай-ақ сабақта диалогты пайдалану функционалдық сауаттылықты арттыруда көмектеседі. Оқушылардың интеллектуалдық дамуы және олардың оқудағы тиімділігі, сондықтан мен сабақта диалогтік оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін белсенді қолданамын. АКТ-ны қолданатын сабақтар тиімді. Сабақта функционалдық сауаттылықты дамыту мәселесін шешу үшін бейнероликтерді («Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақстан ақындары», «Жазушылар өмірі» т.б.) пайдаланамын. Олар зерттелетін тақырыптарды нақты қолдайды. Мұғалімнің түсініктемелерімен бірге фильмдерді көру және мәтіндерге сүйену оқушылардың ақпараттық өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Оқушылар қазақ тілі сабағында сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды сәтті орындайды. Қолданылған әдістері «Дұрыс – бұрыс», «Білемін – Білгім келеді – Білдім», «Ыстық орындық». Сөздік жұмысын ұйымдастыру үшін «Кластер» әдісін қолданамын. «Кластер» құру жұмысы мәтінде сипатталған кез келген ұғымға, құбылысқа, оқиғаға қатысты ақпарат ұғымдар түрінде жүйеленеді. Орталықта негізгі ұғым орналасқан. Оқушылар келесі ассоциацияларды негізгі ұғыммен логикалық түрде байланыстырады. [2, 37-51б]

Қазақ тілі сабағының маңызды құрамдас бөлігі – оқушының мәтінмен өзіндік жұмысы. Және бұл жай ғана оқу және аудару емес, функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды орындау, яғни функционалдық оқу дағдыларын дамыту. Қателері бар мәтіндерді әртүрлі жарыстар мен олимпиадаларға дайындық кезінде алған білімдерін пысықтау және қорытынды аттестаттау үшін материал ретінде пайдалануға болады.

1. Жаңа тақырыпты оқу кезінде: түсіп қалған сөздерді, сөз тіркестерін, тұрақты тіркестерді енгізу, оқиғалар тізбегін қалпына келтіру, қателерді табу, т.б

2. Өткенді қайталағанда

3. Оқыған материалды бекіту кезінде

4. Білімді бақылау кезінде

5. Оқушылардың шығармашылық әрекетін ұйымдастыру кезінде.

Жұмыстың әдісі өте әртүрлі болуы мүмкін: сыныптағы өзіндік жұмыс (жұптық, топтық жұмыс) білімді өз бетінше алу тәсілі ретінде, мұғалімнің жетекшілігімен ұжымдық жұмыс, оқылатын тақырып бойынша білімді тексеру ретінде қолданылуы мүмкін, немесе үй тапсырмасы ретінде пайдалануға болады. Мәтіндерді бос орындармен толтыруды ыңғайлы ету үшін әртүрлі веб-қызметтерді, мысалы, флипчартты пайдалануға болады. Функционалдық сауаттылық дағдылары қалыптасқан оқушы оқудың әртүрлі түрлерін (оқу, көру, кіріспе) қолдануды біледі. Оқушыларды оқу мәтіндерімен, анықтамалықтармен, сөздіктермен ойланып жұмыс істеуге үйретуге тырысамын. Тақырыппен жұмыс істеудің қорытынды шығармашылық кезеңінде оқушылардың жұмысқа қызығушылығын арттыруға және жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жоба әдісін қолданамын.

Қазақ тілін оқытудың жобалық әдісі қарапайым емес, тиімді деп саналады. Жобаларды қорғау кезінде қазақ тілінде кеңінен талқыланады. Болашақ жұмысымызды реттеу және жоспарлау үшін бізге шынымен кері байланыс қажет. Сондықтан мен сабақтарымда рефлексияны қолданамын. Әрине, оқыту барысында коммуникативтік күзіреттіліктің барлық компоненттерін өзара байланысты стандарттау ғана мектеп оқушыларының тілдік білім мен дағдыны меңгеру процесінде сөйлеу әрекетінің негізгі түрлері бойынша функционалды коммуникативті дағдылардың дамуын қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылғандарға қоса, қазақ тілін оқытудың негізгі стратегиясы – оқушыға бағытталған әдіс, оқушы тұлғасын оның қабілеттерін, мүмкіндіктерін, бейімділігін, қажеттіліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие үрдісінің орталығына қою екенін айта кеткен жөн. Бұл оқытуды саралау және даралау негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Осыған қоса айтарым, биылғы оқу жылында 5 және 8 сынып оқушылары үшін оқушылардың өз білімдері мен сенімдері туралы ойлануға, сұрақтар қоюға, білімдерін кеңейтуге, яғни белсенді қатысуға мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлап отырмыз. Функционалдық сауаттылық дағдыларын меңгерген оқушылар оны тек мектепте ғана емес, күнделікті өмірде де ойдағыдай қолдана алады, ой-өрісін байытып, шығармашылық қабілеттерін дамытады. [3, 58б]

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалардың тиімділігін арттыру үшін әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларға жеке көзқараспен қарауды қажет етеді. Бұл сараланған оқытуды, әртүрлі тапсырмалар түрлерімен және оқыту форматтарымен жұмыс істеуді және оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруді қамтуы мүмкін. Функционалдық сауаттылық қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында маңызды рөл атқарады, оқушыларға мәтіндерді дұрыс пішімдеуге және өз ойын жеткізуге ғана емес, сонымен қатар өз халқының мәдени мұрасының мәні мен құндылығын түсінуге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Білім туралы Заңы
2. Бранд О. Функциональная неграмотность в промышленно развитых странах. – Ж. Перспективы, 1988. - № 2. - С. 37-51.
3. Гаврилюк В.В. Преодоление функциональной неграмотности и формирование социальной компетентности // Социол. Исслед. - 2023. - № 12.



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жакупова Куляй Хабибулловна
Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин
атындағы №67 гимназия» шаруашылық жүргізу
құқығындағы МКК бастауыш сынып мұғалімі

Андатпа. Ұсынып отырған мақалам, «SHARE» халықаралық жобасы аясында 2021–2022 оқу жылында жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесімен бөлісу. Негізгі зерттеу сұрағы: Бастауыш сынып оқушыларының оқуын жетілдіруде тиімді әдіс-тәсілдердің маңыздылығына назар аудару.

Бұл жұмысты жүргізу барысында 4-сынып жетекшілері топтасып жұмыс жүргіздік. Барлық сынып бойынша мәтінмен жұмыс жасауда қиындықтар кездесті. Мәтінді оқып қана қоймай, берілген тапсырмалармен жұмыс жасау қиын болды. Сондықтан осы мәселені шешу үшін түрлі тиімді тәсілдерді пайдаландық. Проблеманы шешу үшін «Біз не істей аламыз?», «Ол үшін қалай жұмыс жасаймыз?», «Қандай әдіс-тәсілді қолданамыз?» – деген сұрақтармен талқылау жасалынды. Талқылаудағы ұсыныстарды және оқушы үшін ескере отырып, жоспар құрдық. Жоспарды жүйелі жүргізуде жұмыс жасауымызға ықпалын тигізді.

Мектеп базасындағы іс-әрекеттерді зерттеу мектеп проблемаларын талқылайтын және шешетін тәсіл болып табылады. Осыған орай, мұғалімнің мақсаты өз тәжірибесін түсіну және жетілдіру үшін өзіндік рефлексияға негізделген зерттеу процесін жүзеге асырады. Іс-әрекетті зерттеуге қатысушылардың күш-жігері оқу бағдарламасын өзгертуге, мектеп тәжірибесіндегі проблемаларды шешуге және проблемаларды үздіксіз қою, деректерді жинау, талдау және осы талдаудың нәтижелері негізінде кейінгі іс-қимыл арқылы әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізу жұмысына бағытталған. Осы стратегияның негізінде әрбір мұғалім өз білімін жүзеге асырады. Бұл зерттеу бастауыш сынып арасында жүргізілді. Негізгі проблема мәтінмен жұмыс жасау.


Зерттеу сұрағы: Бастауыш сынып оқушыларының оқуын жетілдіруде қандай әдіс-тәсілдер тиімді?

Зерттеу мақсаты: түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қатарлас сыныптардың оқуындағы кедергілерді анықтау және жетілдіру.

Алдымен сыныпты зерттеу мақсатында проблеманы анықтау үшін:

- Сауалнаманың нәтижесінде әр сыныптың деңгейі анықталды. Сол кезде сыныптағы әр оқушының кім екені, кіммен дос, кіммен бірлесіп жұмыс жасай алатыны айқын көрінді. Түрлі тапсырмаларды орындау кезінде, оқушылардың кіммен бірлесіп жұмыс жасай алатынын біліп отырдық. Топтық жұмыстарда қай баланы көшбасшы жасауға ыңғайлы екенін түсіндік. Сыныпта қай оқушының сөзі өтімді екені байқалды.


- Сұхбат нәтижесінде сыныпта интеллект карта ұйымдастырылды. Бұл оқушының түрлі үйірмелерге, кітап оқуға, спорт, өнер жағынан бейім екені көрсетті. Интеллект картасы арқылы оқушылардың түрлі үйірмелерге қызығушылығы оянды. Сыныптарымыздан үйірмеге қатысатын оқушылар саны арта түсті.



1-сурет. 4 сынып оқушыларының үйірмеге қатысу картасы

• Бақылау нәтижесінде әр сынып деңгейі анықталды. Осының нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының ұйымдастырылуымен бұрыш жасақталды. Онда оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға үйренді. Арнайы картотека ұйымдастырды, саналы түрде алған кітаптарын атын жазып, уақытын белгілеп кетті. Бұл оқушыларды адалдыққа тәрбиелеудің бірден бір үлесі болды деп есептейміз. Сонымен қатар оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарының артқанын түсіндік. Осы бұрышта түрлі сайыстар ұйымдастырылып отырды. Сурет салу, мақал-мәтелдер айтысы, жұмбақтар, жаңылтпаштар, қол өнер, өлең оқу т.б сайыстар ұйымдастырылып отырды. Оқушылар осы сайыстарға белсенділікпен қатысты.

• Зерттеу сұрағының нәтижесі, сапасы, келесі зерттеуге көшу. Жоспар бойынша әр ай сайын топ мүшелері әр пән бойынша сабақ өткіздік. Өткізетін мұғалім сабақ жоспарын алдын ала құрып, топ мүшелеріне таныстырады. Бір сабақ жоспарын барлық сынып өткізіп, нәтижесін талдап отырдық. Бұл біздің жұмысымыздың алға ілгерлеуінің нәтижесі екенін түсіндік. Нәтижесінде алынған әдіс-тәсілдер барлық сыныпқа бірдей тиімді болмады, кейін әр сынып жетекші өз сыныбының деңгейіне қарай тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланды. Әр сабақты өткізіп болғаннан кейін, кері байланыс беріп отырдық. Осылайша біздер әр ай сайын сабақ беру арқылы бастауыш сынып бойынша барлық (әдебиеттік оқу, математика, қазақ тілі, дүниетану, жаратылыстану) пәндерді бақыладық. Жыл соңында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары арта түсті. Сабақ кезінде топтық жұмыстың тиімділігін көрдік. Себебі, оқушылар өз бетімен жұмыстанып, кез келген оқушы көшбасшы болатына сенді.



2-сурет. 4-сыныптардың үлгерім картасы

Сонымен, зерттеудің нәтижесінде нені көрсетеді?

• Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады. Бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарларын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, бақылау, проблемаларды бірігіп шешу деген бұрын болмаған еді, Lesson Study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көзіміз жетті. Әр ұстаздың ойы құнды екенін түсіндік. Бір-бірімізге көмек беріп, бірімізді-біріміз қолдап отырдық. Соның нәтижесінде өзіміздің бойымыздағы көптеген кемшіліктерді түзеттік.

• Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады. Бірлесіп жұмыс жасауға дағдыланып, бірінің ойын тыңдауға мүмкіндік береді. Осылайша жүйелі жұмыс нәтижесі көрінеді.

• Мұғалімдер оқушылардың білім қажеттіліктеріне жұмыс жасауға үйрендік. Оқушы үнін тыңдау, оқушыға мүмкіндік беру, олармен бірлесе жұмыс жасауды түсіндік. Алға қойған мақсатқа жету үшін, оқушыны назардан тыс қалдырмауды меңгердік.

• Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі. Оқушы тақырыпты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді тәсілді анықтау арқылы жетістікке жетуге болады.

- Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады. Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім.

- Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады. Әр мұғалім өз сабағынан кейін өзінің кемшіліктері мен жетістіктерін атап айтып, келесі сабақта сол кемшіліктерді жібермеуге тырыстық.

- Оқушының оқуы жақсарды. Себебі, әр сабақтан кейін кері байланыс жүргізу арқылы, өзіміздің кемшіліктерімізді түзетуге тырыстық. Әр сыныптың деңгейі әр түрлі екенін білдік және тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануды түсіндік.

- Функционалдық сауаттылығы дамиды. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасауды меңгерді. Мәтінді оқып қана қоймай, оның соңында берілген тапсырмалармен дұрыс жұмыс жасауға дағдыланыды. Мысалы, тақырыпқа сай «Бес жолды өлең» құрастыру, семантикалық картамен жұмыс жасау, ВЕЕН диаграммасын толтыру сұрақтарға жауап беру, ойларын ашық жеткізуге тырысады.

- Қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасады. Ол жаратылыстану, дүниетану және математика пәндерінен алған білімдерін өмірде дұрыс қолдануға дағдыланады. Тіпті кей кезде өзіміз күтпеген түйін сөздерді оқушылардан естіп, тиімді нәтижеге көз жеткіздік. Мұның өзі үздіксіз жұмыстың нәтижесі деп білеміз. Мектепшілік және қала көлемінде ашық сабақ берген кезде, үлкен нәтижеге жеттік.

Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістікке жетуге болатынын түсіндік. Мысалы, «Еркін микрофон» әдісі арқылы оқушылар жаңа сабақтан алған әсерін жақсы жеткізе біледі. Кері байланысқа, «Ұстазға хат» әдісі арқылы не білгісі келетіні туралы ойын ашық жазады. «Бинго» әдісі арқылы өткен тақырып бойынша ойларын тиянақтайды. Семантикалық картамен жұмыс жасау арқылы сөз таптарын ажырата алады. «Инсерт» әдісі, «Мәселені шешу» парағы әдісі арқылы жаңа сабақ бойынша алған білімдерін тиянақтайды. Іс- әрекетті зерттеу оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы деп айтсақ, артық айтпаған болар едік.

Әдебиеттер тізімі

1. Lesson Study: Нұсқаулық. Алматы, 2014
2. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару» Алматы, 2014
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. Астана, 2014
4. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. О қ у құралы. Алматы, 2013
5. Мектептегі іс-әрекетті зерттеу. Әдістемелік құрал. Құдайбергенова К.С. Алматы, 2013
6. Элейн Уилсон. Іс –әрекеттегі зерттеу жүргізу жолдары

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ӨМІРГЕ БЕУІМДЕУ

СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Новоишим селосы.
Жанғалиева Лазат Майрамовна, «№ 1 Новоишим орта мектебі»
КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе - ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде.»
Ыбырай Алтынсарин

Аннотация

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларымды қазақ педагогикасы негізінде ұлттық сана сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, эстетикалық талғамы жоғары, ар-ожданы мол, еңбекқор тұлға қалыптастыруда жүргізіп жүрген жұмыстарым, әдіс-тәсілдерімді қалай жүзеге асыратыным туралы мәлімет беріп отырмын. Баяндамада өтілетін тақырыптар бойынша жұмыс түрлері айтылады.

В статье рассказываю о работе, которую веду на уроках казахского языка и литературы, о том, как реализую свои методы и приемы в формировании у учащихся высоко нравственной, порядочной личности через привитие национальной педагогики. в статье обсуждаются виды работ по обсуждаемым темам.

Халықтық педагогика элементтерін сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда жүйелі түрде оқытудың дәстүрлі емес жаңа әдіс-тәсілдерімен ұштастыра пайдалану, пәндерді оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың білімді игеруін қамтамасыз етеді және олардың тіл байлығының, ойлау қабілетінің дамуына, адамгершілік, ұлтжандылық ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетіле түсуіне жол ашады. Ең бастысы, оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға септігін тигізеді. Әр жасөспірімнің қалыптасып дамуына өзі күнбе-күн өмірден сезінетін, еститін, көретін заттары мен құбылыстары, оқиғалары үлкен орын алады. Соның ең негізгісі-қазақтың халық педагогикасы. Мен өз тәжірибемде қазақ тілі мен әдебиеті маманы ретінде жиі қолданамын.

Мен, тек бір әдіспен жұмыс істеймін деп айта алмаймын, себебі сабақта оқу материалын оқушыларға жеткізу үшін әртүрлі оқыту әдістерін қолданамын. Айтылым дағдысы оқу үрдісінде жетекші рөл атқарады: пәндерді оқытуда және сабақтың түрлі әсіресе, жаңа материалды түсіндіру кезінде орын алады. «Сөз,-дейді, В.А. Сухомлинский,- ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың. Басатуыш сынып маманы –ең алдымен тіл маманы», «Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен, әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіруі керек», -деген Ы.Алтынсарин.

Әр сабақта мәтінге қоса халық болжамдары немесе нақыл сөздер айтылып отырса, сабақ әрдайымды тартымды, қызықты өтеді. 2 сынып бағдарламасы бойынша қазақ тілінен «Зат есімді» өткенде де сабақты халық дәстүрімен ұштастырдым: оқушылардың таным қабілетін кеңейту, бақылау қабілетін, ізденгіш, байқағыштық іскерліктерін дамыту барысында мынадай сұрақтар қойдым:

- Қандай ұлттық ою-өрнектерді білесің?
- Қазақ халқының ұлттық киімдерін атаңдар.
- Шапан, қамзол, бөрік, тақия, күпі, мәсі, бешпет т.б

Осындай сұрақ-жауап төңірегінде әрқилы деректі заттардан мағлұмат беріледі. Мұнан соң осындай деректі заттардың өзі ішінде сараланып, бөлшекті заттардан құралатынын да аңартып кетуге болады. Шапан, бешпет тәрізді киімдердің өз құрамында жаға, өңір, қалта, жең, етек сияқты ұғымдардың болатынын аңарту керек. Жалпылық заттық ұғымдардың өз ішінде бөлшектеніп, сараланатын заттық ұғым атаулары болатынын айту қажет.

Осы сыныпта «Сын есім» тақырыбын өткенде де ойын сабағын қолдандым. Сабақты мынадай қызықты сұрақтардан бастадым:

- «Мына сипат қандай малға тән?»- тебеген,сүзеген, үркек, жібек жүнді, күлте жалды, сүтті.

Бұл ойынды өткізу мақсатым үй жануарларын жете білуді олардың түрлерін ажырату, әр біріне тән мінез-құлықты білу, олардың адамға келтіретін пайдасы мен төлдерінің атауларын білдіру болды, нәтижесін де көрдім.

Оқушылардың тілі шебер, ойы орамды болуы үшін қазақ тілі оқулықтарындағы мақалдарды, жаңылтпаштарды жиі қайталап, мәнін түсіндіріп отырамын. Үйренген мақалдарды орынды қолдану керектігін түсіндіріп, «Сөз тапқанға- қолқа жоқ» сайысын және «Мақалдата айтысу» жұмысын жүргізгенде оқушы тілін, ойын дамытудың ең шебер құралы деп есептеймін. Оқулықтағы мақалдарға сай келетін оқиға ойластыру немесе сурет бойынша мақалдар айту да баланың дамуына өз әсерін тигізеді.

Баланы жетілдіре тәрбиелеуде көне уақыттан келе жатқан әдістер көп. Соның ішінде бала санасына жастай тәрбиелік ерекше ықпал етуде ертегілер үлкен орын алады. Баланы қаял-ғажайып ертегілеріне әуестендірудің пайдасы өте зор. Бұларда өмірде болмайтын нәрселер туралы әңгімелер қозғалады. «Ұшқыш кілем», «Керқұла атты Кендебай» т.б қиял-ғажайып ертегілерінің де өзінше мәні үлкен.

Бала осындай ғажайып достарының көмегімен аса үрейлі күштерді жеңеді. Халық қиялы еңбек адамын ардақтайды, оның күшіне мол сенім білдіреді. М.Жұмабаевтың айтуынша да: «Балада қиял ерте оянады. Бірақ оның жанында суреттер аз болғандықтан, қиялы да бай емес. Бала ертегінің бәрі шын деп ұғады. Мысалы: балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөз желге айтқанмен бірдей. Ертегідегі өтірікшінің өтіріктен қор болғанын, әлек көргенін айтып берсең, сонда бала өтірік айтпау керек екендігін түсінеді. Қысқасы балаға ертегі тым қымбат нәрсе»-дейді.

Ертегілерде көптеген тәрбиелік дүниелер туғыза отырып, олар арқылы баланың «Жеті қырлы, бір сырлы» болып қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты мен бастауыш сыныпта балалардың тілдерін, саналарын дамыту үшін ойдан ертегі құрастыру жұмыстарын жиі жүргіземін. Оқулықтан танысқан ертегілерге ұқсас ертегі құратып немесе ренішпен аяқталатын ертегілерді қуанышпен аяқталатындай етіп өзгертуге беремін, мұндағы мақсатым балалардың шығармашылығы ғана емес, сонымен қата тіл байлықтарын дамыту. Егер халық ертегілеріне педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, мұның жасөспірімдерге танымдық әсері жоғары. Осы ертегілер арқылы оқушы айналасындағы өмірді, адамдарды кеңірек танып, ұстамдылыққа, еңбек сүйгіштікке ие болары сөзсіз. Аса көрнекті педагог В. Сухомлинский «Ертегілерсіз, творчествосыз, қиялсыз толық мәнінде тәрбие жүзеге аспайды» деп санады.

Ыбырай Алтынсариннің барлық еңбектерінде жеке адамның жоғары қасиеттерін қалыптастыруда еңбек, адамгершілік, аыл-ой тәрбиесінің ерекше орын алатынын атап көрсеткім келеді. Кемеңгер ұстаз Ыбырай Алтынсариннің ұлағатты сөздері, педагогикалық мұралары халық педагогикасында үлкен орын алады. Оларды қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің қайта жаңғырту кезінде кең мағынада насихаттау әрбір мұғалімнің борышы деп ойлаймын.

Қорыта айтсам, еліміздің болашақ азаматы-қазіргі балалар. Сондықтан балаларды тәрбиелеуге халықтық салт-сананы, даналық іс-әрекеттерді кеңінен пайдалану керек деп ойлаймын. Ұлттық педагогикалық негіздері арқылы баланы өмірге қалыптастыруға, шығармашылық таланттарының көзін ашуға, жалпы адамзатқа тән жоғары сезімін, өмірге көзқарасын қалыптастырғанды жөн көрдім. Өз оқушыларымды қазақ педагогикасы негізінде ұлттық сана сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, эстетикалық талғамы жоғары, ар-ожданы мол, еңбекқор етіп тәрбиелеуді мақсат етемін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, Қазақ ұлттық өнері 2011 ж
2. <https://infolesson.kz/bilim-beru-rdisinde-hali-pedagogikasin-paydalanuditiimdiligi-3396123.html>
3. <https://stud.kz/referat/show/82724>
4. Оразбекова.К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында»-Алматы.2000. 543 /б.Б.31-38,58-70,90-94,218-220;С./
5. С.Ғаббасов. «Халық педагогикасының негіздері»-Алматы.1995 ж. /1.3.7.бет, 26бет/

МУЗЫКАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ЫҚПАЛЫ

Алматы қаласы Мұқан Төлебаев атындағы
№5 балалар музыка мектебінің домбыра бөлімінің меңгерушісі
Жолашева Света Молдашқызы

Қоғамның экономикасын, мәдениетін, әлеуметтік, рухани өмірін дамытуда әр адамның жеке тұлғасы, азаматтық келбеті, адамгершілігі отаншылдығы, ұлтжандылығы, еңбекке деген шығармашылық қабілеті мен белсенділігі шешуші рөл атқарады. Жас ұрпақты осындай тұлға етіп тәрбиелеуде шебер ұстаз - жетекшінің атқарар жүгі мол.

Керемет музыканың қай-қайсысы да кез-келген жаратылыс иесін өзінің сиқырына бағындырып, діттеген жеріне алып бара алатыны дау тудырмасы ақиқат және оның солай екеніне көпшілік сенуі тиіс. Енді осы жағдайды біздің өмірімізге байланыстырып, одан мән іздеп көрсек мынадай сауалға тап болады екенбіз: бүгінгі қоғам қандай музыканың жетегінде барады және қай жаққа бет түзеді? Қазіргі қазақ кеңістігінде шырқалып жүрген музыкалық әуендер ұлттық рухтың асқақтауына қаншалықты қызмет етуде?

Бұл енді қоғам болып ойланатын мәселе. Бұл мәселеде музыка мамандарының әсіресе, кәсіби музыка мамандарының жауапкершілігі, көтеретін жүгі орасан зор болмақ. Соның ішінде музыка оқытушыларының да үлесі де өзіндік салмаққа ие деуге негіз бар. Олай дейтініміз бүгінгі оқушы – қоғамның ертеңгі мүшесі. Өнер, білім ордаларынан тәлім алып шыққан оқушы ертеңгі күні елдің мүддесін қорғап, оның өркендеуіне қызмет ете ала ма?

Жоқ әлде деңгейі төмен, жеңіл ырғақты музыка желісінде қалып қоя ма?

Белгілі бір салаға икемін аңғара бастаған бала сол саладан беделді тұлғаларды өзіне жақын тұтатыны, соған еліктейтіні бар. Міне, бұл орайда музыка әлеміне алғаш қадам басқан өскелең ұрпақ өкілдеріне музыка ұстаздарының әсері мейілінше мол болмақ. Өйткені жас баланың бойындағы қабілетін аңғару, оны осы жолдан түңілтпей, қызықтыра отырып, сүйрелеу, шеберлікке баулу үлкен жұмысты, өз кәсібіне деген біліктілікті және жауапкершілікті талап етеді. Педагог О. Кнебель «Педагогика поэзиясы» деген еңбегінде былай дейді: «Ұстаз бен шәкірттің арасындағы қарым-қатынас дүниедегі ең бір күрделі де толғанысты, айтып жеткізу оңай емес, таңғажайып қарым-қатынас. Сенің алдыңда бүкіл жұртшылықты аузына қарататын, бүкіл жұртты тамсандыратын болашақ тұлға отыр. Оның өзі жұмыртқаның ішінде отырған балапан секілді. Сен оған жұмыртқаның қабығын сындырып, сыртқа шығуына лайықты еңбек ете аласыңба? Дәлірек айтқанда сенің етіп жатқан еңбегің оны сол жұмыртқадан шығара алады ма?»

Әдетте, шәкірт тәрбиелеу барысында педагог оқушысына өзінің бір бөлігін, ал көп жағдайда өзін толығымен береді. Яғни, ұстаздың болмысы шәкіртінің қимылынан көрініс табады. Оның артықшылығы да кемшілігі де тәрбиелеп жатқан оқушысынан айқын көрініс береді.

Айта кетерлік жәйт, шәкірті үшін ұстаз әлемнің керемет сұлулығын паш ете алатын сиқырлы терезе де, керісінше, әдемі әлемді сұр бейнеге айналдырып жіберетін көзілдірік те бола алады. Соңғы жағдайда шәкірт дарынды болса да өнерден түңіліп, одан біржола бас тартуы ғажап нәрсе емес.

Шындап келгенде жаман адам болмайды. Жаман шәкіртте, жаман ұстаз да болмайды. Бұл жердегі бар мәселе маманның кәсібіне деген адалдығы, яғни кәсіби қызығушылығы мен ұстаздық принциптердің дұрыс қолдануында. Біздермен әңгімелесетін көпшілік ата-ана оқытушының кәсіптік білім дәрежесін сұрап жатады. Од дұрыс. Алайда, оқытушы өз саласының жоғары шыңына лайық дипломдарға ие немесе сол салада ел арасына танымал болса да ұстаздық принциптердің дұрыс сақталуын қамтамасыз етпесе, тәлім алып жатқан шәкіртінің алысқа құлаш сермеуі күмәнді болып қала береді. Ал ұстаздық қағидалардың сауатты пайдаланылуы орта қабілетті адамдардың да керемет жетістіктерге қол жеткізгенін өмір тәжірибиесінен көруге болады. Бұл тек музыка саласына ғана емес, сонымен қатар спорттық, жалпы білім беру салаларында да дәлелденген жайт. Мұны бір делік. Екіншіден, оқушының белгілеген мақсатына ұмтылуы және ол әрекеттің сәттілігі

ұстаздың кәсіби шеберлігімен шектелмейді. Оған қосымша оқушының тұлға болып қалыптасуында оқытушының адамгершілік, азаматтық ұстанымдары да көп рөл атқарады. Оқытушы әдетте өзінің – өзіне деген және өзінің – өзгеге деген, қарым қатынасын шәкіртінің бойына сіңіреді. Психолог ғалымдардың соңғы зерттеулері оқушыларға оқытушылардың білім беру әдістерінен гөрі оқушы мен оқытушының арасында эмоциялық – көңіл күй әсерінің көбірек ықпал ететінін тағы да дәлелдеп берді. Бұл орайда ұстаздың өзінің шәкіртіне деген махаббатының болмауы ортақ жетістіктің де бәсең болатынын алға тартады психологтар (қараңыз: В. Петрушкин, музыкальная психология, М., 2006. С. 354). Жақсы педагог оқушының эмпатиялық қабілетін – оның рухани әлеміндегі толғанысын бөлісе, көңіл күйі мен жағдайын сезіне отырып, онымен сауатты жұмыс жасауға күш салады. Осылай өзара сенім қалыптасқан жағдайда оқушының өзінің қабілетіне деген сенімділігі нығаяды, ол емтиханда, сахнада өзін еркін ұстайды, ұстазының көзқарасынан керек мағлұматты алып отырады.

Сосын, ұстаздың шәкірт алдындағы тағы бір маңызды міндеті – оқушыға өнердің, соның ішінде ұлттық өнердің жеңіл пайда табудың көзі еместігін ұғындыру. Қысқа уақытта эстрада жұлдызы атанып, байлыққа белшесінен бату кәсіби музыкант тұрғысынан қатеуім екенін санасына, жай санасына емес, Фрейд айтқандай астарлы санасына жеткізу. Музыка тарихын қараңызшы, ұлы композиторлардың, орындаушылардың ешқайсысы музыка арқылы жеңіл пайда табуға ұмтылған емес. Керісінше, ұлттық күй өнерінің немесе басқа халықтардың өнер қайраткерлерінің қай-қайсысы да музыканы жұртшылықтың көңілін көтеру немесе уақытын қызықты өткізу мақсатын емес, алдымен адамдарды рухани тұрғыда кемелдендіру, адамдық қасиеттердің жоғарлауына қызмет ету мүддесін қойғанын көреміз. «Өнер – байлық жинау үшін жаралмаған» дейді Р. Шуман. «Егер сен жақсы музыкант болғың келсе,-дейді Ф.Лист өзінің шәкірттеріне, алдымен сен жақсы адам болуға ұмтылуың керек». Паганинидің құрметіне арналған мақаласында Листтек сауық-думанға қызмет етуді армандаған музыканттарды сынға алып, әр музыканттың өнер алдында, халық алдында жауапкершілік танытуы керектігін жазады. «Музыканың этикалық құндылығы,-дейді И.Гофман,-музыканттың техникасына емес, оның моральдік ұстанымына байланысты. Оқушы еш уақытта тыңдаушысын техниканың жарқылымен таңдандыруға талпынбауы тиіс. Ол тыңдаушының жүрегіне қуаныш салып, оның сезімдерін әспеттеуі, оның ойларын музыканың жоғары, жомарттық пайымына жеткізуі тиіс» (Қараңыз: И. Гофман, Фортепианная игра: Ответы на вопросы о фортепианной игре. М.1961 с.96.). Өнерге қызмет еткен ұлы тұлғалар мұндай ойларды айтып қана қоймай, халықтың шын ахуалын шағармашылығына арқау еткен. Шопеннің «Революциялық этюдi». Чайковскийдің «Славян маршы», Лебедьев-Кумачтың «Священная война»-сы, Құрмағазының «Сарыарқасы», Даулеткерейдің «Көрғұлысы» ж.т.б. осыған айқын мысал. Жалпы, айта берсе мәселе де, олардың шешілуі жолдары да көп. Ұлттық музыканы нығайтуда, оны білікті мамандармен қамтамасыз етуде музыка оқытушыларының қызметі салмақты маңызға ие. Музыкалық білім беру тәжірбиесінде жоғарыда айтылған теориялық қағидалар мен практикалық принциптер өзінің өміршендігін, дұрыстығын дәлелдеп келеді. Бұл орайда көп мәселе ұстаздардың ұлтжандылығына барып саяды.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Жунусов Дархан Кажимуратович
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Астана қ.

Мектеп – білім ордасының баспалдағы ғана емес, саналы, зиялы азаматты қалыптастырудағы алтын дінгек. Оқу үдерісінде сапалы білім беру мен тәрбие үздіксіз қатар жүретін процесс. Қандай пән болмасын сабақ барысында әр ұстаз өзіндік әдіспен оқушының бойына білімнің нәрі мен ұлттық құндылықты, тәртіп дағдыларын сіңіріп отырады. Тәрбиенің бастау көзі – халықтық ілім білімде. Демек, ұлттық білім – оқушының саналы азамат тұлғасында қалыптасуы мен жан-жақты тәрбиеленуі үшін ең маңызды факторлардың бірі.

Мұғалім сабақ барысында оқушыларға пән материалын ұғындырумен қатар, көркем шығармалардың көмегімен ата-балабарымыздың салт-санасын, ұлттық тәрбиені қатар барынша ұштастыруға тырысады. Қазақ халқының атадан балаға мирас болып сақталған тәлімдік ой-пікірлері жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызды орынға ие. Әсересе, мұғалім үшін оқушыға ұлттық тәрбие беріп, таным көкжиегін кеңітуде қазақтың классик қаламгерлерінің шығармаларының маңызы зор. Кез келген көркем шығарма оқушыға ой салады, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге ынталандырады.

Мұғалімнің білім беру барысында тәжірибе жинақтап, өзіндік педагогикалық шеберлігін шыңдайтыны анық. Оқушыны жан-жақты жетілген, саналы, парасатты, бәсекеге қабілетті азамат етіп қалыптастыру, тәрбиелеу – ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін әр мұғалім үнемі шығармашылық ізденісте болуы тиіс.

Сабақ барысында қолданылатын әр әдіс педагогикалық үрдістің, шығармашылық дағдының негізінде туындайды. Бұл дағды мұғалімнің сабақтағы межелі мақсатымен айқындалады, оқушының бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, терең сіңіріп, саналылыққа бағыттайды. Десе де, шығармашылық ізденістің нәтижесінде туған ойды немесе жинақталған мәліметтерді оқушылармен бірге тақырыппен байланыстыра отырып салыстыру, талдау, жан-жақты ашып түсіндіру оқу үдерісіндегі білім мен тәрбиені қатар дамытатыны сөзсіз.

Мектепте қазақ тілі пәнін оқытудағы мақсат – әрбір оқушының ана тілін біліп қана қоймай, оны қастерлеуге жетелейді, сауаттылыққа үндейді. Сонымен қатар, оқушының ойлау қабілетін дамытып, тәлім-тәрбие береді, танымдық көкжиегін арттырады. Әсіресе, қазақ тілі пәнінде тақырыпқа сай қаламгерлеріміздің шығармаларынан мысалдар алу, үзінділер келтіру өте ұтымды әдістердің бірі. Мұндай мысалдар бір жағынан теориялық білімді шегелей түссе, екінші жағынан тәрбиелік, үшіншіден танымдық мәнін атап өтуге болады. Мысалы, мұғалімнің түсіндірген теориялық материалын ұғып, түсінуі үшін оқушы зейін қойып тыңдауы қажет. Қара сөзбен баяндалған тақырыпқа қатысты мәліметтерді оқушылар зейіні шашырап қабылдамауы мүмкін. Мұндай жағдайда өлең жолдарынан алынған мысалдар оқушының зейінін аударуға көмектеседі. Себебі, поэзия белгілі бір ұйқасқа құрылады, өлеңді оқығанда дауыс ырғағы өзгереді және сөз тіркестер де әдемі өріммен ұтымды пайдаланылады.

Әрине, мысалдарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай таңдаған дұрыс. Таңдалған өлеңнен үзінді шумақтардың айтар ойы, жас ұрпаққа берері болуы тиіс. Сонда ғана теориялық білім мен тәрбиені қатар ұштастыра аламыз. Демек, мұғалім білім мен тәрбиені ұштастырып пайдалана білуі керек. Мысалы, пәндік сабақ немесе сынып сағаттары барысында Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларынан адамгершілікке үндейтін өлеңдерді пайдалануға болады. Себебі, ақынның көзқарастары, өлеңдеріндегі айтылар ой жас ұрпақты саналы өсіріп, салихалы тәрбиелеудегі талаптарға негізделген. Мәселен, зейіні басқа нәрсеге ауысқан оқушының тақырыпқа назарын аударып, оқу-білімнің өзектілігін түсіндіруде «Адамдық борышың» өлеңінен үзіндіні өте ұтымды пайдалануға болады.

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз,
Өнерсіз,
Болады ақыл тұл.
Мақтанға салынба
Мансаптың тағы үшін.

Үзінді арқылы жас ұрпақты тек білімге талпындырып қана қоймай, халыққа, елге қызмет етуге шақырамыз. Халыққа қызмет ету, елін-жерін сүю әр азаматтың борышы екенін түсіндіреміз. Ал, борышты өнер-біліммен ұштастыра пайдалана алу - адам баласының ең асыл ісінің бірі. Сондықтан, өнер мен білімге талап қойып, ақ жолдан айнымау, құр мақтан, мансап үшін арын сатпауға тәрбиелеп, саналы азамат болып қалыптасуын негіздейміз. Айта кетерлік жайт, ұрпақтың бойына бұл қасиетті сіңіру елдің, мемлекеттің келешегі, тәуелсіз еліміздің болашағы үшін маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі.

Ал, ақынның «Жастарға» атты өлеңін ілім, ғылым, өнерді жас ұрпақтың бойын сіңірудегі бірден-бір құрал деп атауға болады. Жалпы оқу үдерісінде оқушыларды өнер-білімге тәрбиелеуге, ғылым-ілімге ынталандыруда ұтымды пайдаланылып та келеді:

Өнер қылма ар сатып, жалданбақты!
Ұлық болып, елді жеп малданбақты!
Біреуді жеп, біреуді табамыз ба,
Қашан жақсы көруші ек алданбақты?
Өлсең де ондай сөзге құлақ салма!
Ардан күсіп, ақылдан құры қалма!
Әкең түгіл, арғы атаң айтса-дағы,
Білімі жоқ наданның тілін алма!

Бұл шумақтан жас ұрпаққа өнерді, білімді дүниелік түсінікпен былғамай, саф алтындай қастерлей білуге шақырамыз. Ақынның айтар ойын балаға түсіндіріп сіңіреміз. «Кісі ақысын», «ардан күсіп» сынды сөз тіркестерінің мағынасын аша отырып, зұлымдыққа барған адамның ісі не адамға, не құдайға жақпайтынын ұғындырамыз. Ақынның жастарға жігерленсін, оң-солын білсін деп айтқан ойын жан-жақты талдаймыз. Тәрбие мен білімді ұштастырып қана қоймай, оқушының таныдық шекарасын кеңейтеміз. Ізденуге, жақсыны білуге талпындырамыз, танымдық белсенділігін арттырамыз. Ал, танымдық белсенділік дегеніміз оқушының білім мен ғылымға ықыласының түсіп, ыңтасы мен құштарлығының артуы. Сабақ барысында берілген білімді өздігінше толықтып, тақырыпты кеңінен қарастыруы.

Жас ұрпақты тәрбиелеу туралы мәселе қозғалғанда оқушының ерік-жігері, өзін-өзі тануы мен бақылауына да мән беріледі. Бұл дағды оқушының күнделікті белсенді өмірінде, әр сөзі мен ісінде өз ой-тұжырымын сақтап қалуына әсер етеді. Ақын өзгенің іс-әрекетіне назар аудармай, өзінді бақыла, өзінді қамшыла деген бағытты ұстанды. Оның «Еріншек» өлеңін әсерісе сабақ барысында балаларға мысал етіп атап өткен ұтымды болмақ. Өлеңнің бір шумағын мысал етсек:

Жүрейін десең, тұрғызар,
Төсекке мойын бұрғызар.
«Аналар да жүр ғой», – деп,
Біреуді мысал қылғызар.

Демек, адам өз әрекетінің иесі ретінде, өзіне жауапкершілікті толық алып, әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманынан жиренуі тиіс. Оқушылармен осындай өлең шумақтарын талдау арқылы білім мен тәрбиені, танымды қатар алып, ұтымды ұштастыруға болады. Жалпы ақынның шығармашылығын оқушымен жұмыс барысында туындайтын кез келген жағдаятта негізді әрі орынды пайдалануға болады. Мәселен, балаларды тазалық

пен ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа, шақыруда аталмыш өлеңнен тағы бір шумақ мысал келтірсек:

Еріншектен – салақтық,
Салақтықтан – надандық.
Бірінен-бірі туады,
Жоғалар сүйтіп адамдық.

Тағы айта кететін маңызды жайт мұндай шумақтарды тек оқып қана қоймай, оқушылардың үзінді туралы ойын сұрап, талдау өте маңызды. Ауызша айтқаннан бөлек, оқушы естіген ақпаратын қорытып, анализ жасағанда есте ұзақ сақталары анық. Мұндай кешенді жұмыстың нәтижесі тұлғалық жағынан дұрыс дамыған, саналы адам, кәсіби сапалы маман тұлғасында көрінеді.

Қазақ елінің болашағы тек өнер мен білімде деп түсінген Шәкәрім Құдайбердіұлы келешек ұрпақты салт-дәстүрінен, дінінен, тілінен алшақтатуға жұмыс істеген саясаттан сақтап қалуға бар күш-жігерін жұмсаған.

Келешек ұрпағымыздың жүрегіне имандылық нұрын құйып, ұрпақтың әрі қарай саналы-сапалы дамыту қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне жүктелген парызы деп білеміз. Себебі, әр сөздің маңызына үңілетін қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде «Ашу мен ынсап», «Талап пен ақыл» сынды тақырыптарды талдау, идеясын таныту арқылы білімнің ғана емес, тәрбиенің де негізін қалай аламыз. Жалпы жас ұрпақты білімге, өнерге бағыттап, имандылықты, адамдық пен адамгершілікті дәріптеуге шақырған Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын оқушыларға әр қилы қырынан танытып, тәрбиемен ұштастыруда мейлі ол әдебиет, қазақ тілі, тарих болсын, жалпы гуманитарлық пәндердің орны өзгеше.

Тәрбие – тал бесіктен. Жас ұрпақты саналы азамат етіп тәрбиелеп, қалыптастыру тек отбасының ғана емес, ұстаз бен қоғамның да қасиетті парызы. Сондықтан отбасынан бастау алып, мектептен жалғасын тапқан рухани-адамгершілік тәрбие оқушыға үйлесімді әсер еткен кезде оның Отанға деген сүйіспеншілігі, еңбекке деген адалдығы буыны қатып, бұғанасы бекімей тұрып-ақ қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбенбаев Ш. С, Құдиярова А.М, Ж.Ә.Әбиев. Педагогика: научное издание / С.Ш.Әбенбаев, А.М.Құдиярова, Ж.Ә.Әбиев. – Астана: Фолиант, 2003. - 352 с.
2. Қалиев С. Шәкәрім Құдайбердіұлының тәліми көзқарастары. Қазақ тәлім тәрбиесі. Алматы, 2000.
3. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық/ Жауапты ред. А.Сейдімбеков. - Алматы : Қазақстан, 1991. - 80 б.



СТОРИТЕЛЛИНГ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

З.С. Спаена

Гимназия имени И.Есенберлина №67 город Астаны

Аннотация

Статья рассматривает эффективное применение метода сторителлинга на уроках русского языка и литературы. Она представляет собой исследование, которое обосновывает важность использования рассказов, сказок и литературных произведений для развития учебных навыков студентов. Анализируются преимущества метода сторителлинга, такие как увеличение мотивации к обучению, улучшение понимания и запоминания материала, развитие креативности и эмоциональной составляющей в обучении. Таким образом, данная статья поможет педагогам и преподавателям разработать планы уроков, основанные на методе сторителлинга, и сделать процесс обучения более интересным и эффективным.

Аннотация

Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында әңгімелеу әдісін тиімді пайдалану қарастырылған. Ол оқушылардың оқу дағдыларын дамыту үшін әңгімелерді, ертегілерді және әдеби шығармаларды пайдаланудың маңыздылығын негіздейтін зерттеуді ұсынады. Әңгімелеу әдісінің оқуға деген ынтасын арттыру, материалды түсіну мен есте сақтауды жақсарту, оқудағы шығармашылық пен эмоционалдық компонентті дамыту сияқты артықшылықтары талданады. Осылайша, бұл мақала тәрбиешілер мен мұғалімдерге әңгімелеу әдісіне негізделген сабақ жоспарларын жасауға және оқу процесін қызықты және тиімді етуге көмектеседі.

Ключевые слова: сторителлинг, русский язык, обучения, рассказ, ученик

Кілт сөздер: әңгімелеу, орыс тілі, оқыту, әңгіме, оқушы

Стратегия вхождения Казахстана в число пятидесяти развитых стран ставит перед педагогами большие задачи. Несмотря на бурное развитие новых современных технологий и компьютеризации в целом, роль человеческого фактора важна. А главная роль в классе – это роль учителя. От современного учителя требуется не только обучать учащихся, но и развивать их возможности, формировать их как личность, учить самостоятельно учиться.

Стратегия сторителлинга – это один из наиболее эффективных инструментов для обучения учащихся русскому языку и литературе. Старинные русские сказки, классические произведения и современная литература, все это отлично подходит для того, чтобы привлечь внимание школьников и помочь им лучше развить свои навыки грамотности и анализа текста.

Стратегия сторителлинга, то есть искусства рассказывания историй, активно используется на уроках русского языка и литературы. Этот подход позволяет не только более эффективно усваивать языковые и литературные знания, но и развивать творческое мышление и воображение учащихся.

Сторителлинг – это искусство рассказывания историй, которые могут быть использованы в учебных целях. Учитель может использовать различные методики сторителлинга, такие как использование различных интонаций, жестов, мимики, чтобы сделать рассказ более увлекательным и запоминающимся.

Реализация данных требований обеспечивает диалогическое обучение – один из основных способов усвоения новых знаний на уроках.

На каждом уроке учащиеся класса вовлекаются во взаимодействие между учителем-учеником, учеником-группой. При этом обязательно должны учитываться индивидуальные особенности каждого учащегося, уровень его способности осваивать новую тему, интересы, склонности.

С помощью сторителлинга учитель может не только привлечь внимание учащихся, но и помочь им лучше понять и усвоить материал. Рассказывая сказки или анализируя произведения литературы, учитель может поднять вопросы о морали и этике, обучая

школьников креативному мышлению и аналитическим навыкам.

Стратегия сторителлинга также способствует развитию языковых навыков у учащихся. После прослушивания истории дети могут обсудить ее, задавать вопросы и делать выводы, что поможет им лучше понять иностранный текст и усвоить новую лексику.

Таким образом, стратегия сторителлинга на уроках русского языка и литературы отлично подходит для того, чтобы сделать обучение более интересным и продуктивным. Учителя могут использовать этот метод не только для развития языковых навыков учащихся, но и для развития их креативности и логического мышления.

Задачи сторителлинга на уроках русского языка и литературы:

Рассказать историю о своем самом ярком детском воспоминании и описать его с помощью разных литературных приемов.

Придумать продолжение к известной сказке или рассказу, изменив ход событий и добавив неожиданный поворот.

Описать свое утро с использованием всех пяти чувств, чтобы передать атмосферу и настроение.

Создать собственное небольшое произведение, используя различные литературные жанры (приключения, фантастика, роман и т. д.).

Составить историю на основе нескольких картинок или фотографий, используя их вдохновение для развития сюжета и персонажей.

Примеры сторителлинга на уроках русского языка могут быть следующими:

«Сказка о золотой рыбке». Учитель рассказывает ученикам эту известную сказку, после чего просит их описать главных персонажей, описать место действия и предложить варианты продолжения сюжета.

«Путешествие в страну грамматики». Учитель предлагает ученикам представить, что они отправляются в путешествие по грамматическим правилам русского языка. В ходе урока они совершают «остановки» на различных грамматических темах и выполняют задания.

«История нелегкого выбора». Учитель предлагает ученикам ситуацию, в которой герой должен сделать сложный выбор и объяснить свое решение на русском языке. Это позволяет развить навыки высказывания своего мнения и обоснования аргументов на русском языке.

Сторителлинг на уроках русского языка позволяет привлекать внимание учащихся, делая учебный процесс более интересным и увлекательным. Рассказывание историй на языке преподаваемого предмета помогает учащимся лучше понимать и запоминать языковые конструкции, обогащать свой словарный запас и развивать навыки анализа текстов.

Сторителлинг на уроках литературы позволяет более глубоко погружаться в мир произведений, ощущать атмосферу и настроение героев, анализировать сюжет и характеры. Учащиеся могут лучше вживаться в образы героев и понимать их мотивы действий, благодаря чему обогащается их эмоциональный мир.

Сторителлинг на уроках русского языка и литературы также способствует развитию умения самостоятельно творчески выражать свои мысли и идеи. Учащиеся обучаются строить свои собственные рассказы, создавать персонажей, развивать сюжеты и мыслимые миры. Таким образом, сторителлинг на уроках русского языка и литературы играет важную роль в формировании у учащихся навыков языковой и литературной грамотности, развитии творческого мышления и воображения, а также в укреплении интереса к изучаемому предмету.

Стратегия сторителлинга, или искусство рассказывания историй, давно применяется в образовании как средство привлечения внимания учащихся и эффективного усвоения материала. В контексте уроков русского языка и литературы сторителлинг становится мощным инструментом для погружения учеников в мир слова, литературных образов и культурного наследия. Давайте рассмотрим применение этой методики, проанализируем результаты исследования её эффективности на практике.

Применение методики сторителлинга;

Стратегия сторителлинга на уроках русского языка и литературы основана на том, что ученики лучше запоминают информацию, когда она представлена в форме истории

или рассказа. Преподаватель может использовать следующие методы:

Подбор литературных текстов: Выбор литературных произведений с ярко выраженными сюжетами и интересными персонажами для анализа и обсуждения на уроке.

Игровые формы: Создание игровых ситуаций, где ученики могут вжиться в роли персонажей произведения и действовать в соответствии с их характерами и мотивами.

Визуализация: Использование визуальных средств, таких как иллюстрации, мультимедийные презентации или театрализация, чтобы поддержать рассказ и создать атмосферу произведения.

Анализ результатов исследования. Проведенное исследование показало значительные положительные изменения в процессе обучения при использовании методики сторителлинга.

Результаты включают:

Увеличение мотивации: Ученики проявили больший интерес к урокам и учебному материалу благодаря захватывающим историям.

Улучшение понимания.

Множество исследований подтверждают положительное влияние сторителлинга на обучение языку и литературе. Одно из исследований, проведенное в средней школе, показало, что учащиеся, которые учились с использованием сторителлинга, проявляли больший интерес к предмету, лучше усваивали материал и демонстрировали более высокие академические достижения.

Другие исследования выявили, что сторителлинг способствует развитию языковых навыков, включая понимание текста, грамматику, словарный запас и навыки аудирования. Кроме того, данный метод активизирует творческое мышление учеников, развивает их воображение и эмпатию.

На практике использование сторителлинга на уроках русского языка и литературы дает значительные результаты. Ученики проявляют больший интерес к предмету, активнее участвуют в уроках и лучше запоминают материал. Этот метод помогает создать атмосферу сотрудничества и взаимопонимания между учителем и учениками, что способствует более эффективному обучению.

Таким образом, сторителлинг на уроках русского языка и литературы представляет собой эффективную методику, которая позволяет создать интересные и увлекательные уроки, способствует развитию языковых и литературных навыков учащихся и повышает их академические достижения.

Исследование эффективности сторителлинга в контексте обучения языку и литературе показывает его значительный потенциал для развития практики обучения. Анализ результатов исследований выявляет следующие важные моменты:

Увлекательное обучение: Сторителлинг создает увлекательную обучающую среду, где ученики с энтузиазмом погружаются в мир языка и литературы через захватывающие истории.

Глубокое понимание: Рассказывание историй позволяет учащимся глубже понимать языковые явления и литературные произведения, так как они вовлекаются в текст не просто как в учебный материал, а как в живой рассказ.

Развитие навыков: Сторителлинг способствует развитию языковых навыков, творческого мышления, эмоционального интеллекта и эмпатии у учеников.

Повышение мотивации: Интересные истории делают уроки более привлекательными для учащихся, что повышает их мотивацию к изучению языка и литературы.

Итак, методика сторителлинга демонстрирует свою значимость для развития образовательной практики, обогащая учебный процесс и стимулируя активное участие учащихся.

Однако, существует множество возможностей для дальнейших исследований в данной области:

Исследование различных методов сторителлинга:

Изучение различных подходов к сторителлингу и их влияния на эффективность обучения

Исследование влияния сторителлинга на различные возрастные группы: Анализ влияния этой методики на детей разных возрастов и уровней образования.

Исследование использования сторителлинга для обучения специфическим языковым навыкам: Оценка эффективности сторителлинга в развитии навыков чтения, письма, аудирования и устной речи.

Исследование влияния сторителлинга на развитие критического мышления: Оценка способности сторителлинга развивать у учеников критическое мышление и аналитические навыки.

Проведение дальнейших исследований в указанных направлениях позволит более глубоко понять потенциал методики сторителлинга и оптимизировать её использование в образовательной практике.

Литература:

1. Валеева Е. В. Образовательный сторителлинг на уроке литературы и русского языка // Школьные технологии. 2020. № 4.

2. Рудакова Д. Т. Сторителлинг как современная технология персонализации в цифровой среде // Горизонты и риски развития образования в условиях системных изменений и цифровизации: сборник научных трудов XII Международной научно-практической конференции: в 2 ч. — Москва: МГПУ, 2020.

3. Симмонс А. Сторителлинг. Как использовать силу историй. М.: 2013. Челнокова А. Е. Сторителлинг как технология эффективных коммуникаций /

4. Е. А. Челнокова, С. Н. Казначеева, К. Б. Кдлинкин, И. М. Григорян // Перспективы науки и образования. — 2017. — № 5.



ИСКУССТВО БАТИКА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ ДЕТСКОЙ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ШКОЛЫ АКИМАТА Г. АСТАНА

**Исенова Г.Ж. – директор Детской художественной
школы акимата г. Астана**

Аңдатпа: Бұл мақалада «батик» бағыты бойынша Астана қаласы әкімдігінің Балалар көркемсурет мектебінің үшінші курс оқушыларына арналған «Сәндік-қолданбалы өнер» пәні бойынша авторлық білім беру бағдарламасын іске асыру тәжірибесі талданған. Әр кезең бойынша құнды ұсыныстармен білім беру процесінің барлық кезеңдерінің толық сипаттамасы берілген.

Аннотация: В данной статье проанализирован опыт реализации авторской образовательной программы по предмету «декоративно-прикладное искусство» для учащихся третьего курса Детской художественной школы акимата г. Астана по направлению «батик». Дано подробное описание всех стадий образовательного процесса с ценными рекомендациями по каждому этапу.

Түйінді сөздер: батик, сәндік-қолданбалы өнер.

Ключевые слова: батик, декоративно-прикладное искусство.

Введение

Батик – это техника ручной росписи ткани с использованием резервирующих составов. В переводе с индонезийского батик означает «капля воска». Название объясняет особенность самой техники, именно с помощью таких резервирующих средств как воск получается зонировать и отделять друг от друга разные составные участки композиции. В 2009 году батик был внесен в список шедевров устной и духовной культуры наследия человечества ЮНЕСКО [1].

Искусство батика требует хорошей подготовки, знаний основ прикладной композиции. Вот почему Батик как курс «по выбору» предлагается учащимся третьего курса детской художественной школы (34 академических часа). Неслучайно многие дипломные и конкурсные работы по ДПИ выпускники нашей школы исполняют в этой технике. Так можно продемонстрировать знание рисунка и композиции, продемонстрировать навыки тонкой работы и авторского подхода к художественному произведению.

За многие годы педагогической деятельности был накоплен значительный опыт преподавания различных техник декоративно-прикладного искусства. Одним из результатов обобщения этого опыта стала авторская образовательная программа по предмету ДПИ для учащихся третьего курса по направлению «Батик». Программа способствует развитию и закреплению знаний и навыков, полученных на предыдущих этапах обучения в рамках освоения программ «Рисунок», «Живопись», «Станковая композиция».

Программа разработана с учетом возрастных особенностей учащихся (14-15 лет), способствует развитию профессиональных компетенций и раскрытию их творческого потенциала.

Целью данной статьи является анализ и обобщение практического опыта работы в рамках авторской образовательной программы по предмету Декоративно-прикладное искусство по направлению «Батик».

В соответствии с заданной целью, представляется важным решение следующих задач:

1. Обоснование актуальности образовательной программы;
2. Описание методов и алгоритма работы на конкретных примерах;
3. Обобщение результатов работы в рамках программы;

Методика

Основным методом обучения является метод проектов, под которым в художественном

образовании понимается система обучения, при которой учащийся осваивает новые знания, навыки и умения в процессе самостоятельного планирования и выполнения постепенно усложняющихся практических заданий – творческих проектов. Проектная работа сочетает в себе исследовательский, познавательный и учебный процессы, позволяет использовать накопленный опыт, при этом творческую свободу и самостоятельность в ходе ее реализации.

Метод проектов предполагает теоретическую и практическую подготовку.

На первых занятиях изучается история батика как вида искусства, даются основные понятия и терминология, осваивается техника безопасности при работе с инструментами и материалами, приводятся примеры разновидностей техники (горячий, холодный батик, свободная роспись и т.д.).

На выбор учащихся предоставляются темы «Декоративный орнамент», «Цветы», «Пейзаж», в рамках которых они исполняют пробные работы, в которых могут продемонстрировать навыки построения декоративной композиции, компоновки частей и ракурсов фигур. При этом учитываются особенности традиционных орнаментов, в частности, подробно изучается казахский народный орнамент [II, III].

Важно освежить имеющиеся знания по композиции, практической перспективе, колористике и дополнить их новой информацией в соответствии с тематической направленностью программы [IV, V]. В результате учащиеся должны расширить свои теоретические знания, освоить терминологию, знать историю батика [VI].

На предварительном этапе работы большое значение имеет совместный диалог педагога с учеником, обсуждение возможных вариантов будущего произведения. При этом важно подготовить несколько разных эскизов, чтобы можно было в полной мере обдумать замысел и выбрать наиболее подходящий вариант.

Далее учащиеся переходят к предварительному эскизированию и выполнению отдельных заданий в рамках освоения техники. Поиск основной идеи и композиционного решения очень важен на этом этапе, так как определяет весь последующий процесс работы. Выполняются линейно-тоновые и цветные разработки, экспериментальные упражнения в технике батик. В результате определяется колорит будущей работы для наиболее полного раскрытия темы.

Следующим важным этапом является выполнение цветового эскиза по утвержденной теме в натуральную величину будущего изделия. Дорабатывается композиция будущей работы, продумываются приемы передачи воздушной перспективы.

Самый длительный этап в процессе проектной работы, – работа в материале, то есть непосредственное исполнение художественного замысла.

Практическое применение

Проанализировав опыт реализации образовательной программы, можно с уверенностью констатировать, что практические результаты по ее освоению выражаются в следующем:

- 1) учащиеся подробно осваивают все тонкости исполнения изделия в технике «батик»;
- 2) знают специальную терминологию;
- 3) умеют самостоятельно определять тему, художественный замысел проектной разработки и обосновывать его;
- 4) самостоятельно проводят исследовательскую работу по детализации будущей работы;
- 5) умеют разрабатывать на основе накопленных знаний эскизные проекты, достаточно полно отражающие художественные и функциональные свойства, размеры, материалы и технологию изготовления будущего изделия;
- 6) выполняют практическую работу с применением технологических приемов, используемых в выбранном виде прикладного искусства;
- 7) владеют приемами и навыками декорирования предметов на основе понимания единства формы и декора;
- 8) самостоятельно, последовательно выполняют работу по изготовлению изделия в выбранной технике;
- 9) умеют пользоваться необходимыми инструментами с учетом знания безопасных

приемов работы;

10) умеют анализировать самостоятельную творческую работу, и соответственно корректировать ее на различных этапах воплощения;

11) умеют подготавливать свои работы к экспонированию;

12) обладают навыками самопрезентации.

Важным практическим результатом прохождения программы является развитие критического и творческого мышления, самостоятельности и умение системно работать над проектом от момента замысла до фактического воплощения. Этот навык применим в любой другой сфере жизни, не только в образовательном процессе. Благодаря последовательному творческому труду развивается эмоциональный интеллект, стрессоустойчивость, ответственность.

Рекомендации

Для успешной реализации образовательной программы необходимо выполнение ряда условий:

1. Хорошая теоретическая подготовка педагога. Необходимо подготовить качественное учебно-методическое обеспечение к каждому занятию в виде наглядного материала, системно и логично изложенной информации в виде презентации (видео).

2. Организационно-методический ресурс. Помимо авторских разработок иметь вспомогательный обучающий материал в виде соответствующих теме учебных пособий, различных технологических карт, инструкций и подробных описаний процесса выполнения работ.

3. Соблюдение техники безопасности. Ознакомить учащихся с технологиями выполнения работы, и с инструментами и оборудованием, которые будут использованы при работе в материале, их назначением и безопасным использованием на каждом этапе занятия. Иметь в качестве примера материалы и образцы для изучения структуры и их свойств.

4. Дифференцированный подход. Индивидуальная работа с каждым учащимся позволяет качественно выстроить творческий процесс. В самом начале работы в ходе обсуждения определяется центральная тема, затем создаются несколько эскизов будущей работы и т.д. Ученик, осваивая новые знания, тут же применяет их в работе. Эта тесная связь теории и практики позволяет системно и комплексно развивать профессиональные навыки.

5. Тщательное планирование и анализ каждого этапа работы. Текущий контроль знаний обучающихся осуществляется педагогом практически на всех занятиях. Текущая аттестация проводится с целью контроля качества освоения тем по учебному предмету «Работа в материале», а также для проверки самостоятельной работы обучающихся, обсуждения этапов работы над композицией. Текущая аттестация проводится по полугодиям в форме просмотра учебных и домашних работ обучающихся педагогами. По результатам текущей аттестации (просмотрам) в конце полугодий учебного года обучающимся выставляются оценки и итоговая оценка за год.

Заключение

Таким образом, актуальность программы обусловлена тем, что она комплексно и эффективно отвечает ключевым запросам образовательного процесса: повышению (путем усложнения) качества подготовки учащихся, расширению спектра их профессиональных навыков, реализации творческого потенциала через художественное высказывание.

Процесс выполнения работы дает возможность учащимся развивать свою творческую фантазию, художественный вкус, эстетическое восприятие окружающего мира, а также абстрактное и пространственное мышление. Последовательный кропотливый труд позволяет реализовать авторский замысел до заверченного художественного произведения.

Об актуальности образовательной программы по батикку можно судить также по признанию работ в этой технике учащихся Детской художественной школы акимата г. Астана на различных творческих конкурсах. Ежегодно учащиеся нашей школы занимают призовые места в республиканских и международных конкурсах

по декоративно-прикладному искусству. Независимая высокая оценка техники и художественной ценности этих работ говорит о том, что программа полноценно передает необходимые знания, формирует профессиональную базу для будущего творческого развития учащихся.

Список использованных источников:

1. <https://asean.mgimo.ru/news/2019>
2. Омирбекова М.Ш. Традиционная культура казахов. Учебное пособие для занятий по труду и изобразительному искусству для учащихся 1-6 классов. – Алматы: ОАО «Алматы кітап», 2004. – 104 стр., илл.
3. Таженова А.П. Истоки казахского народного орнамента // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы - Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2012, № 6.
4. Макарова М.Н. Практическая перспектива: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / М.Н. Макарова. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: Академический Проспект, 2007. – 432 с. – (Gaudeamus).
5. Иттен И. Искусство цвета / пер. с нем. Л. Монаховой. – 4-е изд. – М.: Д. Аронов, 2007.
6. Давыдов С.Г. Батик. Техника, приемы, изделия. – Энциклопедия. – М.:Аст-пресс., 2005. – 181 стр., илл.





М.ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кабдулова Айжан Тұрғановна
І.Есенберлин атындағы № 67 гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Баяндамада қазіргі білім беру үрдісіндегі қазақтың классик жазушысы М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың тиімділігі мен ерекшелігі тұрғысында ойлар айтылып, шығармалардың заманға сай интерпретациялануы қажеттігі баяндалады. Сонымен бірге жазушының көркем әңгімелерінде көтерген негізгі идеялары сараланып, қазіргі білім беру бағдарламасына сәйкестендіріп, ғылыми салыстыру, ой қорыту әдістері арқылы мысалдар келтіріле отырып талданады.

Жазушының көркем әңгімелерін оқытуды гимназия компонентінен бөлінетін «Көркем шығарманы талдау» вариативтік курсының оқу жоспарына енгізуді ұсынып отырмын.

7-8-9- сыныптарға жазушының «Жетім», «Қараш, қараш оқиғасы», «Бүркіт аңшылығының суреттері», «Текшенің бауырында» әңгімелерін таңдадым. Оқушылар осы шығармалар арқылы күллі адамзатқа ортақ құндылықтар-мейірім, адам құқығы мен бостандығы, табиғаттың тағы перзенттерінің табиғи жаратылысы туралы оқушының түсінігін қалыптастыру. Ал 10-11-сыныптарға «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімелерін таңдадым. Аталған шығармаларды төрт тоқсанға бөліп оқытқанды жөн көрдім. Осы шығармаларды оқу арқылы оқушылар өткен замандардағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, адамдардың мінез-құлқын, тарихи оқиғаларды тереңірек зерделей отырып, туған халқының өткені мен бүгінін бағалап, салыстыра алатын болады.

№	Оқытылатын шығармалар	Сыныптар	Сағат саны	Оқу мақсаттары
1	Жетім	7-8-9-сынып	8 сағат (1-тоқсан)	Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.

				Эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;
2	Қараш, қараш оқиғасы	7-8-9-сынып	8сағат (2-тоқсан)	Көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанамз мінездеулерді жіктеу; Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;
3	Бүркіт аңшылығының суреттері	7-8-9-сынып	10сағат (3-тоқсан)	Шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу; Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;

4	Текпенің бауырында	7-8-9-сынып	8-сағат (4-тоқсан)	Әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
5	Қорғансыздың күні	10-11-сынып	8 сағат (1-тоқсан)	Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; Шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;
6	Оқыған азамат	10-11-сынып	8сағат (2-тоқсан)	Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау; Әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;
7	Барымта	10-11-сынып	10сағат (3-тоқсан)	Әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; Шығармадағы ұлттық

				құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;
8	Кінәмшіл бойжеткен	10-11-сынып	8-сағат (4-тоқсан)	Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;

Ендігі кезекте оқушылардың аталған шығармаларды оқу барысында түсініп, талдап, бағалап-салыстыру тиімділігін арттыру үшін оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін талдап беремін.



«Қара жәшік» әдісі

1. «Қара жәшік» әдісі бойынша оқылған шығарманың сюжеті бойынша оқушыларға тапсырма мен сұрақтар құрастырылып беріледі. Оқушылар сұрақтар мен тапсырмаларды QK –ты сканерлеу арқылы оқиды да топта талқылап, постер жасайды. / <https://vandex.kz/video/search/>


Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында Т.Т.Галиевтің «Жүйелік тұғыр» технологиясын экспериментке енгізгендіктен, өзім де осы экспериментке қатысушы мұғалім болғандықтан, «Жүйелік тұғыр» технологиясының кейбір әдістерін де ұсынып отырмын.





Оқу мақсаттары	Әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;
Сабақ мақсаты	Шығарма мазмұнын меңгерді; Шығармада көтерілген мәселені айқындайды; Шығармада көтерілген мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан ашады.
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік Ел», қазақстандық патриотизм
Қажетті ресурстар	М.Әуезов «Қорғансыздың күні» кітабы. Презентация, ғаламтор ресурстары, сызбалар

КОНСПЕКТ-СЫЗБА



А бөлігіне әңгіменің тақырыбын жазады. Әңгіме неліктен «Қорғансыздың күні» деп аталғандығын түсіндіреді; Шығарма кейіпкерлері туралы қысқаша жазып шығады. Б бөлігінде әңгімеде көтерілген мәселелерді айқындайды; В бөлігінде Әңгімеде көтерілген мәселені ұлттық мүдде тұрғысында талдайды; Г бөлігінде әңгіме эпизодтары бойынша сурет киындыларымен жұмыс жасайды; Әңгіме желісі бойынша сурет салады; Кейіпкерлер атынан монолог жазады. Д бөлігінде әңгіме тақырыбы бойынша шешілмеген мәселелерді талдап жазады, яғни сол дәуірдегі адам құқығының аяққа басылуының себептері туралы т. б. талданады.

/Т.Т.Галиев <https://docs.google.com/presentation/> //

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы, «Жазушы» баспасы. Алматы, 1979 жыл.
2. Kitap.kz / <https://kitap.kz/author/363>
3. <https://erketai.kz/matematika/fishbon-adisi/>
4. Әдебие порталы. <https://adebiportal.kz/kz/books/view/muxtar-auezov>
5. <https://yandex.kz/video/search>
6. Т.Т. Галиев. <https://docs.google.com/presentation/>
7. Бітібаева Қ. О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2002ж



СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ТҮРЛЕРІН МЕНГЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Койтбаева Зоя Абдигапбаровна
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігінің
білім басқармасы
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№10 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Аңдатпа: Бұл мақалада тарихты білу, мәдени құндылықтарды танудың маңыздылығы атап көрсетіледі. Сондай-ақ ұлттық сипат, ұлттық рухта тәрбиелеуге зор мүмкіндіктер беретін заманауи өнердегі жаңаша бағыттардың қыр-сыры туралы айтылады. Оқушылардың шығармашылығын арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар талқыланады. Құрастырылған «Қағаз түтікшелерінен бұйымдар жасау» авторлық бағдарламасы мұғалімнің кәсіби өсуінің көрсеткіші ретінде түсіндіріледі.

Аннотация: В данной статье подчеркивается важность знания истории и культурных ценностей. Также рассказывается о тонкостях новых тенденций в современном искусстве, которые предоставляют большие возможности для воспитания национального характера и национального духа. Обсуждаются методы и новые технологии, направленные на повышение творческой активности учащихся. Составленная авторская программа «Изготовление изделий из бумажных трубочек» трактуется как показатель профессионального роста педагога.

Түйінді сөздер: сәндік-қолданбалы өнер, технология, шығармашылық, ұлттық өнер, ұлттық құндылықтар, халықтық педагогика, кәсіби өсу.

Ключевые слова: декоративно-прикладное искусство, технология, творчество, национальное искусство, национальные ценности, этнопедагогика, профессиональный рост.

Өзектілігі: ХХІ ғасырда технологиялық білім объективті қажеттілікке айналып келе жатыр. Қазіргі таңдағы қоғамның дамуы жаңа, ғылыми тұрғыдан дәлелденген және жоғары технологияларды енгізумен ерекшеленеді. Осыған орай қазіргі көркем еңбек пәнінің де маңыздылығы артпаса кеміген жоқ. Сондықтан сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлі емес түрлерін меңгерудің маңызы зор. Заманауи өнердегі жаңаша бағыттар: торсион-папье, квиллинг, айрис-фолдинг, парчмент-крафт, киригами, кусудами, декупаж, пейп-арт, треш-арт және т.б. Сәндік-қолданбалы өнердің қандай да бір түрін меңгеріп, оны оқушыларға үйретуде бұйымға ұлттық колоритте бірегей түр беруге тырысамын. Қазіргі заманда қолданылатын әрбір бұйымдардан қазақ халқының ұлттық нақыштары көрініс тапқаны дұрыс деп ойлаймын. Сол арқылы қазақ халқы басқа халықтарға өздерін жоғары деңгейде көрсетіп, олармен теңесе алады. Осындай жұмыстар келешекте қолөнер саласында өзіндік қолтаңбасы бар азаматтар тәрбиелеуге септігін тигізері сөзсіз.

Осыған орай, оқушыларды жаңаша оқытуды халықтық, ұлттық ерекшелігімізбен ұштастыра отырып ұйымдастырамын. Өз пәніміздің мазмұны арқылы биылғы оқу жылы ҚР Оқу-Ағарту Министрлігі қабылдаған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіруге бағытталған міндеттерін орындауды басты назарда ұстаймын. [1]

Осы бағдарламаны жүзеге асыру аясында оқушыларды халықтық тәрбиеге баулу арқылы халық өнеріне, қолөнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлі емес түрлерін жаңаша көзқараста орындау, қайталанбас бірегей туындыларды жасауда ұлттық құндылығымызды ескере отырып ептілік, шеберлік қабілеттерін шыңдау секілді міндеттерді шешуге бел байладым. Сондай-ақ мектепте өтіп

жатқан сыныптан тыс іс-шаралар, көркем еңбек пәнімен қатар өзге сабақтарда да халықтық педагогика элементтерінің қолданылу дәрежесін бақылай жүріп, жаңа технологиялармен ұштастыру мақсатында ұсыныстар жасауға еш жалыққан емеспін.

Жоғарыда аталған заманауи өнердің жаңаша бағыттары бойынша оқушылармен шығармашылық жұмыстар орындалды. Десек те, оқушылардың меңгеруіне жеңіл және қызыға орындайтын жұмыстары торсион-папье, квиллинг, пейп-арт, треш-арт екенін аңғардым. Торсион-папье - қағаздың ширатылған жолақтарымен жасалатын жұмыс. Бұл әдіс өзіңізге және үйіңізге қажет бұйымдар жасауға мүмкіндік береді. Оқушыларға алдын ала дайындалып ұсынылған шеберлік сыныптары мен қадамдық технологиялық карталар қызықты қолөнер бұйымдарын меңгеруге көмектеседі. Қағазды ширатып бұрау техникасы жақында пайда болды. Бұралған қағаздан әртүрлі заттарды жасауға болады. Мысалы, панель, вазалар, себеттер, жәшіктер, зергерлік бұйымдар, сөмкелер, белдіктер, картиналар мен фотосуреттерге арналған жақтаулар, кәдесыйлар және басқа да көптеген бұйымдар. Ал біз оқушылармен бірге қағаз түтікшелерін тоқу техникасы мен торсион-папье техникасында аралас техниканы қолданып, киіз үй жасап шықтық. Сонымен қатар салфеткадан аппликация мен пейп-арт техникасын аралас қолданып «Ұлы Дала тарихы», «Жайлау әуендері», «Желдей ескен жүйрік ат», «Ақшаңқан киіз үйлер», «Ауылым-алтын бесігім» атты картиналар жасап шықтық. Квиллинг техникасында да киіз үй, ою-өрнектер, текемет үлгісі жасалды.

Ал треш-арт техникасы дегеніміз ағылшын тілінен аударғанда қоқыс өнері деп аталады, яғни өнер нысанына қоқысты қосумен немесе тек қоқыстан шығармашылық жасаумен байланысты заманауи өнердегі үрдіс. [2] Бұл бағыт суретшілердің жұмысы қоршаған ортаны қорғауға назар аударуға арналған табиғатты қорғау өнерінде жиі атап өтіледі. Дегенмен, қоқыс өнері күнделікті ортаға шығармашылық және эстетикалық көзқараспен де байланысты, өйткені суретшілер қоқыстан өнер туындысын жасайды.

Қоқыс өнері - адамдар полигонға жіберетін ескі қоқыстарды, зақымдалған немесе пайдаланылған заттарды қамтитын заманауи өнердегі жаңа бағыт. Бұл цикл бізге ресурстарды сақтауға және үнемдеуге мүмкіндік береді, бізді шексіз тұтыну туралы ойлауға шақырады. Қоқыс өнері - бұл концептуалды балама өнер. Жыл өткен сайын ол біздің елімізде де танымал бола түсуде. Біз де өз кезегімізде қоқысты қайта пайдалану мәселесін шешу жолдарын қарастырып көрдік. Мектепте жүргізген әлеуметтік бақылау нәтижесінде тасталатын қоқыстың басым бөлігі қағаздар екеніне көз жеткіздік. Сондықтан мектепте қағаз қалдығын жинау айлығын өткіздік. Қағазбен қоса пластик бөтелкелер де жиналды. Оқушылармен бірге жиналған қоқыстарға «екінші өмір» сыйлау қажет деп шештік. Бұл шешім жиналған қағаз қалдығы мен бөтелкелерден әсем бұйымдар жасап, оқушылардың шеберліктері мен ептіліктерін арттыруда және қоршаған ортаға пайдасын тигізуде маңызы зор болды.

Осыған орай мектепте «Қағаз түтікшелерінен бұйымдар жасау» үйірме бағдарламасы құрастырылды. Бағдарламаны жасау кезінде балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау, тұлғалық шығармашылығы сияқты қабілеттерінің даму ерекшелігі жас ерекшелігі, шығармашылық, мүмкіндік және міндетті деңгейлері ескерілді. Бағдарлама оқушылардың бейнелеу, көркем-құрастырушылық қабілетін, тұлғалық шығармашылығын арттыруға негізделген. Оқушылардың қолөнер, еңбекке икемділіктерін арттыруларына, жасалу технологиясын толық меңгерулеріне бұл сабақ маңыздылығымен ерекшеленеді.

5-6 сыныпқа арналған «Қағаз түтікшелерінен бұйымдар жасау» бағдарламасының мақсаты - қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін шыңдай отырып, шығармашылық, танымдық қабілеттерін, қызығушылығын, белсенділігін арттыру және іскерлік дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Оқушыларға қағаз тарихы және оның түрлері туралы білім беру.
 2. Қағаз түтікшелерінен тоқу әліппесінен бастап, тұтас бұйым тоқып шыққанға дейінгі икемділік қабілеттерін арттыру.
 3. Еңбегінің нәтижесін көре отырып, әрі қарай еңбектенуге талпындыру, іскерлік дағдысын қалыптастыру.
 4. Оқушыларды ысырапкершіліктің алдын алып, үнемшіл болуға тәрбиелеу.
- Сабақтың түрлері: баяндама, лекция, пікірталас, әңгімелесу, талдау, теориялық,

машықтық, жеке, топтық, сауалнама, кездесулер түрінде, технологиялық нұсқау карталар, үлестірімелі кеспелер, дайын бұйым түрлері, слайд-презентация, фильмдер, шебер-сынып, үлгі суреттер арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаны меңгеруде оқушылардан күтілетін нәтижелер:

- шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керек заттардың жаңа сан алуан түрлерін газет тілшелерін, т.б. материалдарды қолдана отырып жасауға қызығушылықтары мен қабілеттері артады;
- бағдарламаны жүзеге асырудың қорытынды түрі - мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық көрмеге жұмыстарды шығару. Оқушылар өздерінің бағдарламаға сай жасаған туындыларының нәтижесін мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық көрмелерде көру мүмкіндігіне ие болады;
- сабаққа қатысушы оқушылар алған білімдерін, өнерлерін тек өздері біліп қана қоймай, кейінгілерге үйретеді;
- табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғауға ұқыптылықпен қарап, қағаздың ысырапкершілігіне жол бермей жасаған қолөнер бұйымдарының жаңа «өмірі» көпшілікті тамсандырады сөзсіз. Оқушылар қағаз түтікшелерінен әсем бұйымдар жасап, қоғам мен қоршаған ортаға пайдаларын тигізеді.

Аталмыш бағдарлама аясында мектепте бірнеше рет сәндік-қолданбалы өнер туындыларынан көрме ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің жасаған бұйымдарын көпшілік назарына ұсынып, тиісті оң бағаларын алды. Үздік жұмыс иелері мектеп әкімшілігі тарапынан мадақтамалармен марапатталып, еңбектері ескерілді. Осы бағдарлама бойынша білім алған оқушыларымыз шығармашылық жобаларымен қалалық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып жүлделі орындар иеленіп жүргенін мақтанышпен айта аламын. Атап айтсам, шәкіртім Қайдар Аружан республикалық «Зерде» ғылыми жобалар байқауының қалалық кезеңінен 2-ші орын, ал өңірлік Е.Даулетбаев атындағы мектеп оқушыларының X аймақтық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, жүлделі 1-ші орынды иеледі. Сондай-ақ республикалық «Алтын қазына» сәндік-қолданбалы өнер байқауының қалалық кезеңінде 1-ші орынды қанжығасына байлап, байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды. Ал Танирбергенова Жансая республикалық «Шексіз шығармашылық» байқауының 1-орын иегері, «Шексіз шығармашылық» облыстық фестивалінің қалалық кезеңінде 1-ші орын, облыстық кезеңінде 3-ші орынды иеледі. Ал 6 сынып оқушысы Анафин Мирлан биылғы жылы өткен «Шексіз шығармашылық» байқауының қалалық кезеңінде жүлделі 1-ші орынды иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды.

Ойымды тұжырымдай келе, сәндік-қолданбалы өнердің дәстүрлі емес түрлерін меңгерудің оқушының пәнге деген қызығушылығын, функционалдық сауаттылығын, ептілігі мен шығармашылығын арттыруға көмектесетініне көз жеткізгенімді айтқым келеді. Биылғы оқу жылында мектептерде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді. Осы бағдарламаны жүзеге асыру аясында өнерді үйрену барысында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіре отырып, жаңашылдыққа ұлттық сипаттағы көзқарастары арқылы ұмтылуына қол жеткізу мұғалімнің үлкен жеңісі екендігі сөзсіз. Сондықтан жаңа білімді меңгеруде күтілетін нәтижелеріне қол жеткіздім, оқушылар шығармашылығын әрі қарай арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табатынына күмәнім жоқ дегім келеді. Қалдық қағаздар мен пластик бөтелкелердің қоқыста керексіз шашылып жатуына жол бермей, баршаны тамсандырады әсем «өмір» сыйлап, пайдалы іске деген құлшыныстарымыз арта берсе деген ұсынысымды жеткізе келе, «Мәңгілік ел» патриоттық актісінде атап көрсетілген халқымыздың бүгінгі өміріне де, болашағына да тікелей ықпал ететін маңызды құндылықтардың бірі-табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау және экологиялық дағдарыстың алдын алуға шәкірттерімізмен бірге өз үлесімді қосып, қажетсіз қоқыстан треш-арт техникасында әсем бұйымдар жасап, қоғам мен қоршаған ортаға пайдаларымызды тигіздік деп айта аламыз. [3] Білім алып, тәжірибе жинаған оқушылар өз білгендерін үйдегі бауырларына үйретеді. Өнердегі сабақтастық дегеніміз осы.

Қорытындылай келе, біз, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері, өнерге баулу арқылы оқушылардың келешекте кәсіп меңгеруіне септігіміз тисе, болашаққа қосқан жарқын үлесіміз болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Астана: 16-17 тамыз, 2023.
2. <https://ecology.aonb.ru/trash-art.-musornoe-iskusstvo.html>
3. «Мәңгілік Ел». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ.: 2016.- 26 сәуір.

Оқушылармен орындалған шығармашылық жұмыстар





РАЗВИТИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ПРОЕКТНО- ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ

Курмантаева Айгуль Саламатовна
Актюбинская область, город Актобе
КГУ «Общеобразовательная средняя
школа-гимназия №2»

Аннотация

В данной статье рассматривается проектно-исследовательская деятельность на уроках естествознания как эффективный метод развития экологического воспитания у младших школьников. Она позволяет активно включаться в процесс изучения и охраны природы, что способствует формированию экологической культуры и ответственного отношения к окружающей среде с самого раннего возраста.

Ключевые слова: опытно-проектные работы, исследовательская деятельность, естествознание.

Бұл мақалада жаратылыстану сабақтарындағы жобалау және зерттеу жұмыстары бастауыш мектеп оқушыларының экологиялық білімін дамытудың тиімді әдісі ретінде қарастырылады. Ол экологиялық мәдениетті және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды ерте жастан қалыптастыруға ықпал ететін табиғатты зерттеу және қорғау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: тәжірибелік-конструкторлық жұмыс, зерттеу жұмыстары, жаратылыстану.

Введение

Информатика сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың ақпараттық технология саласындағы құзыреттіліктерін дамытуда шешуші рөл атқарады.

Осы мақсатқа жету үшін қолдануға болатын кейбір әдістер мен стратегиялар ұсынылады.

Тәжірибелік тапсырмалар негізінде оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Қазіргі таңда жоғары сынып оқушыларына HTML, CSS және мүмкін JavaScript арқылы белгілі бір тақырып бойынша веб-сайтты жобалау ұсынылады. Оқушылар жергілікті қауымдастық үшін оқиғалар, қызметтер және байланыс ақпараты туралы веб-сайт жасай отырып, шынайы оқиғалар негізінде дамиды. Ал, сценарийлерлік автоматтандырылған тапсырмалар көмегімен оқушыларға деректерді өңдеу немесе файлдарды басқару сияқты күнделікті тапсырмаларды ұсыну арқылы бағдарламалау тілінде (Python сияқты) сценарий жазуды үйретеміз. Әртүрлі құралдар мен бағдарламалау тілдерін (мысалы, Android үшін Kotlin немесе iOS үшін Swift) пайдалана отырып, белгілі бір мақсатқа арналған мобильді қосымшаны жасау үшін топта жұмыс істеу арқылы өзін ара ролдерді бөле отырып, жобалық жұмыс жасайды. MSExcel бағдарламасының мүмкіндіктері көмегімен шығындарды қадағалау, бюджетті белгілеу және есептерді шығару функциялары бар қаржылық шығындарды есепке алу дағдыларын қалыптастыруға болады.

Интерактивті сабақтар информатикада функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені олар оқушылардың белсенді қатысуын ынталандырады және алған білімдерін іс жүзінде қолдануға көмектеседі. Оқушылардың білім деңгейін үнемі бақылай отырып, шығармашылық дамуына да үлес қосуға болады (1сурет).



Сортыровка по Name	1	2	3	4	5
Options					
Arabic	2.00	✓	✓	✗	✗
Kalmyk	3.00	✓	✗	✗	✓
Orkhonid Adun	3.00	✓	✓	✗	✗
afon	1.00	✓	✗	✗	✗
afon	5.00	✓	✓	✓	✓
afon	5.00	✓	✓	✓	✓
afon	4.00	✓	✓	✗	✓
afon	4.00	✓	✓	✗	✓
Nurkad	3.00	✓	✓	✗	✗
afon	4.00	✓	✓	✗	✓
afon	4.00	✓	✓	✗	✓

Оқытуда пайдаланылатын Веб-квесттер ақпараттық дағдыларды қолдана отырып, оқушылар бірқатар тапсырмаларды немесе басқатырғыштарды шешуі керек және веб-квесттер жасау қажет. Әрбір тапсырма белгілі бір бағдарламалық құралды немесе Excel бағдарламасында кестелер құру, Python-да код жазу немесе PowerPoint бағдарламасында презентация жасау сияқты ұғымды практикалық қолдану болуы мүмкін. Қосымша ойын тапсырмаларын құрастырып, оқушыларды ойын түрінде мәселелерді шешуге шақырыңыз. Мысалы, олар блоктық бағдарламалауды немесе Scratch немесе Wix сияқты сайт құрастырушыларды пайдаланып ойын бағдарламасын немесе веб-қосымшаны жасай алады. Интерактивті сабақ ретінде оқушыларға информатикаға қатысты әртүрлі рөлдерді ұсынатын рөлдік ойындарды ұйымдастырып, мысалы, бағдарламашылар, веб-сайт дизайнерлері, жүйелік әкімшілер және т.б. олардың нақты мәселелерге тап болып, шешім қабылдау арқылы жұмыс ортасын модельдеуге үйретіп қана қоймай, мәселелерді шешуге дағдыландыруға болады (2 сурет).



Жобалық жұмыс ұйымдастыру арқылы оқушыларды информатикаға қатысты нақты жобалармен жұмыстарды, мысалы, веб-сайт құру, мобильді қосымшаны әзірлеу, деректерді талдау немесе тіпті робот жасауды қолдануға тиімді. Оқушылар жауапкершілікті бөлісу және жоба бойынша бірлесіп жұмыс істеу үшін топтарда жұмыс істей алады. Арнайы қосымша оқыту бағдарламаларының көмегімен балаларды сабаққа қызығушылығын арттырып қана қоймай, тапсырмалардың шынайы өмірмен байланыстыра аласыз (3 сурет).



Қорытындылай келе, информатика сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқушыларды қазіргі цифрлық әлемге дайындауда шешуші рөл атқарады. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар өмірдің әртүрлі салаларында маңызды бола түсуде және олармен тиімді жұмыс істей білу қажетті дағдыға айналуда.

Информатика оқушыларға компьютерлер, бағдарламалау және ақпараттық жүйелер туралы білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың сыни ойлауын, логикалық сауаттылығын және проблемаларды шешу дағдыларын дамытады. Жобалау жұмыстары, ойын тапсырмалары және рөлдік ойындар сияқты интерактивті оқыту әдістері оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді және алған білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, конструктивизм, әлеуметтік-мәдени тәсіл және жеке оқыту сияқты

информатиканы оқытудың әртүрлі тәсілдері мұғалімдерге сабақтарды әр оқушының жеке қажеттіліктері мен оқу стильдеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Информатика сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқушыларды цифрлық дәуірде табысты жұмыс істеу үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың ақпараттық қоғамның белсенді қатысушылары болуына көмектесу арқылы олардың жеке дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: әрекет ету уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek

2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

3. Функционалдық сауаттылықты дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-шаралар жоспары. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>

4. Малев, В.В. Информатиканы оқытудың жалпы әдістемесі: оқу құралы / В.В.Малев. - Воронеж: ВГПУ, 2005. - 271 б. - С. 22.

5. Муродходжаева, Н.С. «Мульти-студиясы» МЕН ӘЛЕМДІ ЖАСАЙМЫН» оқу модулі: оқу-әдістемелік құрал / Н.С. Муродхожаева, В.Н.Пунчик, И.В.Амочаева, И.И.Казунина, В.Ю.Полякова / ред. Ред. Муродходжаева Н.С. - М. : БИНОМ, Білім зертханасы, 2020. - 207 б.



**БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА
САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАР
ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ**

Миркина Орынбасар Куанышбаевна
педагог- шебер

Толисбаева Макбал Мирзабековна
педагог- зерттеуші

**Астана қ., І. Есенберлин атындағы
«№67 гимназия» ШЖҚ МКК
биология пәні мұғалімдері**



Кіріспе сөз

34 сағатқа жоспарланған «Биология сабағындағы сараланған тапсырмалар түрлері» атты авторлық курс бағдарламасы 9 сынып оқушыларына арналған.

Соңғы оқу жылдары биология пәнінен білім сапасының өсу динамикасы төмен болуына байланысты сараптамалар жүргізу нәтижесінде білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында сараланған тапсырмалар құрастыру қажеттілігі туындады.

Бұл жұмыс маңызды және өте күрделі. Сондықтан білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою үшін тиімді құрал қажет.

Қазіргі кезде биологиядан сараланған тапсырмалар қазақ тілінде құрастырылған әдебиеттер немесе мұғалімдерге арналған нұсқаулар өте аз.

Бұл жинақта А, В, С деңгейлі тапсырмалар түрлері сараланып берілген: суретті анықтау, кестені сәйкестендіру, сөздердің бос орнын толықтыру, сөйлемдердің ақиқат немесе жалған, әссе жазу секілді түрлері берілген. Сонымен қатар ерекше білімді қажет

ететін оқушыларға тапсырмалардың жеңілдетілген нұсқалары құрастырылған, ұстаздарға да сабақтан тыс уақытта пайдалану үшін пайдалы көмекші құрал болып табылады.

Тірек сөздер: білімдегі олқылықтар, сараланған тапсырмалар, ерекше білімді қажет ететін оқушылар, білім сапасының динамикасы

Опорные слова: пробелы в знаниях, дифференцированные задания, учащиеся нуждающиеся в особых знаниях, динамика качества знаний

Әдістеме:

Мақаланың нысаны - сараланған әдіс негізінде сабақ жүргізу процесі. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты, биология пәнінде саралап оқыту әдістерін қолдана отырып оқушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай бейімделген тапсырма түрлерін қолдану. Саралап оқытудың негізгі принциптері және олардың биологияны оқытудағы рөлі сипатталған. Сараланған тапсырмалардың мысалдары келтірілген, мысалы, ғылыми жобалар, шағын топтық жұмыстар, жеке тапсырмалар, презентациялар т.б. Бұл жұмыста білім мен қабілет деңгейі әртүрлі оқушылар үшін саралап оқыту әдістерінің пайдасы да қарастырылады, сонымен қатар мұғалімдердің осы әдістерді қолдануда кездесетін қиындықтары сипатталады.

Зерттеу бөлімі:

Зерттеу нысаны ретінде Астана қаласы І. Есенберлин атындағы 67 гимназияның 9-сынып оқушылары алынды. Биология пәнінде саралап оқыту әдістерін қолдана отырып оқушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай бейімделген тапсырма түрлерін қолдану және олардың биологияны оқытудағы рөлі сипатталған.

Саралау – біріншіден, мұғалімнің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруда қолданылатын ресурстардың ішінен ең қажеттісін, маңыздысын, өзектісін, тиімдісін таңдап алу, саралап алу, екіншіден, жоспарланған шараны жүзеге асыру кезіндегі оқушының әрекетін саралау, сол арқылы күтілетін нәтижеге бағыттау болып табылады.

Мұғалімдер «Саралау қай кезде жүзеге асырылады?» деген сұрақты жиі қояды. Саралау сабақты жоспарлаудан басталады:

Сабақтың тақырыбына сәйкес оқу мақсатын оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспардан дұрыс, нақты таңдау.

Оқу мақсатының нақты, шынайы, қолжетімді, өлшенген, уақыты шектеулі болуы, яғни, SMART-қа негізделуі керек.

Оқу мақсатынан сабақ мақсатын нақтылау: оқушылардың барлығы, көпшілігі, кейбіреуі орындай алатын мақсаттарды анықтау.

Ойлау дағдыларының деңгейлерін анықтау: Блум таксономиясына негізделген білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.

Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін нақты құрастыру.

Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмаларды саралап алу. Тапсырмаларды саралауда оқушылардың жас ерекшелігі, қажеттілігі, қабілеті, деңгейлері ескерілуі тиіс.

Тапсырмаларға сәйкес дескрипторды дұрыс, дәл, нақты құрастыру.

Сабақ соңындағы оқушының рефлексиясын ұйымдастыру.

Пәнаралық байланыс, сабақ үдерісінде қолданылатын ақпараттық – коммуникациялық құралдар, ресурстар, қалыптастырушы бағалау жүргізу тәсілдері – барлығы жоспар жасау барысында мұқият сараланып, жан-жақты талдаудан өткізілуі керек.

Әдебиеттер оқытудың ең жақсы нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқыту сапасының маңызды екенін көрсетеді. Мұғалімдер оқу үдерістері мен стратегиялары арқылы оқуды басқарады, бақылайды және алға жылжытады. Сапалы оқыту көбінесе оқушының қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқыту әдістері мен стратегияларын және ең бастысы, оқушылардың жақсы жетістіктеріне ықпал ететін оқу әрекеттері мен процестерін қамтиды. Мысалы, ол оқушыға бағытталған болуы мүмкін және оған балалар үшін тиімді білім алу үшін дұрыс ортаны құру, оқыту стильдерін оқушылардың оқу стильдеріне бейімдеу және оқушылардың оқу қажеттіліктерін қамтамасыз ету кіреді [1].

Саралап оқыту – оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін шешуге және оқушылардың жақсы жетістіктерге жетуге бағытталған білім беру философиясы мен тәсілі. Қазіргі қоғамында білім беру саласы өзінің қарқынды дамуын жалғастыруда. Оқытудың сараланған

тәсілі оқушыларды білім алу жолында мүмкіндігінше алға жылжыту үшін оқыту мен оқу арасындағы алшақтықты толтыруға арналған. Оқытудағы «Саралау тәсілі» ұғымының негізін салушыларды Карл Роджерс, Абрахам Маслоу т.б. гуманистік психология өкілдері деп есептеледі.

Қазіргі уақытта білім берудің жаңартылған мазмұны мұғалімдердің тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер мұғалім тәжірибесін дамытуға бағытталған. Осылайша жоспарлау және оқытуда саралаудың маңыздылығы артуда. Сабақта тапсырма сараланып берілсе алымы нашар оқушы өз күшіне сенімін жоғалтпай, күштілер орташалар қатарына түспей сыныпта алға ілгерілеу жүреді, бүкіл сынып қамтылады.

Дәстүрлі оқытуда оқушылардың жеке қабілеттеріне бейімделу мүмкіндігі аз.

Бағдарлама орташа оқушыға бейімделген. Ал ынтасы, алымы төмен оқушылармен жұмыс істеу, оларды алға ілгерілету үшін не істеу керектігі әрбір мұғалімді мазалайды. Сыныпта сонымен қатар басқа оқушылардан білім, білік, дағдысы бойынша көш ілгері оқушылар отыр. Мұғалімдер сыныптағы алымдары үш түрлі оқушыларды толық қамтуы мүмкін немесе керісінше не ұмытып кетеді, не керісінше соларға көп көңіл бөліп қояды. Бір сыныпта бір бағдарламамен және бір оқулықпен оқи отырып, оқушылар оқу материалын әр түрлі игереді. Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының ішінде осы сабақ мақсаттарын ашатын тапсырмалар берілуі керек.

Саралап оқыту – бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Қазақ зиялы қауым өкілдерінің педагогика саласындағы еңбектерінен және әр түрлі ой-пікірлерінен баланың ерекшеліктері, оның қажеттіліктері турасындағы тұжырымдарын көруге болады. Ахмет Байтұрсынов «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. [1] Мұғалімнің қызметі оның біліміне шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруі мен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру керек», – деп пікір білдірген. «Оқуды саралау» деген ұғымның өзі қазақ даласында болмағанымен, қазақ ғалымдарының еңбектерінен теориялық және тәжірибелік негіздерінің болғанын, сол кезеңнің өзінде әлемдік педагогикадағы жаңалықтарды зерделей отыра, қазақы қырынан ұсынуға тырысқанын көруге болады.

Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған келесі тәсілдерін қарастыруға болады:

- Тапсырма – мұның құрамына білім деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді; оқушылардың қажеттілігіне қарай түрлі кестелерді немесе тапсырмалар жасау; күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалар бар карточкаларды пайдалану.

- Дереккөз – кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дерек көздермен жұмыс істей алады; дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады; баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін.

- Қарқын – кейбір оқушылар басқаларға қарағанда жылдам жұмыс істейдінің қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады; негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі. [2]

Практикалық қолдану

Мысал: 9 сынып, Биология

Сабақтың тақырыбы: «Жасушалық құрылымдар».

Оқу мақсаты: 9.4.2.1 - өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметтерін түсіндіру

Сабақ мақсаттары:

Өсімдік және жануар жасушаларының құрылысын сипаттайды;

Өсімдік және жануар жасушаларының қызметтерін түсіндіреді;

Сабақтың қысқа мерзімді жоспарының ішінде осы сабақ мақсаттарын ашатын тапсырмалар берілуі керек. Материалды игеру деңгейін, оны оқу жылдамдығын (қарқынын) және бақылау тәсілдерін таңдауға оқушыларға ерік бере отырып, нәтижеге жете аламыз. Осылайша, оқушыларды өзгермелі өмірге дайындаудан күтілетін нәтиже

үдерісін шығу үшін мұғалімдерге оқу бағдарламасы шеңберінде шектеліп қалмауға мүмкіндік беретін жаңа дайындық түрі қажет болады. Пән мұғалімі әртүрлі оқушылар үшін тиімді оқу тәжірибесін ұсынып, әр баланы жеке тұлға есебіне де, ұжым мүшесі ретінде де табысқа жетуіне, өз білімі мен дағдыларын дамытуды жалғастыруына көмектесу үшін жұмыс жүргізе алуы қажет.


Бұл биология сабақтарын жоспарлауда оқу мақсаттарын оқушы қажеттіліктеріне қарай саралап жүзеге асыру болып табылады. Енді сабақты жоспарлау барысындағы сараланған тапсырмалар үлгісіне назар аударайық.

«Жасушалық биология» тарауы бойынша берілген сараланған тапсырмалар үлгісі:

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған тапсырма:

1.Төменде берілген жасуша органоидтар атауларын суреттерімен сәйкестендіріп, бос ұяшыққа тасымалдаңыз

Органоидтар	митохондрия	рибосома	Гольджи жиынтығы	центриоль
Суреттері				



А деңгейдегі оқушыларға:

2.Вакуольге тән сипаттамалар:

- А) көбеюге қатысады
- В) сулы ортаны қалыптастырады
- С) газ алмасуды реттеу
- Д) улы токсиндерді ағзадан шығару
- Е) шырынға толы
- Ғ) өсімдіктерге түс береді
- Г) тынысалуды атқарады
- Н) сұйықтықтың қысымын реттейді

В деңгейдегі оқушыларға:

Суретте берілген органоидты анықтап, қызметін сипаттаңыз:



С деңгейдегі оқушыларға

Кестеде берілген органоидтарды қызметтерімен сәйкестендіріңіз

Органоидтар	Сәйкестігі	Қызметтері
1.Вакуоль		А.ақуыз түзіледі
2.Жасушалық мембрана		В. қысымды реттейді
3.Рибосома		С. зат алмасуға қатысады

Ұсыныстар:

Оқушыларға терең білім беру, оқушыны өздігінен жұмыс істеуге бағыттау және білім алуын ынталандыруды жүзеге асыру мақсатында енгізілген курс бағдарламасы 2023-2024 оқу жылы 9 - сыныптарда жүргізілді. Бағдарлама оқушыларды ізденушілікке баулуда, білім мен білігін игертуде қабілеттерін ашып, өзіндік дағдыларын қалыптастыруға көп септігін тигізді. Сондықтан оқу жоспарының вариативтік бөлімінде қосымша сабақ ретінде ұсынылады.

Педагогикалық тәжірибе баланың шығармашылық тұлғасын қалыптастыру контекстінде (білім алушыларда пәндік, метапәндік және жеке нәтижелерді қалыптастыру мүмкіндігімен) тәсілдерді жақсартуға, елеулі байытуға, түбегейлі өзгертуге бағытталған оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Өзгерістердің практикалық нәтижесі оқушылардың шығармашылық даму деңгейінің жоғарылауы оқу нәтижелілігінің артуына әкеледі. [5]

Қорытынды

Қорыта келе, биология сабағында сараланған тапсырмалар беруде тиімді әдістерді қолдану балалар оқу тапсырмаларын өз деңгейі бойынша, қолдау немесе көмек көрсету арқылы орындауына мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың оқуға деген сенімділігі мен ынтасын арттырады. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» - деген кеңесін Ахмет Байтұрсынов «... әр әдіс өз орнында жақсы», - деп өрбітеді. [1]

Сондықтан да мұғалімдер мен оқытушыларға әдіс-тәсілдерді барынша көбірек білу артық етпейді деп ойлаймын. Сондай-ақ, мұғалімдерге саралаудың белгілі тәсілдері: тапсырма, дереккөздер, жіктеу, қарқын, қорытынды, диалог және қолдау көрсету тағы басқаларын да жоспарлау және де сабақ барысында барынша түрлендіріп қолдана алуына да мүмкіндік туғызады. Себебі, көптеген жағдайда аталған саралау тәсілдерін түсіну және жүзеге асыру мұғалімдер үшін қиынға соғып отырады. Жоғарыда келтірілген мысалдар, әдіс-тәсілдер бұл қатып қалған қағида емес. Мұғалім әр уақытта ізденісте болуы қажет дейді көпшілігі. Сондықтан да үлгі ретінде пайдаланып, мұғалімдердің өздерін ізденіске бастайды деген ойдамын. Мұғалім тікелей қолданғаннан гөрі өз ойымен топшалап, өзіндік жолын таба алса нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992. 442б.
2. Саралап оқыту ауыл мектебінде сабаққа қызығушылықты тәрбиелеу құралы. Қашықтықтағы семинар. 14 қаңтар 2011 жыл. <https://burabay.akmoedu.kz/documents/view/F9D97E1FB2988BAA.html>
3. «Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында). Негізгі орта білім беру (5-9 сыныптар)
4. Күрделендірілген тапсырмалармен таныстыру. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы, 3 апта, 5 күн материалдарынан.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ. ПШО, 2016. 14. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова. Педагогика. Оқу құралы. Алматы. Дарын. 2004. 448 бет.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Биология» пәндері бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «НЗМ» ДББҰ. ПШО, 2017.
7. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдері. Оқудың жеке тұлғаға 67 бағытталуының он тәсілі. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы. 3 апта, 5 күн материалынан.
8. Ж.Әбиева, С.Бабаев, А.Құдияров. Педагогика. Оқу құралы. Алматы. Дарын. 2004.448б.



ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ,СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Рахметова Төлеу Орынбасаровна
Астана қаласы әкімдігінің
«Ілияс Есенберлин атындағы
№67 гимназия» шаруашылық жүргізу
құқығындағы МКК
бастауыш сынып мұғалімі

Адамның сөйлеуі-мәнерлікті көрсететін ерекше бай мұра.Дауыстың өзі сөйлеушінің көңіл-күйін көрсетеді. Адамның жан дүниесін айқындауда сөйлеудің мүмкіндігі шексіз. Ой қалай сөйлеуге,сөйлеу қалай ойға айналады деген сұрау ғылыми зерттеудің түпкілікті терең анықтайтын мәселесі. Қазіргі кезде білім беру саласының негізгі мақсаты-тәрбиелі де,білімлі,өз өзіне сенімді,жаңаша тәуелсіз ойлай алатын,өзіндік шешім қабылдай білетін,жауапкершілігі мол тұлға қалыптастыру.

Осы мақсатты жүзеге асыру баланың білім игеру кезінде өзіндік іс-әрекеттері мен ізденуін белсендіріп,шығармашыл қабілетін дамыту арқылы шешіlmек.

Оқу мен жазу арқылы тіл шеберлігін дамыту-қазіргі мектептің оқыту ісіндегі ең басты мәселе,яғни тіл мен сөйлеу процесін дифференциялды қарастыра отырып оқыту. Жан-жақты танымдық қабілетін дамыту. Тіл байлығын дамыту (шығармашылық қабілетіe дамыту,шығарманы талдау)

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына арнайы тақырыптар бөліп жұмыс жасадым.

1. Қазақтың мақал-мәтелдерін,жұмбақтарын,жаңылтпаштарын оқыту.
2. Жұмбақ,мақал-мәтелдерді жинақтап кітапша жасауға үйрету.
3. Шешен сөздер үйрету.
4. Ертегі,әңгімелерді бейнелеп көрсете білуге үйрету.
5. Табиғатқа,суреттерге қарап әңгіме құрап жазуға үйрету.
6. Шығармадағы ұнамды,ұнамсыз кейіпкерлерге мінездеме беруге үйрету.

Өзектілігі: Оқушылардың жасырын,тереңде жатқан қабілеттерін ашады. Мұғалім Әдебиеттік оқу,ана тілі,дүниетану сабақтарында жүйелі үйретудің әдіс-тәсілдерін нақтылайды.

Мақсаты: Оқушылардың оқу және жазу арқылы ойлау,сөйлеу қабілетін дамыта отырып,шығармашылық,ізденіс дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері

- Бастауыш сынып оқушыларына тіл шеберлігін дамыту жолдарын қалыптастыру.
- Өз бетімен қорытынды шығара білуге үйрету.
- Өз сезімін,ойын дұрыс жаза білу дағдыларын қалыптастыру.



1 сабаққа рефлексивтік есеп.

Менің зерттеу тақырыбым: Нақтылау сұрақтары арқылы оқушылардың сөздік қорын қалай дамытамын?

Мен сабаққа жоспар құрмас бұрын өзіме үлкен мақсат қойдым. Ол-үйренген әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне тиімді пайдалану және оқушылардың өздігінен білім алып, ізденушілік қабілеттерін дамытып, қызығушылығын арттыруға ат салысу, үлгерімі төмен оқушыларды үлгерімі жақсы оқушылардың санатына қосу. Әр ұстаз өзінің жұмысын шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіріп, әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланса нәтижеге жетері сөзсіз. Алған білімдерімді сабақ беруде жақсы қолданып келемін. Мен өзімнің 4 «Б» сыныбында дүниетану пәнінен «ауа-жердің қорғаны. Ауаны қорғау» тақырыбында өткен сабағыма тоқталғым келеді.

Сабағымның мақсаты: Ауаның тіршілік үшін маңызды екенін түсіндіру. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында: «Көзді жұмып жақсы тілек ойлау және көзді ашып жақсы тілектер мен сәттілік тілеу» тренингі арқылы сыныпта жақсы ахуал қалыптастырдым. Одан әрі көк, қызыл, сары түстерді қолдана отырып, топқа бөлдім. Оқушыларға жұмбақтың жауабын тапқызып, ауа сөзін үш тілде айтуды тапсырдым. Оқушыларға ауа туралы сұрақтар қойдым.

1. Ауа туралы не білеміз?

2. Ауа қандай?

Сұрақтарға жауап бере отырып, Т- кестесімен жұмыс жасаттым. Оқушылар ауа туралы білетіндерін жазып, не білгісі келетіндерін жазды. Оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, бірнеше тәжірибелер жасап көрсеттім және өздеріне жасаттым. Слайд, видео көрсеттім. Ауаның құрамы мен оның қасиеттерін алғаш зерттеген ғалымдар: Джозеф Пристли мен Антуан Лавузьемен таныстырдым. Тақырыпқа сай нақтылау сұрақтарын бере отырып пікірталас жүргіздім.

Пікірталас сұрақтары:

1. Ауа таза болу керек пе?

2. Адам ауаны неге ластамау керек? Осы пікірді қалай түсінесің?

Пікірталасқа оқушылар қызыға қатысты. Сұрақтарға жауап іздеп өз ойларын, пікірін ортаға салды. Одан кейін оқулықтағы мәтін бойынша әр топқа тапсырма бердім.

1-топ: Ауаның құрамы туралы.

2-топ: Улы заттар, ауаны ластау.

3-топ: Ауаны қорғау туралы

Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларын орындап, мәтінді талдап, өз түсінгендерін айтты және бір-біріне сұрақтар беру арқылы толықтырып отырды.

«Шеңбердегі ақпарат» (Әр топқа тапсырма)

1-топ: «Ойлан есте сақта!»

2-топ: «Себеп және салдар»

3-топ: «Ауаны қорғайық!»

Бұл тапсырмада әр топ өздеріне берілген тапсырманы іздене отырып орындады. Постер жасап, өз жұмыстарын қорғады.

«Автор орындығы» (Қоршаған орта министрі)

Тілші қоршаған министріне нақты сұрақтар бере отырып, ауаны ластамау жолдары, оның тіршілік үшін маңызды екендігі туралы айтылды. Оқушылар автор орындығында отырып, өте қызығушылықпен қатысты және тақырып туралы толық түсінік алды. Сабақты бекіту, бағалау мақсатында тест тапсырмалаы берілді.

Бағалау балдық жүйемен дескриптор арқылы жасалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ж. Дәулетбекова «Оқушылардың тілін дамыту жолдары» Алматы Рауан 2000 ж
2. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару» Алматы, 2014
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. Астана, 2014
4. Бектаева К.Б «Ана тілі оқулықтарына әдістемелік нұсқау» Алматы, 2014



МӘШҲҮР - ЖҮСІП ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ

Сагындыкова Дамира Тлегеновна
І. Есенберлин атындағы №67 гимназия, қазақ тілі
мен әдебиеті мұғалімі,
педагог - зерттеуші

Аннотация. Мақалада Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының қазақ фольклорына қосқан үлесі сараланады. Фольклор үлгілерін қашаннан бастап қалай жинағанына тоқталып және бізге қалай жеткенін нақты тарихи-ғылыми деректер арқылы дәлелдедік. Фольклордың сыр-сипатын зерттеп, саралай білген фольклорист-ғалымның ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы әдіс-тәсілдеріне, ерекшеліктеріне тоқталдық.

Аннотация. В статье анализируется вклад Машхур-Жусупа Копеевича в казахский фольклор. Мы остановились на том, как с самого начала собирали образцы фольклора, и доказали, как они дошли до нас, с помощью конкретных историко-научных данных. Мы остановились на методиках, особенностях сбора образцов устной литературы ученого-фольклориста, который исследовал и различал природу фольклора.

Қазақ фольклорын жинау мен оның тарихын зерттеу кенжелеп қолға алынған сала. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының қазақ фольклорына қосқан үлесі орасан зор. Ақынның жинаған материалдарының біраз бөлігін алғашқы қазақ газеті «Дала уалаяты газеті» (1889-1900) бетінде жариялаған. Соның нәтижесінде ақынның тірі күнінің өзінде-ақ оның жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік т.б. еңбектерін алғашқы бағалаған пікірлер де осы аты аталған басылымдарда орын алды.

Мәшһүр-Жүсіп 5 жасында Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен, кейін 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. Қамариддиннің Шығыс мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетін кең білуі және насихаттауы – бәрі болашақ ақынға үлкен ықпал еткен [1, 16]. 15 жасынан бастап өлең жаза бастаған Мәшһүр-Жүсіп өмірінде үш рет (1887, 1895, 1907) Бұхар, Ташкент, Түркістан жаққа барып, әрі білімін толықтырып, әрі жолшыбай ел аралап, ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін жинастырумен болады. Сол сапарларында: Қарқаралы дуанында қажыға бірнеше рет барған Жүсіп қажы, Бердалы қожа, Атбасар дуанында Мейрам қажы Жанайдарұлы, Қоңырқұлжа, Жәңгір төре, Саққұлақ шешен, Сыздық төре Кенесарыұлы, Ақан сері, Майлықожа т.б. ел тарихын жақсы білетін атақты адамдармен жолығып, олардан естігендерін қағазға түсірумен айналысқан.

1907 жылы Қазан қаласында үш кітабын шығарған. Олар: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз». Мәшһүр-Жүсіп кейін ол шығармалары үшін 1912 жылдан бастап қудалана бастағанда, өзінің жинаушылық жұмысын тоқтатпайды. Мәшһүр-Жүсіп «Дала уалаяты газетіне» көптеген материалдар ұсынып отырған.

Жалпы, Мәшһүр-Жүсіп жинаған материалдар, негізінен 3 жазбада жинақталған. Біріншісі – Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы. Оның көбісі кезінде жоғалып кеткен. Бізге жеткен материалдардың біраз бөлігі Ғылым академиясының кітапханасында, ал қалғаны Мәшһүр ұрпақтарында «әулеттік архив» күйінде сақтаулы. Екіншісі – Мәшһүр-Жүсіптің туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлының жазбалары. Олардың ішінде ақынның өз қолжазбасынан көшірілгендері де, әр кезде ел аузынан жинап алғандары да бар. Үшіншісі Мәшһүр-Жүсіптің кенже ұлы Фазыл нұсқалары. Ол кісі де біразын әкесінің жазбаларынан көшіріп, біразын ел аузынан жинаған [2, 84].

Мәшһүр-Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің жанрлар құрамы: миф, хикая, тұрмыс-салт жырлары, эпос, ертегі, мақал-мәтел, айтыс т.б. Оның басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттарына («Ой түндік белеңде деген қай жерде»);

әулиелер («Шайқы Бұрқы әулие», «Талмас ата әулие», «Болған ана мен Белең ата» т.б.); тарихи адамдар («Асан Қайғы»); пайғамбарлар («Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа», «Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз», «Нұх пайғамбар мен бір кемпір» т.б.) болып келеді.

Мәшһүрдің Сүлеймен пайғамбарға байланысты жазып алған хикаяттары да көңіл бөлерлік. Белгілі фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов өзінің «Казахская сказочная проза» еңбегінде Сүлейменге байланысты хикаяттардың ел арасында негізінен үш сюжет төңірегінде құрылатынын, тәрбиелік мәнде екенін көрсеткен [3, 125]. Мәшһүр жазбаларындағы «Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа» атты хикаятты өз алдына төртінші сюжет желісі деп атауға да болады. Шығыс аңыз-әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы көп айтылатындығы белгілі. Ғалым А.Қыраубаева «Рабғузи қиссасында» да осы тәрізді бірнеше әңгіме бар дегенді айтады: «Бұл сияқты мысал әңгімелерде жан-жануарлардың жанды-жансыз нәрселерді бір-бірімен сөйлесу арқылы түрлі мінез-құлықтары ашылады. ...Фольклорда, қазіргі жазба әдебиетімізде мол тараған ертегі, мысал, әңгіме, өлеңдердің терең тамырлары міне осындай үлгілер деуге болады» [4, 56] – дейді де, сол аңыздардың ішінде «Сүлейменді сөзбен жеңген құмырсқа» хикаясына тоқталады. Бұл хикая сюжет желісі жағынан Мәшһүр-Жүсіптің үлгісімен ұқсас болғанымен, ақын нұсқасының өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Біріншіден, хикаяда Сүлеймен мен құмырсқа арасындағы айтыс «Жүзік» әңгімесі тұсында тәмамдалса, ал Мәшһүр-Жүсіп жазбасында сюжет әрі қарай құмырсқаның қамалуы, босануы және кейінгі патшаларға ақылшы болып тағайындалуы тұрғысынан өрбиді. Үшіншіден, Рабғузиде Сүлеймен мен құмырсқа арасындағы сөз тартысы қысқа, бір-екі сөйлем мөлшерінде бітеді. Мәшһүр-Жүсіпте, керісінше пікір сайысы ұзаққа созылады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазқа түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысы т.б. жинағаны белгілі. Мәшһүр-Жүсіп ел арасынан «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Сайын батыр», «Нәрік ұлы Шора батыр» т.б. тәрізді батырлар жырларын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» т.б. лиро-эпос жырларды жазып алған. «Бозторғай» – 460 жолдан, «Дін үйренетұғын» – 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін тұңғыш қағазға түсірген В.В. Радлов екендігін де Мәшһүр-Жүсіп көрсетіп кеткен. Мәшһүр-Жүсіп ел арасынан түрлі ертегілер де жинаған: «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шубырынды Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Алаша хан», «Жеті жасар Желкідек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» т.б.

Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны мәлім. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист - ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымай ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Себебі, мақал-мәтелдер дайын күйінде жеке дара кездеспейді. Оларды айтушының не ауызекі сөзінен, не қолжазбалар ішінен, туындылар арасынан іздеп табу арқылы қағазға түсіру қажеттігі аян.

Мәшһүр-Жүсіп сондай-ақ ақындар айтысының небір тың үлгілерін де жинаған. Мәселен, «Ұлбике қыз бен Күдері Қожа айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Соқыр Шөже мен Каракесек ақыны Балта айтысы», «Каракесек-Камбар Жанақ пен Найман: Түбек айтысы», «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы» т.б. тәрізді ақындардың айтысы Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларында белгілі бір тәртіпшен, реттілікпен берілген.

Мәшһүр-Жүсіп жазбалары арасында хандар, билер, батырлар туралы т.б. тарихи әңгімелер де аз емес. Мәселен, хандар тарихына қатысты: «Жақсы Ғабдолла хан», «Қоқан хандарының тарихы», «Шайбани хан Әмір нәсілінен», «Кенесары», «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер», «Стамбул халифасы Ғұшман қазы», «Россияға бағынып қараған соң Қасым ұрпағы не себептен бүліншілікке түскен» т.б. деректері және сонымен қатар Абылай хан туралы да жазғандары өте көп. Мұның бәрі Мәшһүр-Жүсіп қалдырған мол мұраның ішінде қазақ фольклорының барлық жанры кең қамтылғанын дәлелдейді.

Мәшһүр-Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған. Мәселен, «Ғылым, білім» кітабы 129 сахифадан; ...«Абылай», «Кенесары», «Наурызбай» әңгімелері – 50; «Бұхар, Қоқан...» – 21; «Қазақ билері» – 90 сахифадан тұрады дей отырып, барлығы 461 сахифаны, яғни бетті құрайтынын өзі жазып көрсеткен[1, 19].

Мәшһүр-Жүсіп халыққа сол кезеңде «не керек» дегендердің барлығын жинай берген. Яғни елінің тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын т. б. жақтарын көрсету – осының бәрі қажет боларын сезініп, неғұрлым ауқымды жұмыстар атқарған. Міне, бұдан біз Мәшһүр-Жүсіптің фольклористік концепциясы оның демократиялық, ағартушылық көзқарастарынан туындағанын көреміз.

Г.Н. Потанин, Ә. Диваев тәрізді зерттеушілер ел арасынан ауыз әдебиеті мен фольклорлық үлгілерді жазып алғанда, жеткізушінің аты-жөнін, нұсқаның қай жерде, тіпті қай мезгілде хатқа түскенін т. б. қамтитын жалпы жинаушылық талаптарды орындағаны белгілі. Мұндай шарттарды Мәшһүр-Жүсіп те ұстанған. Әйткенмен, ақынның өзіндік жинаушылық ерекшелігі де бар. Мәселен, ол кісі қолжазбаларының кей жерлерінде фольклорлық шығарманы айтушының есімін кейде не сөз арасы, не тексттің ішінде кіріктіріп жазып кетуді машық еткен. Ондағы себебі фольклорлық үлгіні жеткізушінің есімі ел жадында ұмытылмай, жазылған мәтінмен бірге айтылып жүрсін деген ойдан туындаған. Бұлай дейтініміз: әдетте фольклористика ғылымында фольклорлық үлгінің жазылып алыну паспорты не шығарма басында, не аяғында беріледі. Себебі бұл дүниелерді отырықшы елдер баспа арқылы кітап етіп тез шығарады. Ал, баспалары кешендеп пайда бола бастаған ол кездегі қазақ елі арасында шығармалардың кітап күйінен гөрі көбіне қолжазбалар түрінде кең тарағаны белгілі. Көшіп-қонуда жүрген ел ішінде қолдан-қолға жиі өткен қолжазбалар бір-бірімен араласпасына, тіпті беттерінің жоғалып кетпеуіне ешқандай кепіл жоқ екені аян. Сол себепті Мәшһүрдің мұндай жинаушылық ерекшелігін фольклористика ғылымында қосқан өзіндік үлесі деп бағалауымыз керек.

Мәшһүр-Жүсіп біраз фольклор үлгілерін басқа адамдар қолжазбаларынан, көне кітаптардан алғандығын да көрсетіп отырған. Мәселен, өмірбаяндық деректерінде Ақмола дуанының тұрғыны Мейрам Жанайдарұлы үйінде Мәшһүрдің өзі көп уақыт тұрғаны, қолжазбаларын ақтарғаны, әдеби мұра сөздерін зерттегені өрнектелген. Енді бірде ақынның Мұса Шорман баласы Сәкен ағайдан іші әңгімеге толы қолжазбаны қалап алғаны сөз болады. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп «Қазақ түбі» деген әңгімесіне Әбілғазы Баһадүр хан шежіресін пайдаланғанын айтса, қазақ мақалдарының біразын «Құран Кәрімнен» «Пайғамбар сөзі», «Шіп Алутиң мен Алайман» тәрізді әңгімелерді «Хадис-Шарифтан» алғандығын көрсеткен. Сондай-ақ осы қолжазба ішінде Мәшһүрдің: «Шәкәрім шежіресінен Тобықтыны жазып алдым» дегені де бар.

Сонымен, Мәшһүр-Жүсіп жинаушылығы үш түрде, үш әдісте жүрген: 1) көбінесе ауызша айтылғанды сөзбе-сөз немесе тыңдау негізінде хатқа түсіру; 2) ел ішіндегі қолжазбаларды пайдалану; 3) ара-тұра ертеректе шыққан кітаптардан көшіріп алу.

Мәшһүр-Жүсіптің фольклорист-ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар: бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы; екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі; үшіншісі – батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялылары әсері.

Мәшһүр-Жүсіп түсініктемесі көбіне тарихилығымен, шынайылығымен көңіл бөлгізеді. Мәселен, Шоң биге байланысты әңгімесінде мынандай дерек бар: «Айдабол: Поштай баласы Кұсайын, Қаракесек; Алшынбай баласы Қақабай, Қаржас; Еркебұлан баласы Жантемір-Шоң өлген жылы туған балалар. Осы айтылғандардың жиырма бес мүшелінде туған Мәшһүр-Жүсіп өзінен жиырма бес жыл бұрын өлген Шоңның қасында бірге жүргендей ме, қалай?» [2, 36].

Мәшһүр-Жүсіптің фольклорды этнографиялық мәліметтердің көзі деп қарастыруына көңіл бөлген жөн. Яғни белгілі бір халықтардың шығу тегіне, рулық құрамына, қоныс аударуына, қалыптасуына, тіпті олардың тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған табиғи ортасына, киетін киімдері мен кәсібіне, рухани мәдениетіне т. б. қатысты деректердің Мәшһүр жазбасында молынан ұшырасуы назар аудартады. Мәселен, «Бұл қазақ қай уақыттан үш жүз атанған» әңгімесі ішінде: «Алаш» деген қай ел, не себепті олай айтылғандығы, «Жүз» деген атау қайдан шыққандығы т. б. төңірегіндегі аңызға ақын өз көзқарасын да бірге

берген. Мәшһүр-Жүсіп сонымен бірге: «Бұхарай Шарифтың аят, намаз оқылатұғын зор мешітін Әмір Темір салдырған...»[5, 33], – деген тәрізді тарихи, әрі көлемді түсініктеме беріп те отырған. Мұндай түсініктеме кейде шағын ғылыми мақала іспетті. Мәшһүр-Жүсіптің ел тарихындағы өткен ең өзекті деген тарихи белестерді ұмыттырмауға күш салып, соның бәрі қазақтың ұлт болып қалыптасуына т. б. көмегін тигізеді деп есептеген.

Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында шежірелік сипат басым. Адамның тегін анықтау, руын, ортасын айқындау, яғни кейіпкерлердің туу, өсу-өну, атақ-даңққа ие болу жолдарын нақты көрсету бар. Демек, Мәшһүр-Жүсіп тарихи фольклор мен көркем-қиял фольклордың айырмашылығын айқын білген және өз тұжырымдарында соны ескеріп отырған.

Қорыта айтқанда, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей жерлерін ұзақ аралап, көптеген адамдармен жүздесіп, кімдерден қандай материал алғанын нақты көрсетіп, фольклор үлгілерін жинауы арқылы да, фольклор сыр-сипатын зерттеп, сараптау нәтижесінде де Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қазақ фольклористикасына үлкен үлес қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының фольклоршылық еңбегі: филол. ғылымд. канд. ... дис. авторефераты / Н.Қ. Жүсіпов; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті. – Ақмола, 1998. – 32 б.
2. Көпеев М.Ж. Таңдамалы: екі томдық шығармалар жинағы. 1-том : Өлең, қисса, мысалдар / М.Ж. Көпеев; құрастырған С. Дәуітов; – Алматы: Ғылым, 1990. – 270.
3. Қасқабасов С.А. Казахская сказочная проза. – Алматы: Наука, 1990. – 269 б.
4. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 158 б.
5. Мәшһүр Жүсіп дастандары: оқу құралы / Г.Қ. Жүсіпова. – Павлодар: Павлодар университеті: ЭКО, 2000. – 90 б.

ПРАКТИКА ВВЕДЕНИЯ LESSON STUDY В УЧЕБНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Сарсембаева Альфия Жакуповна
заместитель директора по воспитательной работе,
учитель английского языка КГУ «Школа-лицей №66» г.Караганды

Мыкышева Мейрамкуль Ермековна
заместитель директора по учебной работе,
учитель русского языка и литературы
КГУ «Общеобразовательная школа №91» г.Караганды

Мақалада авторлар Lesson Study тәсілін оқу іс-әрекетіне енгізу тәжірибесімен бөліседі. Бұл зерттеуді әрбір оқушының білім деңгейін арттыруға көмектесетін ынталандырушы өмір сүру ортасын құрудың негізгі құралы ретінде пайдаланудың тиімділігі дәлелденді.

В статье авторы делятся своим опытом внедрения в учебную деятельность подхода Lesson Study. Обосновывается эффективность использования данного исследования в качестве ключевого инструмента для создания стимулирующей среды обитания, способствующей повышению уровня знаний каждого обучающегося.

Lesson Study, или исследование урока, становится все более популярным методом обучения в школах по всему миру. Этот подход к урокам помогает учителям улучшить свои методы преподавания, обеспечивая более эффективное образование для учащихся. Давайте рассмотрим некоторые из преимуществ использования Lesson Study в школьной практике.

В целом, использование Lesson Study в школе имеет множество преимуществ,

которые способствуют улучшению качества образования и развитию профессионального сообщества учителей. Этот подход является ключевым инструментом для создания стимулирующей и поддерживающей среды обучения, в которой учащиеся могут успешно развиваться и достигать своих целей.

В мае 2023 года администрацией школы совместно с руководителями школьного методического объединения решено было внедрить в практику преподавания подход Lesson Study. Тема была взята надпредметная – «Использование ПОПС формулы на уроках». Данная тема должна была способствовать развитию речевых навыков обучающихся и раскрыть умения детей выступать перед аудиторией.

Для исследования были выбраны параллели 5-х, 8-х классов, так как результаты качества знаний в данных классах были немного ниже, чем в других классах. Соответственно были выбраны в каждом классе три учащихся, имеющие низкий, средний и высокий показатели в общеучебных навыках, и выбраны предметы в данных классах – казахский язык и литература, физика и биология.

Был утвержден состав группы учителей.

Согласно правилам Lesson Study, провели заседание творческой группы с целью определения ожидаемых результатов (Таблица 1) и основных правил проведения исследования. Фото 1.



Таблица 1

Ожидаемые результаты		
Ученик А	Ученик В	Ученик С
-примет активное участие на уроке	-примет участие в работе группы	-вместе с группой выполнит задания
-творчески подойдет к выполнению заданий	-сможет рассуждать по теме	-примет участие в обсуждениях
-открыто выскажет свое мнение по теме	-предложит свою точку зрения по теме	-сможет оценить свою работу
-выполнит роль координатора в группе	-самостоятельно выполнит задания	-работа в сотрудничестве даст ему мотивацию к учению
-даст оценку работе	-сможет взять инициативу на себя	-вместе с группой выполнит задания
-примет активное участие на уроке	-оценит свою работу	-примет участие в обсуждениях

Для планирования уроков, их наблюдения, анализа были взяты общие форматы Lesson Study из руководства П. Дадли [3]

2 Был составлен график проведения уроков, уроки выпали на ноябрь 2023 года. Таблица

Таблица 2

Руководитель	Состав группы	Тема урока	Предмет, класс-8А	ФИО учителя	Дата проведения, время проведения
Мыкышева М.Е. Сарсембаева А.Ж.	Алимсакова Л.А. Ахтай А.Ф.	Қанның құрамы мен қызметі	Биология	Алимсакова Л.А.	13.11.2023, шестой урок
Мыкышева М.Е. Сарсембаева А.Ж.	Амирбекова П.Т.	Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	Физика	Ахтай А.Ф.	17.11.2023, пятый урок
Мыкышева М.Е. Сарсембаева А.Ж.		Инженер болғын келе ме?	Қазақ тілі	Амирбекова П.Т.	23.11.2023, шестой урок

В данной статье приведем примеры из опыта работы группы №1. Первым был урок биологии. Он прошел 13.11.2023 года. Урок был спланирован совместно с членами группы, расписан по этапам, время было распределено. Но в связи с тем, что это был первый урок, в детях чувствовалась скованность, неумение твердо излагать свои мысли, приводить примеры, делать выводы. Некоторые задания учащиеся не успели выполнить, так как очень долго работали над их выполнением. Фото 2



Все эти замечания были учтены нами при составлении второго урока. Фото 3



Второй урок прошел 17 ноября 2023 года. На втором уроке более раскрылись мальчики 8А класса. Один из исследуемых учащихся хорошо проявил себя при устном ответе, но затруднился при письменном. Другой ученик из уровня В проявил тьюторские способности. Была ситуация, когда одно задание долго не могли понять учащиеся всего класса, что заняло больше времени, чем мы указывали. Ответы некоторых детей превзошли ожидаемые нами результаты и, конечно же, нас обрадовали. Фото 4



При последующем планировании мы пересмотрели наши возможные ожидания к последующему уроку.

После каждого урока проводился опрос исследуемых учащихся, который помогал нам перестроить планирование в соответствии с пожеланиями опрашиваемых.

На последующих третьих, четвертых уроках ребята вели себя более раскрепощенно, чувствовали уверенность, знали, как отвечать, работали по заданному алгоритму, и на этих уроках уже смогли пройти запланированные членами группы этапы урока. Фото 5



Таким образом, введение в урок подхода Lesson study помогло нам развить в учащихся 8А класса навыки говорения и письма. Все учащиеся данного класса овладели интерактивным приемом обратной связи ПОПС формулой. На основе этого приема научились строить свою речь кратко, лаконично и аргументированно.

Перечень использованных источников:

1. Lesson study – исследование урока с целью повышения качества преподавания и обучения [Электронный ресурс]. Режим доступа [http:// www.orley-kost.kz/index.php/ru/razvitie/issledo/1125-lesson-study](http://www.orley-kost.kz/index.php/ru/razvitie/issledo/1125-lesson-study)
2. Руководство для учителя. Третий базовый уровень. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.
3. Пит Дадли. Lesson Study: руководство, 2011.

С.ТОРАҒЫРҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАН КӨРІНІСІ

**Астана қ., әкімдігінің Ілияс Есенберлин атындағы «№67 гимназия»
Смагулова Сандугаш Женисовна қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі, педагог-сарапшы**

Заманның шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы мен ой-арманының дәлелі.

Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады. «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдары қазақ әдебиетінің даму тарихынан елеулі орын алады. Көркем прозаның туу, қалыптасу кезеңінің бастауында дүниеге келген бұл романдарда өз заманының ащы шындығы суреттелді. Сол дәуірдегі әйелдердің бас бостандығы, әділетсіздік мәселелері мен жаңа психология арасындағы тартысты, адамдардың түсінік-танымындағы кереғар құбылыстарды бейнелеу арқыл туған халқының болашағы туралы толғанады. 1914 жылы ең үздік туындысы «Қамар сұлу» романы жарық көреді. Роман қазақ әдебиетінде мәні зор туындылардың бірі. Жазушы романын басшылыққа ала отырып басқада ақын – жазушылардың шығармаларымен салыстыра отырып, кейіпкерлер портретін, мінез – қылығын сол сияқты тағы басқа қырынан ашуды жөн көрді. Бұл тұрғыдан оны әлеуметтік роман есебінде қарауға әбден болады. Автор роман сюжетін қазақ әйелінің теңсіздіктегі күйін көрсетуге құрғанмен, сол оқиғаға байланысты бүкіл қазақ тіршілігін, ұғым-нанымын терең бейнелейді, ескі ауылды құрт аурудай жайлап есеңгіреткен, тоздырып

бара жатқан әдет-ғұрыптың кертартпа жақтарын әшкерелейді. Осыған жалғас жазылған «Кім жазықты?» романы да өз дәуірі туралы толғанысын тереңдете ашуға арналады. 1916 жылы «Кім жазықты?» өлеңдер желісінде құралған романды жазумен өтеді. Мұнда ол қазақ қоғамы жайлы ойларын ел тағдырын ұстап тұрған белді адамдардың бейнесі арқылы көрсетеді, олардың өмір жолы, тәрбиесі, ісі, мінез – құлқы жан – жақты суреттеледі. Жасынан тәрбиесіз өскен бай баласы Әжібайдың жеке өмірі де, қызметі де халық көңілінен шыға алмайды. Ол зорлық – зомбылықты, қара күшті жақтап, өзі тектес әділдермен байланыс жасап, іргесі шайқалған шаруасын реттеуге, ауылға кіре бастаған жаңалықтарды өршітпеуге, тіпті қуып шығуға күш салады. Әжібайды жеке адам ғана емес, қазақ қоғамын салмағымен басып қорғап, жанаруына бөгет болып отырған ауыртпалықтың жиынтық бейнесіне көтереді. Бұл романдар – дәуір тақырыбын тап баса білген жаңашыл шығармалар. Мәселе – заманның рухын, заман сырын аңғартар тұстарды да дәл басып, оған тән белгілерді айқындауда. XX ғасырдың басындағы қазақ ауылы өмірін, ескішілдік жайлап тозып, іріп бара жатқан салт – сананың көріністері суреттелген іргелі туындылар, ол көпті қинаған шындықты ашынып, батыл, ашық айтып, онымен күреске шықты. Бұл – шындықтың ең бір биікке көтерілген тұсы. Мұның бәрі жаңа жол – «шындықтың аулын іздеуге» ұмтылуының заңдылығын көрсетеді. Шығармашылық мұрасы оқиғаларға, қазақ жеріндегі өзгерістерге өзінің азаматтық, ақындық үнін қосқан талантты қазақ ақындарының бірі болды. Ақын өмір сүрген тарихи кезең алапат сілкіністер мен төңкерістер заманы еді. Сол себепті де ойсанасы ерте оянды. Жасынан жетімдік пен жоқшылықтың қиындығын көп көрген ол айналасына сергек қарады. Алдына биік-биік мақсаттар қойды. Соған жетуді ойлады. Ілгері ұмтылды. Оқуға, білуге құштар болды. Мақсатын, жүрек қалауын қашанда ашық айтты, ақынның барлық саналы өмірі шындыққа, әділетті заманына жетсем, жақсылықты көрсем, халқыма осы жолда қызмет етсем деген ізгі арманның жетегінде өтті. Сол жолда өзінің қиналатынын, шаршайтынын, адасатынын сезсе де, қайраткер ақын оның бәріне көнуге өзіне-өзі серт береді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында осындай жігермен алға ұмтылған ол туған халқының тарихындағы от жүректі ақын әрі қоғам қайраткері, ұлтын шексіз сүйген азамат дәрежесіне көтерілді.

Коммуникация	1. Метод «Здороваемся глазами» Учитель предлагает ученикам поздороваться. Но поздороваться не словами, а молча - глазами. При этом надо глазами показать, какое у вас сегодня настроение. 2. Умение задавать вопросы. Ребенку предлагается задавать как можно больше вопросов по заданной теме. 3. Метод «Ромашка». Дети отрывают лепестки ромашки, за тем передают разноцветные листы по кругу и отвечают на главные вопросы, относящиеся к теме урока, записанные на обратной стороне.

	4. Упражнение «Комплименты» Дети становятся в круг. Глядя в глаза друг другу, говорят несколько слов, хвалят за то, как они работали на уроке, желают дальнейших успехов.
Командная работа	1. Метод «На линии огня» Участники делятся на две группы. Группы начинают дискуссию по предлагаемому вопросу. Одна группа отвечает за аргументы «за», другая за аргументы «против». Каждая группа старается убедить друг друга в своей правоте. 2. Метод «Картинная галерея» Учитель предлагает, вместо кисточек и красок – <u>пазлы</u>, из которых нужно будет собрать картину. При этом учитель объясняет, что некоторые <u>пазлы</u> лишние, и чтобы собрать картину, необходимо выполнить задания (ученики получают листы с заданиями). На обратной стороне <u>пазла</u> написаны ответы. По окончании работы, группы представляют свои результаты. Образуется своеобразная выставка картин-работ.

Для успешного внедрения новых технологий в школе, необходимо иметь возможность учителям делиться результатами своей работы с коллегами, особенно, практик преподавания, для этого очень полезно будет сформировать методическую базу: отрывки видеоуроков, презентаций PowerPoint с фото, разработок уроков, интервью учеников. Все это будет стимулировать учителей к профессиональному общению и росту.

Список использованной литературы

1. UNESCO. School and teaching practices for twenty-first century challenges: lessons from the Asia-Pacific region, regional synthesis report. – 2016. [Электронный ресурс]: URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000244022.locale=ru>
2. Гулевич О.А. Психология коммуникации. – М., 2007
3. Пинская М., Михайлова А., Компетенции «4К»: формирование и оценка на уроке: Практические рекомендации. – М.: Корпорация «Российский учебник», 2019.
4. Пинская М., Улановская И. Новые формы оценивания. Начальная школа. ФГОС. – М.: Просвещение, 2016.
5. Сборник активных методов обучения [Электронный ресурс]: <https://infourok.ru/sbornik-aktivnih-metodov-obucheniya-1787876.html>
6. Шадриков В.Д. Психология деятельности и способности человека: учебное пособие -2-изд., перераб. И доп. – М.: Логос, 1996.

ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕ БІР ЖАНРЫ – ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Астана қаласы әкімдігінің
«Смағұл Сәдуақасұлы атындағы
№78 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның директоры
К. Е. Жангазакова



Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры - шешендік өнер. Қазақ халқының өмір сүру ерекшелігі мен ұлт болып ұйысу тарихына зер салатын болсақ, тұнып тұрған мол қазынаға қарқ боламыз. Қазақтың барлық болмысы, таным-түйсігі тікелей осы өнерге байланған. Ал шешендік – біздің атам заманнан бері сүйгімізге біте қайнасқан, көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнеріміз. «Шешен сөзі» сөз болғанда ұлтты ұйыстырушы, жол сілтеуші, бағыт-бағдар нұсқасы асқан дана образы көз алдымызға елестейді, сондықтан шешендік – сирек ұшырасатын қасиет, дарын. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендік өнер өрелі ой, салмақты қисын, қолма-қол тауып айтылатын, суырыпсалма жүрекжарды әділ сөздерге негізделіп шығармашылық сипатымен дараланады. Бұл оның аса даралық сипаты.

Түп-тұқиянымыздан қанымызда бар қасиетті бүгінгі күні мектеп жасындағы оқушыларды сол шешендік өнерге баулудың маңызы зор. Қазақ халқы шешендік өнерді аса құрметпен бағалағандықтан, бастауыш сынып оқушыларын ата-баба ізімен қисынын тауып сөйлеуге бейімдеп, тілдерін дамыта түсу, олардың үлгілі-өнегесін бойларына дарыту басты мақсат. Құнды, асыл мұра екендігін саналарына жеткізу. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», - дейді Мұхтар Әуезов. Бесіктен басталған тәрбиенің бірден-бірі қазақ ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі аңыз-әңгімелерден, өлең-жыр, мақал-мәтелдердің орны ерекше екендігін жеткізу.

Бұл бағдарлама жалпы білім берудің бастауыш сыныптарға мемлекеттік білім беру стандарты негізінде, әрбір қазақ баласының рухани-адамгершілік дамуы мен жеке тұлғаны тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде әзірленді. Әдебиеттік оқу – бастауыш сынып оқушыларын оқытудағы негізгі пәндердің бірі. Жалпы оқу дағдысын және мәтінмен жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын оятып, олардың ақыл-ой дамуына рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбиесіне ықпал етеді.

«Шешендік өнер» курс бағдарламасын бастауыш сынып оқушыларының білім беру жүйесіндегі базалық дағды ретінде саналы, мәнерлеп оқуды меңгеру, әр түрлі мәтіндермен жұмыс жасауды, еркін сөйлеуді жетілдіру. Оқуға және кітапқа деген қызығушылықтарын дамыту, оқырмандық ой-өрісін қалыптастыру және кітап таңдау мен дербес оқырмандық қызмет

тәжірибесін жинақтау. Данышпан халқымыздың басты байлығы – өте көнеден тасқа қашалып жазылған ескерткіштеріміздегі киелі таңбалардан бастау алған қара қылды қақ жарған би-шешендердің теңіздей терең нақылдарымен сабақтасып, от ауызды, орақ тілді ақын-жазушылардың қарымды қаламынан туған қанатты сөздерімен толысқан, халқымыздың тілдік қазынасы.

Оқушыларды шешендік өнерге баулудың маңызы өте зор. Қазақ халқы шешендік өнерді аса құрметпен бағалағандықтан бастауыш сыныпта шешендік өнерді оқыту ол оқушының дұрыс сөйлеуін, сөз байланыстарын, сөз қорын молайту болып табылады. Шешендік өнер – терең оймен, шебер тілмен айтылған халық шығармасы. Тапқырлық пен шешендікке үйрететін көркем сөз үлгісі. Шешендік сөзде сөйлеу айшықтары кеңінен қолданылады. Сөйлеу айшықтарына қайталау, риторикалық сұрақ, дауыс ырғағы жатады. Сөйлеу – адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу үшін жұмсалатын тілдік амалдар – сөз тудыру, сөз тіркестері, сөйлем құру ережелері – ұзақ ғасырлар бойында адамдардың пікір алмасу тәжірибесі үстінде қалыптасқан. Ең алдымен «шешен» сөзінің мағынасына тоқтала кетсем, бұл сөз қазақ тілінде ертеден қолданылып келе жатыр. «Шешен» сөзінің мағынасы сөздіктерде «тілмар, тілуар, сөзгер, тапқыр» сөздерімен байланыстырылады. «Шешендік өнер» дегеніміз – белгілі бір уақиғаға байланысты тақырыптық пен көркем тілмен айтылған және оны қорытындылау мен түйіндеуге бағытталған үлгілі ойлар мен тұжырымдар, ойға ұшқыр, сөзге тапқыр, сөйлеуге ұста және білімді адам.

Басынан сансыз ғасырды өткерген ұлтымыздың мәдениетінің негізгі бастауы тым тереңде жатыр. Мәдени-рухани мұраларымыз, жыр-дастандарымыз, құнды сөздеріміз тіл арқылы кейінгі ұрпаққа жетті. Бұл біздің ұлтқа ғана тән ерекше «құймақұлақтық» қасиет болса керек.

Ал бүгінгі тәуелсіздіктің шалқар айдынында еркін тербелген ұл-қыздарымыздың бойына бұл өнерді дарытып, олардың болмыс-бітімін, ірі кесек болуға баулумен қатар, тіл өнерін қастерлеуге бағытталады. Түсіне білсек, шын мәнінде «Шешендік өнер» қазақтың маңдайына біткен бақ деп айта аламын. Ата-бабаларымыз шешен сөйлеуде «қара қылды қақ жарған дара бол» деген сөзін негізге ала отырып, оқушыларымызға шешендіктің қасиетін ұғынып, сөздің де обалы мен қасиеті болатынын түсіндіру. Тұнып тұрған, ағып жатқан бұлақтай таза, мұқиттай терең мәдениетіміз бен рухани байлығымыздың «айнасы» екендігін жеткізу. Айтылар ойдың мазмұнын терең түсіндіру, ойдың салмағын арттыру, айтылған ой жүрекке жетер шуақ екендігін анық ұтымды пайдалануға қарым-қатынас талабына сай болуын үйрету. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылып, қысылтаяң жерден жол табуға негіз болады. Халық мақалдарында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тыңдаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген. Көпшіліктің алдында айтатын ойын шын жүректен айтып, мәселенің мәнін терең түсіне білуі. Ой көркемдігін, сөз мағынасын жазбаша қолданыстарды тыныс белгілерін сауаттылықпен пайдалана білуі керектігін үйрету. Нағыз шешен қандай болу керектігін оқушы бойына сіңіре білсек, көп оқыған, жан-жақты білімі бар, елдегі соңғы жаңалықтардан хабары бар адам болып қалыптасады.

Бұл авторлық бағдарламадағы берілген тақырыптар оқушы бойына ой салып, ұлттық-құндылықтарды бойына сіңіруге үлесі зор. Ауызекі сөйлеу нормаларын сақтап, орфоэпия заңдылықтарын басшылыққа ала

отырып, ойын сауатты құрумен қатар әсерлі, әуезді жеткізу дағдылары да қалыптастырылады. Ол үшін әдебиет сабақтарында шешендік сөздерді меңгерткенде, олардың айтылуы мен жазылуы арасындағы ерекшеліктерді де қамти отырып, мағынасын жете түсіндіру қажет. Асыл сөздерді жаттап өсіп, жаңа ұғымдармен танысады. Мақалдың немесе өлеңнің ұйқастарын таба отырып, берілген қысқаша мәтінді өз ойларымен жалғастыра білуді үйретеді. Сөздерді мақсатқа, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талдап қолдана алады. Оқушы шығармашылығын шыңдайды, танымдық қабілеттерін дамытады, өзіндік ой қорытуға ойын әдеби тілмен өрнектеуге дағдыландырады. Халықтың қанатты сөздерінің мәнін, мағынасын түсініп, одан тәрбие алады. Бастауыш сынып оқушылары қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін жоғарылатады: диалог құру, өз пікірлерін білдіру, сөйлеу міндетіне сәйкес монолог құру, мәтіндердің әртүрлі түрлерімен жұмыс істеу, оқулықтың анықтамалық аппаратын өз бетінше пайдалану, сөздіктерден, анықтамалық кітаптардан және энциклопедиялардан ақпарат табуға машықтанады.

Ұрпақтарымыздың тұлға болуына септігін тигізетін бұл «Шешендік өнер» курсы оқушылардың көркем шығармаларды оқып қана қоймай, оны тұтас өміріне «темірқазық» етеді деген ойдамын. Сондай-ақ, олармен жұмыс мәтіннің сюжеттік-ақпараттық жағын қарастырумен шектелмейді. Оқушы назары көркем шығарманың ауызша-бейнелі табиғатына, автордың кейіпкерлерге және айналасындағы әлемге деген көзқарасына, жазушыны толғандыратын моральдық мәселелерге аударылады. Жас буын поэтикалық сөздің сұлулығын сезінуге, ауызша өнердің бейнесін бағалауға үйренеді. Курс бағдарламасында кітаппен әр түрлі ақпарат көзі ретінде танысу және библиографиялық дағдыларды қалыптастыру қарастырылған.

Шешендік сөздерді меңгертудегі негізгі мақсат: әдебиет пәні арқылы бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне сай таным мүмкіндігін, белсенді сөздік қорын қалыптастырып, сөйлеудің, оның ішінде шешендік сөйлеудің негізін игеріп, қарым-қатынас жасауда қолданып, әңгімелесуге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу және шығармашылық қабілетін дамыту. Сондықтан жас ұрпақты халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерін, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерін жас буынның бойына сіңіру арқылы рухани байлығын қалыптастыру.

«Шешендік өнер» – өзінің зерттеу нысанасы, белгіленген теориясы, сандаған жылдардан бергі тарихы бар пәндердің бірі. Қолданбалы пәндердің қатарына жататын шешендік өнер кешендік білім жүйесін құрайды. Бұл мәнерлі де мазмұнды сөйлеу этикасын жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне қарай жұмсай білу, өз пікірін жеткізу, сендірумен бірге сөз арқылы оқыту, тәрбиелеу мақсаттарын қояды. Шешендік өнер тек құрғақ білімді жатқа білу емес, оның ерекшелігі де сол кез келген ортаның ыңғайына қарай сөйлеушінің өзін ұстай алуы, дұрыс ойын жеткізе алуы десек, аталған шарттар практиканы көп қажет етеді.

Бағдарламада бастауыш сынып оқушыларына «Ағартушы атамыз», «Ғұлама ғалым», «Қылқалам шебері», «Қазақ балуаны», «Пайдалы қазбаларды зерттеуші», Батырлықпен жаны егіз», «Ғарышқа ұшу арманым», «Президент болғым келеді», «Мұражайға саяхат», «Адам көркі – шүберек», Ұлттық ою-өрнектер», «Ұлттық аспаптар», «Айтыс-ұлттық өнер», «Ұлттық билер», «Театрға саяхат», «Мен өнерлі боламын», «Әдемілігімен танылған Ақорда», «Отанымның бас қаласы – Астана», «Еліміздің рәміздері», «Қазақстан қалалары», «Бейбіт елде тұрамын», «Ұлы дала елі», «Ғажайып өлке», «Қазақстаным – мақтанышым», «Ертегілер еліне саяхат», «Халқымыздың

салт-дәстүрі», «Қазақ қолөнері», «Мақал-мәтел айтамын», «Домбыра туралы аңыз», «Қазақ халқының тағамдары», «Ұлттық ойындар ойнаймын», «Ұлт құндылықтарын құрметтеймін» тақырыптар берілген.

Көркем шығармаларды оқу кезінде көркемдік-шығармашылық және танымдық қабілеттерді, эмоционалды жауаптылықты дамыту; Сөзге эстетикалық қатынасты және көркем шығарманы түсіну қабілетін қалыптастыру; Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәжірибесін көркем әдебиет құралдарымен байыту; Ізгілік, достық, шындық және жауапкершілік туралы адамгершілік түсініктерін қалыптастыру; Қазақ халқының даналығы мен дәстүрлі шешендік асыл қазынасын оқыту, мән-мағынасын ашу; Шешендік сөздердің мазмұны мен құрылысына түсініктер беру; Ой зерделігінен туып, халық жүрегіне ұялаған парасатты шешендікті таныту, тарихымызды танытып, ұлттық намысымызды оятып, рухымызды көтеретін би-шешендер сөздерін саралап, жүйелеу барысындағы ой - толғаныстар. Сөз тереңдігін түсініп, бағалай білуге, сұлулық сезіміне баулу; Ата-баба салт-дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу; Отандық мәдениетке және қазақ халқының айналасына топтасқан өзге этностардың да бұл өнерге деген қызығушылығы мен құрмет сезімін арттыра түсу. Шешендік өнер оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес бастауыш сыныпта оқытылуы, шешендік өнерге оқушыларды баулу бағытында би-шешендердің қысқаша өмірбаяндары мен ел аузында қалған өсиет сөздері көркем шығармалардың түрлі жанрлары арқылы берілген.


Қазақ шешендік сөздері – бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, аса бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс. Қазақ елі қаншама ғасырлар бойы сақтаған шешендік өнері - ұлтымыздың асыл мұрасы. Кез келген адам шешен бола алмайды, тек шын жүректен қалап, талмай еңбек етіп, көп ізденсе ғана барлығына қол жеткізуі мүмкін екендігін естен шығармаған жөн. Сондықтан да баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына.

Өйткені тарихты тұлға жасайды. Тұлғаны ұлт өсіреді. Өткенінен өнеге алған ұл-қыздарымыздың өресі биік болмақ. «Өресіздің өрісі тар» дейді халық даналығы. Бұл сөзде дана да шешен, тауып айтатын асыл бабаларымыздан қалған мұра. Келешек, ұлт болашағы алып мұхит болса, сол мұхитқа сапар шегетін біздің ұрпақтың қарым-қабілеті, таным-түйсігі, кісілік келбеті, адами болмысы заманның озық ғылым-техникасымен қаруланып қана қоймай «баба мұрасына» уызынан жарыса ол да ұлттың бағы.

Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөз сөйлеу дағдысынсыз адам өмірін көз алдымызға елестету мүмкін емес, оларсыз адам ғұмыры мағынасыз. Сөз – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, ақпарат алмасу тәсілі, өзге адамның санасына және әрбір қадамына, әрекетіне әсер ету құралы. Сөзді орынды қолдана, құбылта білу өте жоғары бағаланады. Бұл сияқты қабілет – адамның жалпы мәдениетінің, білімділігінің құрамды бөлігі. Бүгінгі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын.

Шешендік – ел келешегі жастардың рухын аспандатар, асқақтатар өнер. Ал қазақтың халықтық рухы орасан. Тек рух сақталса ғана, жастар

рухын оята білгенде ғана халық мерейі, абыройы қаз қалпында болмақ. Рух тұнған тұста ғана қалыптасу үстіндегі тұлғаны тұтандырар, ілгерілетер идея да күшті. Демек, бүгінде жастардың рухын еселеп жандандыра, жаңғырта түсер кешенді ойлы істер ауадай қажет. Ал ел болашағы – қазақ жастарының рухының биіктігі, жоғарылығы – ұлт тәуелсіздігі сақталуының бірден-бір айғағы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, шешендік шежіре-рухани байлық көзі. Халқымызға тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті етер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – еліміздің сенімді келешегі.



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Зуфарова Гулбахар Абдусаматовна
Түркістан облысы Ә. Науаи атындағы №13
мектеп-гимназия

Қазіргі кезде оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесінде педагогикалық технологиялардың сан алуан түрі қолданылады, солардың бірі өзектілігі мен тиімділігін жоғалтпаған топтық оқыту технологиясы.

Топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары:

Игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады. Жаппай оқытуға қарағанда, жаңа ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады.

- Оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады.
- Оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады.
- Өзіне сын көзбен қараушылық артады, сыныптастарымен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай біледі және жақсы бақылай алады. Өмірге қажетті дағдыларға үйренеді.

Топтық жұмыс оқушыларды шығармашыл ойлауға, кез-келген ақпаратты ойластыра отырып талқылауға, өзгелердің пікірлерін түсінуге жетелейді. Топтық жұмысты жасауда ынтымақтастық атмосфера қалыптасады. Топтасу барысында әр оқушы қамтылады. Сынып оқушылары өте жоғары қызығушылықпен кірісіп кетеді, сабаққа деген белсенділігі артады. Сабақ барысында тапсырмаларды өздері талдап, бір шешімге келіп, бір-бірін тыңдап, әрқайсысының пікірі құнды екенін біледі. Сабақта берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылау барысында оқушы өз білгенін өзгеге түсіндіре отырып, өзгенің түсінгенін ой елегінен өткізу арқылы пікір алмасуы, белсенділігі, ойларын толықтыруы, жинақтауы айқын байқалып отырады. Жұппен кішігірім топтармен жұмыс істеуге, ортақ проблемалардың шешімін табуға, талқылауға, жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарауға, жаңалықтар ашуға үйренеді.

Топтық оқытудың қазіргі таңдағы маңыздылығы мен өзектілігіне қарамастан, оның теріс тұстарын да байқауға болады:

1. Шағын топтарда жұмыстанатын оқушылардың мүмкіндіктерін жеткіліксіз бағалау;
2. Топтық оқытуда сыныптағы барлық оқушылардың сабаққа қатысу деңгейін бағалаудың қиындығы;
3. Бірігіп оқыту үдерісінде оқушылардың шамадан тыс шулауы.

Топқа бөлінген оқушылардың тапсырманы орындауда бірдей деңгейде белсенділік танытуын бақылау қиындық туғызады. Оқушылардың барлығы бірдей емес, әрқайсысының өзіне тән мінезі, темпераменті болады, бірі көшбасшылық қасиеті арқылы топты басқарса, ал екіншісі бәсекелестік қасиеті арқылы өзгелермен жарысқа түседі, ал енді бірі тұйық мінезді болып, өзгелермен қарым-қатынасқа көп түспеуі де мүмкін. Сонымен қоса, сыныптастарының арасында танымалдылыққа ие, сабақ үлгерімі озық оқушылар топта жақсы белсенділік көрсетеді және өзгелерге ықпалын көбірек тигізе алады, ал керісінше, осы берілген критерийге сай келмейтін оқушылар топта аз сөйлейді, ұсыныстарды аз айтып, пікірімен сирек бөліседі. Кохен және Лотан есімді ғалымдар, бұл мәселенің шешімі ретінде өзіндік ұсыныстарын білдірген болатын, ең алдымен, мұғалім топтағы әр оқушыны мұқият қадағалағаны абзал, соның ішінде тұйық оқушыларды. Мұғалім берілген топтық тапсырманы орындауда көптеген қабілеттің қажеттігін жиі айтып отыруы керек.

(көпке мәлім, тек бір оқушының бойынан барлық қажетті қабілетті табу қиынға соғады), оған қоса, “бірігіп көтерген жүк жеңіл” - демекші, топқа берілген әр тапсырма бірлікпен шешілуі қажеттігін де айтқан абзал. Тапсырма соңында жақсы көрсеткіш көрсетіп, белсенді болған оқушыларды мақтап қана қоймай, өзге оқушылардың да ерекше қабілетін айтып, басқалардың алдында жиі мақтаңыз. Топ болып біріккен жерде келіспеушіліктердің болуы ғажап емес. Мұндай жағдай туындағанда оқушылар берілген тапсырманы ұмытып, туындаған кикілжіңді шешуге ұмтылуы мүмкін, бұл өз кезегінде топтық жұмыстың уақытын алады. Келіспеушіліктің туындауына себеп болатын жағдайлардың бірі, ол дөрекі қарым-қатынастың болуы. Мәселен, егер де оқушы өзгенің айтқан пікірімен келіспейтін болса, онда “сенің пікірің қате” деп айту дөрекілік болып саналады, оның орнына “Менің ойым өзгеше”, “Мен басқаша ойлаймын”, “Бірге ойланып, бір шешімге келейік” деген секілді жауаптар арадағы түсініспеушіліктердің алдын алады. Ал, бұл ережелермен оқушылар топтық жұмыстың алдында танысқаны абзал. Оқушыларды топтық жұмысқа дайындау өте маңызды. Топтық жұмысты бастаудың алдында мұғалім топта қалай жұмыстану керектігін, қандай ережелерді ұстану қажеттігі мен оқушылардан не талап етілетіндігін нақты көрсеткені абзал. Мәселен, топтық жұмыстың маңызды ережелерінің қатарына: топта белсенділік танытып, өзгелерді мұқият тыңдау, өзгенің ұсынысы мен ойпікіріне конструктивті баға беріп, топтық жұмысты дұрыс бағалауды жатқызуға болады. Кейбір әлеуметтік психологтардың пайымдауынша, топ мүшелері топтағы қарым-қатынас туралы талқылап, топтық жұмысты дамытуда ұсыныстарын ортаға салғаны дұрыс. Себебі, сол арқылы оқушылар топта туындаған мәселелерді шешуге, келесіде оны болдырмауға тырысады. Мұғалім топтағы әр оқушыға рөл беру арқылы топтық жұмыстың тиімділігін арттыра алады. Мәселен, топтың көшбасшысы, ол алынған материалды қорытындылайды, топтағы жұмысты қадағалайды. Топтың белсенді тыңдаушысы топтағы әр оқушының ойын тыңдап, жинаған мәліметтерін саралап, қате тұстарын дұрыстайды.

Топтық жұмыс соңында әр оқушы қандай жетістікке қол жеткізе алады?

- Оқушылардың ой ұшқырлығы пайда болады, бір-біріне деген сенімі артады.
- Оқушы өзінің топта орындалып жатқан жұмыстың маңызды екенін, өз үлесін қосып жатқанын сезінеді.

- Басқа топтардың жұмыстарын тыңдап олардың мүмкіншіліктерін салыстырады.
- Бақылаудың нәтижесінде өте түйық және көшбасшы оқушылар анықталады.

Қорытындылай келе, әрбір сабақта топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді екенін түсіндім. Сабақта оқушылардың белсенділігін дамыту ісі мұғалімнің шығармашылық деңгейіне, шеберлігіне байланысты жүзеге асады.

Топтық жұмыс - оқушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға, өзгелердің пікірін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырылған жағдайда тиімді болады. Оқушылардың ойлауын дамыту - топтық жұмыстың басты мақсаты. Топтық жұмыс барысында оқушының белсенділігін арттыру үшін, оқушының өзіндік ынта - ықыласына көңіл бөлу қажет. Егер болмаса ол жан - жақты меңгере алмайды. Топтық жұмыс оқушыларға сезім бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді, оқушылардың жалпы еңбекке деген ынтасын арттырады.





ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Касимова Карлыгаш Гайниевна
Қарағанды облысы, Шет ауданы,
Ақсу - Аюлыауылы
С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер
мектебінің педагог - ұйымдастырушысы

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер қосымша білім берудің маңызын арттыруда. Қосымша білім беру ұйымдары балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыру, жан – жақты жетілген азамат ретінде қалыптастыруда. Осы орайда С.Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебінде 630 бала қосымша білім берумен қамтылған. Балалар домбыра, дәстүрлі ән, қобыз, фортепиано, флейта, гитара, эстрадалық вокал, көркемсурет, қолданбалы қолөнер, театр, көркемсөз мәнері, хореография сабақтарымен айналысуда. Үйірмеге балалардың қызығушылығы бойынша қатысу тегін. Сондай – ақ аудан орталығынан шалғайда орналасқан ауылдық жерлердегі мектептерде 12 филиал ашылған. Қазіргі таңда филиалдарда «Жас домбырашылар», «Домбыра - дастан», «Театр және өнер», «Сиқырлы қылқалам», «Әсем әуен» вокал үйірмелері жұмыс жасауда. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытып, жалпы өнерге баулу, өнер танымын кеңейту және оларға эстетикалық тәрбие алуына мақсатында мектепте 45 педагог қызмет етеді. Педагогтер облыстық семинар, байқауларға, республикалық біліктілікті арттыру курстарына қатысып, педагогикалық шеберліктерін дамытып, кәсіби білімдерін әрдайым жетілдіріп отырады. Балаларды түрлі байқауларға қатыстырып, әр түрлі іс – шаралар ұйымдастыру жөнінде облыс бойынша қосымша білім беру ұйымдарының арасында С. Мұхамеджанов атындағы балалар өнер мектебі ерекше орын алып келеді.



айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау – жоқтан барды дүниеге әкелу деген сөз.

Биылғы жылы мектебімізге жас мамандар келіп, хореография, флейта сыныптары ашылды.

Сонымен қатар мектебімізде ұстаздардан құралған «Аюлы» ансамблі бар. Ансамбль құрамындағы педагогтер облыстық педагог қызметкерлерге арналған «Шабыт шаттығы» V аймақтық орындаушылық шеберлік байқауында бірнеше жыл қатарынан жүлделі орындарға ие болып келеді. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқабілім беру орындарынан



Еңбек жолын жаңадан бастаған жас мамандарға әдістемелік көмек ретінде сабақ беру әдістерін үйретіп, құжаттар мен жұмыс жасау, өзара сабақтарға қатысу, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және ата-аналармен жұмыс жасауды үйрету үшін тәжірибелі мұғалімдер үнемі көмектесіп отырады.



«Кәусар» және «Ай - шах» хореографиялық ансамбль оқушылары бірнеше халықаралық, республикалық облыстық байқаулардың жеңімпазы атанды. Ата – аналар тарапынан балаларының үйірмелерге қатыстыруына деген қызығушылық өте жоғары. Бала бойындағы жалпы қабілеттілікті дамыту үшін ата – ананың қолдауы, отбасының жағдайы, педагогтың біліктілігі, шеберлігі, шәкірт пен ұстаз арасындағы жақсы қарым – қатынасын осы орайда айтуға болады.

Өнер мектебінде көпшілік мәдени іс-шаралар дәстүрлі мерекелерді атап өту және түрлі интеллектуалды жарыстар мен республикалық, облыстық байқауларға қатысу, тұлғаны жан – жақты дамыту жұмыстары жүзеге асырылуда. Мектебіміз алдына қойған мақсат, міндеттерін жоспарлаумен қатар, атқарылып жатқан жұмыстарға есеп береді. Осы орайда «Өнерлі өлкенің өрендері» атты шығармашылық концерт өткізілді.

Шара барысында қолданбалы қолөнер, бейнелеу өнері үйірмелерінің жұмыстары бойынша көрме ұйымдастырылып, хореография,

флейта, фортепиано, домбыра, үйірмелерінің оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Мектеп қабырғасында алған тәлімін талантымен ұштастырған талапты өнерпаз өрендердің өнерлері көрермендер тарапынан зор қошеметке ие болды. Биылғы жылы мектебіміздің вокал үйірмесінің оқушысы Д.Қайролла Халықаралық «The Planet of Art - 2023» байқауына қатысып, іріктеуден сүрінбей өтіп лауреат атанып, Астана қаласында гала – концертте өз өнерін көрсетті. Сондай – ақ XIX «Астана – Мерей» халықаралық орындаушылар байқауында Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей мемлекеті мен Қазақстанның түкпір – түкпірінен келген 781 оқушының ортасынан суырылып шыққан вокал үйірмесінің оқушылары М.Даулетиярова 3 орын, А.Берік және домбыра үйірмесінің оқушысы Т.Нұрмұхаммед дипломант атанды. Бұл мектеп үшін үлкен мәртебе болды.

Ауданда осындай өнердің бір тармағы бойына дарыған балғын балапандардың бетін қақпай белін буып, болашағына даңғыл жол ашуға жөн сілтеп, бүгінде қаншама шәкірт тәрбиелеп, үлкен өмірге қадам бастырған іргелі қара шаңырақтың ісі осылайша алға басып келеді.

Бүгінгі қосымша білім беру жүйесінің мақсаты тек мектептен тыс білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр, әр түрлі салада өнердің өрендерін, ақпарат көздерін өз бетімен қорытып қолдануға қабілетті, жаңашыл тұлға тәрбиелеу болып табылады. Әрбір баланың ой-өрісі кең, танымдық қабілеті жоғары, шығармашыл, дарынды тұлға болуы мектептегі, не болмаса мектептен тыс ұйымдардағы мұғалімдерге ғана емес, отбасындағы тәрбиеге, ата-ананың жауапкершілігіне де үлкен сын. Сонда ғана мемлекеттің басқа дамыған елдермен терезесі теңеліп, мәртебесі артады. Олай болса, осы білім ордасының жаңа буын ұрпақтарын тәрбиелеуде және оларға қосымша білім беру саласында атқаратын еңбектері мен жетер жетістіктері, бағындырар белестері әлі алда.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НЕСПЛОШНЫХ ТЕКСТОВ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ

**Конопьянова Гудьмира Габдуллиновна, учитель русского языка
и литературы КГУ «IT-школа-лицей имени Магжана Жумабаева»
города Петропавловска, педагог-мастер**

Аннотация

Тенденция роста динамического развития современного общества несет в себе поток огромной информации, которую мы должны обработать, извлечь нужную нам информацию и использовать с максимальной пользой для нас самих и научить этому наших детей. Современные дети должны научиться ориентироваться в различных источниках информации, ими получаемой при взаимодействии с окружающей их средой. Начиная с раннего возраста, взрослые должны научить ребенка азам читательской грамотности. Задача же учителя – формирование читательской грамотности. Он должен научить ученика извлекать информацию из текстов, схем, иллюстраций, при этом критически их оценивая и интерпретируя, обрабатывать полученную информацию.

Основной целью обучения, согласно требованиям ГОСО, - это заложить основу формирования функциональной грамотности, обеспечить развитие всех видов речевой деятельности: аудирования (слушания), говорения, чтения, письма по показательной общей культуры человека. Основная проблема школы при развитии читательской грамотности в школе - это работа с текстом, в частности, с несплошным текстом.

Что такое несплошные тексты? Несплошные тексты – это тексты, в которых информация предьявляется в виде схем, таблиц, картин, графиков, диаграмм, карты, кластера, планов-схем, билетов, рекламных постеров, обложек журналов, афиш, маршрутов автобуса. Сложности старшего и среднего звена в том, что у учащихся начальной школы не развито умение работать с несплошными текстами. Работа учителя начальных классов при работе с текстами должна быть акцентирована на несплошные тексты в том числе. Младший школьник должен знать, что такое несплошной текст и какую информацию текст несет в себе. Учитель должен ученикам объяснить, что они сталкиваются с несплошным текстом везде. Это и вывеска в магазине, это и кассовый чек, проездной, билет в кино или театр, это и смайлик, который они отправляют друг другу, это схема маршрута автобуса.

Обучению школьников читательской грамотности необходимо учить уже с начальной школы, чтобы ученики умели читать и обобщать информацию из несплошных текстов. На учителя ложится большая нагрузка в поиске ресурсов, чтобы задания были составлены в рамках изучаемой темы, чтобы работа с несплошным текстом и тема урока были проработаны. Необходимо подобрать несплошные тексты таким образом, чтобы их содержание соответствовало возрастным особенностям обучающихся. Педагог должен развивать познавательный интерес у школьников, учить работе с текстами как сплошными, так и несплошными. Работа по повышению грамотности чтения должна прослеживаться не только на уроках, но и на внеклассных мероприятиях, на факультативах, на различных углубленных и дополнительных занятиях, то есть вестись на всех уровнях и этапах образовательного процесса. Учитель должен планировать работу с несплошными текстами в любой своей практической деятельности как на уроках, так и на внеклассных мероприятиях.

На уроке литературного чтения во 2-м классе учитель может им дать задание на определение сплошного и несплошного текста. Дети должны дать определение тексту (сплошному и несплошному), найти различие и сходство текстов. См. рис1.

Задание 1. Определите где у нас сплошной текст, а где несплошной? Поясните в чем их различие? А в чем сходство?



Рисунок 1

Посадил дед репку и говорит:
— Раста репка сладкая-сладкая! Раста большая-пребольшая!

Выросла репка сладкая и большая-пребольшая. Стал дед репку из земли тянуть: тянет-потянет, вытянуть не может. Позвал дед на помощь бабу. Баба за деду, дедка за репку: тянут-потянут, вытянуть не могут. Позвала баба внучку. Внучка за бабу, баба за деду, дедка за репку: тянут-потянут, вытянуть не могут. Кликнула внучка Жучку. Жучка за внучку, внучка за бабу, баба за деду, дедка за репку: тянут-потянут, вытянуть не могут. Кликнула Жучка кошку. Кошка за Жучку, Жучка за внучку, внучка за бабу, баба за деду, дедка за репку: тянут-потянут, вытянуть не могут. Кликнула кошка мышку. Мышка за кошку, кошка за Жучку, Жучка за внучку, внучка за бабу, баба за деду, дедка за репку тянут-потянут — вытянули репку!

Рисунок 2

Рис. 1

Окружающий мир урок в 3 классе. Задание 2. Ученики должны извлечь информацию из несплошного текста. Тема урока: «Лето». 1. Какое время года изображено на картинках? 2. Какие ключевые слова ты можешь составить по ним? 3. Какую информацию нам дают картинки?

Окружающий мир

Задание. Определите по данным картинкам: 1. Какое время года изображено? 2. Какие ключевые слова вы можете определить по ним? 3. Какую информацию нам дают картинки?



Рис. 2

На уроках литературного чтения во 2 классе по теме урока «Ярко солнце светит...» можно составить задания по работе с несплошным текстом в форме кластера. Ученики должны написать слова, ассоциирующиеся со словом солнышко. Какое солнышко? Отвечают хором и записывают слова: (прилагательные: теплое, лучистое, яркое), (глагол: светит, греет, радует).


Рис.3.



Например, на уроке русского языка по теме урока: «Большая буква в именах и фамилиях людей.»

Задание: Рассмотрите несплошной текст и определите какие слова мы пишем с большой буквы, а какие с маленькой? Имена людей и фамилии мы с вами будем писать с какой буквы

Урок русского языка во 2 классе Тема урока: «Большая буква в именах и фамилиях людей.»
Задание: Рассмотрите несплошной текст и определите какие слова мы пишем с большой буквы, а какие с маленькой? Имена людей и фамилии мы с вами будем писать с какой буквы?



Привет! Я, **Мурат**!

Добрый день! Я,
Иванов Петр Семенович

Имена, отчества и фамилии людей пишутся с большой буквы.
Имена, отчества, фамилии людей и клички животных - это имена собственные.

Задание. Рассмотрите данный рисунок. Ответьте на вопросы: 1. Что это такое? 2. Какая информация дается в ней? Назовите дату, когда проходит цирк? 3. Почему вы решили, что это билет в цирк? 4. Сколько стоит билет в цирк? 5. Можем ли мы отнести данный текст к несплошным? Почему?

Задание. Рассмотрите данный рисунок. Ответьте на вопросы:

1. Что это такое? 2. Какая информация дается в данной картинке? 3. Почему вы решили что это билет в цирк? 4. Сколько стоит билет в цирк? 5. Можно ли данный билет отнести к несплошным текстам?



Работа с несплошным текстом – это полезный и интересный вид работы, он позволяет проверить уровень понимания текста, умение анализировать и извлекать ту или иную информацию, которая поможет ребенку быть успешным в жизни. Ученик младшей школы, наученный работе с несплошным текстом с легкостью, сможет осилить программу среднего и старшего звена. Работа с несплошным текстом развивает у учащихся познавательную активность и интерес к изучаемому предмету.

Педагог всегда должен планировать работу с различными формами представления несплошных текстов. Всякий использованный несплошной текст должен быть источником информации. Ученики должны понимать текст, определять информацию, отвечать на вопросы, узнавать новое.

Если мы разовьем в ребенке интерес к тексту как к сплошному, так и несплошному, то ему будет легко преодолеть любые сложности в обучении. Мы формируем у ученика умение читательской грамотности, а грамотный и знающий ученик - это личность в будущем, успешная и счастливая.

Список использованной литературы:

1. Горяева, Л. Г. Обучение чтению: методические рекомендации // https://elar.usfeu.ru/bitstream/123456789/199/3/Garyaeva.L.R._Obuchenie_chteniu.pdf (Дата обращения 20.03.2023). – Текст: электронный.
2. Киселева Наталья Витальевна «Прочитать. Понять. Применить. Всё, или почти всё, о читательской грамотности» Редактор О. А. Шихранова Компьютерная верстка Г. А. Соболевой Подписано к публикации 25.05.2023. 1,23 Мб Заказ 25 Издательский центр ГАУ ДПО ЯО ИРО 150014, г. Ярославль, ул. Богдановича, 16 Тел. (4852) 23-06-42 E-mail: rio@iro.yar.ru
3. Лемов, Д. Мастерство учителя. Проверенные методики выдающихся преподавателей / Дуг Лемов; пер. с англ. О. Медведь. – Москва: Манн, Иванов и Фебер, 2014. – 416 с.
4. Методическое пособие «Учимся учиться и действовать.» Мониторинг метапредметных универсальных учебных действий/ Под ред. М.Р.Битяновой, С.Г.Яковлевой. - Самара: Издательский дом Федоров: Издательство «Учебная литература», 2012.
5. Оценка достижения планируемых результатов в начальной школе. Система заданий: В 2 ч. Ч1[М.Ю.Демидова, С.В.Иванов и др.]; Под ред.Г.С.Ковалевой, О.Б.Логиновой. М.: Просвещение, 2009.



СИНТЕЗ АУДИОЗАПИСЕЙ ЦИФРОВОЙ МУЗЫКИ И ФОРТЕПИАННОЙ МУЗЫКИ В ОБУЧЕНИИ ИГРЕ НА ФОРТЕПИАНО

Куракбаева Баян Амановна
Преподаватель по классу фортепиано.
ГККП «Детская музыкальная школа
города Атбасар при отделе
образования по Атбасарскому району УО
Акмолинской области» г. Атбасар

В современном мире музыкальное обучение становится все более доступным и интересным благодаря использованию современных технологий. Одной из таких инноваций является синтез аудиозаписей цифровой музыки и фортепианной музыки в процессе обучения игре на фортепиано.

Обучение игре на фортепиано - является консервативным направлением в педагогике, так стандарты обучения игре на фортепиано предусматривают длительное времяпрепровождение за инструментом. В настоящее время детям гораздо интереснее сесть за компьютер, или планшет в противовес кропотливой работе с музыкальными текстами. И для преподавателя становится важной задачей поиск новых методов, технологий и средств, эффективно влияющих на активность к обучению. К таким инновационным средствам обучения, можно отнести и музыкально - цифровые технологии, в том числе аудиозапись. Цифровая музыка предоставляет широкие возможности для экспериментов и творчества. Использование синтезаторов и звуковых эффектов позволяет создавать разнообразные музыкальные композиции, которые могут стать отличным дополнением к урокам игры на фортепиано. Синтез цифровой музыки позволяет добавить новые звуки и текстуры к классическим произведениям, делая их более интересными и привлекательными для ученика. Синтез аудиозаписей фортепианной музыки также имеет свои преимущества. Ученику будет полезно слушать профессиональные записи классических произведений, чтобы улучшить свою технику игры, ощутить особенности звучания и выразительности. С помощью такого синтеза ученик может сравнивать свое исполнение с профессиональными записями и делать выводы о своем прогрессе.

Комбинирование цифровых и фортепианных аудиозаписей позволяет создавать уникальные тренировочные материалы. Преподаватель может записать учебные произведения и добавить к ним синтезированные звуки для более насыщенного звучания. Такие материалы помогут ученику развивать музыкальное воображение, тренировать слух и ритмическое чувство.

Кроме того, синтез аудиозаписей цифровой музыки и фортепианной музыки может быть полезен для создания оригинальных композиций и аранжировок. Ученик может экспериментировать с разными звуками, создавать свои музыкальные идеи и реализовывать их с помощью синтезаторов или компьютерных программ. Однако, несмотря на все преимущества синтеза аудиозаписей, важно помнить о главной цели обучения игре на фортепиано – развитии навыков и музыкального чувства ученика. Синтез цифровой и фортепианной музыки должен служить инструментом для достижения этой цели, а не целью сам по себе.

Особенно актуально применение аудиозаписи при обучении игре на фортепиано детей младшего школьного возраста, так как для детей этого возраста необходим постоянный контроль со стороны педагога. Занимаясь с аудиозаписью, ученик начинает самостоятельно придерживаться определённого темпа, ему легче вспомнить то, над чем



работали в классе, и что ему говорил на уроках преподаватель.

Музыкальные способности младших школьников опираются на музыкальное восприятие, эмоциональную отзывчивость – то есть на процесс, в основе которого лежит способность слышать, переживать музыкальное содержание. Одним из педагогических условий, влияющих на развитие музыкального восприятия и эмоциональной отзывчивости, является создание музыкально-игровых ситуаций, включающих творческие задания. Игровые ситуации помогают поддержать интерес детей к

уроку, предупредить переутомление. Творческие задания, при помощи инновационных технологий, таких как аудио, видеозаписи вызывают у детей интерес к игре на инструменте, способствуют общему творческому развитию личности, что, в свою очередь, воспитывает эмоциональную отзывчивость, художественное воображение, образно-ассоциативное мышление, активизирует память, наблюдательность, интуицию, формирует внутренний мир ребенка. Система вопросов и выполнение творческих заданий на основе аудиозаписей помогают раскрывать в детях образное содержание музыкального искусства.

Работа с аудиоматериалом предусматривает использование традиционных основ техники ансамбля, главное из которых – умение слышать ансамбль в целом, себя и каждого партнера в ансамбле.

Используя фонограмму, надо научить учащегося слушать всю музыкальную ткань аудиозаписи, опираясь на функцию баса, точно ритмически согласовывать свое исполнение. В ансамблевой технике можно условно выделить два ее основных элемента: синхронность ансамблевого звучания и динамическое равновесие. В игре под аудиозапись (минус) есть возможность отработать ритм и темп исполнения, так как аудиозапись, подобно метроному дает четкую ритмическую пульсацию. Играть под аудиозапись можно двумя вариантами – двумя руками, дублируя музыкальное сопровождение записи или чередовать партию правой и левой руки. Один из методов освоения игры с аудиозаписью – использование аудиозаписи в разных темпах: учащийся может в умеренном или медленном темпе отработать произведения, учитывая все нюансы, штрихи, артикуляцию, по мере освоения, темп можно добавить. Игра в сдержанном темпе позволяет контролировать двигательные, игровые ощущения при активной работе слуха. Полезно при игре с аудиозаписью (минус) – умение вступать в любую из частей музыкального текста.

Методика работы над игрой произведений с аудиозаписями

Основной этап обучение игры пьес, детских песенок, с аудиозаписью включает в себя: прослушивание пьесы, песенки; анализ произведения, разучивание нотного текста и аппликатуры, пропевание темы, прохлопывание ритмического рисунка, пение с соблюдением динамических оттенков, игра в различных темпах – от медленного темпа и до того темпа, который указан, игра с чередованием каждой руки отдельно и т.д. Данный вид работы можно использовать на разных этапах обучения и с детьми не только младшего, но и среднего и старшего школьного возраста.

Творческие задания с аудиозаписями с детьми младших классов хорошо подходят на начальном этапе обучения. Подбор конкретных аудиозаписей зависит от уровня учеников. Я в своей работе применяю записи, которые я сама записала на синтезаторе. Это позволяет мне подстраиваться под возможности и способности ребенка, записать аудиозапись в удобном темпе, в любой тональности, удобной по аппликатуре для ребенка. Также я могу регулировать инструментовку, делая ее либо насыщенной, либо легкой, все в зависимости от стиля, жанра и от конкретной педагогической ситуации. Творческие задания, я стараюсь давать в небольшом объеме, дозировано. Например, на основе

аудиозаписи можно сыграть ученику не законченную мелодическую фразу, а он сам или с моей помощью должен придумать её конец, или же, сыграть «вопрос», чтобы он на него «ответил» на фортепиано. После этого можно переходить непосредственно к игре определенного произведения, для дальнейшего сведения с аудиозаписью. Музыкальные отрывки и песни можно играть, транспонируя от каждого нота, это помогает освоить ребёнком звучание разных регистров. Всё это развивает в первую очередь творческие способности ученика, что может дать дополнительный импульс в последующем, и обеспечить устойчивое желание к занятиям на фортепиано. Это даст основу к освоению навыков импровизации и подбору по слуху на занятиях в старших классах. В целом, развитие музыкальности, слухового контроля, музыкального слуха и ритма на занятиях фортепиано по методике применения аудиозаписей, придаст новый импульс учащимся к освоению навыков игры на фортепиано.

Примеры музыкально-игровых ситуации, включающие творческое задание.

1. Соло с аккомпанементом: на начальном этапе, без применения аудиозаписи, мы просто играли текст, пропевали, и прохлопывали ритмический рисунок. На этапе внедрения аудиозаписи: включали аудиозапись на компьютере или другом устройстве и прохлопывали ритм под аудиозапись, далее играли разными руками, пропевали голосом тему, получалась песенка к 8 марта, то есть можно было обыгрывать, вырабатывать разные музыкально-исполнительские навыки с аудиозаписью, не теряя при этом интерес.

2. Ансамблевые проекты: проект, в котором ученики играют в ансамбле с записями. Задачи могут варьироваться от простых (например, играть партию, соответствующую заданному ритму) до более сложных (например, играть партию с заданным динамическим контрастом). Это позволит ученикам развивать навыки слушания, координации и игры в ансамбле.

3. Импровизация: использовать аудиозаписи как фоновую музыку для импровизационных упражнений с учениками. Попросите их придумать свои мелодии или партии, сочетая их с записью. Это поможет развить их творческие навыки и уверенность в игре.

4. Мелодический и ритмический анализ: использовать аудиозаписи для анализа мелодических и ритмических элементов. Прослушивание записей может помочь ученикам услышать и выделить основную мелодию, ритмические фигуры, динамические изменения и другие характеристики музыки. Это может быть полезным упражнением для развития их музыкального слуха и аналитических навыков (приложение 3)

5. Аранжировка: использовать аудиозаписи как основу для создания аранжировок. Ученики могут добавлять дополнительные партии на фортепиано или другие инструменты, чтобы усилить и разнообразить звучание ансамбля. Это поможет им развить навыки композиции и аранжировки, а также понимание музыкальной структуры и гармонии.

6. Использование музыкальных приемов: использовать аудиозаписи, чтобы показать ученикам различные музыкальные приемы, такие как артикуляция, фразировка, динамические контрасты и т. д. Прослушивание их в контексте записи поможет ученикам лучше понять, как их можно применять в игре на фортепиано.

Таким образом, синтез аудиозаписей цифровой музыки и фортепианной музыки в обучении игре на фортепиано открывает новые возможности для учеников и преподавателей. Это позволяет создавать интересные и инновационные уроки и проекты, развивать творческий потенциал и музыкальное воображение, а также обогащать звучание музыкальных произведений. Однако, несмотря на все преимущества синтеза аудиозаписей, важно помнить о главной цели обучения игре на фортепиано – развитии навыков и музыкального чувства ученика. Синтез цифровой и фортепианной музыки должен служить инструментом для достижения этой цели, а не целью сам по себе.

Литература.

Лифановский Б. Интернет для музыканта. М., 2006 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие/Е.С.Полат и др.- М.: изд. центр «Академия», 2001.

Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе информационно-коммуникационных средств. - М.: НИИ школьных технологий, 2005. - 208с. (Серия «Энциклопедия образовательных технологий»).



ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БІЛІМ ҚҰНДЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ

СЕМБЕТОВА ГУЛНУР СЫРЛЫБАЕВНА
Астана қаласы «Бауыржан Момышұлы
атындағы №53 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мақалада Шәкәрім шығармаларының өзекті тақырыбының бірі болған білім құндылығы мәселесі сөз болады. Автор «құндылық» ұғымына тоқтала келе, ұлы ойшылдың білім туралы өлеңдерін талдайды.

Құндылық мәселесі адамзат қоғамы пайда болған кезден бастап, барлық кезеңнің ойшылдарын толғандырып келеді. Ерте заманнан бүгінгі күнге дейін бұл феномен туралы түсінік өзгерді, біртіндеп күрделеніп, жетіле түсті. Алайда әр кезең құндылық мәселесін зерттеуде өзіндік қолтаңбасын қалдырып отырды. Қалай болғанда да, қоғамда экономикалық және саяси өзгерістер салдарынан орын алып жатқан үдерістер көптеген зерттеушілерді толғандырып келеді, себебі қоғам дамуындағы ауыспалы кезеңде құндылық ұғымының өзектілігі ерекше артады.

Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – оқушының коммуникативтік мәдениетінің қалыптастыруы мен дамытуы, тілдің практикалық меңгеруіне үйрету.

Қазақ тілін оқытуда негізгі мақсаты коммуникативтік құзыреттің қалыптасуы болса, қалған басқа мақсаттар (тәрбиелі, білім беру, дамыту) осы басты мақсатты орындау барысында іске асырылады. Білім берудің нәтижесінде қазақ тілі ортада бос сезіну және түрлі жағдайларда теңбе-тең, тәнік жауап қайтара білу керек.

Оқытушының негізгі міндеттері:

1. Әр оқушы тілді меңгере алатын жағдай жасау, әр оқушы өз белсендігін, өз шығармашылығын көрсете алатын білім берудің дұрыс әдіс-тәсілдерін таңдау.
2. қазақ тілін оқыту барысында оқушының танымдық әрекетін белсендіру.

Қазіргі педагогикалық технологиялар, мысалы:

- ақпараттық технология және ғаламтор ресурстары
- білім берудің интерактивті технологиясы
- жобалық технология
- ұжымдық технология
- ойын технологиясы
- сахналық- контекстік

білім беруде жеке-бағыттытталған оқытуды іске асыруға көмектеседі, оқушының деңгейін, қабілеттерін еске алып білім берудің индивидуализациясы мен дифференциациясын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілі сабағында компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс жасау нысандарына: лексиканы оқыту, дұрыс сөйлеу, қарым-қатынас жасауға үйрету, дұрыс жазуға үйрету, грамматиканы меңгеру жатады.

Ғаламтор ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері мол. Ғаламтордың жаһандық желісі жер шарының кез келген жерде орналасқан оқушылар мен мұғалімдерге қажетті ақпараттарды алуға жағдай жасайды: елтану материалдары, жазушылар, әртістер, атақты тұлғалар туралы мәлімет, газет, журналдардан мақалалар және т.б.

Қазақ тілі сабағында Ғаламтор көмегімен бір қатар дидактикалық міндеттерді шешуге болады: жаһандық жiлісін қолдану арқылы оқудың дағдылары мен ептілігін қалыптастыру, оқушылардың жазу қабілетін желілдіру, оқушылардың сөздік қорын молайту, оқушыларда қазақ тілін оқу уәжін (мотивациясын) қалыптастыру.

Оқушылар Ғаламтор желісі арқылы өтетін тестілеуде, викториналарда, конкурстар мен олимпиадаларда қатыса алады.

Оқушылар қазіргі кезде жасап жатқан жоба шеңберіндегі сұрақтары бойынша ақпарат ала алады.

Сабақ үстінде бейнематериалдарын, бейнежазу, бейнеклиптерді, қазіргі музыкалық топтардың әндерін, көркем фильмдерден үзінділерін көп қолдануға болады. Мысалы: Асылбек Енсеповтің «Адай» клипін алып, басын көрсетемін де, бірнеше тапсырма құрастырамын:

1. Қандай ұлттық аспаптарды білесіңде?
2. Адамдар не істеп жатыр?
3. Не тауып алды? т.б.

Содан кейін балаларға ұнайтын кез келген бейнеклипті алып түрлі тапсырма құрастыруға болады, ауызша да, жазбаша да грамматиканы қайталауға болады.

Сабақтың соңында ән үйретуге уақыт қалдыруға болады, оқушыларға әннің мәтінін таратып, музыкасын косуға болады, оқушы сөздік қорын да байытады, қазақ әніне сүйіспеншілігін де арттырады.

Жұмыстың жобалық нысаны ең өзекті технологиялардың бірі болып келеді, осында

оқушылар пән бойынша жинақтаған білімдерін қолдана алады. Оқушылар өз ой өрісін кеңейтеді, қазақ тілін тыңдауға және естуге уйренеді, жобаны қорғаған кезде бір – бірін түсінуге де уйренеді. Балалар анықтама – ақпарат әдебиетпен, сөздіктермен, компьютермен жұмыс жасайды, осылай аутенттік тілмен қатынас жасау мүмкіндік жасалады, жай ғана оқулықпен тілді уйренуден айырмашылығы зор орасан.

Жобамен жұмыс жасау – шығармашылық процесс. Оқушы өз бетінше немесе мұғалім жетекшілігімен бір мәселені шешуге ізденеді, бұл үшін тек қана тілді білу жеткіліксіз, пән білімінің көлемі үлкен болу керек. Жобамен жұмыс елестеуді, қиялды, шығармашылық ойлауды, өз бетінше жұмыс жасауды және басқа да жеке қасиеттерді дамытады.

Заманауи технологияларға ынтымақтастық технология да жатады. Негізгі идеясы түрлі оқу жағдайларда оқушыларға белсенді бірлесіп әрекеттенуіне жағдай жасаудан тұрады. Балалар топқа 3-4 адамнан бірлеседі, оларға бір ортақ тапсырма беріледі, сонымен қатар әр оқушының рөлі нақты белгіленеді. Әр оқушы өз жұмысының нәтижесіне ғана жауапты болмайды, барлық топтың нәтижесіне жауапты. Сондықтан үлгерімі нашар оқушылар дарынды балалардан түсініксіз материалды анықтап алады, ал дарынды балалар нашар балаларға берілген тапсырманы жеткілікті түсіндіруге тырысады. Осыдан сынып түгел ұтымдыда болады, өйткені бірлесіп білімдегі кемістік жойылады. Материалдың көлемі үлкен болған кезде ұжымдық технология өте қолайлы болады. Мысалы, балалар үш топқа бөлінеді. Материал үш мәтінге бөлініп, таратылады. Әр топтан сарапшылар тағайындалады. Содан кейін әр топтың сарапшылары үш мәтінмен жұмыс жасайды (басқа топтарда). Әр топ мәтінді жан-жақты талдайды, содан кейін сарапшылар өз топтарына барып үш мәтін бойынша ақпараттармен бөліседі. Білімін бақылау – кез келген оқушы кез келген мәтін бойынша тексеріледі, осылай барлық топтың білімі анықталады.

Орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу.

Қазақ тілі сабағында ойын элементтерін кірістіре отырып шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мұғалімнің міндеті.

Оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтыласын арттырады, оқушылар білімдегі формализм элементтерін жояды. Оқушылардың білімге ынтыласының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді, жалпы айтқанда оқу процесінің деңгейін көтереді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім қойған мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс.

Ойын жағдайын балалар сабақ барысында бір-бірімен ақпараттармен алмасатындай, ақылдасатындай, бір-біріне дәлелдей алатындай, бір-бірін бағалайтындай етіп, ұйымдастыру керек. Ойындар қолданылған сабақтарда оқушылар белсенділік көрсетеді. Бұлай болу барлық ойынға тән нәрсе, оның топтық түрде өтуіне байланысты. Топтық түрде сабақтағы білім алу, традициялық білім беру «мұғалім — оқушы» өрнегін күрделендіреді. Яғни, өрнек былай күрделенеді: «мұғалім — топ — оқушы», бұдан келесі өрнек туындайды: «оқушы — оқушы». «Оқушы — оқушы» жүйесінде «топ-оқушы», «оқушы — топ» өрнектері өздігінен туындап жатады және оқушылар білмейтіндерін көрсетуге тырыспайды.

Балалар бір-бірінің ойларымен, пікірлерімен алмасады, дәлелдейді, қателеседі, өз ойларын ортаға салады, негіздейді, тексереді, қателерін түзейді т. с. с. Ойын барысындағы пікірлер алмасу нәтижесінде, оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Мұндай жағдайда, барлық балалар алға жылжиды, білімдері терең балалардың тежелмеуін, білімі төмен балалардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі

нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімінің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады.

Мұғалімнің ең басты мақсаты — сабақ мақсаты мен қолданылатын ойынның мақсатын ескере отырып, сабақтар мен сыныптан тыс сабақтарда, оны орынды қолдана білу. Оқушылар мен мұғалімнің ойынға ынтасы болған жағдайда ғана, ойын жүруі мүмкін. Ешқандай ойынды формалды ойнауға болмайды. Әрбір дидактикалық ойынға, бір жағынан дидактикалық жаттығуларды орындау тән, мысалы: затқа немесе құбылысқа жалпы сипат беру, олардың ерекшеліктерін табу сияқты жұмыстар, оқушыларды ұқсастықты, айырмашылықты т.с.с. құбылыстарды табуға, байқауға баулиды. Бұл мағынадағы ойындардың үйрету қасиеті бар. Ендігі бір жағынан, дидактикалық ойындарға тән нәрсе ойнау. Оқушының назары біріншіден соған ауады, ал ойын барысында ойынның білім беру мақсатының қалай орындалатындығы байқалмай қалады. Сондықтан, сабақтарда өтілетін ойындар оқушыларға жәй сабақ ретінде емес, жәй алданыш ретінде де емес, қызықты жұмыс ретінде беріледі. Ойынды жүргізу үшін сынып командаларға бөлінеді. Команда құрамын қалаулары бойынша жасауға болар еді, дегенмен топ құрамы аралас және топтардың күштері тең болуы керек.

Бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн.

«ТАБЫСТЫ КӨШБАСШЫ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН КЕДЕРГІЛЕР

Муслимбекова Зарина Тұрсунбековна
директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары

Егеубаева Жанар Бакытжановна
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Қ.Кемеңгерұлы атындағы №49 орта мектеп Астана қаласы

Көшбасшылық - басқаларды біріктіретін және мақсатқа жету үшін бар күш-жігерін салуға ынталандыратын әлеуметтік әсер. Көшбасшылар ресми билік пен беделге байланысты емес, сенім мен құрметке байланысты жүреді. Бұл нәрселер әрқашан бір-бірін жоққа шығармайды.

Әркім көшбасшы бола алады дегеніміз, әрине, әркім көшбасшы болады деген сөз емес. Неге? Себебі: адамдардың көбі енжарлықтың тұтқыны. Оларға өзгеріп, қабілетін жан-жақты дамытуға жігері жетіспейді. Шын ынталанып, енжарлықты еңсерген жігерлі жандар ғана тұлғалық трансформацияны бастан өткереді. Нағыз көшбасшы болып қалыптасу – ерік-жігердің нақ көрініс берер тұсы. Егер бойыңызда ерік-жігер болса, көшбасшылықтың жолы ашық. Осындай енжарлықтың тұтқыны болып жүрген оқушы мектепте қаншама! Оларға көшбасшылық қабілетін, тұлғаны дамыту процесінің нәтижесі ретінде, өзін-өзі жетілдіруде, өз өмірі мен іс-әрекетінің субъектісі ретінде өзін-өзі қалыптастыруда, туындап отыратын мәселелер бойынша дербес шешімдерді қабылдауда, белсенді қатысуда басқару тәжірибесін табысты және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін Қошқе Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназиясында «Табысты көшбасшы» жобасы жасалынып, тәжірибеге енгізіліп, іске асыруда біршама жұмыстар атқарылуда. Әрине, көшбасшылық – жекелеген дәрістер арқылы бойға қонатын өнер емес, эволюция жемісі. Бұл бір-бірімен біте қайнасқан, рет-ретімен дамытуға болатын дағдылардан тұрады. Кез келген білім беру бағдарламасы арқылы дағдылар, білім беру мен құндылықтарды қалыптастыруға тырысамыз. Негізгі дағдылар: қарым-қатынас жасау, эмоцияларды басқару, жанжалдарды шешу және сыни ойлау. Әлеуметтік дағдыларға қоғамның толыққанды қатысушысы болу, өзін еркін ұстау және пікірін білдіру, өзін дамытуға және

қарам-қатынас жасауға, мақсаттарына жетудегі қиындықтарды шешуге бағытталған дағдыларды жатқызуға болады. Ал уақытты басқару, тиімді жоспарлау жауапкершілік, іс-әрекеттерді ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту тиімділік дағдыларына жатады. Бұл дағдылар оқушыларды қоршаған әлемді танып-білуге, оны өзгерту үшін қадамдар жасауға және жоспарлауға көмектеседі.

Оқушылардың көшбасшылық, қарым-қатынас, шешім қабылдау, өзіне деген сенімділікті, жауапкершілік және бастамашылдық дағдыларын арттыруға қолдау көрсету мақсатында алдымызға мынандай міндеттер қойдық:

Жас көшбасшылардың білімін, әлеуетін, жан-жақты қабілетін арттыру;

Бір-бірінен үйренетін және ортақ мақсаттарға жету үшін жұмыс істейтін орта қалыптастыру;

Өз мектебінде және қоғамдастығында оң өзгерістер жасауға ынталандыру.

Жұмыс жоспарына сәйкес бірнеше бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Қонақ спикерлер бағытында әртүрлі салалардағы табысты көшбасшыларды өз тәжірибелерімен бөлісуге түрлі кездесулер өткізілді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты, айтыскер ақын Ринат Зайытов, белгілі эстрада әншісі, «Қазақстан дауысы», «Жұлдыздар айтысы» «Өнер барысы» жобаларының жеңімпазы Шахаризат Сейдахметов, «Шабыт» фестивалінің лауреаты, Жазушылар одағының мүшесі А.Мауденов, «Мектеп түлектері» жобасы аясында танымал спорт жұлдыздарымен Шағбан Е., Жүсіпов А., Иманбаев Д., Әкімжан Ж. кездесулер өткізілді.



«Ең ұлы көшбасшылар міндетті түрде керемет істер істемейді. Олар басқа адамдарды соған итермелейтіндер» - Рональд Рейган айтқандай, жазушылар мен әртістер, спортшылар, қайраткерлер жас ұрпаққа тұшымды әңгімелерін айтып, өнеге-тәлімдерін ұсынды. Оқушылардың армандарына қанат бітіріп, келешегіне бағыт-бағдар бере білді.


Пікірталастар мен талқылаулар бағытында сыни ойлау мен коммуникацияны ынталандыра отырып, заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау, жоба қорғау секілді жұмыстар жалғасын табуда. Атап айтсақ, жасанды интелекті тиімді қолдану жолдары, Google презентациялары, Power Point, Canva платформаларын қолдана отырып, тақырып бойынша қызықты слайдтар жасау.

Көшбасшылық семинарлары бағытында оқушыларды көпшілік алдында сөйлеу, қиындықтарды шешу сияқты нақты көшбасшылық дағдыларға үйрету үшін оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп, сабақтан тыс уақытта тренингтер, «Көшбасшылық дағдыларымды қалай жетілдіремін?», «Командада жұмыс жасау», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» тақырыптарында топтық жұмыстар жүзеге асырылуда.

Көшбасшылықты модельдеу бағытында көшбасшылық рөлдерде шешім қабылдау және мәселелерді шешу үшін оқушылар қала көлемінде дебаттарға қатысып, пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтарын тәрбиелеп, басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейтуді жөн санап отырмыз.

Осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушыларымыз өздерінің мықты тұстары және жеке өсуге ынталандыратын бағыттары туралы құнды түсініктерге ие болып, өзіне деген сенімділігін және әртүрлі жағдайларда тиімді жетекшілік ету

қабілетін арттыра отырып, коммуникация, шешім қабылдау сияқты сыни көшбасшылық дағдыларды дамытып, жетілдіреді деп үлкен сеніммен айта аламыз.



«ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ИСТОРИИ»

**Исмаилова Гулчехра Телемурадовна,
учитель средней школы № 24 им.Ж.Аймаутова
г. Астаны**

«Отечество... Земля родная... Атамекен...» - в каждом из нас эти слова отзываются чем-то своим, сокровенным, а в последние годы наполняются и новым смыслом. И вспоминается... Что? История, услышанная в детстве, семейное предание, рассказанное дедом, бабушкина сказка, похожая на быль, песня, что щемит душу, впечатления

собственной жизни – все то, что делает человека человеком, что позволяет знать: мы не пыль на ветру, и не обсевок в поле. Мы кровь от крови, род от рода, мы соль земли нашей. Понятие патриотизма рассматривается в любом возрасте, и у каждого поколения свое понятие этого слова, но в целом это, наверное, Родина.

Большая работа проводится сегодня руководством страны по созданию облика Казахстанского гражданина XXI века, отличительными чертами которого должны стать патриотизм, интернационализм, интеллектуальное развитие, здоровый образ жизни.

Наша основная цель – воспитание юношей и девушек в духе казахстанского патриотизма, привития им уважительного отношения к старшему поколению и потребности ведения здорового образа жизни. На уроках истории проводятся экскурсии в музеи города, где учащиеся слушают лекторов по различным темам, связанных с учебным планом. Также наши учащиеся активно участвуют в мероприятиях, посвященных знаменательным событиям и историческим датам. Ежегодно проводятся тематические встречи с ветеранами, воинами афганцами, дебаты, конференции и многое другое. Все мероприятия методического объединения историков направлены на нравственное и патриотическое воспитание, как составной части комплексного воспитания учащихся.

Цель проводимых уроков и мероприятий в школе – привитие исторического сознания, способствующего активному участию обучающихся в решении задач, стоящих перед Республикой Казахстан.

В центре внимания учителя любой дисциплины должна быть личность обучающегося, его формирование и развитие. Всю свою работу педагог должен строить с учетом этого положения, стараться сделать каждый урок, каждое внеклассное мероприятие интересным, воспитывающим, лично значимым.

Изучение тем по истории Великой Отечественной войны вносит весомый вклад


в воспитание учащихся на боевых и трудовых традициях народа, воспитывает в духе патриотизма и интернационализма, постоянной готовности к защите Родины. В целях нравственного воспитания используются на уроках живые образы героев, таких как: Маншук Маметова, Алия Молдагулова, Кажымукан Мунайтпасов, Рахымжан Кошкарбаев, Талгат Бегельдинов, Бауржан Момышулы и многие другие, раскрываются идейные и нравственные мотивы их героизма, рассказывается о суровых испытаниях, которые выпали на долю людей в ее лихую годину.

Афганская война также имеет не малое значение при изучении Всемирной истории, так как она представляет собой одно из самых длительных и сложных военных конфликтов в истории человечества. Афганская война стала одним из символов «холодной войны» и привела к серьезным изменениям в мировой политике и дипломатии.

Сегодня события, происходившие во время Афганской войны, оказывают влияние на современное положение Афганистана и его регионе в целом. Она отразилась на формировании политических и социальных процессов в стране, на облике исламского радикализма, на международных отношениях и на подходах к решению конфликтов.

Таким образом, тема Афганской войны при изучении Всемирной истории позволяет понять многие аспекты современного мира, включая вопросы международной безопасности, глобального терроризма, прав и свобод человека, государственного суверенитета и гуманитарной помощи.

Учитель истории Исмаилова Г.Т. разработала цифровой образовательный ресурс «Время выбрало нас», который представляет собой инновационное средство обучения, основанное на программных продуктах, предназначенных для углубленного изучения



ЦОР состоит из основных разделов: «Вводная часть», «Афганская война», «Современный Афганистан» и «Память жива», а также вспомогательных разделов: «Пояснительная записка», «Авторы» и «Литература».

Актуальность обучающей программы заключается в том, что необходим творческий подход к изучению сложных тем, о которых в учебниках представлена недостаточная информация.

Данная программа, благодаря использованию цифровых технологий способствует интерактивному обучению учащихся, углубляя их понимание малоизученных тем, таких как, война в Афганистане, позволяет развивать критическое мышление и аналитические навыки у обучающихся.



Большая работа проводится по раскрытию учащимся значения Государственных символов Республики Казахстан – Флага, Герба, Гимна, значения статуса государственного языка, разъяснению конституционных положений, ознакомлению с законами и нормами государства.

В заключении хотелось бы отметить, что традиционные педагогические технологии в сочетании с современными информационными технологиями могут существенно повысить эффективность образовательного процесса, решить стоящие перед образовательным учреждением задачи воспитания всесторонне развитой, творчески свободной личности.

Внедрение активных методов обучения, на уроках истории лежит основа развития личности - творческое и критическое мышление, умение анализировать, принимать решения, сотрудничать в коллективе. Развивается желание творить, созидать, развивается активность, высокий эмоциональный подъем и логичность мышления, которое необходимо при решении проблемных ситуаций. Воспитывается вера в свои способности и возможности.

Взаимное понимание, терпимость, бережное восприятие духовных и культурных ценностей людей составляют глубинную суть общества, которая сформировала общие для всех этносов идеалы и ценности. Отсюда и неподдельный интерес к историческим корням своего народа в общей истории, стремление к изучению родного языка, обычаев и традиции. Ведь любовь к Родине начинается именно там, где ты родился, учился и рос ... и каждому ее гражданину необходимо – ЗНАТЬ ИСТОРИЮ СВОЕГО ГОСУДАРСТВА!

Список использованной литературы:

1. Азнабаева О.Б «Современные тенденции развития образования: компетентностный подход» Активные методы активного обучения, PDF Екатеринбург, Изд-во Уральского университета, 2020. 72с.
2. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы и формы обучения в высшей школе: Учебное пособие для вузов. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 122с.
3. Интернет-ресурсы: <https://scholar.google.com/citations?hl=ru&user=Pfpxf0AAAAJ>
4. Деревянкин А.В. Информационно-образовательная среда Казахстанской системы повышения квалификации: Практика использования контентов, Петропавловск, 2016

АННОТАЦИЯ

В данной статье отмечается актуальность применения современных информационных технологий, которые существенно повышают эффективность образовательного процесса, решают стоящие перед образовательным учреждением задачи воспитания всесторонне развитой, творчески свободной личности. Отражена общая цель - привитие исторического сознания, развитие казахстанского патриотизма, способствующего активному участию обучающихся в решении задач, стоящих перед Республикой Казахстан.

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада жан-жақты дамыған, шығармашылық тұрғыдан еркін жеке тұлғаны тәрбиелеуде оқу-тәрбие процесінің тиімділігін айтарлықтай арттыратын және оқу орнының алдында тұрған міндеттерді шешетін заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігі атап өтілген. Жалпы мақсат – тарихи сананы ояту, қазақстандық патриотизмді дамыту, оқушылардың Қазақстан Республикасының алдында тұрған мәселелерді шешуге белсенді қатысуына ықпал ету.

ANNOTATION

This article emphasizes the importance of using modern information technologies, which significantly increase the efficiency of the educational process and solve the problems facing an educational institution in raising a developed, creatively free personality. The overall goal is to awaken historical consciousness, develop Kazakh patriotism, promote the active participation of students in solving problems facing the Republic of Kazakhstan.



«ҚАЗАНҒАП «ОРЫНБАҒА АҚЖЕЛЕҢ»

Қосымша білім беру педагогі домбыра пәнінің
оқытушысы: Тулегенова Б.М.


Білім беру ұйымының атауы	Жезқазған қаласының білім бөлімінің «Балалар өнер мектебі» КМҚК
Бөлімі	Халық аспаптар
Педагогтың аты – жөні:	Тулегенова Б.М.
Күні:	
Сынып:	4
Сабақтың тақырыбы:	Қазанғап «Орынбай Ақжелең»
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту бағдарламасы:	Күйдің композициялық құрылымын талдау, қағысы, орындау ерекшелігі, ырғағын түсіндіру.
Сабақ мақсаты:	Күйді нотаға қарап оқу, екі қолда кездесетін әдіс амалдарды меңгерту, ырғақпен жұмыс жасау. Күйші туралы жалпы мағлұмат беру.


Сабақтың барысы:			
Сабақтың кезеңі: (уақыты)	Педагог әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар мен бағалау
Сабақтың басы	Сәлемдесу. «Миға шабуыл» Бейнероликті тамашалау. 1 тапсырма. Ойтолғау. Бүгінгі біздің ашық сабағымызда Қазанғаптың «Орынбай Ақжелең» күйіне талдау жасаймыз. Қазақтың дәулескер күйшілерінің бірі – Қазанғап Тілепбергенұлы (1854 – 1927) Арал теңізі маңында дүниеге келген. Қазанғап «Ақжелең» деп аталатын күйлердің негізін салушылардың бірі және оны дамытушы. Өз жанынан айшықты күй шығарып, «Ақжелең» жанрының шырайын келтірген. Оның «Тентек Ақжелең», «Домалатпай Ақжелең», «Орынбай Ақжелең» сияқты күйлері ел ішінде алпыс екі	Оқушы өз ойын ауызша жеткізеді	Бейнеролик оқулық  115 Төлеу Жайыңның оры https://www.youtube.com/watch?v=ct4Yu6m3tTA Оқулық, күйдің нотасы, Ноутбук, Домбыра, Пюпитр Платформа жүйесінің

	тармақты «Ақжелең» атты күй керуеніне қосылған ең бір салтанатты тізбегі болып табылады. Құрманғазы өзінің ұстазына арнап «Ұзақ Ақжелең» күйін шығарса, Қазанғап ұстазы Орынбайға өзінің «Орынбай Ақжелең» күйін тарту еткен. 2 тапсырма. Күйдің ырғағын, қағысын, өлшемін, жылдамдығын түсіндіріп, орындап көрсету. «Орынбай Ақжелең» күйі жүрдек, желдірте ойналады. Композициялық құрылымына келетін болсақ, буынды күйге жатады. Яғни бір әуен 2 – 3 рет қайталанады. Өлшемі ауыспалы $3/4$, $4/4$, $5/4$. Формасы жағынан және қағыс ерекшелігіне байланысты бұл төкпе дәстүріне жатады. «Орынбай Ақжелеңде» тұрақты орын (ре, ля), (ми,ля) және негізгі тақырып заңды түрде (ля, ми Тірегінде дамиды. Күйдің жылдамдығы тезірек тартылады, әрине динамикалық күйлерге қарағанда қалыстау, баяулау, философиялық күйлерге қарағанда ширақтау келеді. Ырғақ формасы мен қағыс ерекшелігі де әр түрлі. Қарапайым қағыстан бастап, неше түрлі күрделі қағыстарға дейін араласып келіп отырады.	Оқушы пунктирлі ырғаққа, қағысқа жаттығу жасайды,	пайыздық есептеу нәтижесі.
--	--	--	--

	Мысалы: оң қолдың білезік буыны ғана емес, саусақ буындары арқылы да алынатын жеңіл қағыстармен байланысты болып келеді. Кәдімгі қара қағыс бір төмен, екі жоғарының сұқ саусақ, бас бармақ, бас бармақ ($\wedge \vee \vee$) орнына «ілме қағыс» бір төмен екі жоғары қағыс алынады, бас бармақ, сұқ саусақ, сұқ саусақ. Ақсақ қағыс, пунктирлі ритммен бірнеше рет қайталау, төрт саусақпен күреп қағу қағыстары қолданылады. Негізгі құрылысы лирикалық мазмұнда бола тұра шарықтау шегі бірінші сағадан аспайды. 3 тапсырма. Оқушыға күйдің құрылысын түсіндіре отырып, нотаға қарап бірден оқыту, орындап көрсету. Күйдің басында тақырыпта бас буын мен жетілген бас буын қатар жүреді. Бас буынның үш түрі болады. 1. Қарапайым бас буын (ре, ля), ((ми,ля), (фа,ля) тірегінде ойналады) дегеніміз белгілі бір әуен болмайды. 2. Жетілген бас буын (соль, ля). 3. Тақырыпты бас буын дегеніміз, белгілі бір әуен ойналады. «Орынбай Ақжеленде» 1 буын, 2 буын,	Оқушы нотаға қарап, жәй темпте бірден оқиды. Күйді буынға бөліп жұмыс жасайды. Күйдің композициялық құрылымын үйренеді.	
--	--	---	--

	қайырма, 3 буын, тақырыпты бас буын қайыра орындалады. Орта буын арқылы 1-ші сағаны қамтып өтіп, сағадан саусаққа ыңғайлы позициямен бастапқы 1 – 2 -ші буынға қайта ораламыз. Сағадан шығудың екі жолы бар: 1. Секвенция арқылы. 2. Саусаққа ыңғайлы позиция арқылы. Осыдан кейін қайырма, 3 буын мен тақырыпты бас буын қайталанатын. Күйдің шиесі, сағаға түсеміз, сағадан стереотип ойналады, (әуенге шегінде қайталанып жүреді). Сағадан саусаққа ыңғайлы позициямен бастапқы 1 – 2 – ші буынға ораламыз, қайырма орындалады. Аяқтаушы буын ретінде күйдің басы қайта ойналып, қайырмамен бітіреміз. Бұл күйде аяқтаушы буын жоқ. Аяқтаушы буын дегеніміз, сағадан кейін, күйдің соңында кенеттен, жаңадан пайда болған әуен.		
--	---	--	--

	5. Орынбай Ақжелен 		
--	--	--	--

	 Рефлексия -Мен не білдім? -Бүгін мен не үйрендім? -Мен үшін қандай тапсырма қиын болды? -Ал қай тапсырманы мен оңай орындадым?		
--	--	--	--

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Кенегесов. Қазанғап. Өмір жайлау // Алматы, 2020. – 120 бет.
2. С.Балмағамбетов. Саз зергері Қазанғап. – Алматы: ЖШС «Баспа» 2001. – 72 бет.
3. Төлеу Жайхановтың орындауында Қазанғаптың күйі «Орынбай Ақжелең» <https://www.youtube.com/watch?v=ct4Yu6m3tTA>

РОБОТОТЕХНИКА-ҮЙІРМЕСІНІҢ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Өтепқали Нәсіпқали Зинелғабиденұлы
Атырау облысы Индер аудандық білім бөлімінің оқушылар
шығармашылық орталығының қосымша білім беру педагогі
Оқушылар шығармашылық орталығы

Бүгінде елімізде әлеуметтік жаңғырту мен инновациялық индустрияландыру бойынша жаңа ауқымды міндеттер, тапсырмалар қойылып отыр. Инновациялық қызметтің негізі, базасы, біздің ойымызша - бұл ғылыми-техникалық шығармашылық. Техникалық шығармашылық - тез өзгертін заманауи өмір жағдайында балаларды дайындаудың тиімді құралы. Техникалық шығармашылықпен сабақтар балаларда ғылым, техника және зерттеуге деген қызығушылықты дамытады, оқу бағдарламаларын нәтижелі меңгеруге және игеруге ықпал етеді. Осыған байланысты қазіргі заманғы білім берудің басым міндеттерінің бірі ғылым мен техниканың заманауи даму деңгейіне бейімделген балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесін дамыту болып табылады. Индер ауданы білім бөлімінің оқушылар шығармашылық орталығы робототехника үйірмесінде бала әр түрлі пәндерді оқиды, ойын әдісі мен ұжымдық қызмет түрі қолданылады. Электротехника, бағдарламалау, математика, инженерия, механика негіздерін түсінуі және оқуына робототехника сабақтарында баланың өмірі мен санасына кіріп, жақын және түсінікті болатыны сөзсіз. Робототехника балалар мен жасөспірімдерді оқытудың көрнекі және қызықты құралы. Бізді қоршаған механизмдердің жұмыс істеу принциптері зерттеледі, оларды көрнекі түрде көрсетуге болады. Ойын түрінде балаларды робототехника негіздерімен таныстырамыз, балалар өз роботтарын құрастыруды, модельдеуді және одан әрі бағдарламалауды үйренеді. Балалар роботтарды құрастырудан бастап, өз өмірін техникалық шығармашылықпен және бағдарламалаумен байланыстырады, әрі қарай өзіне жақын мамандық түрін таңдауды анықтайды. Сабақтар негізгі дидактикалық принцип бойынша құрылады - қарапайымнан күрделіге дейін, сонымен қатар, сабақтың өзінде роботтарды бөлшектерден құрастырумен және жинаумен айналысып қана қоймай, жобаларды орындайды: теориялық мәселелермен танысады, іздену міндеттерін қояды, командада жұмыс істеуге, өз көзқарасын талқылап, білуге үйренеді. Сабақтың бұл түрі балалардың назар аударуы мен тапқырлығын, байқағыштығын, шыдамдылығын, дәлдігін және ұқыптылығын дамытады және бізді қоршаған ортаның бәрі қандай физикалық заңдар бойынша болатынын түсінуге тырысады. Сонымен қатар оқушылар LEGO education WeDo 2.0, LEGO mindstorms education EV3 конструкторлармен танысады, өзінің алғашқы роботын жасайды. Робототехника үйірмесінде оқытудың нәтижесі баланың өз бетінше жасаған роботы, ғылым мен техникалық шығармашылыққа деген қызығушылығы мен шеберлігі болып табылады. Кейінірек балалар жасаған роботтарын бағдарламалау негіздерімен танысады. Робототехника үйірмесінде 7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар оқи алады. Әрине, олардың бағдарламалары әртүрлі. Егер LEGO робототехника платформасы туралы айтатын болсақ, онда кіші (кіші топ бастауыш сынып оқушылары) LEGO WeDo роботтарын құрастыру үшін қоршаған ортаны танып, бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасауға үйрене отырып, қарапайым конструктормен ойнайды. Роботтың бөлшектері көптеген балалардың дәстүрлі LEGO конструкторының бөлшектеріне өте оңай құралады және ұқсас. Білім алушылар жасайтын роботтың қозғалысына арналған бағдарлама да күрделі емес және қосымша білім беру педагогының басшылығымен дайын «блоктардан» жазылады да, мүмкіндігінше роботтар шынайы болып шығады. Ересек балалар LEGO Mindstorms конструкторын пайдаланады; ол күрделі, басқа бекіту принципі бар. Бұл конструктор LEGO WeDo-ға қарағанда күрделі үлгі жасауға мүмкіндік береді. Сабақта Scratch немесе визуалды бағдарламалау элементтері енгізіледі. Робототехника үйірмесінде балалар жұмыс істейтін конструкторлар мыналарды қамтиды:

- контроллер (бұл, атап айтқанда, роботтың миы);
- бергіштер (инфрақызыл, дыбыс, жанасу және бергіштері);

- үлгі қозғалысын қамтамасыз ететін бөлшектер.

Компьютер, ноутбук қажет - онда робот жұмыс істейтін бағдарлама жасалады. Сондай-ақ, компьютерде оқушыларға сабақ тақырыбы бойынша оқу материалдары беріледі. Бергіш, тітіркендіргішке жауап береді және робот бағдарламада белгіленген әрекет жасайды - тәжірибе соңында оқушы жинауы тиіс үлгілер әрекетінің мәні. Кіші жастағы балаларға арналған робототехника негіздері, робот дегеніміз не, оның жұмыс істеу принципі, ересек жастағы балалар үшін бұл шығармашылық ғылыми-техникалық жұмыстар мен жаңалықтардың мүмкіндігі екенін түсінуге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар орнында тұрмайды, үнемі дамып келеді, біз олармен бірге дамуға тиіспіз. «Робототехника» шығармашылық бірлестігіндегі сабақтар баланың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Олар біздің тәрбиеленушілерімізге керемет өнертабыстар мен жоғары технологиялардың толық әлеміне енуге мүмкіндік береді және олар балалардың ғылыми-техникалық шығармашылықпен айналысуға үлкен қызығушылығын тудырады.

Атырау облысында STEAM білім беруді дамыту, JasSpace бағдарламасын жүзеге асыру жобасын қортындылау және JasSpace кеңістігі ұсынып отырған STEAM мүмкіндіктерін насихаттау мақсатымен «ABAI GYLYM FEST» атты ғылыми- техникалық фестиваль өткен болатын. Іс шараның басты мақсаты-Атырау облысында STEAM (Science, Technology, Engineering, Mathematics and art) білім беруді дамыту және оны жан-жақты қолдау қажеттілігі туралы идеяны қалыптастыру болып табылады. Фестиваль аясында арнайы іс-шаралар ретінде оқушыларға арналған MegaSumo бойынша жарыс және Жобалар конкурсы өткізілді. Бұл конкурстарды «КазРоботикс» Қазақстандық білім беру және спорттық Робототехника федерациясы Орталық Азияның Еуразия қорымен серіктестікке ұйымдастырды. Аталған конкурс, жарысқа қызығушылық танытқан Индер ауданы білім бөлімі оқушылар шығармашылық орталығының қосымша білім беру педагогі, жетекші Өтепқали Нәсіпқали, «Робокоп» үйірмесі оқушысы Мурзағалиев Ислам, Нурмуханқызы Нұрайым JasSpace Students Project Challenge байқауына, JasSpace MEGA SUMO TOURNAMENT Республикалық турнирдің, облыстық кезеңінде белсенділікпен қатынасып жүлделі екінші орынмен, ақшалай сыйлықпен марапатталды. Жас өнертапқыштар ғылыми жоба жасап, оны жетілдіруде осы салаға қажетті бірнеше құндылықты STEAM бағдарламаларын біріктіре отырып, мазмұнды дүние жасауға машықтанған болатын. Жас дарындар өткен буынға ұқсамайтын ерекшелігі бар ұрпақ екендігі даусыз. Ал осындай ортадан келешекте небір данышпандардың шығары сөзсіз

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Государственная программа «Цифровой Казахстан» [Электронный ресурс].
2. М. Рахатқызы «Робототехника қайтсе дамиды?»
3. Гондарь А. Н. «Робототехника в образовательном процессе»



АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚҚА БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ

Астана қаласы І.Есенберлин атындағы
№ 67 гимназияның ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Мухамедиева Самал Баяхметовна, педагог-сарапшы

Аңдатпа: Бұл мақалада білім беру саласында геймификация әдістерінің қолданылуы жайлы баяндалады. Ағылшын тілі сабағында геймификация әдістерін қолдану оқушының сабақтың мазмұнын түсіну қабілетін жақсартады және белгілі бір зерттеу аймағын меңгеруге, жаңа білімді оңай, әрі жылдам игеруге көмектеседі, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру, оқыту тиімділігін арттыру үшін қолданылады.

Зерттеудің мақсаты: Ағылшын тілі сабағында геймификация әдістерін қолдану арқылы оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігін анықтау.

Түйін сөздер: білім беру, геймификация, оқу платформалары.

Заманауи білім беруде оқушылардың сабаққа белсенді қатысуы білімді табысты меңгеруде шешуші рөл атқарады. Бұған жетудің ең тиімді жолдарының бірі-геймификацияны қолдану болып табылады. Геймификация термині ағылшын тілінен аударғанда «gamification»- «ойын әдісі» деген мағынаны білдіреді. «Геймификация» әдісі-білім беруде ойыннан тыс контексттерде ойын элементтері мен механикасын қолдануға негізделген тәсіл.

Білім беруде ойын элементтерін пайдалану идеясы 2000 жылдардың басында қарқынды дамыды. Осы уақытта ойын механикасын білім беру бағдарламаларына біріктірудің алғашқы әрекеттерін интерактивті тапсырмалары бар оқу ойындарын, бағдарламаларын жасау пайда болды.

2010 жылдардың басында геймификация әлеуетті тиімді оқыту әдісі ретінде кеңінен талқылана бастады. Осы кезеңде барлық жастағы студенттер мен оқушыларға арналған оқу ойындары мен жаттығуларын ұсынатын әртүрлі онлайн платформалар мен қосымшалар пайда бола бастады. Көптеген мұғалімдер мен оқу орындары оқушыларды ынталандыру және оқу процесін қызықты және тартымды ету үшін марапаттар, жетістіктер, деңгейлер мен рейтингтер сияқты ойын элементтерін белсенді түрде қолдана бастады.

Қазіргі уақытта білім берудегі геймификация көптеген білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерінің құрамдас бөлігіне айналды. Мұғалімдер ойын элементтерін оқушыларды ынталандыру үшін ғана емес, сонымен қатар оқуды жекелендіру, білімді бағалау және негізгі дағдыларды дамыту үшін пайдаланады.

Ағылшын тілін оқытудағы геймификацияның артықшылықтары:

1. Мотивация және белсенділік. Қиындықтар, марапаттар және деңгейлер сияқты ойын элементтері оқушыларды сабаққа белсенді қатысуға ынталандырады және олардың мақсаттарға жетуге деген ұмтылысын оятады.

2. Контексттегі тәжірибе. Ойындар үйренген тілдік дағдыларды нақты өмірлік жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді, бұл жақсы оқуға ықпал етеді.

3. Топтық жұмыс. Көптеген ойындар коммуникативті дағдыларды дамытуға және оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға көмектесетін ынтымақтастық пен топтық жұмыс элементтерін қамтиды.

Ағылшын тілі сабақтарына арналған ойындар түрлері:

1. Сөзжұмбақтар. Оқушылар үйренген лексика мен грамматиканы пайдалана отырып, ағылшын тілінде жұмбақтар құрастырып, шеше алады.

2. Музыкалық квесттер. Сабақты квест форматында ұйымдастыруға болады, оқушылар тапсырмалар мен жұмбақтарды шешеді, анықтамалар алу және мақсаттарға жету үшін ағылшын тілін пайдаланады.

3. Рөлдік ойындар. Оқушылар мейрамханаға сапарды имитациялау және ағылшын тілінде тағамға тапсырыс беру сияқты сценарийлерде рөлдерді ойнай алады.

4. Викториналар мен сайыстар. Бәсекелестік аспекті оқушыларды белсенді қатысуға және материалды меңгеруге ынталандыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Не себепті сабақ процесіне ойын элементтерін қосып оқыту қажет? Геймификацияда ойынға қатысатын оқушының эмоционалдық күйіне және оның жетістігіне көп көңіл бөлінеді. Пәннің бүкіл курсын шағын «квесттерге» бөлу қатысушылардың назарын басқаруға мүмкіндік береді. Себебі, сабақ үстіндегі ойын барысында балалар күтпеген жерден жаңа қырынан көрінеді. Мысалы, сабақ үстінде өзімен-өзі, үндемей отыратын, білімге қызығушылығы жоқ бала ойын барысында керемет қабілетті, жақсы стратег болуы мүмкін. Ойын арқылы оқушының пәнге деген құштарлығы оянып, өзін-өзі бағалауы артады, нәтижесінде оқушы білімге ұмтылады.

Геймификацияның негізгі элементтеріне тоқтала кетсек:

- «Рейтинг»- қатысушыларға өз нәтижелерін басқа қатысушылармен салыстыруға және бәсекелесуге мүмкіндік береді;
- «Деңгейлер»- қатысушылар өз іс-әрекеттері арқылы қол жеткізетін мәртебе;
- «Интерактивті элементтер»- процестің визуализация элементтерінің түрлері;
- «Ұпай»- қатысушылар белгілі бір тапсырмаларды орындағаны, сұрақтарға жауап бергені және басқа да жетістіктері үшін ұпайлармен марапатталады.

Ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін қолдану оқу процесін қызықты етеді, білім алушылардың оқуға деген құштарлықтарын арттыра түседі. Сабақ барысында қолданылатын ойындар оқушыларға өткен сабақты қайталауға, жаңа сабақты игеру үшін жасалған. Бұл есте сақтауды, білімді қабылдауды және бекітуді ынталандырады. Берілген ұпайлар, марапат, сыйақылар- дұрыс жауап алуға және оқу сапасын арттыруға мүмкіндік беріп, дер кезінде оқушыға кері байланыс беріледі. Бұл әдіс уақытты үнемдейді және оқушылардың жауаптарын түзетуге мүмкіндік береді. Біз ойын арқылы оқыта отырып, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау және басқалармен жұмыс істеуін, оңай шешім қабылдауға және бірігіп шығармашылықпен жұмыс істей алу қабілетін жақсартамыз.

Қазіргі таңда білім жүйесінде ағылшын тілін үйретуде жиі қолданылатын геймификация оқыту платформаларын ұсынамыз:

1. **«Kahoot»**- ойын арқылы бағалауға мүмкіндік беретін танымал интерактивті оқыту платформасы. Оқытушы тапсырмаларды экран бетіне шығарады, ал оқушылар сұрақтарды талқылап, жауаптарын смартфон, компьютер немесе планшет арқылы жолдай алады. Ол үшін виртуальды сынып бөлмесіне ену үшін, оқушылар мұғалім айтқан құпия санды енгізу қажет. Бұл сервис әр оқушының сұраққа қалай жауап беріп отырғанын, бүкіл сыныптың үлгерім диаграммасын және жеке оқушының өз нәтижесін арнайы кестеден бақылауға мүмкіндік береді. Бұл ойын платформасы оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын, өзара ынтымақтастықты, сыни тұрғыдан ойлауды ынталандырады.

2. **«LearningApps.org»** электронды интерактивті қосымшасы жаттығуларды ыңғайлы және оңай жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқу платформасы электрондық оқу ресурстары мен тест тапсырмаларын әзірлеуге арналған тамаша қосымша. Дайын шаблондар, суреттерді, аудионы және бейнелерді пайдалана отырып, әртүрлі тест тапсырмаларын жасауға мүмкіндік береді, мұғалімдер арасында еркін алмасуды қамтамасыз етеді, оқушылардың қабілеті мен білімін жақсы бағалауға көмектеседі.

3. **«Plickers»**- тестілеу сияқты кез- келген сабақтың қажетті элементі үшін интерактивті форматты қамтамасыз ететін сервис. Бұл мұғалімнің телефонына жүктелген қолданба, оның көмегімен ол оқушылардың карталарындағы QR кодтарын сканерлейді, олар сұраққа жауап бергенде оларды көтереді.

Бұл сервисің артықшылығы:

- жылдамдық және жылдам кері байланысты қамтамасыз ету.
- интерактивті формат. Бұл әдіс, әсіресе, ең зеріккен оқушыларға ұнайды.
- қол жетімділік және пайдаланудың қарапайымдылығы.
- қатысуды автоматты түрде жазу мүмкіндігі.

Бұл керемет технологияны сабақта қолданудың негізгі артықшылықтары ретінде тексеру жылдамдығы жоғары және оқушыларды оқу процесіне тартудың қуатты құралы болып табылады.

Геймификация әдісінде ойын платформаларының мүмкіндіктері:

- білім алушы өзінің алған білімін жүйелей алады;
- топ арасында шешімді тез қабылдауға үйренеді;
- өз ойын еркін жеткізе алады;

- оқу материалдарын деңгей, уақыт көлеміне қарамастан меңгереді;
- оқуға деген мотивациясы, ынтасы арта түседі;
- тапсырманы бірнеше рет орындау арқылы жақсы нәтижеге жетеді;
- өзін-өзі бағалайды, мұғалімнен кері байланыс алады;
- мұғалімге оқушының білімін жақсы бағалауға көмектеседі.

Ойын платформаларының кейбір кемшіліктері:

- Технологияға тәуелділік: сәйкес жабдық, сенімді интернет байланысы жоқ оқушыларда білім беру ресурстарына қол жеткізуде шектеулер болуы мүмкін.
- Алаңдату: кейбір ойын платформалары тым тәуелді және алаңдатып, оқушылардың оқуға деген зейіні мен зейіні жоғалуы мүмкін.
- Қолдану қиындығы: кейбір оқушыларға мұндай технологиямен тәжірибесі болмаса, ойын платформаларының интерфейсін меңгеру қиын болуы мүмкін.
- Тиімсіз оқыту: ойын платформалары жақсы білім беру мазмұнын ұсынбаса, оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен ынтасы жоғалуы мүмкін.
- Тәуелділіктің қауіптілігі: тым жиі пайдалану оқушылар өмірінің басқа аспектілеріне зиян келтіретін ойын ойнауға тым көп уақыт жұмсауы мүмкін.

Геймификация әдісі арқылы оқытуда күтілетін нәтижелер:

- оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігі
- ұйымдастырушылық қабілеті
- көшбасшылық қабілеті
- сабаққа деген белсенділігі артады.

Қорытындылай келе, геймификация әдісі сабақтарды қызықты әрі тартымды етіп қана қоймай, ағылшын тілін тиімдірек меңгеруге ықпал етеді. Сабақта ойындарды қолдану арқылы мұғалімдер әрбір оқушының өз әлеуетін ашуға және ағылшын тілін үйренуде табысқа жетуге мүмкіндік беретін жағымды білім беру атмосферасын құра алады.

Ағылшын тілі сабақтарында осы геймификация әдістерін қолдану оқудың тиімділігін арттыруға, оқушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыруға, қарым-қатынас пен тіл дағдыларын дамытуға ықпал етеді деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Артоманова В. В «XXI ғасырда геймификация тұжырымдамасын дамыту» Тарихи және әлеуметтік-білім беру ойы. Шығ 2 (2) 2018 ж.
2. Анохов И.В. Игровой аспект экономики. Известия иркутской государственной экономической академии. 2013. № 2(88).
3. Асташина Н.И. К вопросу об использовании интерактивных методов обучения/ Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2017. № 1 (18).
4. Баева О.Н. К вопросу о сущности и масштабах использования краудсорсинга / О.Н. Баева, Г.В. Малышенко. Baikal Research Journal. – 2017. – Т. 8, № 2. – DOI:10.17150/2411-6262.2017.8(2).27.
5. Войтенко А.И. Геймификация или работа в форме игры / А.И. Войтенко, А. Голубова / Новое поколение. 2014.
6. <https://stud.kz/referat/show/110420>
7. <https://prezi.com/p/5gmck9lio80j/presentation/>
8. ahaslides.com/kk/blog/gamification.com